

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

**«ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ БАСТАУЛАРЫ: ЗЕРТТЕУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»
атты республикалық ғылыми-практикалық
конференцияның материалдары**

Алматы
Қазақ университеті
2023

Жауапты редактор:
ф.ғ.к., аға оқытушы Е. Карбозов

Құрастырушылар:
ф.ғ.к., аға оқытушы Е. Карбозов
PhD доктор, доцент м.а. Г.Даутова

«Түркі әдебиеті бастаулары: зерттеу мәселелері мен оқыту әдістемесі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 309 б.

ISBN 978-601-04-6535-0

Жинаққа 2023 жылдың 29 қыркүйегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Филология факультетінде өткен «Түркі әдебиеті бастаулары: зерттеу мәселелері мен оқыту әдістемесі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы, тілші мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттары, магистранттары, студенттері және мектеп ұстаздары, көпшілік оқырман қауымға арналған.



САРБАСОВ БОЛАТХАН СЕРҒАЗЫҰЛЫ
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор

ӨМІРБАЯНДЫҚ ДЕРЕКТЕРІ

Сарбасов Болатхан Серғазыұлы 1973 жылы 24 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Көкжота ауылында дүниеге келген.

Білімі, ғылыми дәрежесі, атағы: Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін (1998), Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистратурасын (2000), М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын (2004) бітірген.

Филология ғылымдарының кандидаты (2011), қауымдастырылған профессор (2018), профессор міндетін атқарушы (2019), ҚР ҒЖЖБМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері (2022), «Қазақстан Республикасының Еңбек озаты» төсбелгісінің иегері (2023).

Қызмет істеген орындары: 1993-1994 жж. Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Көкжота орта мектебі, Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

1998-2000 жж. Алматы облысы, Талғар ауданы, Ақдала орта мектебі, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

2000-2002 жж. Алматы қаласы, Алмалы ауданы №36 лингвистикалық гимназия – Оқу ісінің меңгерушісі.

2003ж. Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясы, Тәрбие мәселелері институты – аға ғылыми қызметкер.

2003-2020 жылдар аралығында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ әдебиеті кафедрасында қауымдастырылған профессор қызметін атқарды.

2019-2020 жылдары Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Филология институты, Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды.

2019 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Филология факультеті, Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында профессор қызметінде магистранттар мен докторанттарға дәріс оқиды.

ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІ

1. ТМД халықтары әдебиетінің тарихы (Оқу-әдістемелік құрал) Алматы, 2005
2. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі (Оқу-әдістемелік құрал) Алматы, 2008
3. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Махамбет Өтемісұлы шығармаларының көркемдік сипаты» (Оқу құралы) Алматы, 2011
4. «Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткіші» (Монография) Алматы, 2013
5. Рухани тәрбие әлемі (Әдістемелік тәрбие құралы) Алматы, 2014
6. Ежелгі дәуір әдебиеті (Оқу құралы) Алматы, 2016
7. Қытайдағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. (Оқу құралы) «Қыздар университеті» баспасы Алматы, 2017
8. Ежелгі дәуір және түркі халықтары әдебиеті (Электронды оқулық) Куәлік №2547 31 қазан 2017 жыл
9. Бағдарлама. Қазақ тілі мен әдебиеті курсы бойынша бейіндік бағдарламалары Алматы, 2017
10. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Ежелгі дәуір және түркі халықтары әдебиеті» (Оқу құралы) Алматы, 2018
11. «Абайтану» Бағдарлама 9-сынып Алматы, 2021
12. «Жамбылтану» Бағдарлама 9-сынып Алматы, 2021
13. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті (Оқулық) (2022)
14. Қазақ әдебиеті (Оқу-әдістемелік құрал) (2023)
15. Махамбеттану әлемі (Оқу-әдістемелік құрал) (2023)
16. 170-тен аса ғылыми зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалалардың авторы.

ОҚЫТУШЫ МАРАПАТТАРЫ

1. Өзінің тәжірибелі ұстаздық шеберлігімен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін мерейтойлық **«ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ»** медалімен марапатталды. Алматы, 2014

2. Қазақстан Республикасы «Өрлеу» білім-ғылым технология интернет порталы Білім беру саласында айрықша еңбегі үшін **«ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ»** төсбелгісімен марапатталды. Алматы, 2015

3. Білім саласына қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі мерекесіне орай Республикалық **«Білім шыңы-Ғылым сыры»** журналы ұйымдастырған **«МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МӘРТЕБЕЛІ МҰҒАЛІМІ»** арнайы медалімен марапатталды Астана, 2017

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Кәулік №01417 Осы кәулік білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін **«Ы.АЛТЫНСАРИН МЕДАЛІМЕН»** марапатталды. Астана, 2018

5. **ДИПЛОМ.** Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалаларында көрсетілген міндеттерді университетте жүзеге асыру бойынша **«ҮЗДІК ОҚУЛЫҚ»** авторы номинациясымен марапатталды. Алматы, 2019

6. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 75 жылдығына «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін **КҮМІС МЕДАЛІМЕН** марапатталды. Кәулік № 1592 Алматы, 2019

7. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі **КУӘЛІК.** 2022 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері. **«ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ»** медалімен марапатталды. Астана, 2023

8. Білім және ғылым саласының дамуына қосқан елеулі үлесі мен мінсіз қызметі үшін **«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК ОЗАТЫ»** төсбелгісімен марапатталды. Астана, 2023

ҚЫЗДАР УНИВЕРСИТЕТІ «ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ (2014ж)



«ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ» ТӨСБЕЛГІСІМЕН (2015ж)



«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН» ТӨСБЕЛГІСІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ (2018ж)



БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ «КУМІС МЕДАЛІМЕН» МАРАПАТТАЛДЫ (2019ж)



«ЖОО ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ» МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ (2023ж)



МИНИСТР С.НҰРБЕКТІҢ МАРАПАТТАУЫ АСТАНА – 2023



«ҚАЗАҚСАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК ОЗАТЫ» ТӨСБЕЛГІСІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ (2023ж)



**«ҚР ЕҢБЕК ОЗАТЫ» ТӨСБЕЛГІСІ, ДИПЛОММЕН
МАРАПАТТАЛДЫ АСТАНА - 2023**



ҚҰТТЫҚТАУ ХАТТАР МЕН АРНАУЛАР

ҚҰРМЕТТІ БОЛАТХАН СЕРҒАЗЫҰЛЫ!

Сізді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы және өз атымнан 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз еліміздегі білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген білікті ұстаз-ғалымсыз.

Қарашаңырақ ҚазҰУ еңбегіңізді жоғары бағалайды. Келешектің кемел ойлы, рухы биік жастарына лайықты білім мен тәрбие беріп, өзіңіз де солармен бірге қанаттанып, межелі белестерді бағындырып келесіз.

Сіз, ғылым жолында ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркі ескерткіштерін зерттеуші ретінде танылып, бірнеше мазмұнды монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын шығардыңыз.

Сіздің жетекшілігіңізбен көптеген жас ғалымдар легі қалыптасты. Жастарға кеңес беріп, білімді шәкірттер тәрбиелеп, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырып келесіз.

Ғылыми-педагогикалық қызметіңізде биік белестерді бағындырып, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ыбырай Алтынсарин медалінің және «ҚР Еңбек Озаты» төсбелгісінің иегері атандыңыз.

Терең ізденістеріңіз бен бүгінге дейін қол жеткізген табыстарыңыз халықаралық ғылыми қауымдастықта мойындалып, жоғары бағасын алды.

Университетіміздің дамуына белсенді араласып, қайраткер ғалым ретінде білім ордасындағы игі бастамаларға үн қосып келесіз.

Әрдайым жастардың жанашыр тәлімгері болып, шәкірттеріңізге өнегелі білім беріп, ел алдында мәртебеніз биіктей берсін!

Мерейлі тойыңызда Сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға құт-береке, еңбегіңізге табыс тілеймін!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

АЛЫМДЫ ҒАЛЫМ

Жар болып, бір өзіңе Жаратқаным,
Жаныңа жалқаулықты жолатпадың,
Қырықтың қырқасынан қарғып өтіп,
Елуді еңсеруде Болатханым.

Дәрісте білгенінді шын ұқтырып,
Шәкіртті шығарушы ең шынықтырып.
Орта ғасыр кезеңіне сапар шектің,
Көк бөріні мініп алып, күлік қылып.

Көп құлап, ғылым жолға азы шыдар,
Елеулі еңбегіңді ел, қазы сынар,
Түркіні түптеп берген бір өзіңе,
Оғыз бен Қорқыт бабаң разы шығар.

Жан болсаң да, тағдырдан сынақ алған,
Төбеңнен сәуле төгіп тұрады арман.
Озбайтын ар, әдептен болмысың бар,
Тозбайтын және артынан мұра қалған.

Өлеңнің әпшақ таңы тойында атар,
Білімнің көп мықтыны мойындатар.
Мағжанның маңғаздығы мінезіңде,
Сәкеннің сұлулығы бойында бар.

Ұлы едің Көкжотаның бақ дарыған,
Өзіңмен мен де бүгін мақтанамын.
Абайдың ақылымен алға басып,
Жамбылдың жасын берсін Хақ Тағалам!

Карбозов Ерхан

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
29.09.2023 жыл*

СЫЙ

Сый Құдіретті сыйластыққа байлаған!
Азамзатты ар-ожданы таң арман!
Сіз - бізіміз таусылмайтын уақытты,
Бағала жан, бағалаған сол аман!

Таң нұрының талмаурысы оянған!
Тілек досқа кімде болса жараған,
Сіздің жүрек мейірімге бөленіп,
Шәкірттердің әлеміне тараған!

Кейде бірі түсінуге тырысад!
Кейде бірі түйір сөзге ұрысад!
Жүректердің сезім кілтін білген соң,
Кей біреулер кеуде теуіп құрысад!

Ал сізбенен біздер қалам қарыған,
Ойдың түпсіз түбегіне тұналған!
Арамыздың ағы болған алашта,
Әдебиеттің бағын ту ғып қадаған!

Қағазымыз жазуына тоймаған!
Тың игеріп қопарамыз ғой арман!
Салт мінездің сауаты бар Бөкең де!
Жұлдыз шықты бағы жанып жарандар!
Қараңдар!

Тұлекова Гүлжан Қажымұратқызы
Тұран университетінің қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты
29.09.2023 жыл


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ



М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨNER ИНСТИТУТЫ



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ КАФЕДРАСЫ



А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ №59 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ ҰЖЫМЫ



Ғ.МҮСІРЕПОВ АТЫНДАҒЫ №86 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ ҰЖЫМЫ



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ № 15 ГИМНАЗИЯ ҰЖЫМЫ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ (2023)



«ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ БАСТАУЛАРЫ: ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ» (2023)



«МЕРЕЙТОЙ ИЕСІН ҚҰТТЫҚТАУ СӘТТЕРІ» (2023)



«КІТАПТАРДЫҢ ТҰСАУКЕСЕР СӘТТЕРІ» (2023)



ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

«ОҒЫЗ-НАМЕ» ЕСКЕРТКІШНІҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СИПАТЫ

Сейітжанов Зұфар

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Алматы қаласы*

Түркі тілдес халықтарға ортақ мұраның бірі «Оғыз-наме» кітаби эпосы жайында көптеген зерттеулер жазылған түрлі аспекті де қарастылған. Бұл рухани мұрадағы тарих оқиғалар мен есімдер жайындағы пікірлер де бір арнаға тоғыса қоймай әртүрлі тұжырымдар айтылғаны белгілі. Осы жайларды ескерген зерттеуші ғалым Б. Сарбасов мәселені бір қырынан тереңдете зерттеу қажет екені аңғартады. Сондықтан зерттеуші аталған кітаби эпостағы фольклорлық таныммен заңдылықтардың сипатын ашуды мақсат етеді.

Бұл шығарма әу баста ауызша туып, ауызша тараған, кейірек хатқа түскен. Осы ерекшелік ескерген зерттеуші «Оғыз-намедегі» рулық-тайпалық дәуірдің елестері мен оғыз мемлекетінің өмір сүрген кезеңдеріндегі қат-қабат оқиғалардың шын тарихы, фольклорлық тарихы қайсы екеніне ден қояды, жаңаша зерделеуге ұмтылады.

Автор алдымен «Оғыз-намені» зертеу, жариялау, аудару мәселесіндегі шетел және қазақ ғалымдарының еңбегіне тоқталады, назар аударады. «Оғыз-наме» кітаби талдаған еңбектерінде айтылған ой-тұжырымдардың мәнін ашады. Салыстыра қарастырып артық-кем тұстарын атап өтеді. Алдымен зерттеуші осы ескерткіштегі тұтастану құбылысының бірнеше түрі бар екенін байқаған. Көркем жинақтау фольклорға тән, оның бейнелеу тәсілдерінің бірі екені аян. Мұнда тарихи оқиғалар, кейіпкердердің іс-әрекеті және оның ұрпақтарының ғұмыры жинақтала топтастырылып бір тұтас дүниеге айналады. Оғыз атауын иеленген елдің өзі іштей біріккен де, бөлінген де және өзге түркі тектес жұрттармен тоғысу сияқты жолдардан өткен.

«Оғыз-наме» эпосынан осы жағдайлардың ізін табу онша қиын емес деген пікір түйеді.

Әр кездегі әртүрлі оқиғалар жинақталып, бір кезеңнің оқиғасы сияқты суреттелген. Фольклорлық шығарма мақсаты елдің тұтастығын, бірлігін сақтау болғандықтан автор тұтастану мәселесіне бас ден қойған. Шығармадағы рулық-тайпалық кезіндегі көріністері оғыз мемлекетінің өмір сүрген кезеңіндегі оқиғалармен тоғыстыра қарау сипатын фольклордағы көпқабаттылық, тұтастану арқылы ажырата қарауға мүмкіндік туатынын сезіне білген. Осы тұрғыдан келгенде фольклор тарихпен байланысты бола тұра, тарихи фактыны дәлме-дәл қайталамай, әр дәуір оқиғаларын, адамдармен іс-әрекеттерін кейінгі заманға, кейінгі дәуір қайраткерлеріне әкеліп теліген, топтастырған деген орынды қорытындыға келеді.

Б.С. Сарбасов осы шығарма жайында пікір айтқан оқымыстылардың еңбектеріне сүйене отырып түркі қағандарының құрамында тоғыз-оғыз тайпалық одағының пайда болған кезі қай ғасыр (VII-XI ғ.ғ.) және қай жерлерді мекендегенін нақты атап көрсетеді. Солардың көркем шежіресі ретінде ғасырлардан жеткен мәнді мұраның бірі – «Оғыз-наме» эпосы деп біледі. Бұл ескерткіштің тарихи тұтастануға түскенін көрсетеді. Себебі, тұтастанудың бұл түрі барлық елдің фольклорына тән. Сонымен, оғыз елінің түрлі тарихы бір кезеңнің оқиғасы ретінде жинақталып суреттелген. Басқаша айтқанда, «Оғыз-наме» кітаби эпосында бір тайпа елдің басынан өткен оқиғалар бір адамның басына жинақталып, тарихи тұлғалар тарихын танытатын фольклорлық бейне жасағанын лайықты атап көрсетеді. Бұл арада жыршы ғұмырнамалық (шежірелік) тұтастануға сүйенгенін аңғарады. Өйткені, осы тәсіл арқылы батырдың ерекше туылғанынан бастап қартайған шағына дейінгі өмірбаяндық бөлшектердің көрсетілуі бұған дәлел болмақ, яғни оғыз киелі нұрдан жаралуы фольклорлық ғажайып туу мотивінің тәңірлік сенім арқылы дүниеге келуімен жалғасады да, кейін бұл мотив басқа эпикалық жырлардан орын алған. Оғыздың екі әйелінен туған балалар есімдерін аспан денелерінің атының берілуі де тегін емес. Түркілердің көне дүниетанымына, наным-сенімдеріне космологиялық мифтердің рөл атқарғанын нақты мысалдар келтіре отырып анықтайды.

Ғалымның екінші бір көңіл аударған мәселесі – ескерткіштегі мотивтер мен образдары. Эпос пен ертеkte кездесетін қалыңдық іздеу мотивіне ұқсамайды. «Оғыз-намедегі» бұл мотив хабарлау түрінде ғана берілген. Қалыңдығын алу үшін батырлық сынақтан өтпейді, үйлену мотиві көмескіленген. Оғыз қағанның балаларына аналарының тегіне қарай ат қойылуы ана еркі заманының елесі деп біледі. Түс көру мотиві фольклорда жиі кездесетін болса, бұл сарын «Оғыз-намеде» үлкен рөл атқарған. Алайда түсті Оғыз емес, қасындағы жырау Ұлұқ түрік көреді. Оның көрген түсі бүкіл ру-тайпа тағдырына қатысты болып отырады. Сондай-ақ, Оғыз әулетінің Үшоқ және Бозоқ болып бөлінген тарихынан, іштей жіктелу процесінен хабар береді, яғни тарихи шындық фольклорлық тәсілмен беріледі. Түс көру мотиві тарихи аңыздармен ұштасып, фольклорлық шарттылық пен Оғыз қағанды мадақтау, дәріптеу мақсатында қолданылғаны талданады.

«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық негіздерін айқындайтын бір фактор – Көкбөрі бейнесі. Ол сюжеттің дауымна белгілі дәрежеде әсер етіп, төрт эпизодта көрініс тапқан. Көкбөрі Оғыз әскерлерінің үш жорығында жол бастайды. Көкбөрі туралы мифтік аңыздар түркі халықтарына ортақ, тіпті көне түркілер шығу тегін көкбөріден тартатын аңыздар да сақталған. Кейде көкбөрі рудың түпкі анасы ретінде көрінсе, енді бір мифтік аңызда руды аталық негізі ретінде баяндалады. Мұндай мифтер байырғы адамдардың тотемдік көзқарастарының белгісі ретінде сипатталатынын дәйектейді. «Оғыз-наменің» үш эпизодында көрінетін көкбөрі байырғы түркілердің дүниетанымдық көзқарасымен, тәңірлік дінімен тығыз байланыста туған образ екені дәлді сөз етіледі.

«Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны» тарауында кейіпкер күн нұрынан пайда болады. Бұл сарын (мотив) дүниежүзі халықтарының халық әдебиетінде бар. Автор мұны шаман дінің әсері деп түсіндіреді. Өйткені, шаман діні күнді, айды, көк аспанды қасиетті деп табынатыны аян. Сонымен кейіпкердің ғажайып туу мотиві матриархат заманында тотемизмге негізделіп қалыптасқан наным-сеніммен байланысты екен, кейін келе бұл көне наным фольклорлық мотивке айналып, кейіпкерді әсірелеу үшін көркемдік тәсілге ауысқан. Ал қазақ

және Орта Азия эпикалық жырларында бұл міндетті әулие-әмбиелер (Ғайып ерен қырық шілтен, Баба түкті шашты азиз, т.б.) атқарғаны айтылады. Сондықтан қазақтың батырлық жырларындағы ғажайып туу мотивіне кейінгі заман әсері бар деген дәлелді тұжырым жасайды. Ал «Оғыз-намедегі» кейіпкерлер қатарын оғыздың жақтастары құрайды. Бұларға қарсы дұшпандары белсенді іс-әрекетке бармайды. Барлық оқиға бас қаһарманның маңына шоғырландырылған. Сол себепті оқиға бас қаһарманның іс-әрекетіне байланысты дамиды. Оғыз қаған бейнесі ғұмырнамалық тұтастану тәсілімен жасалған.

Қорыта айтқанда, түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы саналатын «Оғыз-наме» кітаби эпосы мен қазақ батырлық жырлардың арасындағы дәстүрлі көркемдік байланыс бары жан-жақты пайымдалады. Түркі халықтарының бір тұтас мемлекетке айналу идеясын өрім-өзек еткен туындының фольклорлық сипаты тарата талданып, ұтымды тұжырымдар жасаған ғалымның құнды ғылыми еңбегі деп айту керек.

«ОҒЫЗНАМА» ЭПОСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ (Б.С. Сарбасовтың ғылыми зерттеу еңбегі негізінде)

Ақыш Нұрдәулет

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қаласы*

Андатпа. Қазақ халқының генеалогиялық шежірелері де тарихты тереңнен толғап, белгілі бір тектерді жіктеп, саралап береді. Көне шежірелердің көпшілігінде-ақ белгілі адамдардың ата тегі тізбеленіп, арғы дәуірлердің миф, аңыздары араласып, тарихи шындықтан ара жігін ажырату қиынға соғып жататыны да осыдан. Алайда, дәл осылай болуы табиғи заңдылық еді. Біз өмір сүріп отырған мезгілден шежіре жазылған уақыттың алшақтығы немесе шежіредегі оқиғаның одан да арғы кезеңдерді қамтуы әңгімелеп отырған тарихи тұлғаларды көмескілендіріп, аңыздық сюжеттердің басымырақ орын алуына негіз болып отырған.

Бірақ, көне аңыздарда да белгілі бір дәрежеде тарихи шындықты сақтайды.

Кіріспе. «Оғызнама» - сюжетінің мифтік сипаты басым. Онда бергінде қазақ халқының негізін құраған Қият, Қыпшақ, Қаңлы, Қалаш тәрізді рулардың ілкі аталарының фольклорлық образдары Оғыз қағанның ер жүрек Қиятбек, Қыпшақбек, Қаңғалық, Қағарлықбек сияқты батырлар ретінде бейнеленген.

Алтай, Қазақстан жерін мекендеген көшпелі тайпалардың басын құраған YI ғасырдағы ірі саяси бірлестіктердің бірі Түрік қағанаты болғаны мәлім. Соның ізімен IX-XI ғасырларда Сыр бойында оғыз-қыпшақ саяси бірлестіктері, Жетісуда Қарахандар мемлекеті шаңырақ көтерген еді. Бұл бірлестіктер әдебиет пен мәдениеттің дамуына да зор ықпал жасағаны ғалымдардың зерттеулерінде де кеңінен қарастырылған. Мысалы, Ә.Қоңыратбаев оғыздардың ірі-ірі сәулет өнерінің ескерткіштері, қалалық мәдениеті, эпостық дастандары болғанына жан-жақты тоқталған [1, 276].

Оғыз, қыпшақ ұлысының қоғамдық құрылысын сөз етумен қатар Ә.Қоңыратбаев бірлестікке енген түркі тайпаларының құрамына да анықтықтар енгізіп отырады. Мысалы, оғыз дәуірінде туған Әбілғазы шежіресінен («Шежіре-и тарахима») біз Түрік қағанаты дәуіріне тән «тегін», «күл» сөздерін кездестіреміз. Күлсары, Себұқ тегін, Қозы тегін, Ел тегін атаулар соның айғағы. Орхон жазбаларында ел, халық «бодан» деп аталса, мұндағы атауы – «оғыз елі».

Рашид ад-Дин деректеріне қарағанда түрік-монғол тайпаларының өзара араласуы ерте басталған көрінеді. Бірақ С.П.Толстов атап өткен тайпаларды монғолдарға жатқызу даулы. М.Қашқари еңбегіне жүгінер болсақ, олардың барлығы дерлік оғыз тайпасы болып шығады [2]. Дәл осы деректерді Рашид ад-Диннің «Жамиғат-тауарих» жылынамасынан да табамыз. Автор оң қанатқа жатқызған (боз оқ) алғашқы екі тайпаны (қай, баят) Күн ханның төрт баласының тізімінен де көреміз. Олардың бірі – Қайы, екіншісі – Баят, Баяндүр болса, сол қағанаттан (үш оқ) шыққан Көк ханның үлкен ұлы еді.

Бұл үш тайпа (қай, баят, баяндүр) Әбілғазы жазбасында да Оғыз хан немерелерінің тізімінде жүр. Әрқайсысына тоқтала отырып, Әбілғазы олардың қандай семантикалық мағына

беретінін ашып көрсеткен. Мысалы, қайы (қай) – мықты, баят (байат) – бай, дәулетті, баяндүр (байындыр) - өмір игіліктерін иемденуші [3,50-53].

Оғыздың аты қашан, қалай шыққаны туралы бірыңғай тұжырым әлі жасалған жоқ. Көне түрікше оқуз - өзен деген сөз. Етіл (Еділ) – үлкен өзен деген мағынаны береді. С.П.Толстов Оғыз дегенді массагет тайпасындағы аугас (мағынасы - өзендік, теңіз) руымен байланыстырады. Алайда, А.Н.Кононов тағы басқа ғалымдар бұл пікірге қарсы келеді. Өйткені, тарихи деректер бұған қайшы келеді [4,14]. Махмұд Қашқари (ХІғ.) өзінің белгілі сөздігінде Рус, Рум, Түрік, Оғыз ру-тайпаларының аттары сол тайпаның алғашқы көсемдерінің аттарына байланысты туды деген пікір айтады. Қалай болғанда да тайпа атауы, кісі аты саналатын оғыз сөзінің мән-мағынасы әлі де болса, тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Негізгі бөлім. Ал, «Оғыз қаған тарихта болған кісі ме?» деген мәселеге келсек, оған кесіп-пішіп нақты жауап беру қиын. «Оғызнама» кітаби эпосының арғы тегі нақты тарихи оқиғаға, тіпті нақты тарихи адамның бейнесіне негізделген болуы мүмкін. Бұл эпос – түркі тілдес халықтардың көне дәуірлердегі аңыз әңгімелерін өз бойына мол сіңіре, үнемі жаңғырып отырған шығарма. Оның әр түрлі нұсқасының болуы, оларда ортақ, ұқсас сюжеттермен қатар өзгешеліктердің де жүруі соны айғақтайды. Жоғарыда аттары аталған ғалымдардың Оғыз қағанның прототипіне біресе ғұн қағаны Мөдені, Тұран патшасы Афрасиабты, көне түрік эпикалық қаһарманы Алп-ер Тоңғаны жатқызуы эпос кейіпкерлерінің бейнесін жасауда типологиялық мотивтер көп қолданылуына байланысты.

Түрік фольклорисі Риза Нұр Оғыз қағанды тіпті Александр Македонскиймен де байланыстырады. Құранда аты аталатын Зұлқарнайын (қос мүйізді деген сөз) – осы Македонский, Мидас патша мүйізді болыпты деген көне грек аңызы бар, өйткені, ежелгі адамдар түсінігі, наным-сенімі бойынша артық жаралған дене мүшесі, артықша қасиеттің күшті, қайтпас-қайсар ерліктің символы болған. Александр Македонскийді марапаттаушылар оған да осындай сипат бергісі келгені сөзсіз. Бұл аңыз Жақын Шығыс пен Орта Азия елдерінде де кең тараған [5].

Оның басты айғағы эпоста кездесетін зооморфтық портретінде оның дене мүшесінің бір бөлігі өгіздікіне ұқсас болып келетіндігі мен Оғызбен ұқсастығын Александр Македонскийдың да мүйізі болғандығында жатқан сияқты. Осы орайда, Х.Короғлы Македонский мен Оғыз қағанның бір-біріне ұқсас, жақын келетін бір жайды ескертеді [6]. Ол ұйғыр альфавитімен жазылған «Оғызнамадағы» Оғыз қағанның шауып алған елдерінің Македонский шапқан елдермен сәйкес келуімен байланысты «Оғызнаманың» ұйғыр нұсқасы хатқа түскен кезде, түркі халықтары мекендеген жерлерде араб мәдениетінің, ислам дінінің ықпалы күшті болғаны белгілі. Ауызша тараған шығармаларда діннің әсері анық байқалатынын ескерсек, осы «Оғызнамада» ондай күшті әсер байқалмайды. Сондықтан да ғалымдар бұл шығарманы қоспасыз таза түркі тілінде жазылған деп бағалайды. Бұдан түйеріміз, «Оғызнама» - ислам дінінің таралып, үстемдік сипатқа ие бола бастауынан бұрын туған шығарма. Ұйғыр нұсқасы «Оғызнаманың» ел арасында ауызша нұсқасының емес, ертеректе хатқа түскен нұсқасынан жасалған көшірме. Бұл – бір. Екіншіден, «Оғызнаманың» тілі қазақ оқушыларының түсінуіне онша қиындық келтірмейді. Демек, бұл аңыздың авторы ұйғыр емес, қазақ даласының тұрғыны болса керек деген В.В.Бартольдтың пікірі негізсіз емес [7].

Бүгінгі бізге белгілі эпостың көпшілігі XIX-XX ғасырларда хатқа түсті. Сондықтан да ауызша сақталған жырлардың барлығына да кейінгі дәуір тарихи жағдайлары мен дәстүр дамуы әсер етпей қалмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Ал, «Оғызнама» эпосы қағазға орта ғасырда түскендіктен, өзінің көне дәстүр үлгісін сақтап қалған.

Сонымен, «Оғызнама» әңгімесінің басы мифология, ортасы этногенез, шежіре, аяғы тарих элементі болып келеді. Тарих сарыны ислам элементінде жүр. 965 жылы Буграхандалар Ислам дінін алғанмен, Жетісу (шугай) елінің қалың көпшілігі көк тәңірі, манихезм, шаманизм дінінде қалған еді. Қазақтар Жетісуда ислам дінін 1414 жылы, қырғыздар ХҮІІ ғасыр басында қабылдайды. Қазақстан тайпаларында көп заман көп дінділік болды [8,70].

Рашид ад-Дин мен Әбілғазының еңбектерінде кездесетін қыпшақ, қаңлы, қарлық, қалаш сияқты рулардың пайда болуы туралы генеалогиялық әңгіме сөз болып отырған ұйғырша

«Оғызнамада» да бар. Бұл нұсқалардың айырмашылықтары да бар. Мысалы, ұйғыр нұсқасында қалаш руы атауының этимологиясы аталу себебін былай түсіндіреді: «Оғыз қаған жолда үлкен үйді көреді. Үйдің төбесі алтыннан, түндіктері күмістен, есіктері темірден еді. Жабық еді, кілт жоқ еді. Әскердің ішінде бір жақсы шебер ер бар еді, оның аты Төмірдү Кагул деген еді. Оғыз қаған жарлық қылды, сен осында қал, есікті аш. Есікті ашқан соң ордаға қайтарсың деп еді. Содан Оғыз қаған оған «Қалаш» деп ат қойды». Туындыда сонымен қатар кейіпкерлердің Қағарлық, Қаңғалық, Қыпшақбек атауларының туындыда бір себепті баяндалады. Әрине, бұл халықтың әрбір тарихи құбылыспен болжам жасайды [9]. Оқиғаны өздерінше түсініп, аңыздауының салдары. Ал, тарихи деректер бұл рулардың шығу тегін, даму, қалыптасу жолдарын басқаша түсіндіреді. Ол- өз алдына мәселе.

Ежелгі түркі әдеби мұраларында мифологиялық, фольклорлық сарындар мол кездеседі. Тарихи, топонимикалық аңыздар – баға жетпес рухани құнарлы қазыналар. Солардың санатынан орын алатын «Оғызнама» – кітаби эпос ескерткішіндегі ерекше көрініс тапқан. Оғыз қағанның үйлену баяны, Ай, Күн, Жұлдыз, Тау, Көк, Теңіз деген перзенттерінің тууы хикаялары, өздеріне тән ерекше бір көркемдік ішкі қуат, сол арқылы талай ғасырлар бойы оқырмандардың жүрегін қозғап, сезімін оятумен келді.

Ғалым А.Егеубаев: «Кейіптеулердің өзі мифтік шығармалардағы арында асқақ мәнерге (гротеск) ұласып, ірі ұғымдармен шарпысып қалады», - деп жазады [10]. Оғыз қаған әскерін Еділден сал жасап өткізгені үшін Ұлық Орда бекті жарылқауы туралы аңызда өткен ғасырлар тарихынан сыр шертуімен құнды. Арлан көк бөрінің Оғыз қаған әскерінің жол көрсетіп бастап жүруі де, Мұзтауды жаңғыртып тұрғанын түркі халықтары фольклорындағы бөрі тотемін сенімнің ізін айғақтайтын аңыздық проза үлгілері байқалады. Оғыз қаған ұлдарының есімін аспан денелерімен байланыстырып ат қоюы, ежелгі космогониялық мифтердің нышандарын байқатады. Аңыздар, тарихи жырлар мен хикаялар секілді мифологиялық сарындар ерте ғасырлардағы түркі әдеби ескерткіштерінің

әрқайсысында әр түрлі дәрежеде көрініп, көркемдік-эстетикалық дүниетаным көкжиегін кеңейтіп отырған.

Зерттеуші Б.Сарбасов ежелгі түркі ескерткіштеріндегі антропонимдердің өзіндік сырларына назар аударады: «Түркі антропонимдерінің өзін иісі түркі табиғатына тән жалпыға ортақ ұғымдағы есімдерге, әр түрлі ру атауларының лексикалық ерекшеліктеріне орай белгілі бір топтарға, тайпаларға орайластыра саралауға болар еді. Түркі тарихында лауазымды, асыл текті мәртебесін білдіретін сөздерді тіркеп айту түрінде қалыптасқан. Олар негізінен «бек», «хан», «хақан», «қаған» деген дәстүрлі атаулар болып келеді. Мәселен, «Оғызнамада»: Оғыз қаған, Ұлық Түрік, Алтын қаған, Ұлық Орда, Қыпшақбек, Қағарлықбек, Сақтап, Темірлі, Қалаш, Қаңқалы, Ай, Күн, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз т.б. Бірде адамның ата тегін, шыққан руларын аңғартса, бірде ол атаулар өзінің жеке басының сипаттарын білдіріп тұрады. Кей-кейде туған уақытын, әлеуметтік жай-күйін сездіріп қалады. Қайсыбір ру, тайпа, ел-жер аттары үлкен тарихи оқиғаларды еске салады. Мәселен, «Оғызнамадағы» ағаштан арба жасаған шебер адамға «Қаңқалы» деп ат қойылуы қаңлы руының адамзат өркениетінің дамуына қосқан үлесін айқындаса керек», - дейді.

Жан-жануарларға, хайуанаттарға тіл бітіру, адамша әрекеттер жасағанын суреттеу ғалым С.Қасқабасовтың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Жалпы, бөрі ұғымы түрік баласы үшін өзгеше киелі, өзгеше әсерлі болуының осынау күдіретті қуаттың қазақ әдебиетінде небір керемет келісті суреттері барлығының дұрыстығына көз жеткізеді.

Ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Әрбір әдеби шығарманың тарихи астары болатынын да естен шығармауымыз керек. Тарихсыз әдебиет жоқ», [11] – деп жазады. Негізінен тарихи шығарма, тарихи шежірелік, танымдық сипаты басым «Оғызнама» эпосында поэтикалық символдарды жиі кездестіруге болады. Көк сәуледен шыққан көк бөрінің рухы да әлдебір жұмбақ, құпия сипатымен түркі халықтарының көне көркем де әсерлі наным-сенімдерінен хабар береді. Поэтикалық рухы жағынан оған үндес туындылар – «Көкбөрі», «Ергенекөн» дастандары.

Әдеби тарихи көне мұраларда поэтикалық, рухани сипат күшті болады, дастандардың эстетикалық көркемдік, танымдық

көкжиегі болады. Соған орай тарихи дастандардың қоғамдық қызметі зорая түсті. Сөйтіп, ежелгі бастаулардан түзілген тарихи сана мен тарихи шындық жағынан көркемдік шешім тығыз астасады. Көк бөрі образының өзі бір түркі түркі халықтарының көне түсініктерінің әр айтушы репертуарына енген сайын жаңғырудың бастан кешіретіндігін аңғартатын мифтердегі тұтас күрделі тарихи поэтикалық құбылыс. Ежелгі оғыздар заманындағы дала дастандарының поэтикалық түзілімі, солайша, көркемдік танымның өзіндік ерекшеліктерін айқындап та тұрады. Әдеби мұралардан қай кезеңде болсын тарихи сананың табиғаты, көркемдік таным өзгешеліктері байқалып тұрады.

Талай жерді аралап, талай жойқын соғысты басынан кешірген Оғыз қаған алыс сапардан балаларымен және халқымен бірге аман-есен оралуының құрметіне үлкен той жасайды. Бұл той халық көңілінен шығып, керемет, таңғажайып түрде өтті. Оғыз қаған өзінің ақ сақалды, ақ шашты, данышпан қарт шешені - Ұлық Түріктің кеңесі бойынша халқын жинап, құрылтай шақырып, бектеріне билігін айтып, ұлдарына ақыл-кеңес беріп, ел-жұрты мен қалаларын, дүние-мүліктерін тең қылып бөліп береді.

Оғыз паш етті өзінің мырзалығын,
Алты ұлына білдірді ырзалығын.
Әкесіне көп көмек берді олар,
Ақыл, ерлік істерімен халыққа ұнар.

Шығарма авторы халық әдебиетінің терең қатпарларындағы сөз асылын іріктеп, шығармашылық талғаммен пайдаланған. Автор Оғыз қағанның басынан өткерген оқиғаларын өлеңге қосып, асқақтата жырлап отырған.

«Оғыз қағанның алты ұлынан тараған ұрпақтары көп еді. Күн хан оларды 24 тайпаға бөлді. Оларды екі-екіден бір Ордаға бағындырып, 12 аймақ ел жасады. Бұл он екісінен тараған тайпаларды «жүздік» деп атады. Қазақтың «үш жүзі» осы кезде шыға бастады. 12 ата жалайырдың шығуы да осы жүйемен байланысты», - дейді зерттеуші М.Жолдасбеков [12,129].

Қорытынды. «Оғызнама» - мифтік сюжеттегі жыр. Онда бертінде қазіргі қазақ, өзбек ұлттары құрамында кездесетін

Қарлық, Қыпшақ, Қаңлы, Қалаш тәрізді рулардың атаулары туралы генеологиялық әңгімелер, Оғыз қағанның ер жүрек серіктері ретінде көрінген Қыпшақбек, Қаңғалық, Қағарлық тәрізді түркі халықтарының іргелі эпикалық қауымдастықтары ілкі аталарының бейнелері кездеседі.

Ертедегі қазақ ру-тайпалары бұрынғы уақытта, қазақ халқы, қазақ хандығы болып құрылғанға дейін Қытай, Рим аралығындағы аймақтар мен өлкелерді мекендеген түрік, монғол руларымен бірге болған, бірге тірлік еткен. Сондықтан бәрінің тарихи, қоғамдық, мәдени өмірі ортақ болған.

Қазақ ауыз әдебиетінде: «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген сөз тіркесі бар. Бұл қазақ ұлты құрамына кірген рулардың бір заманда Балқан түбегіне дейін тұрақты жерлерді қоныстанғанын аңғартады. Әдебиет тарихы халық тарихымен тығыз байланысты, соның бейнелі көрінісі, сүрлеуі, ол қай кезде болсын халық тарихының ізімен жасалады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. –Алматы: Ғылым, 1987.-368 б.
2. Қашқари М. Диуани лұғат-ит түрік –Алматы: Ана тілі, 1993.-192 б.
3. Кононов А.Н.Родословная туркмен сочинение Абулгазы хана хивинского. М.Л. АН СССР институт востоковедения, 1958. -194 с. 50-53 сс.
4. Толстов С.П. Пережитки тотемизма и дуальной организации у Туркмен. // Проблемы истории докапиталистических обществ. 1935. № 9-10. С. 3-14.
5. Қасқабасов.С. Қазақтың халық прозасы. –Алматы: Ғылым, 1984.-128 б.
6. Короглы Х.Г. Огузский героический эпос. –Москва: Наука, 1976.-336 с.
7. Бартольд В.В. Сочинения. В 9-ти томах. Т.І. /Ред. Коллегия: Б.Г.Гафуров и др.- М, Изд.Вост.Лит. /1963.-760 с.
8. Тұрсынов Е. Қазақ әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976.-216 б.
9. Әбілғазы. Түрік шежіресі.- Алматы: Ана тілі, 1991.-208 б.
10. Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі /Х-ХІ ғ./ Дис. док.- Алматы, 1999 338б.
11. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. –Алматы: Санат, 1994.-312 б.
12. Жолдасбеков М. Асыл арналар.-Алматы: Жазушы, 1986.-328 б.

«ОҒЫЗ-НАМЕ» КІТАБИ ЭПОС ЕСКЕРТКІШІ (Б.Сарбасовтың ғылыми зерттеу еңбегі негізінде)

Әуесбаева Пәкизат

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының аға ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Алматы қаласы*

Аңдатпа. «Оғыз-наме – кітаби эпос ескерткіші» рухани құнарлы бастауы бар, көне түркі ескерткіштері деген ойға келеміз. Тұжырымдай айтқанда, бұл туынды да тұтас дәуір бойғы оғыздардың тарихи шындығы көркемдікпен бейнеленген, ол үшін халық ауыз әдебиетіндегі образ жасаудың алуан түрлі өзіндік амал-тәсілдері қолданылған. Бұл шығарманы қағазға түсіруші көнеден келе жатқан әдеби дәстүрді берік ұстанып, шығармаға түркі халықтарының біртұтас мемлекетке айналу идеясын өзек еткен.

Кіріспе. «Оғыз-наме» – түркі тектес халықтардың ежелгі шежіресін генеалогиялық аңыздар негізінде көркем тілмен баяндайтын эпостық шығарма. Соның өзінде, шығарманың сюжеттік желісі жеке ру-тайпалар шежіресіне негізделген емес. «Оғыз-наме» – әрі көркем, әрі тарихи туынды деуге болады.

Әрине, «Оғыз-намені» оның жазуға түскен дәуірі ХІІІ ғасырға тән тілдік белгілеріне сүйеніп, осы ХІІІ ғасырдың мұрасы деп тануға есте болмайды. Сондықтан әуелі әдеби мұра ретіндегі сипатын есте ұстай отырып, оның сюжеттік желісін, оқиға тізбегін, ондағы ел-жұрт, мекен атауларын, кісі аттарын және бұлардың оқиғаға, ол оқиғаның уақытқа қатынасын, сол сияқты суреттеу тәсілдерін, мифтік ұғымдарды, ақырында клишеге айналған формулалардың – фольклорлық сипатын да негізге алу керек болады [1].

Халықтар қай заманда да өзінің, өткен тарихын жасауға бейім тұрады. Жазуы дамыған халықтарда бұл тарих жылнама не ұлы қолбасшылар мен патшалардың жорық жолын баяндау түрінде хатқа түскен, ал жазуы жоқ халықта бұл тарих аталар және атақты қолбасы батырлар туралы ауызша туған аңыз-әңгімелер түрінде, не басы осы аңыз-әңгімелерге барып тірелетін ата таратулары

түрінде жасалып отырған. Ертедегі түркілер осы тарихтың екі түріне де ие: олар «Күлтегін» т.б. с.с. жазба шығармаларында қолбасы батырлары мен қағандарының ел құрау қызметін, ел қорғау ерлігін, жорық жолдарын – шежіре – тарихты жазып қалдырды, олар ауызша әдебиеттерінде ұлы қолбасылары жайлы қиял мен мифтік сана құндағында туған тамаша шығармалар жаратты.

Ертедегі түркілердің осы екі жүйеде жасалған ең ежелгі тарихи дерегінің де басы Оғыз қаған бейнесіне барып тіреледі: Оғыз қаған – ертедегі түркілердің өз арғы аталарын тарихқа белгілі еткен алғашқы жазба шежіре мен аңыз-әңгіменің ортақ кейіпкері. Ертедегі Түркілердің арғы аталарының тарихи әдебиетте көрінуінің өзі осы Оғыз қағанның тарих сахнасына келуімен тұстас жатыр. Түркі тектес халықтар тарихының бізге мәлім басы Оғыз қаған және оның қоғамдық қызметі жайлы жылнама. Оғыз қаған туралы аңыз-әңгіме – түрік халықтарына тән аңыз-әңгімелердің (фольклорлық шығармалардың) бізге келіп жеткен ең ежелгі, ең көне үлгісі ретінде де фольклорлық дерек көздері болып табылады. Сондықтан бұл құнды мұраны қазіргі фольклортану ғылымының деңгейіне сай ғылыми тұрғыдан зерделеу көкейкесті мәселе болып табылады.

«Оғыз-наменің» оқиға желісі бастан-аяқ ертегі-аңыздар емес. Әйтсе де, «Оғыз-намені» ақиқат пен аңызға бірдей негізделген шығарма деуге болады. Мұндағы мәліметтерді әдетте ғалымдар мынадай топтарға бөліп қарастырады:

1. Оғыз-түрікмен эпосына негізделген деректер. Бұған Оғыз батыр мен оның ұрпақтары жасаған әскери жорықтар туралы аңыздар енеді.

2. Тарихи тұрғыдан реалдық негізі бар, бірақ бізге аңыз күйінде жеткен мәліметтер. Бұл – негізінен оғыз тайпаларының түрлі тарихи кезеңдерде қоныс іздеп, көшіп-қонуы жайындағы, оғыз елінің ішкі қоғамдық-әлеуметтік өмірі туралы деректер.

3. Оғыз елінің көрші тайпалармен және тайпалық бірлестіктермен қарым-қатынасы жайындағы аңыздар енеді.

Негізгі бөлім. «Оғыз-наме» эпосын қазақша аударып, арнайы зерттеген тілші ғалым Қ. Өмірәлиев 1985 жылы бұл туындыны қазақ тіліне аударып жарияласа (III – XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері), 1988 жылы «Оғыз

қаған эпосының тілі» атты монографиялық зерттеу жазды. Бұл еңбекте Қ. Өмірәлиев аталған аңызды түркі халқына тән аңыз-әңгімелердің бізге келіп жеткен ең ежелгі, ең көне үлгісі екеніне назар аударады. Дастанның тілдік және жариялану мерзіміне қарап, оны бірыңғай XIII ғасыр мұрасы деуге болмайтынын, қайта ол I – III ғасырларда түпкілікті жасалған әдеби мұра деген ғылыми пікір мен эпос сипатты аңыз-әңгіме осы Оғыз қағанның әрекетіне немесе ежелгі хундардың қағаны Модэ әрекетіне құрылуын ескеріп, «Оғыз-наме» эпосы тарихи негізі бар фольклорлық шығарма деген қорытындыға келеді [2,6]. Қ.Өмірәлиев бұл ғылыми тұжырымдарына III ғасырда «Күлтегін» ескерткіші мен «Алып Ер Тоңа» жырының, сәл кейінірек (X – XI ғасырларда) қырғыздың «Манас» эпосының, сондай-ақ «Құтадғу білігі» дастанының дүниеге келуін дәлел ретінде келтіреді. Екі бөлім, бес тараудан тұратын «Оғыз-наме» эпосына негіз болған аңыз, әңгімелер мен оның жанры, грамматикалық құрылысы, баяндау жүйесі, транскрипциясы, эпостың сөздігі жеке-жеке қарастырылады. Осындай елеулі жаңалықтарымен бұл монографиялық еңбек күні бүгінге дейін өзінің құндылығымен маңызды.

Келесі бір назар аударарлық зерттеу Т. Қоңыратбаевтың «Оғыз-наме аңызының нұсқалары» деп аталады. Мұнда ол осы эпосқа арналған Еуропа және орыс зерттеушілерінен тыс, қазақ ғалымдарынан Ә. Қоңыратбаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Дүйсенов, Ә. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев, М. Жолдасбеков, Н. Келімбетов еңбектеріне талдау жасайды. Сондай-ақ, автор бұрынғы В.В.Радлов пікіріндегі Оғыз хан мен Бұқа ханды бір адам деп көрсеткеніне назар аудара отырып, бұған қарсы жырдағы Оғыз жорықтарын I-III ғасырлардағы Түркі қағанаты кезеңінен, атап айтсақ, Қапаған, Могилан, Күлтегін оқиғаларынан алынғай болу керек деген профессор Ә. Қоңыратбаев пікірінің ғылыми ұстамдылығын ашып дәлелдейді. Ғалым «Оғыз-наме» эпосының тілі туралы айта келіп, осыған байланысты ұйғыр, өзбек, қазақ диалектілерінің «Оғыз-намеден» бастап өзіндік сипатпен дараланып айқындала түсті деген ойының дәлелді екеніне зер салады. Осы тұжырымдардың жиынтығы ретінде «Оғыз-наменің» аңыз, әңгімелерге құрылған әдеби туынды екеніне, онда қара сөзбен

қатар, өлең жолдарының да ара-тұра кездесетінін атап көрсетіп, автор: «Соңғы кезде «Оғыз-наме» аңызының прозамен қатар, 7-8 буындық поэзия (жыр) үлгісімен жазылғаны дәлелденіп отыр. Оны біз Ә. Дербісалин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев еңбектерінен көреміз» – деп жазады. Мұнымен бірге Т. Қоңыратбаев аталған жырдың тіл мен әдебиетке қатынасын тереңірек ашып, оқу орындарында жүйелі түрде оқытудың міндеттеріне тоқталады.

Зерттеуші Н. Келімбетов: «Оғыз-наме» эпосы өзінің формасы мен мазмұны жағынан ертегіге де, батырлар жырына да жатпайды. Мұның өзі тарихи негізі бар фольклорлық шығарма» – деп ой түйеді [3,112]. Ал енді «Оғыз-наме» эпосы әуелде ауызша жасалып, кейінірек барып қана жазуға түсірілген шығарма екені мәлім. Ал шетелдік түрколог ғалымдар бұл көне ескерткішті «Оғыз қаған» туралы аңыз деп атайды. Қ. Өмірәлиев өз зерттеуінде Оғыз батыр жайындағы эпосты сюжеті мен композициясына сәйкес келетіндей етіп, он жеті желіге бөліп берген. Сонымен бірге, ол әрбір сюжеттік желіге шартты түрде тақырып қойып отырған. Мұның өзі эпосты неғұрлым тереңірек танып-білуге мүмкіндік туғызады. Әрбір желіге қойылған тақырып шығарманың өз мәтінінен алынған. Бұл желілердің тақырыптарына қарап-ақ эпостағы оқиғаның басталуын, өрбуін, шиеленісуін, қалыптасуын, түйінін аңғаруға болады [3,112].

Көне түркі дәуірінің жазба әдеби мұралары «Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған ескерткіштері», «Қорқыт ата кітабы», ислам дәуірінің мұрасы болып табылатын «Диуани лұғат ит-түрк», Алтын Орда дәуіріндегі жазба әдебиеттің үлгісі Хорезмидің «Махаббатнама» дастандарын, XIII ғасырда хатқа түскен «Оғыз-наме – кітаби эпос ескерткішімен» салыстыра зерттеудің маңызы зор. Ол үшін мына мәселелерді басты назарда ұстау қажет: Біріншіден, аталған көне түркі дәуіріндегі мұралар: «Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған» (VI-VIIIғғ), «Қорқыт ата кітабы» (XV-XVIғғ) бұл екеуі ерте дәуірде пайда болғанымен, жоғарыда көрсетілген мерзімде хатқа түскен. Әрі бұл шығармалар түркі халықтарының тарихи-генеологиялық, шежірелік сипаттағы эпостық мұралары болып табылатындығы Қ. Өмірәлиев [3], И.В. Стеблева [4], С.Қасқабасов [5] еңбектерінде толық дәлелденген.

Кейінгі дәуірде жазылып алынғандықтан, аталмыш шығармалар фольклорлық сипаты көбірек сақталғандығы анық. Әйтсе де, Күлтегін, Тонькөк, Білге қаған ескерткіштерінің тарихи оқиғаның ізі суымай сол оқиғаға тікелей араласқан адамдардың басшылығымен жазылуы – шығарма сюжеттерінің реалистік сипатта өрбуіне ықпал еткен. Біз салыстырып отырған «Оғыз-наме» – кітаби эпосы да осы дәстүрде дүниеге келген, көшпелілер үшін өткен тарихты, арғы-бергі рухани мұраларды жатқа білу дәстүрінің бұлжымас заңдылық болғаны да белгілі. Соған сәйкес шығармалардағы тарихи шындықты бейнелеу тәсіліне, жеткізу амалына ерекше назар аударған жөн.

Адамзат дамуының қай кезеңі болмасын, мәдениет атаулы өзіндік өрнегімен қайталанбас төлтумалығымен ерекшеленеді. Халықтың ертеңгі болашаққа деген ұмтылысы, даналық ой – тұжырымдары, қоршаған дүниеге көзқарасы әртүрлі формада көрініс табуы орынды. Осы заңдылық тұрғысынан келсек, адамзат мәдениетіндегі асыл қазына – «Оғыз-наме – кітаби эпосы ескерткішін» бір дәуірдің дара туындысы ретінде қарастыру, сол заманның мәдени дамуын, рухани байланыстарды жете түсінбегендік болып табылар еді.

Кез-келген тарихи, әдеби мұраның дүниеге келуін кездейсоқ құбылыс ретінде қарастыру мүмкін емес, әлемдегі барлық жаратылыс атаулының өзіндік эволюциялық даму заңдылығы бар. Осы тұрғыдан келгенде «Оғыз-наме» – кітаби эпосын түркі халықтарының XIII ғасырдағы фольклорлық мұрасы деп қарастырамыз. Ең бастысы, тарихи дерек көркемдік тұрғыдан жеткізілген. Алайда, кейбір фольклор үлгілерінің тарихи дерек көзі ретінде алынғандығы да жасырын емес. Соңғы жылдары ұлттық фольклорымыздың тарихи тегі мен деректік маңыздылығы үлкен қызығушылық туғызып отыр.

Эпостарымыздың да туу, қалыптасу үрдісінде әр түрі сюжеттік сатылардың оқиға кезеңдерінің сығымдалып, жинақталуының мол тәжірибесі бар. «Оғыз-наме» – кітаби эпосы сандаған ғасырлардан тамыр тартқан көмескі оқиғаларды – аңыздық, шежірелік арналар арқылы жинақтап бір арнаға түсірсе, автор өзі куә болған дәуір шындығын оқиғалар ретін сақтау арқылы бас қаһарманның басына тұтастандырған. Халықтың

рухани қазынасын тарих қатпарларынан жарыққа шығарып, ел есінде сақтау, бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Зерттеуші Б.Сарбасов «Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткіші» атты зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы ретінде төмендегідей қол жеткен нәтижелерді ұсынып атайды:

– «Оғыз-наме» ескерткішінің жанрлық ерекшелігі айқындалып, оның бойындағы фольклорлық әрі кітаби эпос дәстүріне тән белгілер сараланды.

– «Оғыз-наме» эпосының нұсқалық ерекшеліктеріне алғаш рет назар аударылып, (Париж нұсқасы, Щербак нұсқасы) олардың таралу, жиналу, жариялану, аударылу тарихы зерделенді. Нәтижесінде Париж қолжазбасының эпостық сипаты басым болғандықтан фольклорлық талдау негізіне алынды. Алғаш рет отандық және шетелдік ғалымдардың ескерткіш жөніндегі ой-пікірлері жүйеленіп, нәтижелері мен маңызды тұжырымдары, көкейкесті мәселелері айқындалды. Болашақ ізденістер бағыты анықталды.

– Оғыз және басқа да кейіпкерлердің образындағы фольклорлық сипат тұңғыш рет сараланды. «Оғыз-наме» ескерткішінің бас кейіпкері Оғыз бен оның маңындағы кейіпкерлердің фольклорлық көркемдік жинақтау арқылы жасалған тұлғалары сарапталды. Тарихи оқиға, кісі аттарына байланысты шежірелік тұтастану, тарихи тұтастану іздері айқындалды.

– Түркі халықтарының сан ғасырлық тарихын бойына жинақтаған «Оғыз-наме» эпосындағы ел тұтастығы мен бірігу идеясының маңызды рөл атқарғандығы алғаш рет ғылыми тұрғыдан сарапталды.

Зерттеуші Б.Сарбасов «Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткіші» атты зерттеу жұмысында төмендегідей нәтижелі тұжырымдарды ұсынады:

– «Оғыз-наме» кітаби эпосының рухани дүниемізден алар орны, түркі тілдерінің туысқандық байланысын танытатын бірден-бір фольклорлық мұра екендігі айқын, ондағы адам аттары мен жер-су аттарын тарихи оқиғалар мен фактілер фольклорлық заңдылықтарға түскен.

– «Оғыз-намеде» фольклорлық көркемдік жинақтау маңызды рөл атқарған. Ол оғыз елінің тарихын тұтастандыру, елді

біріктіруге ұмтылған батыр – хан бейнесін жинақтау арқылы көрініс тапқан.

– «Оғыз-наменің» сюжеттік – композициялық құрылымы эпос заңдылығына сәйкес құрылған. Ескерткіштегі фольклорлық поэтика: әсірелеу, символ, арнау, киелі сандар рөлі, мақал-мәтел мен эпитет, теңеулерден айқын танылады.

– Фольклорлық ортақ сюжеттердің қайталануы тұтастай алғанда «Оғыз-наменің» түркі тектес халықтардың ортақ мұрасы деп тануға негіз болады. Зерттеу нәтижелері түркі халықтарының фольклорлық мұраларындағы ортақ сарындарға типологиялық салыстыру жасалады.

– «Оғыз-наменің» хатқа түсіріліп, жазба түрде жетуі ғана емес, эпикалық дәстүрден бөлектейтін: соғыс суретінің, батырлар жекпе-жегінің кең суреттелмеуі, батырға тән тұлпар образының сомдалмауы, фольклорлық мотивтердің өте ықшам, қысқа хабарлама, баяндау түрінде берілуі т.б. белгілері «кітаби» сипатын бекіте түседі.

Қорытынды. «Оғыз-наме» кітаби эпосы сандаған ғасырлардан тамыр тартқан оқиғалар іздерінің мифтік, аңыздық, шежірелік әңгімелерде сақталуы, олардың тұтастана шоғырлануы арқылы қағазға түсіруші өзі куә болған дәуір шындығын оқиғалар ретін сақтау арқылы бас қаһарманның айналасына топтастыруы нәтижесінде өмірге келген.

Осы мәселелер «Оғыз-наменің» түркі халықтарының эпикалық үрдісінде қалыптасып, дүниеге келгендігін айғақтай түседі. Кітаби эпос дәстүрін бойында сақтаған, аталмыш мұраны ежелгі дәуір әдебиетінің құрамындағы Алтын Орда тұсындағы түркі әдебиетінің асыл қазынасы, інжу-маржаны, өшпес мұрасы деп таныған жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987.- 368 б
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті.- Алматы: Ана тілі, 1991.- 264 б.
3. Өмірәлиев Қ. Оғыз қаған эпосының тілі.-Алматы: Ғылым, 1988.-279 б.
4. Стеблева И.В. Поэзия тюрков УІ-УІІІ веков.- Москва: 1965.-147
5. Қасқабасов.С. Қазақтың халық прозасы. –Алматы: Ғылым, 1984.-128 б.

ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ТАЛДАУ БАРЫСЫНДА «КӨРКЕМ ДЕТАЛЬ» МЕН «МОТИВ» ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жұмақаева Береке Дәулетханқызы

*Сүлеймен Демирел университетінің профессоры, п.ғ.к
Қазақстан Республикасы, Қаскелең қаласы*

Аңдатпа. Көркем мәтінді терең түсіну оның құрылымдық бірліктерін талдау арқылы жүзеге асатыны белгілі. Прозалық мәтінді талдау үдерісінде «көркем деталь» мен «мотив» ұғымдарына мән беру арқылы шығарма идеясы мен авторлық тәсілді пайымдау маңыздылығы бұл мақалада мысалдар арқылы дәйектеледі. Сонымен қатар, жоғары сыныптардағы әдебиет сабағында аталған әдеби ұғымдарды қалыптастырудың жолдары ұсынылып, нақты тапсырмалармен бекітіледі.

Кіріспе. Көркем шығарманы терең түсіну білімгерлерде теориялық және әдеби ұғымдардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Көркем шығарманы талдау үдерісінде көбіне сюжет пен образдық талдаулармен шектелу, проблемалық сұрақтардың көбі жауапсыз, ал әңгіме формасы шығарманың эпизодтарын қайталау түрінде болып жүргені жасырын емес. Әрине жоғары сыныптарда шығарманың толық оқып игерілмеуі әдеби талдаулардың да үстірт болуына әкеледі. Көркем шығарманы талдау мен түсінуде автор қолданатын әмбебап көркем құралдар *көркем деталь* мен *мотивтер* екені анық. Мотив, көркемдік түрдің басқа компоненттеріне қарағанда, автордың ой-сезімімен сәйкес келеді. Ал көркем деталь көркем бейне жасаудың өнімді тәсілі деуге болады. Шығарма кейіпкерінің басынан кешкендерін, оқиға ерекшеліктерін, кейіпкер келбетінің назар аударарлық тұстарын айшықтайды.

Жоғары сыныптарда оқылатын әдеби мәтіндердің көбі көлемді шығармалар. Бір шығарманы (роман, повест, поэма, пьеса) оқып игеруге бірнеше сағат беріледі. «Әдеби шығарманы түсіну» мақсатын қамтитын сабақтарда шығарманың оқиға желісіне, көркем образдардың жасалуындағы автор мақсатын айқындап тұратын детальдарға қатысты деректерді айқындау, әдетте оқушылардың алғашқы қабылдау үдерісіндегі аңғарған

бірліктерді, белгілерді, бөліктерді есепке алу арқылы жүзеге асырылады. Бұл елеусіз көрінуі мүмкін детальдар арқылы оқырманға оқиға жағдаятын (атмосферасын) сезінуге көмектеседі. Ол автордың ой-пайымы мен эмоциясын әр қырынан жеткізе отырып, оқырманға қаламгер үшін аса маңызды саналатын түйіндерді жеткізуге ықпал етеді. Осылайша, көркем деталь мен мотив құрылымына назар аудару көркем мәтіннің мазмұнын тереңірек және қызықтырақ қарастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу мақаласында орта мектептерде оқыту мақсаттарына сай шығарманы оқып-игеру үшін шығармадағы «көркем деталь» мен «мотивті» айқындау, талдау үдерісінде оған мән берудің маңыздылығы баса айтылған. Жоғары сыныптың оқу мазмұнын (Ә. Кекілбаевтың «Бәсеке» әңгімесі, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы) қамти отырып, аталған сыныптардың оқу мақсатына сай талдау, салыстыру, аналогия, даралау әдістері қамтылған. Жоғары сыныптардағы мәтін талдау жұмысының көп қырлылығы, соның ішінде авторлық идеяны жеткізудің өнімді құралы ретінде мотив мен көркем детальдардың қызметін тани білу шығарманы жан-жақты түсінуге де көп мүмкіндік туғызатыны ашылған. Әсіресе жоғары сыныптардағы (қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану бағытында) «әдеби шығармадағы оқиғалар мотивін анықтау арқылы оқиға желісін баяндау», «әдеби шығарманы түсіну» сынды жекелеген оқу мақсаттарына жетудің жолдары мен тәсілдері ұсынылады. Прозалық шығармалардан үзінділер беру арқылы, олардағы көркем деталь мен мотивтің көріну тәсілдері мысалдармен дәйектеледі.

Нәтижелер мен талқылаулар. 10-сыныптардағы (қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану бағытында) прозалық мәтіндерді баяндау көркем детальдар арқылы нақтыланып отыруы маңызды. Себебі, *көркем деталь* – кейіпкердің сыртқы және ішкі әлемінің, автордың идеялық-мазмұндық ой-түйіндерінің нысандық белгілері, заттық көрінісі. Яғни, бір қарағанда маңызды емес, ұсақ-түйек көрінетін нысандардың образдың жай-күйін беруде маңызды рөл атқаратын тұстары аз емес. Өйткені деталь - көркем образ жасауға, шығармадағы іс-оқиға туралы егжей-тегжейлі сипаттамадан гөрі көбірек ақпарат

беру мүмкіндігі бар сөздік құралдар. Әдеби мәтіндегі деталь дасимвол сияқты автордың интенсиясын айқындауға, кейіпкердің шынайы болмысын танытуға қызмет жасайды. Деталь оқырманға көркем шығармадағы кейіпкер, уақыт, дәуір, оқиғалар, тарихи мәнмәтін туралы қосымша ақпарат береді. Детальдың символдан ерекшелігі - символға жасырын мән үстеліп тұратын болса, кейіпкердің бітім-болмысы жөнінен деталь анық, ашық ақпарат бере алады. Сыртқы детальға интерьер, пейзаж (оның ішінде сыртқы және қалалық пейзаж), кейіпкердің портреті – оның сыртқы келбетін бейнелеудегі кейбір маңызды, автордың мақсатты қолданыстары жатады.

Көркем детальдардың қызметінде кейіпкердің эмоционалды күйін, психологиялық ахуалын білдіріп тұратын тұстары аз емес. Мәселен, *«Жаңа ғана шоқтай өртеп, лапылдап бара жатқан ыстық денесін мұз боп қармап жатқан қарсы желді де аңғармады. Ойы ойран, көкірегі бұлқан-талқан, бірақ не ойлап, не қойғаныңды біліп болмас соқыр ыза. Оттай ыстық маңдайын жүйрік аттың жалын құшып, кері ыршыған жалбыр жел жалап-жалап қалады. Бағана жұрт қоршап тұрғанда тамағына тас түйнек боп тығылған ащы жас көзінен енді ытқып шықты. Сол бойда бұның қарсы желге қасқая қарап келе жатқан шалқақ басы сылқ құлап, атының жалын құшып, солқылдап тұрып жыласын кеп. Кеудесіндегі бірін-бірі кимелеп жатқан ыза, намыс, ықылық атқан өксігімен араласып лық-лық ақтарылып сыртқа шыққандай көкірегі жеңілейіп, басын көтерді. Сосын біраз уақыт қарсы алдынан қарғын судай жапырыла қаптап келе жатқан қоңыр далаға состия қарап отырады. Сәлден кейін жылай-жылай күп боп ісіп кеткен басына манағы белдескені оралады да, ойына күні кеше ғана аспан тірегендей асқақтатып, алиаң бастырып жүрген жігіттік намысы кез келген бұтаның басында қап қоятын қотыр тоқтының жалба-жұлба балақ жүніндей Қыземшек төбенің басындағы кеуделерін төмпештеп, кеңірдектері қызарған әумесер топтың аяғының астында тапталып қалып қойғаны түсіп, бір сәт бей-жай тартқан жұлын-жүйкесінің бөрі қайта ширығып, өксігін баса алмай ұзақ жылайды»* (Ө.Кекілбаев «Бәсеке» повесінен үзінді) [1]. Бұл үзіндідегі жел мен ыза, намыс сөздерінің кейіпкер ахуалын берудегі қызметін

елеусіз қалдыруға болмайды. Себебі автор осы сөздерді қайталау арқылы кейіпкердің шарасыз күйін, ызаға булыққан қалпын, сол арқылы намысының аяқасты болуынэкспрессивті психологиялық деталь арқылы береді: «намысы кез келген бұтаның басында қап қоятын қотыр тоқтының жалба-жұлба балақ жүніндей» деп образ жасайды. Образды талдау барысында шығарманың бұл нысандары талдауға ілікпейді. Себебі автор аталған шығарма үзігін образ жасауға емес, оқиғаның жай-жапсырын жеткізу мақсатында қолданған. Оқушыларға оқиға желісін баяндау кезінде осындай көркем бөліктерге мән бергізу арқылы жеткізуді талап қылған орынды.

...«Бүгін кешке қызының жасауын тағы бір көріп шықпақ. Оны үстіне үй тігіп, бөлек көш қылып жөнелтпек. Қызға берілетін дүние, мал әлдеқашан іріктелген. Енді соны ақырғы рет қапысыз қарап алмақ. Болғалы тұрған тойдың ең үлкен қызығы, той тарқатар салтанаты – қызының көші. Әр түйенің омырау құйысқанына асыл алқа, күміс жүзік, моншақ тағылады, бұйдасы жібектен есіледі. Шаңырақ артқан түйеден басқаның бәріне бір - бір қалы кілем жабылмақ. Сондай сылдыраған - сыңғыраған сәнді көшті тарта жөнелгенде қыздың жаңғыз жеңгесі Жазыл жетектейді. Келіні басына үкілі сәукеле киіп, астына ақ шақан жорға мініп, күлтелі көшті жөнелгенде қыздың қасына еріп баратын қалың нөкер қапталдан жүре сыңсып жөнеле береді. Көшен ақын бөтен ауыл, жат босағаға аттанып бара жатқан қалыңдық пен артында жылап қалған ата - анасына термелеп басу айтады, сол арада Балтан ауылының адамдары ақын жігіттің қанжығасына екі өркеші баладай буаз ақ інгенді бұйдасынан байлайды. Ақын табан астында Балпанның осыниша жомарттығына, көл - көсір тойына мақтап өлең шығарады. Ол тойға жиналғандардың бәрініңде құлағында қалады. Сосын Көшен ақын қыз барған ауылдағы тойға бәйгеге түсетін жүйрік аттар мен ортаға шығатын әнші - күйші, палуандарды баптап бір шоғыр боп бөлек аттанады. (Ә.Кекілбаев «Бәсеке» повесінен үзінді) [1].

Ал мына үзіндідегі заттық детальдардың барлығы жинақталып келіп көш образын құрайды. Көштің өзі образдан көрі символдық нысанға айналған. Яғни қыз көші байлықтың салтанаты мен көрінісі ғана емес, алқалы топты жинап бай,

бағландарды көзқыздымен бәсекеге түсіріп жатқан Балпанның мақтанының да символы. Көптің көзқұрты болған байдың қызының отауы, балпанның байлығының атрибуты.

«Сол екі ортада әлдекім шаужайына оратыла кетті. Сөйтсе, малмен бірге өріп, бірге түнеп жүретін Сапақ деген сасық байдың Есен деген есірік баласы екен. Бір құлағы шұнақ, бір көзі әпірейіп аспандап біткен. Малдан басқа қара көрмей әбден милау боп кеткен неме пәлендей бәсеке болып жатыр деген соң, алды-артына қарамай, далақтап шаба жөнелген зой. Жасы қырыққа таяп қалса да, әлі үйленбеген».(Ә.Кекілбаев «Бәсеке» повесінен үзінді) [1]. Автордың әумесер Есеннің әрекетін берудегі қолданысы алдағы болар оқиғаның алғашқы хабаршысы ретіндегі деталь деп қарастырсақ болады.

«Көркем деталь арқылы талдау қаламгердің өзекті ойын айқындау, ұстанымын тану әр текті шығармалармен жүзеге асырылады. Көркем шығарманы талдауда детальдің маңыздылығына ерекше тоқталған әдіскер Е.Н.Ильин: «Достоевскийдің Раскольникові болса кемпірді өлтіргеннен кейін түк қалдырмай: балтаны да, қолының да, пальтоның да қанын жуды... Әйтсе де оның бойында қан қалып қойды. Суреткер кемеңгерлігі қайда қалдыруды біледі – қан етіктің тесігінен шығып тұрған кір шұлыққа тамды... Құдай-ау! Соншама «түкке тұрмайтын нәрсемен» қаншама жайт айтылып тұр» [2]. Осы аталған заттық ұғымдар – деталь. Бірақ ол сол шығарманың барлық әлеуметтік, психологиялық, философиялық, адамгершілік мәселелерін көтеруге таптырмайтын түрткі. Е.Н.Ильин. «Бәлкім «деталь» дегеніміз жалын лаулайтын ұшқын шығар. Ірі, ұлы атаулының қайнарлары кіші нәрселерден басталатындығына өнер талай рет дәлел болды. Дүние кішкентай түйіршіктерден тұрады. Бір ғажабы, шынайы өнер өз табиғатында мылқау келеді. Міне, осы сөзге сараң «мылқау» құралдарды ол әдебиет сабағына детальға зер салу арқылы тарту етеді. Тексттің титтей торынан тұтас қалпына дейін талдаудың өзіндік әдісіне итермелейді. Сонда деталь тексттің үлкенді-кішілі құрылымдарын талдаудың конструкциялық элементтеріне, кітапқа қарай тартымды бір қадамға айналады» деп жазады [2].

М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Құнанбайға берілетін портретке зер салып көрейік: «Әкесінің ат жақты

келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне, ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда, Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя беріп, салғырттығы жоқ сергек қатал күзетшіі» [3]. Осы портреттік тәсілде ерекшеленетін детальдар: *бір өңірдей бас*, *сол бастағы жалғыз көз*. Кейіпкердің образын беруде портреттің өзіндік қызметі бары белгілі. Дегенмен, бұл деталь бір ғана образды беруден өзге көп жайлардан хабар білдіреді. Біріншіден, Құнанбайдың жеке бас ерекшелігі ретінде тануға болады, кейіпкердің болмыс, бітіміндегі ерекшелік; екіншіден кейіпкердің ішкі болмысынан хабар береді, үшіншіден, сол қоғамдағы қызметін, феодалдық топтың *«сергек қатал күзетшісі»* ретіндегі рөлін байқатады. Осылайша бір ғана деталь романның тақырыптық, идеялық мәнін талдауға ықпал ете алады. Әрине, шығармадағы детальдың барлығы терең талдауға апара бермесе де, шығарманың ауқымды алаңына шығаратын «титтей торын» дөп басып таба білу, ойды өрбіте білу – детальдық талдаудың ең басты шарты. Детальдық талдауға оқушылардың шығарманы жете меңгеруі, өз ойын дәйектей алу қабілеттері, шығарманы тұтас және жан-жақты сараптай алу қабілеттері де үлкен рөл атқарады [4].

Көркем детальдарды 10 сыныптағы мәтіндердің (Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы, М. Мағауин «Шақан - шері» романы, Шахмардан Құсайынов «Томирис» драмасы, Ш. Мұртаза «Ай мен Айша» романы т.б.) қайсын болсын түсініп баяндауда тірек етуге болады [10].

Тапсырмалардың мазмұны:

1. Кейіпкердің психологиялық жағдайына баса назар аударыңыз.

2. Кейіпкердің іс-әрекетін сипаттаңыз, оның көңіл күйін білдіретін детальдарға көңіл бөліңіз.

3. Оқырманға авторға қажетті әсер, көңіл-күй, сезімін беретін қолданыстарды нысанға ала отырып баяндаңыз.

4. Дәуірдің сипатына баса назар аударыңыз, уақыт рухын, әлеуметтік ерекшеліктерін беретін тілдік құралдарға назар аударыңыз.

5. Шығарманың бейнелеу құралдарына назар аударып отырып оқиға желісін, кейіпкердердің іс-әрекетін түсіндіріңіз т.б.

Жоғары сыныпта **«әдеби шығармадағы оқиғалар мотивін анықтау арқылы оқиға желісін баяндау»** мақсаты қойылған. 10-сыныпта көркем деталдар баяндау барысында тірек нысандар ретінде қолданылса, 11 сыныптарда оқиғалар мотивіне мән бере отырып баяндау міндеті жүктеледі.

Осы орайда неліктен мотивтерді тірек ете отырып баяндау керектігіне тоқталып өтейік. Біріншіден мотивтер оқиғаның қозғаушысы ретінде рөл атқарып, әдеби шығарма желісінде баяндаушыға негізгі тірек нысан ретінде қызмет етеді. 5-сыныптан бастап әдеби шығармадан қалыптасқан түсінігін жеткізу мақсатында оқушылар жеңілден күрделіге ұстанымымен теориялық ұғымдарды сыналап сіңіре отырып 11-сыныпқа келгенде шығарманың мотивтік белгілерін де ажырата алуы керек. Мотивке әдебиеттанушылар тарапынан берілген тұжырымдар жіктемесі қалыптасқан. Бірер мысал:

«Мотив – қайталанып отыратын сөз, сөз тіркесі, оқиға, зат және идея. Көбінесе, мотив термині әдеби шығармаларда қайталанып кездесіп отыратын оқиғаларды білдіру үшін қолданылады [5].

«Мәтінде кез-келген құбылыс, кез-келген семантикалық белгі мотив бола алады – оқиға, сипаттау, ландшафт элементі, кез келген зат, айтылған сөз, бояу, дыбыс және т. б. Мотивті анықтайтын белгі оның мәтіндегі өнімді қызметіне қатысты, яғни репродукциясы анықтайды» [6].

«Мотив сюжет құраушы негіз, композиция түзуде белсенді қызмет атқарушы нысан. Мотив оқиға барысымен, кейіпкер әрекеттерімен, сезім құбылыстарымен, салт нұсқаларымен тығыз байланысты. Мотив зат немесе дерексіз құбылысты білдіретін көбінесе архетиптік, мәдени танымға және авторлық семаға ие символикалық мәні бар жеке сөз болуы да мүмкін» [7].

Мәселен, С.Мұратбековтің «Отау үй» әңгімесіндегі [8] мотивтер: отбасында туындайтын ата-ана мен ұл-келін

арасындағы, кикілжің, ой-ниет қайшылықтары мен қарсылықтары, махаббат пен адалдық, үміт пен сезік.

11-сыныпта оқылатын шығармалардың қайсысын алсақ та оқушының мәтінді түсіну деңгейін айқындауда мотивтер тірек бола алады.

Әдеби шығармаларда жиі қайталанатын мотивтерге мыналар жатады [9]:

- махаббат пен адалдық мотиві;
- сатқындық, опасыздық;
- үміт мотиві (жоғалған/табылған);
- күрес пен қарсылық мотиві;
- жалғыздық мотиві;
- саяхат мотиві, алысқа сапарлар.

Қорытынды. Тұжырымдай келгенде, көркем шығарманы эстетикалық құндылық ретінде толыққанды қабылдау және терең түсіну жан-жақты талдау барысында жүзеге асады. Әдебиеттің метатілділігі, осыған байланысты оқытудың маңызды бөлігі ретінде көркем детальдар мен мотивтердің негізгі белгілерін айқындау, оның бастапқы көздерін білу қажеттігін алдыға тартады. Теориялық және әдеби ұғымдарды қалыптастыру үдерісі көркемсөздің бейнелі табиғатына, шығарманың көркемдік айшықтарына және ғылыми-теориялық тұжырымдарға негізделе отырып, әдебиетті оқу пәні ретіндегі ерекшелігі мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін біріктірумен қуатталуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кекілбаев, Ә. Бәсеке [Мәтін]. – [Электронды ресурс]. <https://bilim-all.kz/article/7493>
2. Ильин, Е. Н. Искусство общения [Текст] . – М. : Педагогика, 1982. Стр
3. Әуезов, М. «Абай жолы» роман-эпопея. Бірінші кітап. Алматы: Жазушы, 2004. Бет?
4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Жұмақаева Б.Д. Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 б.
5. Уэллек Р. Уоррен О. Теория литературы. Прогресс. Москва, 1978. 328 б.
6. Гаспаров Б. М. Язык, память, образ. Лингвистика языкового существования. Текст. / Б. М. Гаспаров – М.: Новое литературное обозрение, 1996.-352 б.
7. Әбдіқұлова Р.М. Мотив теориясының дамуы <https://clek.ru/34w2zs>
8. Мұратбеков С. Отау үй. <https://bilim-all.kz/article/12974-Otau-ui>

9. Movements and directions in world and Kazakh prose. Zhanuzakova, K., Orda, G., Sametova, Z., Zhumakayeva, B., Sarbasov, B. Social Sciences (Pakistan), 2016, 11(21), pages 5199–5203

10. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытымен оқитын 10-сынып оқушыларына арналған оқулық. <https://okulyk.kz/kazahskaja-literatura/485/>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Қоңырбаева Сараи Сахиқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

*Педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының қауым. профессоры, п.э.к.*

Алматы қаласы

Аңдатпа. Жаһандану аясында басты мәселе саналатын ұлттық құндылықтардың сақталуының маңызы, құндылықтардың мәні, оның тәрбиедегі орны жан-жақты ашылған. Ұлттық құндылықтар жүйесі кестеге түсіріліп және олардың жіктелуі әлеуметтік-мәдени, рухани-адамгершілік, мәдени-мұралық тұрғыдан қарастырылған. Сондай-ақ, құндылыққа негізделген тәрбиенің талдану жүйесінде құндылықтардың өзгеруі мен оны қалпына келтіру сызбамен көрсетіледі. Құндылықтардың өзгеру себептері мен салдары да нақты мысалдармен түсіндіріледі. Қазақстанның отыз жылдан астам тәуелсіздігі аясында сақталуға тиісті ұлттық құндылықтар ұлттық мүдде ретінде тәрбиеде басшылыққа алуының қажеттілігімен қорытындыланған.

Кіріспе. Жаһандануға бет бұрған қалпымызда ұлттық ерекшелігімізге негіз болып табылатын ұлттық құндылықтарымызды сақтау және ұлттық ұрпақ тәрбиесі мәселесінің маңыздылығы айқын. Біздің зерттеуімізге өзек болғалы отырған «ұлттық құндылық» ұғымы тек бүгінгі күннің мәселесі деуге болмайды. Адамзат тарихында адами құндылықтар өмірдің мәні мен мағынасы, маңызы болды. Бұл ғылым ретінде зерттеліп, зерделеніп тамырын тереңге жібергендігіне тарихи деректер дәлел бола алады.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік антикалық заманда өмір сүрген Сократтан бастау алады. Сократ «игілік» деген

ұғымды жеке-дара қарастырып, оған ерекше мән беруінің өзі құндылықты болмысқа жақындатқаны. Платон үшін құндылық – өмір сүру. Аристотель үшін құндылық – адамның даналығы, яғни қандай да болсын, құнды нәрсені таба білуі. Софиcтер үшін құндылық – «Адамның өмірді бағалауы».

1-кесте. Құндылықтардың мәні

Қ Ұ Н Д Ы Л Ы Қ	
Сократ	игілік
Платон	өмір сүру
Аристотель	адамның даналығы, яғни қандай да болсын, құнды нәрсені таба білуі.
Сопылық	Адамның өмірді бағалауы
Гегель, Кант, Ницше, Кассирер,	Адам алдына қойған мақсатына жету жолында өмір сүру негізін құрайтын «мәнділік», «еркіндік», «игілік», «жақсылық» сияқты ұғыммен байланыстырды
Н.Д.Никандров	Құндылықтар өмірде халықтың менталитетінде қалыптасқан ережелерді есепке алады. Құндылықтардың өзгеруі тәрбие мақсатының өзгеруіне әсер етеді.

Осылайша, бастауын Сократтан алатын «құндылық» ұғымы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, дербес ғылыми атауға ие. Адамзат құндылығының негізін құрайтын және оны зерттейтін ғылым саласын аксиология дейді.

Аксиология («axia» - грекше «құндылық», «логос»- ілім, ғылым) ғылымының ең басты ерекшелігі, оның философиялық сипаты басым келеді, өйткені ақиқат, шындықты іздейді. Аксиологияның ғылым ретінде дамуына үлес қосқан философтар (Гегель, Кант, Ницше, Кассирер, т.б.) мәдениеттің ішкі құрылымынан жалпыадамзаттық құндылық арқылы адам алдына қойған мақсатына жету жолында өмір сүру негізін құрайтын «мәнділік», «еркіндік», «игілік», «жақсылық» сияқты құндылықтарға ұмтылу қажет екенін атап көрсетті [1, 13].

Адам қажеттілігінің басты деңгейі құндылықтарды тану және оларды қабылдау болып саналады. Құндылықтарды тану арқылы адамның әлеуметтік мәдениетін көрсететін іс-әрекеті қалыптасады. Адам іс-әрекетіне яғни, мәдениетіне түрткі

болатын - қажеттілік пен мүдделілік. Құндылықтар өмір сүру қажеттігіне орай: жалпыадамзаттық, әлеуметтік, рухани, этникалық болып бөлінеді.

Ресейлік ғалым Н.Д. Никандров «Құндылықтар – тәрбие мақсатының негізі» деген мақаласында «Құндылықтар өмірде халықтың менталитетінде қалыптасқан ережелерді есепке алады. Құндылықтардың өзгеруі тәрбие мақсатының өзгеруіне әсер етеді» деген (Никандров, 1998: 3-10) [2]. Шындығында, тәрбие мен құндылықтар тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан да халықтың ділі (менталитеті) осы негізде қалыптасады. Ұлтқа қатысты тәрбиені айтқанда ұлттық құндылықтарды тілге тиек етеміз. Ал, ұлттық құндылықтар жөнінде айтар болсақ, тәрбиемен қорытындылаймыз. Бұл егіз ұғым тәрізді. Себебі, құндылықтың құнын ұғындыруда тәрбие құралын айналып өте алмаймыз. Демек, бұл қазақ халқының ұрпағын тәрбиелеуге негіз болатын ұлттық мәдениеттің тірегі. Бұл жөнінде ұғымның ғылыми тұрғыда ашылған анықтамаларына да сүйенеміз.

Ұлттық құндылықтар – ұлттың өзіндік ерекшелігі, ұлттық мәдениеттің өзгешелігі, ұлттық тілдің байлығы, ұлттық нақыш, ұлттық салт-дәстүрлер, т.с.с деген мағыналы түсінік беріліп, біздің жоғарыдағы ойымызды нақтылай түседі (Яценко, 1999) [3].

Негізгі бөлім. Ұлттық құндылықтар – қауіпсіздігі сақталған және үдерісті дамыған қоғам мен мемлекеттің, тұлғаның сұраныстарын қанағаттандырушы нәрсе немесе құбылыс және оның қасиеттері, олай болса, жаһандану заманында қазақ елінің дербес қалпын көрсететін тұлғалар тәрбиелеуіміздің қажеттігі айқындала түспек (Прохожев, 1977: 17) [4]. Олай болса, Қазақстан сияқты унитарлы мемлекеттің негізін құраушы қазақ халқының ұлттық құндылықтары нені құрайды, қалай жіктеледі деген сұраққа төмендегіше кестемен жауап береміз.

2-кесте. Ұлттық құндылықтар жүйесі

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР					
Тіл	Діл	Дін	Өнер	Тарих	Отан
Байла- ныс,	Салт- дәстүр,	Сенім	Музыка,	Тарихи кезеңдер,	Туған жер, Өскен ел,

Қарым-қатынас Ана тілі.	Әдет-ғұрып, Ырым-тыйым, Мораль	Жаратушы Аллаһ Пайғамбар Құран Хадис Парыз Сүннет Обал, Сауап Жұмақ	Әдебиет (сөз өнері, нешендік өнер, айтыс өнері, т.б.) Кескіндеу, Сәулет, Бейнелеу, Қолданбалы қол өнері: Ұсталық, Шеберлік, Ісмерлік	Тарихи тұлғалар, Тарихи орындар, Тарихи оқиғалар, Зандар.	Атамекен, Атажұрт, Ауыл, Жер-су.
----------------------------	--------------------------------------	--	---	--	---


Жалпы ұлттық құндылықтардың жалпы адамзаттық құндылықтардан шығатынын ескерсек, әр ұлттың тілі мен діні, ділі, өнері мен тарихы, орналасқан жері – Отаны деген ұғымдар арқылы мазмұны ашыла түспек. Ұлттық құндылықтарды мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне орай, жіктеп төмендегіше қарастырдық.

3-кесте. Ұлттық құндылықтардың жіктелуі

Жалпыадамзаттық құндылықтар		
Өмір, Жер, Ана, Әке, Ұрпақ, Отбасы, Отан, Бейбітшілік, Теңдік, Бостандық, Тәрбие, Білім, Махаббат, Достық, Дін, Өнер, Жауапкершілік, Адалдық, Сенім, Ерлік, Азаматтық, Сыйластық, Түсіністік, Мейірбандық, т.б.		
Ұлттық құндылықтар		
Әлеуметтік-мәдени	Рухани-адамгершілік	Мәдени-мұралық
Ұлттық әдеп Қарым-қатынас құралдары Тұрмыстық қажеттілік бұйымдары	Менталитет Сенім Этнопсихология Этнопедагогика	Өнер туындылары Жәдігерлер Ұлттық тұлғалар еңбектері Өлкелік жер байлығы

Жалпы, ұлттық құндылықтардың жалпыадамзаттық құндылықтардан шығатынын ескерсек, әр ұлттың тілі мен діні, ділі, өнері мен тарихы, орналасқан жері – Отаны деген ұғымдар

арқылы тұжырымдамадағы «қазақстандық патриотизм» ұғымының толық мазмұнын байи түспек. Әрине, төмендегі кестеде біз құндылықтардың құнсыздануын «қазақстандық патриотизм» ұғымына қатысты құндылықтарды тереңірек қарастырдық [5].



1-сурет. Құндылыққа негізделген тәрбиенің талдану жүйесі

2008 жылдан бастап 90-нан астам елде құндылықтарды талдауды қамтамасыз ететін «Әлемдік құндылықтарға шолу» (World Values Survey) ашық қолжетімді ғылыми-зерттеу базасы бойынша Рональд Инглхарт пен Кристиан Вельцельдің құндылықтарын талдау әдістерін зерделеу де осы тақырып барысында маңызды екенін аңғардық (Inglehart, Welzel, 2011) [6].

Негізі бұрын да «ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін құндылықтарды қалыптастыруда қолдану» туралы мақаламызда қарастырған едік (Zhumadullaeva, Konyrbaeva, 2016: 1231-1243) [7].

Біздің былтырғы өткен қаңтар оқиғасында орын алған кемшіліктер біздің білім берген тәрбиемізге лайық нәтиже ме?! Отбасынан, балабақшадан, мектептен, арнайы оқу орындары: колледж, ЖОО-нан берілген білім мен тәрбие неліктен теріс көрсеткіштер көрсетті. Не себептен жастарымыз содырлардың ықпалына ерді және азаматтық ұстаным сыналар тұста осалдық танытты?! «Отанды сүю – иманнан», «жақыныңа жанашыр бол», «туған жердің әр тасын аяла», «көкті жұлма», «суды лайлама»

деген тыйымдар арқылы мәдениеті қалыптасқан ұлт ұрпағы алдында қандай құндылықтарды құнсыздандырып алды?! Мұның салдары қандай болмақ, қандай тұжырым арқылы тәрбиені қалпына келтіруге немесе заманына сай құндылыққа негізделген тәрбие берудің бағыттарын қалай ұсынуға болады деген сұрақтар арқылы талдай отырып, жүйелей қарастырдық (2-сурет). Ал оны нақтырақ талдауымызды кестеге түсіргенді жөн көрдік (4-кесте).

4-кесте. Құндылықтардың өзгеру себептері мен салдары

Құндылықтаp	Құнсыздану	Себебі	Салдары
Ана тілі	қазақ тілінің беделінің түсуі	- мемлекеттік тіл саясатының солқылдақтығы.	– басқа тілдің беделін мойындау, тәуелділік; – қазақ тілінен гөрі орыс, ағылшын тіліне басымдық берілуі; – қазақ тілінде сөйлеуді парызым деп санамау; – балаларын орыс мектептеріне беру, т.б.
Діл	ұлтының менталитетін терістеушілік	- дамыған елдердің өмір салтына еліктеушілік.	- нигилист, маргинал, космополиттер, көзқамандар мен мәңгүрттердің шығуы; -мемлекеттің болашағына сенімінің болмауы. - феминизм, ЛГБТ топтарының қатарын көбейтушілер, т.б.
Дін	дәстүрлі дінді терістеушілік	- сенім бостандығы арқылы діндегі қауіпті ағымдар мен	-уахаби, сәләфи ағымдарға

		секталардың елімізде тіркелуі.	халықтың жаппай тартылуы; -басқа дінге, секталарға бөліну; -радикалды ұйымдардың ықпалына еру; -атеизмді жақтаушылық: имансыздық, құдайдан қорықпаушылық, т.б.
Отан	әскерге барудан бас тарту	– Отан қорғаудың формасы өзгерген; – босқа уақыт өлтіру; – әділетсіздік пен күш көрсету; – саяси мәдениеттің төмендігі;	-әскерден қашатын жастар; - Отан деген билік деп түсінушілік; - Отан қорғаудан гөрі жеке басын қорғауды артық көрушілердің көптігі; - қазақстандық патриотизм бағыты білім беру мекемелерінің тәрбиелік шараларымен шектеледі, т.б.
Туған жер	урбанизациялану немесе елден басқа жерге қоныс аудару	- адам құқығының тапталуы, ауыл шаруашылығының жаппай қысқаруы, жекешелендіру жұмыс орын-дарының сатылуы, т.б.	- елден өз орнын таба алмай, елден кету; - әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздіктен қашу; - басқа елде өзін сенімді сезіну; - болашағын өз елімен байланыстыра алмаушылық.

Табиғи жер байлығы	қадірлемеу, түсінбеу	- жер байлығының жекелеген тұлғалардың қолына өтуі.	- табиғи байлықтан халықтың үлес алмауы; - еңбекақының дұрыс төленбеуі; -кедейшілік, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, - қаншама бала кедей отбасында өсіп келеді.
Әділет	Конституциялық құқықтың сақталмауы, заңды сыйламаушылық , жемқорлықтың орын алуы	- әділеттіліктің жолы қиын: жағымпаздық, тамыр-таныстық, парамен мақсатқа тез қолжеткізу.	- тәртіп сақтау қызметкерлерінің өзінің ұрып-соғып болмаған істі мойындататындығы ; - мамандардың антына адал болмауы; - пайдакүнемдік, тойымсыздық, жұмыссыздық, кедейшілік, жалған статистика, т.б. - шындық айтудан қорқатын «тұлғалар» мен қоғам мүшелері, т.б.
Тәрбие	мәдениеттің төменгі деңгейі	- отбасы тәрбиесінің әлсіреуі; - ата-ананың рөлін ақылы қызметтің ауыстыруы; - тәрбиеліліктің өлшен-беуі, адам сапасының бағаланбауы, т.б. - тәрбиедегі кемшілік себебін сырттан іздеу.	- тәрбие талаптарын, ұлттық менталитет пен психологияны терістеушілік; - тұлға қалыптастырудағы қателіктерге түзетулер жасалмауы; - балалар құқығы мәселесінің керексіз талап етілуі; - жыныстық тәрбиенің берілмеуінен бағдарының өзгеруі;

			<ul style="list-style-type: none"> - жігіттер нағыз ер-азаматтарға лайық қасиеттерін жоғалтып барады; - жастардың тұрмыс құруға асықпауы, т.б.
Білім	баю культіне басымдылық берілуі	<ul style="list-style-type: none"> - алған білімді өмірлік жағдаяттарға қолдана алмау; - реформалардың көбеюі; - ақылы білім алу мүмкіндігі. 	<ul style="list-style-type: none"> - дипломсыз да баюға болады; - білімсіз де өмірлік жетістіктерге жетуге болатындығы, - білімсіз де бақытты өмір сүру мүмкіндігі; - мамандығына сай жұмыс таба алмаушылық;
Денсаулық	денсаулықты қадірлемеу;	<ul style="list-style-type: none"> - табиғатты және денсаулықты сақтауға жауапкершіліктің азаюы. 	<ul style="list-style-type: none"> - ана құрсағынан ауру болып туылу; - табиғи өнім тұтынбау және дұрыс тамақтанбаушылық; - дене еңбегінің азаюы, семіздік зардаптары; - психиканың ауытқуы, суицидтің көбеюі.
Тарих	тарихты терістеуші-лік	<ul style="list-style-type: none"> - тарихтан сабақ алмау және тарихтың бұрмалануы. 	<ul style="list-style-type: none"> - тарихи тұлғалардың аз насихатталуы; - тарихтың шынайы зерделенбеуі, т.б.
Өнер	өнердің лайықты бағаланбауы	<ul style="list-style-type: none"> - ұлттық өнерге аз көңіл бөлу. 	<ul style="list-style-type: none"> - басқа елдің өнерін қайталаушылық; - өнер адамдарының бағаланбауы, т.б.

Бұл кестеде құндылықтар қатарын қазақстандық патриотизмге қатыстылық тұрғысынан санаулы ғана ұсындық. Өйткені, түгел талдау үлкен зерттеулерді қажет етеді. Дегенмен,

осы көрсетілген құндылықтарға **логикалық талдау** жасай отырып, құндылықтардың қазақ қоғамындағы шынайы көріністері өзгеріске түсуінің себептері мен салдары түзілді [5].

Құндылықтары өзгерген қоғамнан наразылықтар шығар болса, заңдылық болар. Оқиғаға қатысты **тарихи салыстырмалылық жасайтын** болсақ, осыдан 30 жылдай бұрын тәуелсіздіктің алғашқы жылдары біздің елімізде көптеген қиыншылықтар болды. Күнделікті азық-түлік өнімдері мен қажетті тұтыну заттарын талонмен алу, тұрмыстың қиындығы, жетіспеушіліктер болса да халық жаппай көтеріліске шығып немесе тонап, елге бүлікшілік жасамаған еді. Дүкендер тұрғындарға қарызға жазып беретін, көршілер қолда барымен бөлісетін. «Ала жіпті аттамау» адалдықтың анты болатын, «бүлінгеннен бүлдіргі алма» дегенді жадында сақтаған ұлт едік. Сондықтан, тәуелсіздіктің басты құндылық екендігін сезінгендіктен де халық қиыншылықтарға көндікті, нарыққа көшкен заман талабына тез бейімделді.

Қазір әлеуметтік жағдай біршама жақсарғанымен, саясаттағы, идеологиядағы қателіктер ауытқушылыққа түрткі болды, параллелдік бұзылды. Әділеттілік әділетсіздікке, дұрыс бұрысқа, жақсылық жамандыққа ойыса бастаса – дәлдіктің, нақтылықтың, яғни құндылықтың өзгере бастағандығының кепілі.

Қазіргі ұрпақты бұрынғылармен салыстырудың **қисыны** келмейді. «Заманы басқаның – амалы басқа» дегендей, жаһаннан хабардар, өркениеттің ғылыми-инновациялық жетістігін пайдаланып отырған ХХІ ғасырдың өкілдері заманауи еркін тәрбиенің ықпалымен:

- тұлға болып танылуға тырысады;
- лидерлікке ұмтылады;
- бәсекелестікке бейім;
- жетістікке тез жеткісі келеді;
- кәсіпкер, бай, миллионер болғысы келеді;
- күш жұмсайтын дене еңбегінен гөрі ептілікті бағалайды;
- рақат өмірге ұмтылады;
- мықтылардың тәжірибесін қайталағысы келеді, т.б.

Қорытынды. Осындай мақсаттар барысында талап пен қажеттіліктердің кері байланыста сәйкессіздігі олардың ішкі қарсылығын ғана тудырып қоймайды, салыстырмалық

тұрғысынан жалпы өздері өмір сүріп отырған қоғамға деген ашық қарсылығын туындатады. Олар мектеп жасынан да түрлі сәйкессіздіктерге кезігер болуы мүмкін.

Қазақстан – жер көлемі жағынан да, байлығы жағынан да мақтануға тұрарлық мемлекет деген анықтаманы бастауыш сыныптан айтып өскен жастарға білім мен еңбектің дұрыс бағаланбауы, әлеуметтік теңсіздік, жемқорлық пен әділетсіздік таудай қиындық болып, оларды сенімсіздік пен үмітсіздікке жетелейді.

Қалай дегенмен де осы елге ие болатын жастарды тәрбиелеуіміз үшін педагог қауым өзімізді (ойымызды, сөзімізді, ісімізді) және отбасында ұрпақ тәрбиелейтін субъектілердің педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға ағартушылық тұрғыдан ықпал ету – заман талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Этномәдени құндылықтар негізінде отбасылық өмірге даярлау. Монография. – Алматы: Отан баспасы, 2015. – 180б
2. Никандров Н.Д. Ценности как основа цели воспитания /Н.Д. Никандров //Педагогика. 1998. – №3. – С. 3-10.
3. Толковый словарь обществоведческих терминов /Н.Е. Яценко, Санкт-Петербург: Изд-во “Лань”, 1999. – 524 стр.
4. Прохожев А.А. Национальная безопасность: проблемы теории. М.: РАГС, 1977. С.17
5. Қоңырбаева С.С. Қазақстандық патриотизм – жастардың құндылық бағдарының өзегі (қаңтар оқиғасынан кейін жастар тәрбиесіне талдау мен тұжырым) Педагогикалық ғылымдар сериясы. №2 (71) 2022 <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz>
6. Inglehart R., Welzel K. Modernization, cultural changes and democracy: The sequence of human development М.: New Publishing House, 2011. – 464 p.
7. Zhumadullaeva Aygul. A., Konyrbaeva Sarash S., Duanbaeva Bibi C., Kasymbekova Zhakipbek A., Daniyarova Talgat A, Isaeva Mukhtar S.. Applying the Findings of Scientific and Pedagogical Research in Values Education IEJME— MATHEMATICS EDUCATION, 2016, VOL. 11, NO. 5, 1231-1243

**«ОҒЫЗ-НАМЕ» ДАСТАНЫНЫҢ
ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖӘНЕ КІТАБИ СИПАТЫ**
(Б.Сарбасовтың ғылыми зерттеу еңбегі негізінде)

Мухтаров Аманғали Хамидоллаұлы

*Адамның үйлесімді дамуы ұлттық
институтының жетекші ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты
Алматы қаласы*

Аңдатпа. «Оғызнама» - түркі тарихының маңызды дерегі болуымен бірге, түркі халқының ақыл-ой қабілетін бейнелеген тамаша әдеби туынды. Бұл шығарма – XIII ғасырдағы жеке дара әдеби шығарма емес, оны сонау замандардағы көптеген ғажайып ескерткіштердің бірі деу орынды. «Манас», «Шыңғыснама», «Қорқыт ата» сияқты таза түркілік пайымдау нәтижесінде дүниеге келген туындылардағы ұқсас желілерді аталмыш шығармалардың тікелей ықпал-әсерімен емес, түркі халықтарының өміртану көзқарастарындағы, таным-түсінігіндегі ортақтастықпен түсіндіреміз.

Кіріспе. Әдебиетіміздің шымырлап өнген қайнары, көркемдік құндылығы көнермейтін, баға жетпес байлығы – ауыз әдебиеті екені бәрімізге белгілі. Сол ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алып, кітаби эпосқа айналған тек қазақтың ғана емес, күллі түркі дүниесінің асыл мұрасы саналатын «Оғыз-қаған» дастанын зерттеп, көне түркі әдебиетінің бастауына үңіліп, оны ел игілігіне жаратып жүрген ғалымдардың бірі Сарбасов Болатқан Серғазыұлы.

«Оғыз-нама» біраз уақыттан бері зерттеушілердің назарын аударып жүрген көне жәдігер. Ә. Қоңыратбаев, Ә. Марғұлан, Н. Келімбетов, Қ. Өміралиев, М. Жолдасбеков, А. Қыраубаевалар сияқты қазақтың қабырғалы, мықты ғалымдары қалам тербеген ауқымды тақырып. Олардың қай-қайсысы да бір беті 9 жолдан тұратын 42 беттік дастанның өн бойында қазақ халқының күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан біраз дәстүрлерінің көрініс тапқанын айтып кеткен. Ал Болатхан Сарбасов болса «Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипатын жан-жақты талдай келіп, ауыз әдебиеті мен кітаби эпостың аралығындағы көзге

көрінетін, көрінбейтін тылсым сырлардың құпиясын ашады. «Алдымен аң-құс аулап ру-тайпасын асыраушы, онан кейін жыртқыш аңмен бетпе-бет келіп жұртын құтқарушы, аң аулап жүріп қалыңдығын кездестіруі, тіпті қаған болып ел билеген тұста аңшылық-саятшылықты аңсауы осының мысалы», - деп көптің көңілінде жүрген дүниені деп басады. Сонымен қатар Оғыз қағанның прототипі туралы пікірлерді жүйелі келтірген. Н.Я. Бичурин, А.Н. Бернштам б.д.б. III ғасырда өмір сүрген ғұндардың алғашқы әміршісі Мөдемен байланыстырса, неміс ғалымы И. Маркварт оны Шыңғыс хан дейді, В. Радлов Бұқа ханмен, түрік зерттеушісі Риза Нур Александр Македонскиймен, Г.Н. Потанин Жәнібек хан бейнесіне ұқсататынын айтады. Сондай-ақ кейбір ғалымдардың Оғыз қаған образын Тұранның Афрасиабына, Алып Ер Тонғаға, Жерұйық іздеген Асан қайғы бейнесіне ұқсататын пікірлердің де бар екенін айтады. Осыған қарап отырып-ақ, Оғыз қағанның кім болса да, осал адам болмағанын бірден байқайсың. «Оғыз» атауын иеленген елдің өзі іштей бірігу бөліну, қайта бірігу, өзге түркі тектес жұрттармен тоғысу секілді тарихи жолдардан өткен. Ал «Оғыз-наме» эпосында бұл құбылыстардың бәрінің де ізі сақталған. Ескерткіште әрқайсы әр түрлі кезеңді қамтитын Оғыз тарихындағы бұл өзгерістер тарихи тұтастану арқылы бір кезеңнің уақиғасы іспетті суреттелген [1], - деп, дастанның фольклорлық сипаты мен тарихи құндылығын одан ары аша түседі. Демек, «Оғыз-наме» VIII ғасырдың ортасынан XI ғасырдың жартысына дейін біртұтас ел болған Оғыз мемлекетінің тарихы да екенін айтпай-ақ түсіндіріп кетеді. Бұл да болса Оғыз қағанды жырлаған адамның сол елдің тарихына, тіпті бүкіл түркі тайпаларының тарихына салғырт қарамағанын, кейінгілер ұмытпасын, үлгі етіп жүрсін деп жазып кеткенінің айқын дәлелі.

Негізгі бөлім. Б. Сарбасов дастанның фольклорлық сипатын аша түсу үшін ары қарай «Оғыз-намедегі» фольклорлық образдар мен мотивтерге тоқталып, әрбірін талдай отырып, жан-жақты түсінік береді. Атап айтқанда: «Қалыңдық іздеу» мотивін арнайы сөз етеді. Оғыз қағанның екі рет үйленуінде де қазақ ертегілерінде, батырлар жырында кездесетін дәстүрлі мотивтің жоқ екенін, «қалыңдықты алу жолында батырлық сынақтардан

өтпегенін» [39] айтады. Бірақ екі әйелінінен туған ұлдарына есімді шешелерінің тегіне қарап қойғанын сөз етеді. Нағашыларына тартсын деген ниет болмаса, әмірі айдай әлемге жүріп тұрған қаған Көк қызынан туған ұлдарына *Күн, Ай, Жұлдыз*, Жер қызынан туған ұлдарына *Көк, Тау, Теңіз* деп ат қоя ма?! Автор бұл мәселені бекер қозғап отырған жоқ. Бұл қазақтың «баланың жақсы болмағы нағашыдан» дейтін байырғы ұстанымына сәйкес келіп тұр. Өзі айтпаса да, осы ұйғарымның өзінен автордың Оғыз қағанды қазаққа қарай тартып отырғанын байқау қиын емес дегім келеді.

«Оғыз қаған» жырында «*Түс көру*» мотиві маңызды рөл атқарады. Қазақ фольклорында да «түс көру» мотиві кездеспейтін ертегі немесе жыр некен-саяқ. Кейіпкерлердің бәрі де көрген түсіне немқұрайлы қарамай, айналасындағы көпті көрген қария, немесе уәзірлеріне т.б. көрген түстерін жорытып, соған лайық әрекеттер жасайды. Б. Сарбасов жырлардағы, тарихи аңыздардағы, қағазға ертерек түскен кітаби эпостардағы «түс көру» мотивтерінің бір-біріне ұқсамайтынын ғалымдар пікірі арқылы дәлелдеп, түсіндіріп өтеді. «Оғыз-наме» дастанында түсті қағанның өзі емес, жырауы көреді. Жыраудың өзі жориды. Соның нәтижесінде қаған қол астындағы жерлерін алты ұлына бөліп беріп, өзінің билік дәуірімен қоштасады. Сондағы ат шаптырып, той жасауында да фольклордың ізі жатқанын байқаймыз. Сонымен қатар, мұра мәселесінің теңдей бөлінуіне қарап, даналық, парасаттылық деген ұғымның қаншалық терең екеніне, дүниеде ештеңенің мәңгілік емесіне тағы да көз жеткізесің.

«Зерттеліп отырған кітаби эпостың көнелігін, сондай-ақ фольклорлық негіздерін айқындайтын тағы бір фактор – эпос сюжетінің дамуында маңызды рөл атқаратын Көк Бөрі бейнесі [2], - дей келе автор оның төрт эпизодта көрініс беретінін айтып, мысал келтіреді. Ол жерден ұққанымыз, көк бөрінің соңынан ерген әскер әрдайым жеңіске жетеді. Неге?! Мұнда бір тылсым сыр бар. Ол анық. Соның құпиясын әлі ешкім таппаған сияқты. Осы бөрі тотемі әлі талай зерттеуді қажет етеді-ау. Б. Сарбасов бөрі тотеміне қатысты мына тиымды тағы бір есімізге салады:

1. Қасқырды өлтірмеу. Алайда өлтіруге мәжбүр болған жағдайда міндетті түрде күнәсін жуып-шаятын түрлі жоралғылар

жасалады.

2. Қасқырдың атын атамау. Аты мен қасқырдың арасында тін бар деп есептеген халқымыз оның атын атаса, малға шабады деп сенген. Сондықтан қасқыр сөзін табу тұтып «бөрі», «көкжал», «ұлыма», «ит-құс» – деген эвфемизмдермен алмастырады [56].

Осылайша «Оғыз-наменің» фольклорлық сипатын аша келіп, ары қарай ғалым оның кітаби эпос екенін дәлелдеуге көшеді. Кітаби эпостың кейіпкерлер жүйесіне тоқталып, ондағы өзіндік ерекшелікті былай атап өтеді: «Оғыз-намеде» кейіпкерлер санатын тек Оғыздың жақтастары құрайды, ал оған қарсы дұшпандар айтарлықтай бой көрсетпейді, шығарма оқиғасына тікелей араласпайды, белсенді іс-әрекетке бармайды [3]. Ары қарай, эпостың персонаждарына тоқталады. Олар: *Оғыз қаған*, оның жырауы *Ұлық Түрк*, Оғыздың бектері *Ұлық Орда бек*, *Қазарлық*, *Темірді бек Қалаи*, *Бармақлық Жосын Білік*, және Оғыз қағанның алты ұлы *Көк*, *Тау*, *Теңіз*, *Ай*, *Күн*, *Жұлдыз*, Оғызға өз еркімен бағынып бас иген *Урусбектің ұлы Сақлап*.

Автор Оғыздың эпос қаһармандарына ұқсамайтынын айтады. Оны Алпамыс пен Қобыландыға емес, қан шеңгелдеп туған Шыңғысхан мен Абылайдың Қасымханына ұқсатады. Оғыз қағанның төрт бегіне де әдемі баға береді. «Ерлігі, тапқырлығы, шеберлігі, өнерлілігі, ақылдылығы арқылы олар соғыстан тыс іс-қимылдарымен Оғыз қағанның ақылына ақыл қосып, іс-әрекетіне демеуші болады [4]. Осы арқылы дастанның күштіліктің бәрін бір адамның бойына үйіп төгетін фольклордан айырмасын көрсетеді. Асыра суреттеуден гөрі реали суреттеудің басым екенін, бас кейіпкердің аспаннан салбырап түспегенін, айналасындағы адамдармен пікір алмасып, ақылдасып отыратын өзіміз сияқты адам болғанын байқатады. Басқа кейіпкерлердің де шынай суреттелгенін қайта-қайта алға тартып, шығарманың кітаби эпос екенін дәлелдей түседі.

«Оғыз-наме» - кітаби эпосының көркемдік ерекшелігін арнайы сөз етеді. Оны батырлар жырымен, қырғыз эпосы Манаспен, Шәді Жәңгірұлының шығармалары, Қисса-Наурызбай дастаны, т.б. жырлармен қатар салыстыра отырып дәлелдеуге тырысады. Автордың эпитет, теңеу, метафора, гиперболаны асқан шеберлікпен қолданғанын айтып, мысалдар арқылы дәлелдейді.

Аспаннан бір көк нұр түсті.
Күннен де шұғылалы, айдан да сәулелі екен.
Оғыз қаған (оған) жақын барып көрді:
Сол жарық сәуленің ішінде
Бір қыз отыр (екен).
Жүзінде оттай алаулаған,
Бейне бір Алтын (Темір) қазық шоқ жұлдызындай
Жарқырап тұрған нұрлы меңі бар екен

Қорытынды. Қорыта айтқанда Б. Сарбасовтың «Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткіші тақырыбындағы зерттеу жұмысы Оғыз қаған дастанын жаңа қырынан, жан-жақты талдаған, оқырманға түсінікті тілмен жазылған, әдебиеттенуға қосылған сүбелі еңбектердің бірі деп білеміз. Біраз дүниені қамтуға тырыстық, бірақ біраз дүниенің қалып қойғанын да білеміз. Б. Сарбасовтың ғалымдығы мен қатар ұстаздығы да бар. Ол - бөлек әңгіме.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бердібай Р. Кәусар бұлақ: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ана тілі, 1989. – 360 б.
2. Сарбасов Б. «Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткіші» Монография. – Алматы: «ОНОН» баспасы, 2018. – 156 б.
3. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Арыс баспасы, 2001. – 246 б.
4. Батырлар жыры. Қобыланды батыр. – Алматы, 1986
5. Мүтәліп А. Қытай жазбаларындағы ежелгі түркі мифтері // «Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері» атты II халықаралық түркология конгрессінің материалдары. – Түркістан, Туран баспасы, 2006.2 т. –Б. 176-185.

АЗАМАТ, ДОС, ҰСТАЗ!

Юсуп Фархат

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің аға оқытушысы, п.ғ.м.*

Алматы қаласы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты,

«Ы.Алтынсарин медалінің иегері», «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», «Қазақстан Республикасының Еңбек Озаты» төсбелгісінің иегері Сарбасов Болатхан Серғазыұлы – тәжірибелі ұстаз, көне түркі әдеби ескерткіштерін зерттеуші, әдебиеттанушы ғалым. Білім беру беру жүйесіндегі заманауи жаңа инновациялық технологияларды игеру және жас педагог мамандардың бойында рухани ұлттық адамгершілік құндылықтарды дамыту ұстаздың басты қағидасы.

Салауатты да саналы ұрпақ қамын ойлар болсақ, жас ұрпақты ата-бабамыздан қалған салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтауға, ақыл парасаты мол, ізетті, кішіпейіл мәдениетті азамат етіп тәрбиелеуде атқарған еңбектеріңіздің куәсі болып жүрміз.

Ғалым-ұстаздың өмір деректеріне қысқаша тоқталғанды жөн көріп отырмыз. Сарбасов Болатхан Серғазыұлы 1973 жылы 24 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Көкжота ауылында дүниеге келген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін (1998), Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистратурасын (2000), М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын (2004) бітірген.

Филология ғылымдарының кандидаты (2011), қауымдастырылған профессор (2018), профессор міндетін атқарушы (2019), ҚР ҒЖЖБМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері (2022), «Қазақстан Республикасының Еңбек озаты» төсбелгісінің иегері (2023).

2003-2020 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ әдебиеті кафедрасында қауымдастырылған профессор қызметін атқарды.

2019-2020 жылдары Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Филология институты, Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды.

Ғылыми еңбектері: ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Махамбет Өтемісұлы шығармаларының көркемдік сипаты» (Оқу құралы) (2011), «Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткіші» (Монография) (2013), «Рухани тәрбие әлемі» (Әдістемелік тәрбие құралы) (2014), «Ежелгі дәуір әдебиеті»

(Оқу құралы) (2016), «Қытайдағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (2017), «Ежелгі дәуір және түркі халықтары әдебиеті» (Электронды оқулық) (2017), Бағдарлама. Қазақ тілі мен әдебиеті курсы бойынша бейіндік бағдарламалары (2017), ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Ежелгі дәуір және түркі халықтары әдебиеті» (Оқу құралы) (2018), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (Оқу құралы) (2019), «Абайтану» Бағдарлама 9-сынып (2021), «Жамбылтану» Бағдарлама 9-сынып (2021), ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті (Оқулық)» (2022), Қазақ әдебиеті (Оқу-әдістемелік құрал) (2023), Махамбеттану әлемі (Оқу-әдістемелік құрал) (2023) және 170-тен аса ғылыми зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалалардың авторы.

Бар өмірін білім саласына арнаған Сарбасов Болатхан Серғазыұлының ұстаздық қызметі, қарапайым қажырлы еңбек жолы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің шынайы үлгісі болып табылады. Ғалым-ұстаздың білім саласында жасаған ұзақ жылдардағы еңбегін жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне, саналы азамат, парасатты тұлға болып қалыптасуына қосқан зор үлес деп білемін.

Қорыта айтқанда, ғалым, ұлағатты ұстаз Болатхан Серғазыұлының өмір белестерінде қажырлы еңбекпен жеткен жетістіктерін мақтанышпен жастарға үлгі-өнеге ретінде насихаттау, бүгінгі жас ұрпақтың ой-санасына сіңіру баршамыздың міндетіміз деп білемін.

Әріптес досым! Болатхан Серғазыұлын мерейлі 50 жасымен құттықтай отырып, отбасына амандық, зор денсаулық, мол қуаныш, шығармашылық табыс тілейміз! Әрқашан еңбегіңіз еленіп, үлкен биіктерді бағындыра беріңіз!

ӘДЕБИЕТТАНУ, ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ТИІМДІ ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Сарбасов Болатхан Сергазыұлы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессор м.а., ф.ғ.к.
Алматы қаласы

Аңдатпа. Қазіргі кезде білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелері білім алу үдерісінің бір бөлігі ретінде қалай оқу керектігін білетін, тәуелсіз, дербес, өзін-өзі ынталандыратын, бастамашыл, өзіне міндет ала білетін және жауапкершілікті түсініп мойындайтын, сын тұрғысынан ойлана алатын, сондай-ақ тілдік айырмашылықтарға қарамастан тілдесе алатын білім алушыларды қалыптастыру.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесін жетілдіру арқылы әрбір азаматты потенциалы жоғары, эрудициясы кең тұлға ретінде танылуында деңгейлік оқыту бағдарламасының маңыздылығы орасан зор. Жаңа бағдарлама білім алушыларға оқытудың жеті модулін пайдалану арқылы оқыту мен оқудағы қазіргі заманауи әдіс-тәсілдерін қолдануға, бағалауға, өзін-өзі реттеуге, өздерінің арасындағы және оқытушы мен оқушы арасындағы ынтымақтастықты орнатуға үйретеді, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерінің жетілуіне, талантты-дарынды балалардың қалыптасуына, оқу үрдісі кезінде және келешекте көшбасшылық қасиеттерінің артуына ықпал етеді.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі болып жатқан үлкен өзгерістер еліміздің болашағына, оны жүзеге асыруда талмай еңбек ететін болсақ, оның бізге толағай табыстар әкелетініне сенімдімін. Жаңа, тез өзгермелі өмір жағдайында өзгермелі педагогикалық парадигма білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті.

Президентіміздің жолдауында айтылғандай дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу үшін – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту басты мақсат. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін еліміздің дамуына өзіндік үлес қоса алатын, жанашыл идеямен қаруланған білікті де білімді азаматтарды тәрбиелеу міндеті ұстаздардың жауапкершілігіне жүктеледі. Ұстаздарға қойылатын талаптардың бірі, һәм бірегейі – білім алушыларға өз бетінше білімді зор ынтамен игеруге және шығармашылық қасиеттерін арттыруға ықпал ету. Ол үшін оқу-тәрбие үрдісінде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануды, соның ішінде топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыруды жүзеге асыру керек.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесін жетілдіру арқылы әрбір азаматты потенциалы жоғары, эрудициясы кең тұлға ретінде танылуында деңгейлік оқыту бағдарламасының маңыздылығы орасан зор. Жаңа бағдарлама білім алушыларға оқытудың жеті модулін пайдалану арқылы оқыту мен оқудағы қазіргі заманауи әдіс-тәсілдерін қолдануға, бағалауға, өзін-өзі реттеуге, өздерінің арасындағы және оқытушы мен оқушы арасындағы ынтымақтастықты орнатуға үйретеді, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерінің жетілуіне, талантты-дарынды балалардың қалыптасуына, оқу үрдісі кезінде және келешекте көшбасшылық қасиеттерінің артуына ықпал етеді.

Бірлескен топтық жұмыс, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау стратегиясы, қалыптастырушы бағалау, дарынды және талантты балалардың қажеттілігін ескеру мақсатында оқуды саралау стратегиясы және оқытудың жаңа модулі туралы жалпы түйіндеген қорытынды ойларымды сіздермен бөліскенді жөн көрдім. Жаңашылдыққа жаны құштар білімгерлерге жаңа әдіс-тәсілдер арқылы білім беру – олардың тұлғалық қасиеттерінің жетілуіне, заман ағымына сай болашақ маман ретінде қалыптасуына зор мүмкіндік бере алатындығын үнемі жадында ұстайтын ұстаз ретінде оқытудың жаңа бағдарламасын бүгінгі күнде тиімді қолдануға тырысамын.

Топтық жұмыс әрекетін орындау кезінде көптеген тиімді тұстарын байқауға болады: білімгерлер арасында өзара ынтымақтастық атмосферасының қалыптасуы, белсенділік пен білім алуға деген құлшыныстың одан ары артуы, тұлғалық даралануы, білімнің сапалы игерілуіне жол ашылуы.

Бұл топқа бөлу әдісі сабақтың жүйелі, тиянақты түрде өтуіне мүмкіндік береді. Сабақты ұйымдастыру барысында топтық жұмыстың дәстүрлі оқыту жүйесіне қарағанда маңыздылығы орасан зор екенін айтқым келеді.

Топтық жұмысты жүзеге асыру барысында білімгерлер сабаққа белсене қатысады, ой-пікірлерді шыдамдылықпен тыңдайды, берілген тапсырмаларды орындау кезінде өзге білімгерлердің қате жауабына бірден кемшіліктерін айта салмай, сыйластықпен, түсіністікпен жауап қатып отырады, яғни өз-өздеріне сыни тұрғыдан қарауға алғашқы қадамдар жасалынады, басқа топтан ерекшелену үшін әр қайсысы өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, бәсекеге қабілеттіліктерін көрсете алады, өздерін еркін ұстай отырып, өз ойларын еркін жеткізе біледі, ал еркіндік қашан да әр адамға қажетті дүние, сондай-ақ кейбір студенттер өздерін басқа қырынан да таныта алды, мысалы: постер қорғау кезінде көркемдік безендірудегі белсенділік, түйін сөз жасауда ақындық қасиет, шығармашылыққа жол ашылады. Сондықтан да мен шәкірттерімнің кемел келешегіне жауапты оқытушы ретінде топтық жұмыстарды жүргізу кезінде жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді ескеріп, әр білімгердің тұлғалық қасиеттерін арттыруға баса назар аударамын.

Жас Қазақстан үшін зиялы қауым өкілдерінің артуы, жоғары интеллектуалды әрі шығармашылықпен айналысатын адамдар шоғырының молаюы ауадай қажет. Болашағы жарқын әрі жасампаз елімізге қажетті ортаны қалыптастыратын саналы тәрбие мен сапалы білім беретін мұғалімдер екені даусыз.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім беру жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Білім беру жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызды факторлары білімнің негізгі принциптері арқылы іске асырылуы тиіс.

Инновациялық технологияны тереңінен меңгерген, жаңа әдіс-тәсілдерді оқу үрдісінде тиімді қолдана білетін ұстаздар – шәкірттерінің ойлау, пайымдау қабілеттерін арттырып, өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына ықпал ете білуі тиіс. Ол үшін

білімгерлердің шығармашылық қабілеттерінің дамытып, кез-келген жағдайға өзіндік көзқарасын білдіре алуы үшін білім беруде сын тұрғысынан ойлауды енгізу қажет. Сын тұрғысынан ойлау-біздің елімізде қазіргі таңда білім беру жүйесінде өзіндік орнын алып үлгерген оқытудың модулі. Кез-келген жағдайдан, әсіресе тығырыққа тірелген жағдайлардан жылдам әрі сәтті шығу үшін сын тұрғысынан қарап, талдау жасап, анализ ұсыну- қашан да өзекті орынға ие. Бұл қасиеттерді тұлға бойына жастайынан қалыптастыру барысында, оқытушылар аналитик ретінде сындарлы оқыту бағдарламасымен жұмыс жүргізе алу керек.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде басты рөлді оқытушы «сомдаса», қазіргі жаһандану заманында білім алушыға деген танымдық көзқарас өзгеріп, «білімгер үні» қағидасы қалыптасып, білім алушылар да «өзіндік рөлдерін» көрсетіп, белсенділік танытуда. Білімгерлердің ойлау деңгейі мен зерттеушілік қабілетінің арттыруда, пәнді игеруге деген қызығушылығының көбеюінде сын тұрғысына ойлаудың орны ерекше. Бұл технологияның даму тарихы, қолданылу аясы тереңде жатыр. Көптеген атақты педагог ғалымдардың зерттеуі нәтижесінде, оқу процесіне енгізілген аталмыш модул-бүгінгі күнде өз жемісін беруде.

Сын тұрғысынан ойлау – білім алушыға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау, ой қозғай отырып, өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білген білімін талдап, тұжырым жасауға бағыттау.

Сын тұрғысынан ойлау негізінде білім алушылардың мотивациясының артуы, тәуелсіз әрекет етудегі белсенділіктің қалыптасуы, әрбір мәселені пайымдай алуы, тек пәнге қатысты емес, жан-жақты ойлана алуы, яғни басқа ғылымдармен сабақтастыра білуі, логикалық тұрғыда жүйеліліктің пайда болуы, біліктілік пен дағдыларының қалыптасуы оқу-тәрбие үрдісінде әрқашан маңызды болмақ.

Қазіргі заман талабына сай, әр оқытушы, өзінің кәсіби білімін үнемі шыңдап, қалыптасқан бір сарынды сабақтардан гөрі, заман ағымына сәйкес жаңа инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ қызықты да мәнді, көңілге қонымды, тиімді болатыны сөзсіз.

М.ӘУЕЗОВ - АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Картаева Айжан Маратбекқызы
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы,
Абай институтының директоры
Өскемен қаласы

Аңдатпа. Әдебиеттану ғылымының көрнекті салалары абайтану және әуезовтану бүгінде тамырын тереңге жайған алып бәйтерекке айналған арнасы. Күн өткен сайын өркендеп келе жатқан бұл ғылымдардың ауқымы да күннен-күнге кеңейіп, қанатын жайып келеді. Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеу, тану, насихаттау, тағылым алу кезек күттірмейтін келелі мәселелердің бірі деуге болады. Сондықтан қазақ әдебиеттану ғылымындағы абайтану мен әуезовтану саласында зерттеуді әлі де қажет ететін тұстары өте көп.

Кіріспе. Абайтану ғылымының қалыптасуына, абайтанудың дербес ғылым саласына көтерілуіне академик М.Әуезовтің сіңірген еңбегі өлшеусіз. М.Әуезов қазақ әдебиеттану ғылымында Абай мұрасын жүйелі зерттеуді алғаш қолға алып, абайтану ғылымының негізін қалады. Ол осы ғылыми зерттеу саласының кең мағынасында негізін салды, зерттеудің бағытбағдарларын, принциптерін анықтады, абайтанудың жүйелі, біртұтас ғылыми концепциясын жасады.

«Бұл тұста атап айтатын нәрсе – дейді академик З.Ахметов: Мұхтар Әуезовті ойша жасанды концепция, қағида тұғыза салуға бейім тұратын, кейбір жоқ жерден жаңалық ашуға ұмтылатын зерттеушілердің қатарына қоюға еш болмайды. Оның мәселені ұзақ жылдар бойы егжей-тегжейлі, жанжақты да терең тексеріп алып, соның негізінде ғана үлкен қорытындыбайламдар айтуды дұрыс деп санайтынын осы абайтану саласындағы зерттеулерінен анық аңғарамыз» [1], - дейді.

20-шы жылдардың басында Абай мұрасын зерттеу саласында талантты көркем шығармаларымен, әдебиет тарихын зерттеудегі еңбектерімен үздік таныла бастаған М.О.Әуезовтің араласуы

абайтануға үлкен зерттеушінің келіп қосылғанын бірден аңғартты. Жас таланттың ерте қанаттанып, өз ортасында даралана бастаған қазақ әдебиеті тарихына байланысты зерттеушілік қадамын жете тани білген Семей губерниялық Аткару Комитетінің 1925 жылғы 20 маусымдағы Ленинград университетіне жолдаған ресми қатынасында «...М.Әуезов қазақ әдебиетіне қызығуы мен осы саладағы өз бетінше жүргізген зерттеулері арқылы техникумда қазақ әдебиетін оқытатын лектор ретінде бірден-бір кандидатура болып табылады», - деп көрсетуі шындық еді. 1924-1925 жылдар аралығында Семейдегі оқу орындарында Абай мұрасынан дәріс оқып, «Таң» журналында ақын шығармаларын жариялап, Абайдың өмірбаяны жайлы деректер мен шығармаларын толықтыра түсу жолында тынымсыз әрекет етіп жүрген М.Әуезовті көреміз.

М. Әуезов Абайдың қайтыс болуына жиырма жыл толуына орай Семей қаласында өткен әдеби кеште «Абайдың қазақ әдебиетіндегі тарихи орны» туралы жасаған баяндамасы кезінде автордың қолында Абайдың ғылыми өмірбаянының тұңғыш жазылған нұсқасы да болатын. Бірақ бұл қолжазба Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толуына орай тұңғыш рет кешігіп барып жарияланған толық жинағында басылым көрді. Міне, осы кезден бастап М. Әуезовті әдеби жұртшылық абайтанудың негізін салушы ғалым ретінде тани бастаған кезең басталды. Абайдың әдеби мұрасын ғылыми творчестволық тұрғыдан зерттеу жұмысын аяқтай келе қазақ әдебиеті тарихында абайтанудың ғылыми саласын негіздеп кетті. Тікелей Абай мұрасын жиырма жылдан астам ұзақ жылдар бойы үзіліссіз зерттеу нәтижесінде қазақ әдебиетінің күрделі саласы ретінде «Абайтану» пәні қалыптасып өмірге келді..

Негізгі бөлім. Елуінші жылдардан бастап абайтану саласында М.Әуезов Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы туралы күрделі зерттеу тақырыбының жандануына түрткі салып, ғылыми тұрғыдан пікір көтерді. Қазақ әдебиетінің зерттелу жағдайында абайтанушы ғалым көтерген бұл аталмыш зерттеу нысанасы Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы деген тақырыпта зерттеулер жүргізілу қажеттілігі С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Смайылов, Ә.Жиреншиндер тарапынан да қолдау таба бастады. М.Әуезов пен Қ.Жұмалиевтің ұсынуымен

осы тақырыпта 1965 жылы М.Мырзахметұлы тарапынан «Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасының зерттелу жайы» деп аталатын кандидаттық диссертациясы қорғалды. Профессор Х.Сүйіншілиев тарапынан университеттер мен педагогикалық институттарда оқытылып келе жатқан «Абайтанудың» арнайы курсы мен семинар сабақтарына бағдарлама да жасалды. Профессор Т.Кәкішов қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеуге кірісіп, онда абайтану тарихын жалғастыра зерттеудің нәтижесінде «Оңаша отау» (1982 ж.) монографиясы басалым көрді.

Мұхтар Әуезов алғаш рет ақын мұрасы жайлы мақала, деректерімен «Абай» журналында көрінді. 1922 жылы «Шолпан» журналында жарияланған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген нағыз зерттеушілік тұрғыдан жазылған мақаласында Абай мұрасы жайлы алғаш рет теориялық негізде батыл барлау жасады. «Осы дәуірдің өзінде-ақ шығармаларын жақсы түсінуші, ол мұра туралы мағлұматы молы да Мұхтар Әуезов деген қоғамдық пікір қалыптасқан да еді. Абайдың әдеби мұрасының сырын терең ғылыми тұрғыдан білу керек деген тұжырымды ойға да ол осы тұста келген сияқты. Өйткені 1922 жылы «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген елеулі пікір таласын тудырған көлемді мақаласын жазумен қатар, Абайдың өмірі туралы естеліктерді Абайға байланысты әр түрлі дерек көздерін жинастырып жүрген жас талап Мұхтарды көреміз» [2], - деген ғалым М.Мырзахметұлының мәліметі бойынша М.Әуезовтің Абай мұрасын студенттік кезінен бастап насихаттап, зерттей бастағаны анықталады. Қоңыр деген бүркеніш атпен жарияланған бұл мақалада М.Әуезов Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын, негізгі бағытын көрсетеді.

Бұл кезеңде Абайдың әдеби мұрасы туралы талас-тартыстың етек алуына байланысты Абай қай таптың ақыны, оны мұра ретінде қабылдау керек пе, әлде жоқ па деген сұрақтар туа бастады. Қоғамды тапқа бөлу, таза пролетариат мәдениетін жасауға ұмтылу – тұрпайы социологиялық танымды тудырды.

30-жылдардағы ұлы ақынның әдеби мұрасы маңында болып өткен пікір таласында орын алған әр алуан көзқарас тұрғысынан пікір айтқандардың ішінде Мұхтар Әуезов пен профессор Құдайберген Жұбановтың еңбектері айрықша орын алады.

Өйткені дәл осы жылдары Абайдың әдеби мұрасын бағалауда тұрпайы социологиялық, формалистік, компаративістік көзқарастар өріс алып отырғанда, осы қым-қуыт қайшы пікірлерден тыс ғылыми негізде жазылған еңбек М.Әуезовтің «Абай ақындығының айналасы» мен Қ.Жұбановтың «Абай қазақ әдебиетінің классигі» деп аталатын зерттеу мақалаларының жазылуы – абайтану саласындағы ойпікірде соны құбылыс ретінде қабылданды.

Абайды 1909 жылғы тұңғыш өлеңдер жинағынан кейінгі осы күнге дейін жарияланып келген ақынның толық жинақтары мен академиялық басылымдары М.Әуезовтің жинап бастыруымен, тікелей араласуымен, басшылығымен шығарылып келеді. Әсіресе, осы толық жинақтардың бәріне негіз болған әрі қазақ халқы өзінің ұлы ақыны Абай шығармаларымен тұңғыш рет жете танысып білуіне мүмкіндік алған 1933 жылғы тұңғыш жарияланған толық жинақ ақын мұрасын танып-білуде орасан маңызы бар мәдени құбылыс.

М.Әуезовтің ұзақ жылдар бойы жүргізген ізденіс үстінде туған ойпікірлері түгелге жуық «Әр жылдар ойлары» деген атпен басылым көрген монографиялық еңбегінің желісіне сіңісіп отырған. Бұл еңбек автордың ұлы ақын мұрасына арналған жоғары оқу орындарында абайтанудың арнаулы курсынан оқылған дәрістері арқылы жинақталған ой-пікірлері мен танымдары болатын.

Ақын өмірбаяны жайлы жаңа деректер көзінің қорлануына орай М.Әуезов тарапынан Абай өмірбаянының төрт нұсқасы жазылды: біріншісі 1933 жылы Абай шығармаларын бастыру үшін; екіншісі 1940 жылғы басылым үшін; үшіншісі 1945 жылы жазылған; бірақ жарияланбаған. Төртінші нұсқасы 1950 жылы жазылды.

Абай жайлы ұзақ жылдарға созылған ғылыми зерттеулерін тұтас қорытындылай отырып, жазған ғылыми монографиясы мен атақты «Абай жолы» роман-эпопеясын жазу ұлы қаламгердің ғылыми-творчестволық ізденіс үстінде тер төккен 30 жылдан астам уақытын алды. Жазушының өз мәлімдеуіне сүйенер болсақ, Абай жөнінде жазу ойы 19 жасында-ақ асқарлы арманға айналған. Ұлы ақын мұрасын 17 жылдай толассыз іздену, зерттеумен шұғылданып, 12 жыл бойында тікелей жазумен

айналысқан. Абай мұрасы М.Әуезовтің бүкіл ғылыми-творчестволық ғұмырында шарқ ұрып іздену үстіндегі рухани дем берушісі таусылмас қуаттың қайнар бұлағына айналған. Мұхтар Әуезов Абай тақырыбына қайта-қайта айналып бара берген. Абай өмірбаянына оқтын-оқтын белгілі бір уақыт үрдісімен қайта үніліп, қайтара жазуға отыруының елеулі себептері бар болатын-ды. Жазушы кеңестік әкімшіл-әміршіл саясат ызғарының кесірінен Абай жайында көп ойларын ашық айта алмай кетті. Кейбір ой-пікірлерін ғылыми зерттеу еңбектерінде тезистік тұрғыдан кейінгі ұрпаққа ұсынса, ал кейбір көзқарастарын әдеби туындыларында астарлап көркемдеп жеткізіп отырады. «Абай жолы» романэпопеясында жазушының көп жайларды мегзеп, көркемдік тәсілмен астыртын суреттеп беретін тұстары да байқалады.

М.Әуезов барлық баянды ғұмырын тұтас дерлік ұлы ақын өмірбаяны мен әдеби мұрасын зерттеуге, насихаттауға, тоталитарлық жүйенің шабуылынан қорғауға арнады, қазақ әдебиеттану ғылымның жаңа саласы — Абайтану ғылымының негізін қалап дамытты. Абай – М.Әуезовтің ғылыми әрі көркемдік шығармашылығының басты тақырыбы. Бұл тақырып арқылы ол тарихтағы ғана емес, өз заманының да талай олқылықтарын таба білді. Әуезов – Абайдың өмірі мен шығармашылығын бірден-бір толық зерттеушілердің бірі. 30-жылдардың ортасына дейін көптеген жылдар бойы

Абай шығармашылығы мен оның қазақ мәдениетін дамытудағы ролі жайлы даулы мәселелер толастамады. Абайдың шығармашылық бейнесі дұрыс әрі көркемдік негіз алуы үшін Мұхтар Әуезов көп күш жұмсады.

М.Әуезовтің абайтану ғылымындағы еңбегін ғалым Қ.Өмірәлиев екі салаға бөліп қарастырады. «Жұртқа белгілі, мұқтарлық абайтану екі салада жасалды: бірі – ғылыми жүйеде де, екіншісі – көркем формада «Абай жолында» жасалды», [3] - дейді. М.Әуезов ұлы ақын мұрасы жайлы сонау 20жылда бастаған зерттеу жұмысын бергі кезде үш салада – Абайдың өмірін зерттеп, ғылыми өмірбаянын жасау үлгісінде, шығармаларын зерттеп, ғылыми монография жасау жолында, ақынның өмірі мен шығармашылығы ішіне кіретін «Абай жолы»

атты роман-эпопея жарату үстінде жүргізіп, 60жылдың басына дейін алып келді.

Қорытынды. М.Әуезов барлық баянды ғұмырын тұтас дерлік ұлы ақын өмірбаяны мен әдеби мұрасын зерттеуге, насихаттауға, тоталитарлық жүйенің шабуылынан қорғауға арнады, қазақ әдебиеттану ғылымның жаңа саласы — Абайтану ғылымының негізін қалап дамытты. Абай – М.Әуезовтің ғылыми әрі көркемдік шығармашылығының басты тақырыбы. Бұл тақырып арқылы ол тарихтағы ғана емес, өз заманының да талай олқылықтарын таба білді. Әуезов – Абайдың өмірі мен шығармашылығын бірден-бір толық зерттеушілердің бірі. 30-жылдардың ортасына дейін көптеген жылдар бойы Абай шығармашылығы мен оның қазақ мәдениетін дамытудағы ролі жайлы даулы мәселелер толастамады. Абайдың шығармашылық бейнесі дұрыс әрі көркемдік негіз алуы үшін Мұхтар Әуезов көп күш жұмсады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995.
2. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы, 1996.
3. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы, 1993

**АЙНЕК ЖАЙНАКОВАНЫҢ МАНАСТАНУ
ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ («МАНАС»
ЭПОСУНДАҒЫ ПАТРИАРХАЛДЫҚ-ФЕОДАЛДЫҚ
МАМИЛЕЛЕР)**

*Тлеубаев Советхан Баянұлы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ф.ғ.к.
Бағашарова Анара Қуандыққызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің 2-курс докторанты*

Аңдатпа. Қырғыз халқының манастанушы ғалымы А.Жайнакова өзінің еңбегіне «Манас» жырының тарихи жалғасы «Семетей», «Сейтек» эпостарының тарихи шарттарын, аталған жырлар арқылы эпикалық дәстүрлердің эволюциясындағы

генеологиялық циклизация принципін және патриархалдық-феодалдық мәселелерін зерттеуді мақсат етті.

Кіріспе. Автор еңбегінде «Семетей», «Сейтек» жырларының шығу тарихын табуға ұмтылып патриархалдық-феодалдық дәуірлік кезенді зерттейді. Олардың өзіндік сипатын айқындауға тырысып «Семетей», «Сейтек» жырларындағы оқиғаларды сол кездермен салыстыра келіп бұл «эпостардың негізгі мазмұны XI-XIV ғасырларда қалыптасып қалған деп болжауға болат» - деген пікір айтады [1, 18] Бұл жырлардың шығу шартын В.М.Жирмунскийдің «Необходимость генеологического продолжения эпического сюжета, с точки зрения заказов народного творчества, становится особенно настоятельной при трагической гибели любимого народного героя. Оптимизм народного творчества, о котором так справедлива говоря А.М.Горький, не терпит неразрешенных трагических диссонансов» [2, 94] - деген пікірін ұстанып Манастан кейін оның балаларының халық қамқоршысы болып жырлауын халық қиялының белгісі деп есептейді. Сондықтан «Манас» жырының жалғасы болған бұл эпикалық жырдың эволюциялық қалыптасу жолын автор генеологиялық циклизация принципімен зерттеп анықтамалар жүргізеді.

Автор пікірінше халық қиялы алдағы өмірге үміт артып, өткен дәуірлердің рухы қолдап, ғасырлардан келе жатқан эстетикалық мұқтаждық – арманға ұласып «Манас» жырының жалғасын ойлап тапқан. Мұның өзіндік атқарып тұрған көркемдік жүгі бар. Сондықтан халық жыршылары Манас батырдың беделін түсірмес үшін оның тұқымын өзінен асырмаса кем түсірмеу жағын ойлап, Семетейді Манастан асқан батыр етіп суреттесе, Сейтекті оған айнымай тартқан ұл болды деп қуана жырлайды. Оларды Манасты қолдаған шілтендері, пірлері, ата-бабалардың рухтары қорғап өлгендер мен тірілердің арасындағы генетикалық байланыс сақталады.

Жырдағы генетикалық байланысты көрсететін тағы бір белгі ретінде ғалым бөлімдердің ортасындағы детальдарды қарастырған. Олар Манастың құрал-жарағы, киім-кешегі мәселелері. Бұл эпикалық жырдың композициялық тұтастығын қалыптастыратын сюжеттік мотивтер. Мұндай ортақ мотивтер түркі халықтарының барлық эпикалық жырларында көрініс

берген. Жырдағы бұл оқиғалар байлық-мансап, билік қуу емес, атадан қалған мұраға ие болу мақсатында көрініп, оның қалай жасалғаны, табылғаны туралы қызғылықты жырлау мәнерінде беріледі. Осы ортақ белгіні ғалым дұрыс аңғарып, жырдың генетикалық байланысының негізгі құрылымы екенін дәлелдейді. «Элдин көз карасы боюнча Манастын ишин улап, идеясын жетектеш үчүн кичи муунлагы каарман кандай да болбосун анын жоо кийимин кийип, куралын алышы керек. Ошондо гана анын батырдын турпаты Манастыкындай болот же ашып түшөт.

Умурумдук душман колунда калган курал-жарак, тоо кийим чынысы мураскорго өтөөрүмекен мурдагыдай өткүрлүк сапатка ээ болот. Б.А. жаңы баатыр аренага келгенде бардык нәрсе жаңырат, жамарып кулпунат. Манастын Акшумкары Семетейге өзүнүн балапанын чоқойтуп алып келип тартуулайт» [1, 30] – деген пікірінен эпикалық жырлардағы адам баласының жаратылысы табиғатпен тығыз байланыста суреттелетіні анық аңғарылған. Яғни эпостық жырлардағы эпикалық көркем фон мәселесі көтеріліп оның дәстүрлі стилистиканың құрылымын зерттеуге бағыт береді.

Негізгі бөлім. «Манас» жырының үшбірлігін органикалық жағынан біріктіріп тұрған эпикалық резиденция – Талас қонысы екендігін автор дұрыс аңғарып талас тақырыбына да көңіл бөлген. Себебі жырдағы сюжеттік желінің бәрінде туған жер, атамекен Талас мекенін қорғау азат ету мәселесі көтерілген. Қаһармандардың барлық әрекеті таласпен байланысқан. Жырдағы жаудың бәрі елді Таластан қууды, ажыратуды мақсат етеді. Осыны ескерген автор : «Ошон үчүн уйактылуу бөтен эл-жерде баш калап эр жеткен баатыр көнтсе да айланып Таласты табууга тийиш. Үшүндан баштап эпосто буга чейин белигилүү бир деңгээлде дымып калган баатырдык дух, баатырдык демилге кайрадан жанданат. Окуяларга кыймып бүтүн, сюжеттик өзөккө кан чуркатат» [1, 32], - деген пікір айтып, елдің тұрмыстық талабынан келіп шыққан эпикалық қаһармандық жоспарда идеализацияланып жырланғанын, яғни эпикалық жырдың эволюциялық дәстүрлі генетикалық тұтастану процесінен өткенін дәлелдейді. Сөйтіп «Семетей», «Сейтек» жырларының өз

алдына көлемді эпос деңгейіне жетуде үштік масштабы танытылады.

Еңбекте «Семетей», «Сейтек» жырларының көптеген оқиғалары патриархалдық-феодалдық дәуірдің туындысы болғанымен дәстүрлі сюжеттің түпкі, байырғы оқиғаларының да сақталғаны байқалып, олар батырдың туылуы, ерліктері, үйленуі және өлімі екені аңғарылған. «Манастың» салтқа айналған сюжеттік жобасының қайталанылатыны, ал кейін оқиғалар өсуіне байланысты өзгешеліктердің орын алатыны жекелеген эпизодтар бойынша жіктеледі. Соның бірі үйлену салты.

Жалпы эпикалық жырлардың композициялық жүйесіндегі басты тақырыптың бірі – батырдың үйленуі. «Поиски жены – один из древнейших элементов героического эпоса» [3, 195], – деп жазады В.Я.Пропп. Ал «Ер Тарғын» жырын зерттеу барысында М.Мағауин үйлену эпизодына байланысты былайша ой тұжырымдайды. «Бұлай болу себебі, алғашқы құрылыстың ыдырау кезеңіндегі заман тілегіне сай ең мәнді мәселе – семья құру болатын. Сондықтан осы кезде туған эпоста геройдың күресі бір-ақ бағыт – семья құру және оны сақтау жолында жүргізіледі» [4, 190]. Эпикалық жырларға ортақ бұл тақырып «Манас», «Семетей», «Сейтек» жырларына да тән. Осыған байланысты олардың арасындағы өзгешеліктері де танылады. Яғни, қысқасы жырдағы көптеген шатақтар қыздарды құда түскен жерінен ажыратылуына байланысты мотивировкаланады.

«Манас» жырында Манас батыр Қаныкейге дейін үйленіп қойса да оның құдалық жөнімен болмағандығы үлкен кемшілік саналып Қаныкейге үйленуі ерекше поэтикалық қуатта жырланып мән беріледі. Бұл оқиға «Семетей» жырында да орын алған. Семетей таласқа көшерде Чачыкейге үйленеді. Бірақ құдалысып қойған қызы Айшөрек болғандықтан Чачыкеймен үйленуі салт талабына сай келмей Айшөрекке үйленуге міндеті болады. Үйлену салтының осы ұғым түсінігінің ұқсастығын көргенімізбен, автордың зерттеу жүргізе отырып ерекшелік тапқанын байқаймыз. Ол Ақшөректің өзіне құда түскен жігітті өзі іздеп келуі. Оған автор үш түрлі себеп айтады. «биринчиден, бұл феодалдық коом түшүнүгүнүн таасири астында үй-бүле курундагы эркектин ролун өзгөчө жогорулатуунун өзүнчө көрүнүшү, экинчиден, эркек менен аялды тен баалагандык, бир-

биринен кем емес деген элдик демократтық түшүнүктүн өзүнчө элеси, үчүнчүдөн, мурдатан белгилүү байыркы сюжеттин жаңы тарыхый шарттын таасирине кабылышы» [1, 86]. Бұл сыртқы формасы жағынан феодалдық қауым қабылдаған моральдық ережелеріне сай келмейтіні өзінен өзі танылып тұр. Түркі тектес халықтар әдебиетіндегі ескі жырларда бұл сюжеттік оқиғалар басқалай шешеліп отырады. Жыршылар батырдың жорыққа шығуы үшін әйелін немесе құдаласқан қызын ұрлатып ортақ сюжеттік мотивтер жасайды. Батыр қолды болған әйелін не құдаласқан қызын дұшпанынан қайтару мақсатында жолға шығып түрлі мифологиялық кейіпкерлерді жеңеді. Айшөрек оқиғасына тән құбылыстар яғни, күйеуін өзі іздеп табу «Манас» жырында да кездеспейді. Бұл көрініс «Сейтек» жырының ескі салт пен жаңа тарихи шарттарды біріктіргенін көреміз. «Сейтек» жырында ескі эпикалық эпизодтар да бар. Ол Семетей үшін Темірханның он жас пен он алты жас аралығындағы барлық қыздарды жинап қалыңдық іздеуі. Ал «Манас» жырындағыдай Сайқал қызбен жекпе-жекке шығып арғы дүниелік әйел ету сияқты эпизодтар кездеспейді. Бұл мәселе де эпикалық жырлардың эволюциялық өсу, қанығу дәстүріндегі генетикалық тұтастану процесін анықтап тұр.

«Манас» жырының өзге эпикалық жырлардан өзіндік ерекшелігі үштік бірлігінде. Осыны аңғарған ғалым Манастан Семетейге, Семетейден Сейтекке ауысып отыратын эпикалық образ бейнесін де генетикалық тұтастану процесімен анықтап спецификалық айырмашылықтарын анықтап береді. Соның бірі әкенің балаға жол ашып өзінің эпикалық сахнадан шығуы. Бұл орайда жомықшылар эпикалық жырдың дәстүріне сай өзіндік сюжеттік мотивтер пайдаланған. Мысалы Манас қаза болғаннан кейін оның эпикалық образын Сейтек жалғастырса, баласы Сейтек ер жеткенде әкесі Семетей ғажайып оқиғалармен ғайып болады. Кейбір эпикалық жырларда бұл халықтық этика-эстетикалық тәрбие мәнісінде шешілмей әке мен баланың арасындағы соғыс сюжетіне ұрынады. Бұл орайда «Манас» жырының халықтың салт-санына талабынан шықпай көркемдік шеберлікте берілгені өте айқын көрінеді. Жырдың осы бір жауһар қасиетін автор айналып өткенімен, образдардың бір-бірін эволюциялық дәстүрлі жолмен қайталайтынын жақсы

анықтайды. «Ошондой болса да «Манас» «Семетейден» бери келаткан өтмө кармандар менен «Сейтектин» өзүнө таандык жаңы каармандардын ортосундагы байланыш, мамиле эпостун өзүнүн көз карашынан негизги линиясынан ажырабайт» [1, 93], - деген пікірімен жомыкшылардың эпикалық образ сомдаудағы айрықша рөлін бағалайды.

Манасқа караганда Семетей, Сейтек образдарындағы өзіндік ерекшеліктер де автор назарынан тыс қалмаған. Олар әлеуметтік теңсіздік және терең психологизмдік иірімдер. Мысалы Манас өз еліне Таласқа келгенде туған жұртын біртұтас ел ету бағытындағы эреткеттері бірдей емес. Семетей әлеуметтік теңсіздікте отырған туған елін өзге дұшпандардан айырып алуда гуманизмге тән қадамдар жасайды. Сонымен қатар образдардың шынайы бейнесін ашатын терең психологизм де көрініс береді. Жырда қаһармандар мен дұшпан образдарына нақты орындар мен міндеттер тағылып бет-бейнелері ашылады. Эпостың осы қырын түсінген автор: «Бұл эки бөлүмдү жабдыған тема, идея, образдар биринчи бөлүмдүн стилине салынып, аны айрым жерлерде чыгармачылык менен тереңдетүү, кеңейтүү аркулуу ишке ашырылган. Элдик баатрдын образы бьара-бара тарыхый-реалдуу боекторго/социалдык маанисинде/ көбүрөөк дуушарланып, коомдун өкүгүшүнүн конкретүү баскычтарына ылайыкташкан формадагы дұшмандардын образдары жаралган» [1, 96] - деген түйінді пікір айтады. Бұдан манасшылардың көркем сатыларды сақтап қана қоймай, оның мүмкіншілігін кеңейтіп, жырдың идеялық-көркемдік деңгейін шыңдағаны ғылыми тұрғыда дәлелденеді.

Қорытынды. Еңбектің ғылыми жетістігін қорытындылар болсақ, ең басты атап өтер мәнділігі – эпикалық жырдың эволюциялық дәстүрлі тұтастану келбетін генетикалық принципе типологиялық әдіспен қарастырып зерттей білуінде. Эпикалық жырдың өне бойындағы генетикалық тұтастану процесі зерттелу барысында шығарманың дәстүрлі құрылымдары, поэтикасы, көркемдік ерекшеліктері, сюжеттік мотивтері, композициялық бірлігі өте нақты детальдармен ашылады. Зерттеу нәтижесінде «Семетей», «Сейтек» жырларының басты идеясы іштен шыққан жауларға қарсы шығу, ел бірлігін сақтау екендігі айқындалып, оқиғаларының реалды

тарихи шарттар негізінде құрылғаны, элеуметтік жағдайлардың басқы элемент болып кірігуі анықталады.

Эпикалық жырдың әдемі үйлесімділігін жасаған манасшылардың дәстүрлі ортақ стиліне барлау жасалады. Сондықтан, жырдың сыр-сипатын ішкі болмысымен жарқырата ашып, таныту мақсатында жүргізілген зерттеу еңбегінің пайдаланған әдіснамалық жүйесін әдеби мұраны ғылыми-зерттеу бағытында көбірек пайдаланған абзал деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мамытбеков З., Абдылдаев Э. «Манас» эпосун изидөөнүн кээ бир маселелери. Ф. 1966
2. Марғұлан Ә.Х. Шоқан және «Манас». – Алматы: Жазушы, 1971. – 164 б.
3. Валиханов Ч.Ч. Собранные сочинение. Т. 1., А-А. 1961. – С. 737
4. Абдрахманов Ы. Манасты қайсы қылымдарда болғону туралуу. «Советтик адабият жана искусство», Ф.1941. март №3 /17/

ФОЛЬКЛОРШЫ ҒАЛЫМДАР

Жанар Умерджанова Тоқтарбайқызы
Филология ғылымдарының кандидаты
«Арыстан» мамандандырылған лицейі
Алматы облысы, Талғар ауданы

Аңдатпа. Бұл мақалада ғылыми шығармашылығымен де, әдеби шығармаларымен де көпшіліктің көкейінде жүрген мәселелерді қозғаған, өз уақытының корифейлері атанған ғалымдар Рақманқұл Бердібай мен Нығмет Ғабдуллин шығармашылықтары туралы таныстыру мақсатындағы деректер айтылады. Кезінде қазақ фольклоры мен фольклор тарихынан дәріс оқыған ұстаздардың ғылыми еңбектері мен адами кескін-келбеттері, шығармашылық арқаулары туралы ой түйілген.

Кіріспе. Қазақ фольклорының тарихында өзіндік із қалдырған әдебиетші ғалымдар тобы аз емес. 1990 жылдардың ішінде Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетінде атақ-даңқтары әйгілі, әрқайсысы қазақ әдебиеті мен тілінің бір-бір ұстынына пара-пар ғалымдар дәріс оқыды. Серік Қирабаев,

Рахманқұл Бердібаев, Рәбиға Сыздықова, Нұржамал Оралбаева, Шахмардан Есенов, Ғұбайдолла Қалиев, Шона Сарыбайұлы, Немат Келімбетовтер сияқты аға толқын тұлғалармен қатар Серік Мақпыров, Балтабай Әбдіғазиев, Тебегенов Темірхан сынды қырықтың қырқасындағы азулы ұстаздар шоғырының дәрістерін тыңдаған біздер әсерлі бір шаттықта болатынбыз, әрбірінің білімінің тереңдігіне, парасаттылығына сүйсінетінбіз. Әсіресе, сол кездегі кафедра меңгерушісі филология ғылымдарының докторы, профессор Нығмет Ғабдуллиннің әрбір дәрісін ұйып тыңдап, санамызға тоқуға тырысатынбыз.

Н.Ғабдуллиннің көркем шығарма саласындағы «Алғашқы сапар» (1953), «Қызық дәурен» (1965), «Кейінгі толқын» (1977), «Сарғайған жапырақ» (1970), «Өмір, қымбатсың маған» (1966), «Жігер» (1983), «Біздің жігіт» (1993) жинақтары кітап сүйгіш қазақтың төрінде жинаулы тұр десем артық емес. Орыс тіліндегі «Жаңа таныстар» (1957), «Өмірдің бұралаң жолдары» (1967) прозалық кітаптары өз оқырмандарымен бірге. Ал ұстаз аударған Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі, Г.Марковтың «Жер құты» романдары, М.Шагиняннің «Ульяновтар семьясы», В. Быковтың «Альпі аңызы» тағы басқа да 15-тен астам жинағы мен орыс, шетел жазушыларын аударған еңбектері оқырманның әлі күнге рухани жан аңсарын толтырып келеді.

Талай қоғамдық баспасөзде абыройлы қызмет атқарған жазушы, ғалым Н.Ғабдуллин Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты (1996).

Н.Ғабдуллиндей талғамы биік, таланты ерен ғалымның ғалымның қазақ әдебиеті ғылымының түрлі саласына қосқан өзіндік үлесі де бір төбе. «Ғабит Мүсіреповтің драматургиясы» (1964), «Қазіргі қазақ прозасында жаңа адамды бейнелеу проблемалары» (1972) атты кандидаттық, докторлық диссертацияларымен қатар «Уақыт сыры», «Ғабит Мүсірепов–драматург» т.б. көлемді еңбектерінде сол кезеңдегі зәру мәселелер өз шешімін тапқан. Тұлға концепциясы, қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшелігі, суреткер тілі, замандас келбеті жайлы айтылған құнды пікірлері қазіргі уақытпен үндес, бүгінгі күн биігінен өзіндік өзгешелігі бар ой қорытындысы ретінде бағалануда.

Негізгі бөлім. Н.Ғабдуллиннің түрлі бағыттағы еңбектері жайлы сыни пікір, рецензиялар, мақалалар сонау алғашқы әңгімелер жинағы жарық көрген 1951 жылдан бері баспасөз бетінде жарияланып келеді. Институттағы түрлі жұмыстарымен қатар ғылымға да, көркем әдебиетке де жете көңіл бөліп, жаңалықтарды бақылап отыру ол кісінің сүйікті ісі еді.

Жазушы шығармаларынан оқырманның есінде ерекше қалары – адамгершілік мәселесінің бірін-бірі қайталамастан әр шығармада соны қырынан көрінуі, әр кейіпкердің дара да типтік тұрғыдан сомдалуы, «әрбір сөздің жарық шашып тұруы». Досан, Қалима, Кәмәлия, Ақжол, Хасен, Түлкібай, Маржанкул деген бейнелердің автор позициясын айқындаудағы орны ерекше. Сонау қазақ әдебиетінің бастапқы арналарынан, жыраулар поэзиясынан, берісі Абайдың, Шәкәрімнің ар ілімімен үндес түсіп жатқан адамгершілік тақырыбы – Нығмет Ғабдуллин шығармашылығының алтын арқауы. Негізінен, көңілді әрі бос уақыттарында өнеге ретінде белгілі қазақ азаматтарының жақсы істерін насихаттап, ұнамды пікірлерін айтып, өзгені де өзіндей тазалыққа баулитын. Сондықтан Нығмет ағайдың әр әңгімесінен ләззат алып, рухани өсіп шығатынбыз. Нығмет Ғабдуллин 1-курс студенттеріне қазақ фольклоры тарихынан дәріс оқитын. Ежелгі аңыздар, фольклорлық жырлар, олардың түрлі нұсқалары туралы дәріс қалай қызықты басталса, солай қимастықпен аяқталатын.

Нығмет ағай әңгімені ұзақ созуды жаратпайтын, үнемі қысқа да нұсқа қайырып, осы қасиетін өзгелерге де сіңіретін. Аспирантураға қалуыма кеңес беріп, ғылыми жетекшілігіме профессор Рахманқұл Бердібайды ұсынып, арнайы түрде ол кісімен таныстырды. Рақманқұл ағай бізге аптасына бір рет келіп, дәріс оқитын.

Рақманқұл Бердібай! Белгілі түрколог-ғалым, сыншы, фольклортанушы, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Рахманқұл Бердібайды білмейтін қазақ зиялы оқырманы аз болар, себебі қазақ әдебиетінің тарихында ғұлама ғалымның қалдырған ізі мол. Қазақстандағы қабырғалы білім ордаларында ұстаздық еткен жылдары мен халық университетінде ұзақ жылдар бойы оқыған ғибратты дәрістері, ғылым жолында тәрбиелеп, бағыт-бағдар берген

шәкірттері білімі мен иманы домбыраның қос шегіндей жарасты дала абызын ел есіне ұдайы салып тұрары сөзсіз.

Рахманқұл Бердібай 1927 жылдың 2 желтоқсанында Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы Көкіш ауылында өмірге келген. Ащысай кентіндегі орта мектепте оқып, 1943-1944 оқу жылында Түркістан педагогтік училищесін бітіріп, 1949-1953 жылдары Оңтүстік Қазақстанның Ильич, Мақтарал, Фрунзе аудандарының қазақ орта мектептерінде мұғалім, директор, аудандық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істейді. Ғалымның ғылыми жолы 1953 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің аспирантурасына қабылданған кезеңнен басталады.

Белгілі қоғам қайраткері Ә.Шәріповтың соңғы еңбегі – естеліктерінде Раханның аты «Қазақ әдебиеті» газетіндегі ұлт мүддесін көздейтін ана тіліне қатысты мақалаларына байланысты ілтифатпен аталып өтілген. Жалындаған жас кезінен-ақ тілін тірегі ете білген ұлтжанды азаматтың бар ғұмырын саналы ұрпақ тәрбиелеуге, әдебиеттің тегі мен түрін, тарихын зерделеуге, зерттеуге арнауы азаматтық позициясына адалдығы мен ұлттық мүдде жаршысы болғандығына кепіл.

«Қазақ әдебиеті» газетінің сын бөлімінде қызмет істеген жылдары Р.Бердібай сыншы-публицист ретінде қаламы ұшталып, «Ең үлкен мәдени байлық», «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», «Қазақша энциклопедия қажет», «Музыка мұқтажы», «Әдебиет пәні және оқулық», «Шығыс қазынасы»,» т.б. мақалалары арқылы қордаланған ойларға қозғау салып, Қазақстан үкіметінің ұлт мәдениетін көркейтуге бағытталған қаулыларының алынуына себеп болды, яғни өзекті ойларына өріс берген газеттегі қызметінен соң, ол 1960-1972 жылдар арасында әдебиеттің тарихы жөне теориясы мәселелерімен тереңірек айналысады. Ізденіске толы он жылдың нәтижесі «Әдебиет және өмір», «Роман және заман», «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі», «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы», «Дәстүр тағлымы», «Қазақ романы», «Қазақ тарихи романы» сияқты кітаптарға айналып, ғылыми көпшілікке жол тартты. Р.Бердібай 1961 жылы филология ғылымдары бойынша кандидаттық («Қазіргі қазақ романындағы сюжет проблемасы»), 1971 жылы докторлық («Қазақ романдарының

теориялық мәселелері») диссертация қорғап, ғылымда өзіндік жолы бар, ойы бар ғалым ретінде танылады.

Ғалым теорияға да, тарихқа да белсене атсалысуымен қатар кей себептермен ұмытыла бастаған әдеби-музыкалық дәстүрлерді де жаңғырту үшін тер төкті, тіпті албан Көдек ақын сияқты санада болғанмен қағазға түспеген ақындар мұрасына қайыра жан берді, айтысты, жыраулық-жыршылық өнерді көркейтуге қомақты үлес қосты. 1968 - 1970 жылдарда ол жаңадан ашылған Қазақ Совет энциклопедиясы Бас редакциясының жауапты секретары болып, 13 томдық әмбебап энциклопедияның сөз түзілімін саралауға басшылық етті. Ғалым М.Әуезов басшылық еткен — алты томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1960-1967 ж.ж.) толағай еңбегінің, «Көпұлтты совет әдебиеті тарихы» (1970-1974 ж.ж.), мектеп бағдарламасына арналған «Қазақ совет әдебиеті» оқулықтары авторларының бірі болды.

Р.Бердібай 1973-1995 жылдарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында фольклор бөлімінің меңгерушісі болған жылдары ауыз әдебиеті саласында өнімді еңбек етіп, «От легенды к роману», «Гүлстан бұлбұлдары», «Сарқылмас қазына», «Эпос мұраты», «Мұхтар шыңы» т.б. ғылыми еңбектерін дүниеге әкелді. Бір ғана М.Әуезов шығармашылығы жайлы жиырма жылдай үздіксіз қалам тартуы ғалымның қай тақырыпты болса да жетік біліп, жетелі талдау жасайтын сұңғылалығын танытады.

Ғалымның көркем әдебиетте де біраз із тастағандығын «Солдат сыры», «Фарида», «Жастық кешуі» сияқты әңгіме, повестері айғақтайды.

Өз уақытында әдебиет пен мәдениет саласына сіңірген еңбектері жоғары бағаланып, «Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткері» (1983), «Қазақстанның еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» (1992) атағы беріліп, Түрік тілі қоғамының (Түркия), Халықаралық Шыңғыс Айтматов қоғамдық академиясының, Ресейдің халықаралық психология академиясының мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы, «Түрік дүниесіне қызмет сыйлықтарының» иегері болды. Ғұлама ұстаз «Парасат» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері»,

«Тәуелсіз Қазақстанның 10 жылдығы», «Ана тілі», Қырғызстан Республикасының «Даңқ» медальдарымен, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің құрмет Грамотасының иегері болды.

Кеңестер Одағы билігі құлаған соң ғалымның көп зиялының алды болып, қажылыққа барып, иман мен әділет жолын насихаттар рухани ұстазға айналғанын көпшілік біледі, өз ортасынан тағы бір айырмасы өз ұрпақтарын ана тілінің мәйегімен сусындата білуі еді, «Тәрбие басы- тал бесік» емес пе, Айжан да, Азамат та, Қанағат та тұнық тұмадан қанып ішті, тіпті кішкентай немересі Айзаданың өзі бес жасында Мағжан өлеңдерін жатқа айтты. Академик денсаулығы сыр бергенге дейін Түркістан өлкесінің қалауы бойынша А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жемісті еңбек етіп, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатты.

Көне грек ғұламаларының айтуынша, адамның үш беті болады екен, бірі жаратушының берген сипаты, екіншісі өзінің елге көрсететін беті, үшіншісі елдің оған берген бағасы, ал Рахат дархан жаратылыстың сомдап құя салған «самородный сары алтыны» еді, даланың дана шежіресі жасты жассынбай, талабын ұштап, талай таланттың көзін ашты, мейір-шапағын шашқан күн сияқты қанша ақынның жырына арқау болды, қиналғанда демеу, жығылғанға сүйеу болған абыз жұбайы Зада апай екеуі қаншама қиналған жанға үй мен күй болғандығын біреу білсе, біреу білмес. 1998-99 жылдар аралығында ол кісінің аспиранты бола жүріп мен ғалымның үйінде бір айдай жаттым, сондағы көргендерім: әр күн сайын алыс-жақыннан азаматтар қазағы бар, түрігі бар, басқасы бар сәлем беруге, ақыл-кеңес сұрауға үздіксіз келіп жатты, оларға ұстаздың уақыты да жетіп жатты, Зада апайдың жомарт дастарханы да кеңінен жайылып тұрды.

Қорытынды. Айта берсе, рахман нұрындай барлық қыры ашыла берер асыл ұстаз қазір арамызда жоқ, бірақ түбірлі де түйінді ойлары жадымызда, эпостың тарихын зерделегені сияқты ғалым бізге өз ұлтының мәдениетінің тонын айналдырып киген жаулары – көзқамандардың нақты белгілерін аурудың диагнозы сияқты айқындап кетті: «Ал көзқамандар ақыл-есі ауысқандар емес. Бұлар мектеп, университет бітірген, жоғары лауазымды қызмет атқарғандар болуы да әбден мүмкін. Кейбіреулері талай елдердің тарихы мен философиясын жатқа

айтып, жаңғақша шағып беретіндер, әділдік, адам құқы, өркениет, достық, ынтымақ, бейбітшілік секілді сөздерді судай сапыратындар. Сырттай қарағанда, мінсіз шешен, сәуегейден бетер білгір, әлем тағдырын өз алақанындағыдай кесіп-пішіп, сынап-мінеп отыратындар тәрізденеді. Бірақ бұлардың жазылмайтын немесе ұзақ емдеуді керек ететін ауруы – туған халқының дәстүрін танып-білуге салғырттығы, сөз жүзінде отаншыл болып көрініп, былай шыға бере елдің хас жауларымен тіл тауып, халықтың түпкілікті мүддесін сатып жіберетіндігі, ең жаманы – жұртының қадір тұтқан қымбаттарын, тәуелсіздігімізді тәрк етуді көздеп отырғандармен ауыз жаласып, соларға арқа тіреп, намысымызды таптап кететіндігі. Мәңгірттер есінен айырылған міскіндер болса, көзқамандар – елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер...». Дала мәдениетінің мәуелі бәйтерегінің бір ұстанымы – осы. Күрес.

Қазақ фольклоры ғылымының дамуына мол үлес қосқан тамаша ұстаздардың тағылымды шығармашылық жолдары туралы қайталап айту бүгінгі жас ұстаздар үшін де тәрбие мектебі болып табылады.

Б.СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ» ПОВЕСІНДЕГІ АНА МЕН БАЛА БЕЙНЕСІ

Саргелтаева Ардақ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті оқытушы
Алматы қаласы*

Аңдатпа. Мақалада Б.Соқпақбаевтың шығармасындағы ана мен бала бейнесінің қай кезде де өзгермейтіні мысалдар арқылы талданады. Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты шығармасынан үзінді келтіре отырып, өзекті тұжырымдар жасалынады. Ана мен бала бейнесінің сол қоғамдағы және қазіргі қоғамдағы құндылықтары бір екенін талқылай отырып, ананың және баланың тұтас образы сомдалып, тұжырымдалады. Б.Соқпақбаевтың шығармасындағы және қазіргі қоғамдағы ана мен бала бейнесінің ұқсастығы нақты көрсетіледі. Кейіпкерлер психологиясы образдар жүйесі арқылы талданады.

Кіріспе. Б. Соқпақбаев шығармаларының қай-қайсысын алсаңыз да ауыл көрінісі, ауыл адамдарының бейнесі, мінез-құлқы, табиғаты шынайы суреттеледі. Жазушының бейнелеу, суреттеу қабілеті өте жоғары. Өз кейіпкерлерінің портреттерін шебер суреттеп, балалық шақты шынайы сүйіспеншілікпен бейнелейді. Дана халқымыздың «ізгілік атаулының бәрі күннің нұры мен ананың ақ сүтінен жаралған, дүниеде ана махабатынан қасиетті нәрсе жоқ» демекші Б.Соқпақбаев шығармаларындағы аналар портреті, аналардың рөлі шығарманың басты арқауы болып табылады.

Жазушының 1960 жылдары жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» повесінде 30-шы жылдардағы қазақ ауылының қиын тұрмыс-тіршілігі, сол кезеңдегі оқиғалар, кішкентай кейіпкердің бастан кешкендері яғни автордың өз тағдыры суреттеледі.

Қазақ балалар классигі атанған Б.Соқпақбаев өзінің саналы ғұмырында бар күш-жігерін балалық шақты шынайы суреттеуге арнаған жазушы.

Қаламгердің қай шығармасы болмасын, балалық шақ пен жасөспірім шақ аралығындағы және жастық шаққа қадам басар аралықтағы уақытты толықтай қамтып, кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз мінездерін, әрекеттері мен қылықтарын көркем бейнелейді. Алаңсыз балалық шақты қызықты әңгімелейді.

Негізгі бөлім. Жазушының барлық шығармаларындағы әрекеттердің ортасында өзің жүріп, өзің бастан кешіргендей сезінесің, өйткені шығармаларының өн бойында шынайы тарихи шындықтар, қазақ халқының тауқыметі көп өмірі еш боямасыз беріледі. Қандай қиыншылық болмасын мойымай, еңсесін биік ұстап ерлерше еңбек еткен, баласының бақытын ойлап, баласы үшін отқа да, суға да түсуге даяр аналардың жарқын бейнесі көркем бейнеленеді.

«Жаз. Жайлау. Шұбала қонған киіз үйлер. Қанаттас бір ауылға апам мені жетелеп, қыдырыстап келген. Үш-төрт әйел үйде шәй ішіп отыр, мен сыртта асық ойнаған балалардың қасында қызықтар қарап тұрмын. Ересектеу баланың бірі иығымнан жұлқып:

– Әне, сені тастап, шешең кетіп бара жатыр!

Ауылдың ортасын қақ жарып, тарам-тарам соқпақ жол өтеді. Сол жолмен түйеге мінгескен екі әйел кетіп барады. Екеуі де кимешек киген. Артындағысы аумаған менің шешем. Мені бөтен ауылда қалдырып, жөнep барады.

Мен шешемнен өлмей қалармын.

– Апа! Апа! – деп, артынан қуып бердім. Құлындаған даусым құдайға жетіп, бақырып жүгіріп келем. Аяулы шешемнің маған бұрылып қарағысы да келмейді.

– Апа! Апа!

Бақырудан өңешім жыртыла жаздайды. Жол шетіндегі үйлердің адамдары бәрі маған қарап қалған. Тек шешем ғана қарамайды. Ұзын аяқтарымен тайрандай желген жүрдек түйе онайлықпен жеткізбейді.

Бір әйел көлденеңнен дауыстап:

– Әй, қатын, балаң жылап келеді! – деді.

Шешем енді ғана маған жалт бұрылып қарады. Сөйтсем, шешем деп жылап келе жатқан адамым мүлдем бөтен... Алдындағысы да мен танымайтын басқа әйел. Өз шешем сол әлгі шай ішкен үйде отыр» [1]. Шешесіз жапанда жалғыз қалатындай көрінетін бала психологиясынан сыр шертеді. Анасы жанында болса төрт құбыласы түгел сезінетін бақытты бала көңіл! Онере де Бальзактың: «Ана көрегендігінің теңдесі жоқ. Ана мен баланың арасын көзге көрінбейтін тылсым сырлы жіп жалғап тұрады» деген керемет сөзі осы көріністің жауабы іспеттес. Ана алақанының жылуын ешқандай дүние алмасыра алмайтыны анық.

«Бір кезде шешем кіріп келді. Мені көріп, жылап бас салды. Неге жылайтынына түсінбеймін. Сөйтсем, шешем мені аяқ астынан жоғалтып алған. Бүкіл ауылдан іздеп таппаған. Суға ағып кеткен деп ойлап есі қалмаған». Бұл аз болғандай, «Кешкі уақыт. Мен әжемнің мойнына асылып, мазасын алып ойнай бердім. Қазандықтың алдында жайнап жатқан отты көрсетіп:

– Ана отқа түсесің, қой, - дейді. Қой деген сайын ерегісіп кетемін. Арт жақтан жүгіріп келіп, мойнына асыла кетем дегенде Бөпке әжем еңкейіп қалсын. Мен екпінмен ары асып, домалап түсейін. Жайнап жатқан қызыл шоқтың тура үстіне құладым. Отырғандар шу ете қалды. Әсіресе, шешемнің даусы ащы шығып кетті» [1]. Табаныңа кірген тікен маңдайыма қадалсын деп жанын

бала жолында ойланбастан құрбандыққа шалар ана жүрегінің баласы үшін жаны шырылдаған жан қиналысын көркем суреттейді. Әйел болмысының қадір-қасиетін, ананың сәбиге деген шексіз махаббатын тереңнен толғап, жан әлеміндегі құбылыстарды, ана жүрегінің перзентім деп соққан дүрсілін, ананың балаға деген тау суындай сарқылмас ыстық сезімдерін табиғи суреттеп, осы жолдардан ана жанын, көңілін жан-жүрегімізбен сезінеміз. Психологиялық иірімдері терең, шынайы баяндалатын шығарма, оқыған сайын өзіне баурап алады. Анасының мәңгілікке көз жұмар кезінде жанталасып өзін іздегенін, «Әлгі Бердібек қайда? Бердібек... шақырындаршы» деп сандырақтап жатып, көз жұмғанын, соңғы лебізін ести алмай, өкініште қалғанын, енді өмірден қарманар сүйеніш таба алмайтынын, Беркенім деп еркелететін аналық мейірбан сөзін ешқашан ести алмайтынын, «жетім» деген суық сөздің мағынасын енді түсіне бастағанын, адамның ар-ожданын тілдеуге де дүниеде бұдан қатал, бұдан аяусыз сөз болмайтыны туралы кейіпкердің (автордың) ішкі жан күйзелісі мен ой-пікірі жазушының басты көркемдік әдісі. «О, қасиетіңнен айналайын қара талқан! Сен де мені тұлықтастан артық болмаса, кем зығыр еткен жоқсың-ау. Туғаннан көзімді сенімен аштым. Аузым алғаш асқа талпынғанда апам бөкпен етіп талқан берген» [1]. Шығармадағы осы үзіндіден қазіргі күнмен салыстыруға болмайтын элеуметтік жағдайды көреміз. Жазушының қара талқанды қасиетке балап, қастерлеуі қандай әдемі. Қазір барымызды бағалап жүрміз бе? Асты қастерлеуімен қатар, апасының махаббатын көрсетуі жазушының зор шеберлігі емес пе? Бұл үзіндіден ана махаббатын да көре аламыз. Бөкпен атауы көпшілігімізге түсініксіз екені жасырын емес қой. Ол – сүтке бөктірудің нәтижесінде жасалатын тағам. Соны ас ішуге енді ғана жараған баланың аузына апасының тосуынан үлкен мейір-шапағатты көре аламыз. Себебі ол кезде қолда бар нәрсе сол болды ғой. Қай кезең, қай қоғам, қай заман болса да, баласының аузына барын тосатын ана бейнесі өзгермек емес. Шығармадағы талқанға қатысты үзінді тек бұл емес. «Талқан, талқан, талқан» деген қайталауы көп үзіндіні жиі кездестіреміз. «Көркем шығармадағы поэтикалық уақыт осы туындының поэтикалық кеңістігі де болып табылады. Көркем образ осы бір өлшемдердің

аралығында қалыптасады», - деген З.Жұмағалиевтің пікірімен келісуге толық негіз бар. Себебі «Балалық шаққа саяхат» шығармасының да поэтикалық кеңістігі мен авторлық шешімі бар. Ана мен баланың әр оқиғасында өмір көрінгенімен, авторлық көркемдеу бар. Бұл шығарманың көңілдерден орын алуының да себебі сол [2].

Шығармада шешесінің ебіл-дебіл жылаған сәті әркімнің де көз алдына келеді. Бұл көз жасы «махаббаттың жасы». Ананың балаға деген ұлы сезімі мен жылтулығы болмаса, баласын жоғалтып алдым деген ой оны жылатушы ма еді? Жылатпас еді. Қазіргі психологияда ананың көңіл-күйі мен жағдайы балаға тікелей әсер етеді деп жатады. Ал бұл шығарманы терең түсініп, мәніне жетіп оқысақ, ана мен бала қарым-қатынасындағы нағыз психологияны, бір жағынан жазушының шеберлігін көреміз. Шешесінің ауырып, өзі сияқты талқанды бірдей жұта салмайтыны баланың өзегін өртеген жоқ па? Соны ұғынған баланың шешесіне жаны ашымайды дей аламыз ба? Аурушаң анасын сөзсіз-ақ түсініп отырған баланың күйі суреттеусіз-ақ жүрекке жетті. Қазіргі заман оқырманының жүрек түкпіріне шүкіршілік орнатты. Ал баласының бар бұзықтығын көтеріп, жарасын таңған ана сезімінің асқақтығын өлшеу де, сипаттау да мүмкін емес. Аналардың баласына деген адал мейірімін бір ғаламат дер едім. Бұл мейірім өзгермеген, өзгермек емес. Бұл шығарманы айна-қатесіз шынайы өмірден алынған деген пікірлер де жоқ емес. Сонау балалық шақтан сыр шертуге жазушыны жетелеген осынау махаббат, осынау мейір-шапағат болар, бәлкім? Әйтпесе қара талқанмен күнелтіп, қиындықты көп көрген бала күнді сағынуға не жетелесін? Жазушы сол күндердің өзінен бақыт көре білді ғой. Балалық бұзықтығы мен жоқшылықпен өткен күндерін жайып салудан да жасқанбады. Сонысымен биік болды.«Көркем әдебиет жастар тірлігін суреттегенде сыры мен сымбаты үйлескен жаны сұлу, мұраты асқақ жігіттер мен қыздардың барша ұнамды қасиеттерін жинақтап, нанымдылық дәрежеге жеткізе көрсетуі, ол үшін суреткерлік шыншылдық психологтік жітілік, ең бастысы, шаттыққа бермес әдемі мұң, әдемі үміт, кәусәр мөлдірлік керектігі, сонда ғана көркем образдардың табиғи, таза болмысы бағалы екені мәлім» [3] – деген Б.Майтановтың пікірімен

келіспеске болмайды. Дәл осы пікірге сүйене отырып, шығарманы былай талдауға болады:

Бұл шығармада нәп-нәзік, көркем түрдегі ана мен баланың мұны жатыр. Ол мұң сол кезеңдегі қоғамның әлеуметтік жағдайымен тікелей астасып жатыр.

Психологтік жітілікті жілігін шағып талдамасақ та, автор дәл мына нәрседе психологиялық талдау мен ой-пікір бар деп нұсқамаса да, бұл шығарманы тұтас психологизмге құрылған десек артық айтпаған болар едік.

Ананың әдемі мұны ше? Баласының бар бұзықтығы мен оғаш қылығына көз жұма қарап, оның болашағына артқан үмітінің өзі кәусәр мөлдірлік емес пе?

Демек бұл шығармадағы ана мен бала бейнесінің көркемдік образы ашылды. Табиғи болмыс, таза бейне ретінде көрініс алды. Оқырман жүрегіне сол арқылы жол тапты.«Қаламгердің кейіпкерлері өз кезіндегі саясат ықпалына бағындырылмаған, тек қана қоғам сипатын дәріптеу, мадақтау мақсатында емес, адам тағдырына, қандай қоғамда өмір сүруіне қарамастан, адам тағдырының түрлі қалтарыстан ақтара көрсетуге бағыттала сомдалған кейіпкерлер еді» [4]. Е.С.Адаеваның осы пікірі Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» атты шығармасының мазмұнын ашып тұрғандай-ақ. Себебі бұл шығармадағы мәселелер, әсіресе ана мен баланың оқиғалары тұтас бір тағдыр. Адамгершілік, махаббат, мейірім сынды сезімдері осы кезеңде де көрініс алып тұр. Бұлар келесі ғасырда, тағы бір жүз жылдықта да қажет болатын құндылықтар. Сондықтан кейіпкерлер бейнесі қоғам дағдарысының астарында бүркемеленіп қалмауға тиіс. Сондай қиын кезеңдегі оқиғалардың асқан шеберлікпен суреттелуінің өзінде бір мән бар.

Қорытынды. Қорытындылай келе, «Балалық шаққа саяхат» повесіндегі ана мен бала бейнесі қандай дағдарыс болмасын, ананың аты ана екенін дәлелдеді. Ұлы, асқақ, мейірімді, дана, баласына қауіп төнсе жанын беруге даяр, бір жерін ауыртса баласымен бірге жаны ауыратын, жұмсақ бола тұра қатты кейіпке ене алатын ананың образын көре алдық. Ал баланың бейнесіне келер болсақ, ерік-жігерін бойына жиып алып, анасының күйі тұла бойына сезіліп тұратын сезімталдықты көреміз. Талдау жасай отырып байқайтынымыз, бала образы бұл шығарманың

айналасында ғана осындай боп қалмайды. Б.Соқпақбаев тұтас балалықты сипаттап берді. Әр адамның бала бейнесін сомдап береді. Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» шығармасын оқығанда бала күнін есіне түсіріп, көз жасын сығып алатын оқырмандардың бар екені анық. Бұл образдың ашылғандығының айғағы. Бала біткеннің балалық бұзықтығынан, арман-тілегінен, анасынан ұрыс естіп алатын сәттерінен, анасының мұңын ұққанда күйініп қалатын, қуанышын сезінгенде шаттанып алатын кездерінен хабар береді. Бала күндегі естелік күйбең тіршіліктен бір сәт дамылдатып, сезімге ерік беруге көмектеседі. Мұның бәріне бойлатқан ана мен бала бейнесі.

Ана – әрқашан ана. Бала – әр кезде бала. Қылығы мен бұзық қалпы арқылы әрбір ана үшін дара боп қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бердібек Соқпақбаев Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы» - Т.2: Повестер. - 1987 ж. – 432 бет.
2. Жұмағалиев З. «Шындық және көркем әдебиет». – Қарағанды: ҚарМУ, 1993. - 216 б.
3. Майтанов Б. «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі». – Алматы: Ғылым, 1982. - 254 б.
4. Адаева Е.С. «Авторлық ұстаным және өмір шындығы» мақаласы, 2017.

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Картаева Ү.М., Хасенова Л.Н.

*«Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Өскемен қаласы*

Аңдатпа. Мақалада мектеп бағдарламасында ақынның қарасөздерін оқытып қана қоймай, асыл қазынамыз екенін шәкірт жүрегіне қондыру, болашаққа берері мол дүние екенін ұғындыру көзделеді. Абайдың қарасөздерін орта мектепте оқыту барысында ғылыми-әдістемеліктің ұтымдылығы мен тиімділігі көрсетіледі. Абай қарасөздерінің тақырыптық-идеялық

ерекшеліктеріне тоқталып, қарасөздің адамгершілік тәрбиедегі орны мен маңызы талданып беріледі.

Кіріспе. Абайдың қарасөздері мен нақылдары - ақын творчествосының елеулі саласы, өлеңдерімен мазмұндас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығармалары. Сонымен бірге, әдеби жаңа түр, алғаш көрінген проза, публицистика. Ақынның тереңнен толғаған озық ойларының шынайы туындысы.

Көңіліндегі көрікті ойдың өңін қашырмай халыққа жеткізу, өнеге қалдыру, ақыл айту, оны терең толғанды, қиялы қанағаттанып, шабыт биігіне көтерілді. «Ақыры ойладым,- дейді Абай,- осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, «керегі жоқ» десе, өз сөзім өзімдікі». Осы ойға кіріскен Абай, өзінің көтерген мәселесін ұзақ желіге құрып, оқиғасын көркем бейне арқылы ашуды мақсат қылмайды. Ол өзінің айтпақ болған ойларын, өлеңдерінде көтерген мәселелерін көлемі шағын, мазмұны бай, сөзі орамды, тілі өткір қарасөздер арқылы қысқа ғана әңгімелеп береді.

Жанрлық іздену жолында ол шығыстың ғылыми трактат, тастих ретіндегі шағын үлгілерін, Жәмидің қарасөзді ғақлияларын есте ұстағаны даусыз.

Негізгі бөлім. Өзге қырық бес сөздің ішінде көлем жағынан ең мол шығарма бұрын Абайдың қолжазбаларында «Ғақлиат тасдиқат» деген атпен бөлекше көшіріліп жүретін дін, мораль мәселелеріндегі Абайдың бір үлкен ой-толғауы болады. Бұл – Отыз сегізінші сөз. Осыдан соң қарасөзбен жазылған мысал, өсиет есебіндегі Сократ пен оның шәкірті Аристодим әңгімесі. Бұл – Жиырма жетінші сөз. Көпшілік қарасөздерден және де өзгешерек қалыптанған Абайдың Отыз жетінші сөзі. Бұл бөлімше өзге қарасөздерден тұтас құрылған афоризмдер саналады.

Абайдың қарасөздерін негізінен прозаның шағын түрі деп атау керек. Абайдың қарасөздерінде шағын прозаның мынадай түрлері бар:

1. Өсиет ғақлияға Абайдың адамгершілік мораль, мінез-құлық туралы мысал жөнімен келетін өсиет мазмұнды эссе ретіндегі сөздері және діни ғибрат ретінде жазған біраз

дидактикалары жатады. Олар: «Он үшінші», «Жиырмасыншы», «Жиырма сегізінші», «Отыз сегізінші» сөздері деуге болады.

2. Тастих (утверждение) немесе философиялық трактат. Бұған Абайдың философиялық ойларын, дүниеге көзқарастарын білдіретін ғылыми пікірлер айтқан эсселері жатады. Мысалы, «Жетінші сөз» «Он жетінші сөз», «Қырық үшінші сөз», «Қырық бесінші сөз».

3. Нақыл тұспал сөз. Қарасөздердің ішінде «Отыз жетінші сөзде» афоризмдері көп.

4. Әңгіме, кеңес ретіндегі диалог, монологтарында Абай кейде екі адамды не адам мүшелерін сөйлестіріп, кеңестіреді. Мысалы: «Төртінші», «Бесінші», «Сегізінші», «Тоғызыншы», «Онынышы», «Он екінші», «Он алтыншы», «Он тоғызыншы», «Жиырма бесінші», «Жиырма жетінші», «Отыз бірінші», «Отыз екінші», «Қырқыншы» сөздері.

5. Публицистикалары: «Бірінші», «Екінші», «Үшінші», «Он төртінші», «Жиырма төртінші», «Жиырма алтыншы», «Жиырма тоғызыншы», «Отыз үшінші», «Отыз тоғызыншы», «Қырық бірінші», «Қырық екінші» сөздер және «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» мақаласы.

Абай қазақтың болыс, билерін келеке етті, елдегі қырсыздық, енбексіздік, надандық, діншілдік тағы басқа жағымсыз істерді сынай сөйлеп, «Алтыншы», «Он бірінші», «Он төртінші», «Жиырма екінші», «Жиырма тоғызыншы», «Қырық бірінші» сөздерінде публицистиканың сын-сатира, эссе, очерк, мақала, памфлет жанларын әдебиетке әкелді.

Абайдың қарасөздері тек жанры - прозалығы жағынан ғана маңызды шығарма емес, сонымен бірге, ол өзінің тілі, стилі жағынан да аса маңызды еңбектер.

Абай қарасөздерінің мазмұндық тақырыптары

№	Тақырыптары	Қарасөздері
1	Абай жазуға қалай кіріскені туралы айтады. Бұнда өмірбаяндық дерек бар және өзінің жалпы шығармашылық еңбегіне ойлы түсінік береді.	Бірінші қарасөзі

2	Қазақ, ноғай (татар), сарт (өзбек), орыс сияқты көршілес халықтарды, олардың кәсібін салыстырады.	Екінші қарасөзі
3	Бұнда қазақ сахарасын билейтін әкімдер, тергеуші билер, соттар туралы сөйлейді. Сол күндегі ел тірлігінің қайшылық, ауыртпалықтарын молайтып отырған патшалық өкімет туралы да ой қозғайды. Болыс атаулының елге сор болатын тынымсыз сойқанды мінездерін әшкерлейді.	Үшінші қарасөзі
4	Күлкі туралы ойлаған ойлары мен сынын айтады.	Төртінші сөзі
5	Қазақтың кейбір мақалдарын сынайды. Халық санасының өзіндегі надандық қараңғылықтың салдарынан туатын мінді мінез, кемшін ой айыпты әрекеттерді шеней өтеді, мал үшін кешетін адамдарды үлкен қиялменен сынап айыптап түземек болады.	Бесінші сөзі
6	Абай ел мінезін көптен-көп сөз етеді. Мұнда бірлік жөнінде, ол ақылды болыс-би сияқты ел әкімдерінің «пара алмайтыны» жөнінде әжуа айтылады. (Алтыншы, Сегізінші сөздерде) Осы қатарда мінез жайын айта келіп өтірік, батырсынған бояма мінезді сынау адамдықты үгіттеу Ел мінезін сынайтын сыншыл – реалист ақын кейде бұрынғы өлеңде қолданатын қатты сатираны өзіне үлгі етеді.	6, 8, 9, 10, 14, 23, 26, 29, 33, 39, 40, 41, 42 және 43-сөз
7	Тағы да мақалды шенеу арқылы ел мінезіне үлкен сыншылдық жасайды.	Жиырма төртінші сөз
8	Кәсіп, еңбек иесі адамды бұзып, аздыратын салтты баяндайды. Ақын көп сұрақтар беріп отырып, қазақ қауымындағы адам мен адам арасындағы қарым- қатынасты сынай сөйлейді.	Отыз үшінші сөз
9	Ұрлық турасынан басталып, ұлықтарға қарсы оларды қатты әшкерелеген сыншыл ойын танытады. Халықтың, көпшіліктің өкілі болып отырған азамат жазушы жаңағай ұлықтар кесірінен бейнет шегетін ел үшін ширығып, ызалы турашылдық сөздерін сөйлейді.	11-сөз

10	Жас баланың психологиясын еске алып талдаған сөз баладағы білуге ұмтылу жақсы қасиет екенін атаумен бірге үлкеннің надандығы сол жақсы баланы жаман тәрбиімен қорлап бұзғанын білдіреді.	Жетінші сөз
11	Дін мен мораль, тәрбие жайларын әңгімелейді. Ақын мұсылманшылықтың анық діндік үгітін айта отырып, оның өз оқушысына жеткізбегі – адамгершілік өсиеттер болады.	12, 13, 27, 35, 36, 38, 45-сөздерде
12	Адамгершілікті арнайы әңгімелейді. Бұларда ақын адамның адамдық қасиеттерін тере сөйлейді. Үлкен адамгершілік, ақтық, тазалық, азаматтық жөніндегі тәрбиелік ойлар айтылады.	15, 17, 18, 21, 22, 28, 30, 32, 34, 44-сөздер

Абай тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Ұлы ойшыл адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбиенің рөліне ерекше тоқтала келе, өзінің 19-шы қарасөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқанын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» - деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Абай сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетеді» дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған жағдайларға байланысты өзгеріске еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Абай: «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық», - дейді [1].

Абай жастарды тәрбиелеудің әр түрлі жолдарын ұсынды. Ол балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналардың өздері жақсы тәрбиеленген болуы керек екендігін ескертті. Тәрбиелі адам бойынан байқалатын ұят пен ар, ізгілік пен мейірім, имандылық пен инабаттылықты - ұждан деп айтады. Абай өзінің тәрбие жүйесінде ұждандық сипатқа ерекше мән берген.

«Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Ол мемлекеттік маңызы зор аса жауапты іс. Дені сау, сезімі сергек, ақыл-ойы жетілген «сегіз қырлы, бір сырлы» абзал азамат

өсіру ісі халқымыздың ғасырлар бойғы ой арманы болып келеді» [2].

Абай шығармаларындағы Адам белгілі бір қоғамдық ортада көрінеді. Абай өз шығармаларында дүниедегі сан түрлі қайшылықтарды, адал мінезіндегі оғаштықтарды, жақсылық пен жамандықты, шындық пен жалғанды қатар қойып, бір-бірімен салыстыра отырып, адамды надандықтан арылтып, адамгершілік қасиеттерді бойға сіңіруге баулиды.

Дүниені тану, ақиқатты білу, ғылымды меңгеру, Абайдың пікірінше, адамға тән қасиет болуға тиіс. «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуанның жаны болады», - деп жазды. Айналадағы дүниенің мәңгі қозғалыста, дамуда екенін былай түсіндіреді: «Дүние бір қалыпта тұрмайды, адамның қуаты, өмірі бір қалыпта тұрмайды. Әрбір мақұлыққа Құдай тағала бір қалыпта тұрмақты берген жоқ». Немесе «Дүние - үлкен көл, Замана - соққан жел», - дейді отыз жетінші сөзінде. Оның ойынша, дүниеде өзгермейтін, құбылмайтын мәңгілік ешнәрсе жоқ. Табиғатқа да, адамға да осы заң ортақ екенін айтады. Мәселен, отыз жетінші сөзінде: «Адам баласын замана өсіреді кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват», - деп жазды. Олай болса адамды адам етіп тәрбиелейтін оның ортасы, әлеуметтік ортасы, достары болмақ. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» - дейді. Қырық төртінші сөзінде: «Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса - жарамайды. Өлшеуің білмек - бір үлкен керек іс ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені де болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық - бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады», - дейді [1].

Қорытынды. Абай ұғымында әркім толық адам болуға ұмтылуы керек. Оның айтуынша толық адам, ыстық қайратты, нұрлы ақылды, жылы жүректі адам. Ғұлама ғалымның ойынша ақымақты оқытып, ақылды етем деу бекершілік. Оқу, білім ақылды кісіні ғана даналық деңгейіне көтереді. Адам баласына

игі қасиеттердің дені біліммен, оқумен, үнемі ізденумен келетіндігін еске салып отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. 2-том. - Алматы 1954. - 322 б.
2. Ахметов С. Бастауыш сыныптарда білім берудің тиімділігін арттыру жолдары. - Алматы: Рауан, 1994.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1985. - 20 т. – 496 б.
4. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері. Алматы, 1986. - 152 б.

БАБАЛАР СӨЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ КӨЗІ

*Сарбасова Индира Сергазиновна
ШҚО, Самар ауданы, «Көкжота орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Аңдатпа. Мақал-мәтел – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.

Әр халықтың мақалы мен мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі. Ол кез келген уақиғаның, мәселенің тұсында еске түседі, тілге оралады. Сөйтіп көп ойлануды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені жеп-жеңіл, оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіреді, ұғындырады.

Кіріспе. Қазақ фольклорының көне жанрларының бірі мақал-мәтелдер ата-бабаларымыздың өткен өмірінен мол мағлұмат беретін мұралардың қатарына жатады. Өйткені, халық сан ғасырлық тәжірибеден көрген-түйгендерін қорыта келіп, ұрпақтарына «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ұсынады. Адамзаттың өскелең өміріндегі қажеттіліктерді екшелеп, ел жадында өшпестей қашалады. Бейнелі кестелермен өрілген мақал-мәтелдерде халықтың наным-сенімі, әлеуметтік құрылысы, өмірлік қағидасы, дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі жан-жақты көрініс табады.

Мақал-мәтел қай халықтың болсын ауыз әдебиетіндегі көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрға жатады. Мақал-мәтелдер халықпен бірге жасайды. Біреулері ескіріп, қолданудан шығып, екіншілері жаңарып, туындап жатады. Мақал мен мәтелді де әуелде жеке адамдар шығарды. Оны біреуден біреу естіп, айтып таратады, өңделеді, өзгертіледі, сөйтіп, халықтық мұраға айналады. Демек, мақал-мәтелді де белгілі бір халықтың өмірде көрген-білгені, жасаған қорытындысы, ақыл-ойы деуге болады. Мақал-мәтел көркем шығармада көп қолданылады.

Ақын-жазушылар шығармаларында халық даналығын пайдаланумен бірге, сол үлгілермен өздері де жаңа мақал-мәтелдер шығарады. Мысалы, Ы.Алтынсаринның «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» - дейтін сөзі мақалға айналып кеткен [1,216.].

Мақал – нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіні, сөз мәйегі. Мақал, көбінесе, өлеңдік өрнекпен, сабырлы, салмақты ырғақпен айтылады. Қара сөзбен, шешендікпен айтылатын мақалдар да бар.

Қазақ – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, данышпандығын өнеге ретінде өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққанды үздіксіз үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне парықтап пайдалану дәстүрге айналған. Әсіресе қариялар мақалдап, маңызды сөйлеуді борышым деп санайды, онсыз қарт адамның сөзінің қадірі болмайды.

Отбасында ата-аналар бала тәрбиесіне лайықтап: «Ана тілін алмасаң, арың кетеді», «Әке – тірегің, ана – жүрегің», «Сабыр түбі – сары алтын», «Еріншектің ертеңі таусылмайды», «Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, асыңды тый», «Іс істесең, ретін тап», т.б. мақалдарды жиі айтады.

Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан, оған айтылатын ақыл-насихат, өнеге, өсиет әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болуы керек. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, ана тілін ардақтауға үйретіп, ой қисындарын сөз жүйесіне келтіре алу қабілетін дамыту үшін, ата-ананың мақалдап сөйлеуінің маңызы зор[2,156.].

Фольклордың басқа түрлері сияқты мақал-мәтелдер – халық оқулығы, өсиеті. Олар жастарды тәрбиелейді, жамандықтан

сақтандырады. Ең алдымен қарапайымдылыққа, ұйымшылдыққа мейлінше, еңбекке, ерлікке баулиды. Адалдықты, адамгершілікті мақтап, насихаттай отырып, оған қарама-қарсы арамдық, қараулық, өтірік-өсек, жалқаулық, ұрлық, екі жүзділік секілді жарамсыз мінез-құлықтар сыналады.

Мақал-мәтел – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні [3,66.].

Негізгі бөлім. «Тіл – халықтың ең ұлы байлығы» деген еді заманымыздың көрнекті жазушысы М.Шолохов. Тыңдаушы адамға тіл, әрине, сөз арқылы жетеді. Халқымыз «Сөздің көркі – мақал» дейді. Тарихи-әлеуметтік өмір тәжірибелерінен алып, терең де зерделі тұжырым жасап, асылдай қорытып, алмастай шындап айтатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді (нақыл сөздерді; қалыпты, орнықты, қалыптасқан тіркестерді; афоризмдерді; ұтымды, жинақты, образды, айшықты өткір сөз орамдарын) халық өлшеусіз көп шығарған. Әрбір тіл де, сол тілде сақталып жүрген сөздің інжу-маржаны да – атам заманнан бері жасалып келе жатқан өте көне мәдениеттердің көзі. Ол халықпен біте қайнасып, бірге жасайды. Сондықтан да ол – ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі. Мақал-мәтел – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тәжірибесінен қорытып ереже, өмір заңы түрінде тұжырымдалған аталы сөз халықтың ой түйіні.

Мақал-мәтелдер – халық творчествосының төл жемісі. Әуелі әрбір жеке адам ойлап шығарғанмен, жүре-бара олардың авторы ұмтылып кетеді де, жұрт сынынан өткендері халық қазынасына – фольклор (ауыз әдебиетінің) шығармаларына айналып отырады. Осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе «халық даналығы» деп аталады. Көне түркі тілдерінде «аталар сөзі» деп атайды, яғни бұл – атадан «атадан балаға мирас болып келе жатқан қазына» деген сөз [4,366.].

Халық – суреткер. Ол өз өмірін, табиғат аясы мен өз ортасын жан-жақты сипаттап беріп отырған. Мақал-мәтелдердің ұзын-ырғасы мен мазмұн-көлемін түгел қамтып суреттеу мүмкін емес. Табиғат көріністері мен тарихи уақиғалар саяси-қоғамдық

құбылыстар мен тұрмыстық жағдайлар (еңбек, оқу, өнер, білім, отбасы, тәрбие т.б.) моральдық қасиеттер (жақсы-жаман т.б.) тағы басқа да толып жатқан тақырыптар туралы лайықты мақал-мәтелдер шығарылған.

Мақал-мәтел ойды қысқа да ұтымды, өмір тәжірибесін туғыза айтатын сөздер. Онда ел, халық, Отан, ерлік, бірлік, өнер-білім, еңбек, отбасы, бала тәрбиесі, төрт түлік мал, жан-жануар, ас-азық, ауру-сырқау, дау-шар, жақсылық пен жамандық, адамгершілік парыз жайында айтылған өнегелі сөздер өте көп. «Туған жерге туын тік», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі», «Ел іші – алтын бесік» дейтін мақалдар ертедегі батырлардан бастап, Отан соғысы күндеріне дейін елді ерлікке шақырып, патриотизмге баулыған асыл сөздер болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтың сансыз ұлдары еліміздегі басқа да туысқан халықтардың өкілдерімен майданда асқан ерлік, қаһармандық көрсетіп, фашизмді күйретті. Қазақ мақалында «Ырыс алды – ынтымақ», «Бірлік болмай, тірлік болмас» сияқты толып жатқан мақалдардың тәрбиелік мәні зор.

Мақалда бала тәрбиесіне де үлкен мән берілген. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Қызды асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді», «Сіз» деген сыпайылық, «сен» деген «анайылық» деген мақал-мәтелдердің мәнісі жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім-өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз сыбағасын алмақ.

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, адам мінезін, табиғат пен тіршілік сырын, оның қайшылығын таныта отырып, адамға терең ғибрат берген. Мақал осындай құбылыстарға берілген баға, ойдың тобықтай түйіні ғана емес, өзінше бір ереже.

Ұл мен қыз, жалпы мінезі қандай болуға тиіс дегенге де халық мақалы бұлжымас нұсқау береді. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Жақсы адам – ел ырысы», «Бір кісі мың кісіге олжа салар», «Ақ жүрген адам – азбас», «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында», «Кісі болар баланың кісенінен белгілі, ат болатын құлынның мүшесінен белгілі», «Тау тауға қосылмас, адам адамға қосылады», «Әдептілік – адамдық белгісі,

тұрпайы мінез – надандықтың белгісі» деп келетін мақалдардың тәрбиелік-этикалық мән-мағынасы әлі күнге өз күшінде.

Халқымыздың мақал-мәтелдерінің шешендігін лингвист В.В. Радлов былай бағалаған: «Қазақ ақындарының қабілетінің зор екеніне барған сайын көзім жете түсуде, қалай әсем сөйлейді. Айтқысы келгеннің бәрін тез түсіндіреді, қарсыласының да сөзіне шебер тойтарыс бере біледі, балаларының ақыл-ой, есі де тез жетіледі. Ойын дәл ұғындыра алады» [3, 64б.].

Халқымыздың мақал-мәтелдерінен оның ғасырлар бойы қалыптасқан даналығы көрінеді. Осындай қасиеттеріне қарай мақал-мәтелдерді тәрбие және оқу үрдісінде орынды пайдалану, еліміздің тарихын, тілін жетік білуде үлкен рөл атқарады.

Қазақ энциклопедиясында мақал-мәтелдерге төмендегідей анықтама берілген: «Мақал-мәтелдер – қазақ ауыз әдебиетінің ежелгі жанрларының бірі. Мазмұны халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, санасын бейнелейді, табиғат, қоғам, адам жайындағы ұғымдарын, сенімдерін түйіндеп көрсетеді. Дидактикалық шағын жанрлардың аз сөзбен көп мағына беретін ең қысқа және көркем түрі» [1, 146.].

Мақал-мәтелдер құрылысы жағынан ықшам, әрі көркем, мағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитын, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Халқымыздың ерте заманнан бері тырнақтап жиып, сақтап, атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасының бірі - мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдердің ауыз әдебиетіне жататын жанрлардан өзгешелігі, көне заманның мұрасы ретінде кітапханаларда, мұрағаттарда сақталып жатпай, оның өмір талабына сай жаңарып, толығып отыратындығында және күнделікті өмірге икемділігінде. Мақал-мәтелдер қай кезде болмасын халықты жақсылыққа, адамгершілікке, кішіпейілділікке, өнер-білімге уағыздайды. Бұдан, біз мақал-мәтелдердің тәрбиелік маңызы зор екендігін байқаймыз. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер – тіліміздің лексикалық қорын байытуға әсерін тигізеді. Жазба әдеби тілінің көркейіп өсуіне ауыз әдебиеті негізгі тірек болады [5, 286.].

Мақал-мәтелдер фольклор жанрының бір түрі. Осыған байланысты мақал-мәтелдер, біріншіден, халық ауыз әдебиетінің ерекшеліктерін бойына сақтаса, екіншіден, қазіргі жазба

әдебиетіне өзінің халық тілінде жасалған формасын ешбір өзгертпей еніп отыр.

Мақал-мәтелдердің табиғатының күрделілігі, оның көнелігі мен қолдану аясының кеңдігінде. Белгілі бір жағдайға, тақырыпқа байланысты шебер айтылған ұтымды, тиісті нақыл сөздер ауыздан-ауызға көшіп, ел арасына анау айтқандай, мынау айтқандай деп шешеннің есімімен қосарлана жүрген еді. Ал, кейін шығарушының есімі ұмытылып, ұтымды, орынды қолданылған сөздер халық сынынан өтіп, өңделіп, мақал-мәтелдерге айналып кеткен [5,76б.].

Мақал мен мәтел – қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы, халықтың тұрмысын, кәсібін, салтын, дүниеге көзқарасын бейнелейтін шағын поэтикалық жанр.

Қорытынды. Жоғарыдағы мысалдардан мақал-мәтелдердің бірнеше түрлі болатынын және жасалу әдістері де алуан түрлі болып келетінін аңғарамыз. Бірақ, бұлардың барлығына тән қасиет - өмір құбылыстарының мәнін, сыр-сипатын ашып, қорытынды жасауға бейімділігі. Мақал-мәтелдерді шығарушы, әрі таратушы – халық. Мақал-мәтелдер халықтың рухани бай өмірінен, ой-қиялынан, ақылынан туады. Халық – мақал-мәтелдерді өте жоғары бағалайды. Бұған дәлел ретінде: «Сөздің көркі – мақал», «Мақал – сөздің атасы» деген мақал-мәтелдерді мысалға келтіруге болады.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер жанры бұрынғы мақал-мәтелдердің жақсы да қадірлі қасиеттерін және өздеріне тән ерекшеліктерін бойына сақтай отырып дамып келеді. Фольклор жанры ішінде халық арасына ең көп тарағаны және ұзақ өмір сүретіні де осы мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер бір дәуірдің жемісі ғана емес, олар халықтың тарихымен тығыз байланыста. Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасы.

ӘДЕБИЕТТЕР :

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 187б.
2. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: Білім, 2009. – 270б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1989 – 325б.
4. Әлімбаев М. Өрнекті сөз - ортақ қазына. – Алматы: Білім, 1967. – 185б.
5. Әлімбаев М. Халық ғажап тәлімгер. – Алматы: Білім, 2001. – 168б.

СҮЙІНБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АДАМГЕРШЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

Бертаева Гулаш Есимбаевна
№148 мектеп-гимназияның қазақ
тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы

Аңдатпа. Сүйінбай ақын өмірден көрген білгендерін жырмен шашу қылып, кейінгіге мол мұра, қомақты көркем қазына қалдырды. Ақынның сұлу да сырлы жырлары уақыт сынынан сүрінбей өтіп, қалың оқырманның қызыға, құмарта іздейтін рухани сусынына айналды. Сүйінбай Аронұлы - қазіргі қазақ поэзиясындағы айтыс өнерінің дамуына өзіндік үлес қосып, көркемдік жаңалықтар, өзгеше қаламгерлік мәнер, машық әкелді. Замандас ақындармен бір бағытта, бір мақсатта қазақ өлеңінің мазмұнын тереңдетіп, пішінін жетілдіруде де зор үлес қосты.

Кіріспе. Сүйінбайдың даңқын елге жайған, ауыздан ауызға тараған шығармаларының бір шоғыры – өз кезіндегі хан-қара, би-төре, бай-манаптарға, көз көрген замандастарына қарата айтылған өлеңдері. Бұл өлеңдері, ол бір жағынан – елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын табанды да турашыл азаматтың тұлғасын танытып отырса, екінші жағынан – айтар ойын ұрымтал образ, ұтқыр ой арқылы жеткізуге шебер ақынның тегеурінді қарымын танытады. Кез келген біртуар дарын иесі сияқты, Сүйінбай да шапағат нұрын алысқа шашқан, өзіндік мектеп қалыптастырған, үлгі-өнегесін өкше басар ұрпағына жұғысты ете білген құнарлы ақын. М. Әуезовтың «Сүйінбай – Жетісу ақындарының алтын дінгегі» деп нық сеніммен айтып кеткен.

Сүйінбайдың ақындық дарынының алтын бесігі халқының ежелден қалыптасқан өнерпаздық дәстүрі. Құнарлы сөз, кесек ой, келелі уәж оның поэзиясына, эпикалық қарым, көркемдік сипат дарытып отырады.

Сүйінбайдың ақындық мектебі жайлы ғалым Х.Сүйіншәлиев: «Жамбылдан басқа ақындар да Сүйінбайды өздеріне ұстаз тұтып, оның таланты алдында бас иген» [1,105б.], – деп тұжырымдайды. Жоғарыдағы аталған зерттеуші ғалымдар адуын ақынның поэзиясын жоғары бағалап, Сүйінбайды таптық

айқын сара бағыты бар өз алдына бөлек, бүтін бір ақындар шоғырының басында тұрған жыр алыбы деп санайды.

Сүйінбай өлерде айтқан бір өлеңінде мұрасының қағаз бетіне түсіп, жазылып қалмағанына өкінеді. Өзі қайтыс болғаннан кейін өлеңдері елдің есінде қалмай, өзімен бірге жойылып кете ме деп қауіптенеді. Өлеңінде ақын кесір мінезді Жұмыққа реніш те білдіреді. Олай болуының себебі халық ақыны Ә.Сариев былай түсіндіреді: «Аурудың батқанын сезіп, енді айықпасына көзі жеткен Сүйінбай ағасы Жұмықты қасына шақыртып алып, өзінің өлеңдерін жаздырып кеткісі келетінін айтады. Ол үшін – елден хат білетін төрт адам тауып әкел, солар менің айтқанымды жазып алсын» [2], – дейді. Бірақ, тағдырға бас иген, өнерге бейтарап Жұмық бұл сөзге құлақ аспайды. Қайта оның сөздерін ауру сандырағы деп түсініп, Сүйінбайға «Құдай алдында күнәлі болмай, жөніңмен жатып, тағдыр бұйрығын қарсы ал», – деп ақыл береді. Жұмықтың осындай тоң мінезін сынай айтқан Сүйінбайдың «Жұмыққа» деген өлеңі былай басталады:

Атың емес, Жұмық – ай, ойың жұмық,
Бір басыңнан шығады нелер қылық.
Сүйінбайдың аты бар, өлеңі жоқ,
Жүргендей боп кеттім – ау көзім жұмып,
Сүйінбайды апарып көмгеннен соң
Отырарсың жотада жалғыз ұлып.
Өмірді келген, кеткен аңдамайсың,
Адамның болашағын болжамайсың.
Асыл сөздің білмейсің қасиетін
Жаман ойға келгенде талғамайсың,
Қияс мінез, томырық от пен жалын
Қайтейін осыныңа арланбайсың,- [3,305б.].

Ақынның қолда бар шығармаларын түгелдей қарастырсақ, оларды негізгі үш салаға жатқызуға болады. Олар: толғаулар, арнаулар, айтыстар.

Негізгі бөлім. Бірінші саласына ақынның жиырма шақты толғау – жырлары жатады. Оның мазмұны шет жұрттық басқыншыларға қарсы қол бастаған қазақ батырларының ерліктерін жырлау, өмір сырларын ақтарып, дүние - әлем, бақ –

дәулет, талап – талғам, өзгерістерін толғау. Өмір – қоғам құбылыстарын байқаған, дүние, әлем, адам, оның орны туралы толғанысы терең:

Дүние – ескі сарай – ды,
Жолаушы жүрген азамат
Көркіне оның қарайды,
Сондадағы тауарих
Көшіп өткен керуендей,
Аттандырған талайды.
Өміріңнің орағы
Қуанба көріп жаңа айды [3,307б.].

Екінші бір шығармасында әрбір тіршілік иелерінің өз орны, барар жер, шығар тауы, өсіп - өнер ұясы, ұшып – қонары болатынын ескертеді. Үлкен өмірден адам өз орнын тауып, әлі келгенінше, халық үшін қызмет етуге тиіс деп біледі.

Аққу ұшса, көлге кетеді,
Көпір бұзылса, селге кетеді.
Мал – жан біткен бәрі де,
Өсіп - өнген жерге кетеді...
Халқыңның күні саған түсті,
Әділетті жан болып,
Басқара бер,
Басыңа салған істі.

Ақын шығармаларының бұқарашылық беті, әлеуметтік сыры айқын. Оның жүрегі елім, халқым деп дүрсіл қағып, тыным таппайды.

Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кесе де болмадым.
Құтылып жарлы кеткенше,
Зорларды сөзбен торладым.

Ел еңсесін көтерер ерлік, батырлық екенін айта келіп, сол батырды тудырып, баптап өсіретін ел керек, ерге сай елі, еліне сай ері болса ғана іргесі тегеурінді, мықты деген ойын ақын былайша береді:

Ер қадірін ел баққан
Ерлер білер деген сөз.
Зер қадірін зер баққан
Зергер білер деген сөз.

Ақын ерлікті, жауға мейірімсіздікті әр тұста жырлап, жастарды батырлар үлгісінде тәрбиелейді.

Самғай жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса.
Жау десе батыр киінер,
Тоқталмас кегін алмаса.
Ел елдігі болмаса,
Ерменен жауға бармаса,
Елшілігі бұзылмас,
Өз жерін жаудан қорғаса [3,306б.].

Сүйінбай шығармалары – образды, сұлу суретті жырлар. Онда терең мазмұнға сай көркем бейне, сом тұлғалар дараланып, көркемдік шыңға көтеріледі. Әсіресе, үстемдер бейнесін жасауда олардың типтік мінездерін танытарлық суреттер қонымды бояулар арқылы реалистік өнер дәрежесінде тұлғаланады. Ал датқа, ұлық, болыс, би, ояз сияқтыларды суреттеуде Сүйінбай Абайдың “Болыс болдым, мінекей!” сияқты классикалық шығармасы дәстүріне лайық, соған пікірлес стильде тамаша сатиралық туынды жасайды.

Адам мінезін жасауда Сүйінбай өзі тұстас көркем сөз шеберлерімен бәсекеге түскендей. Махамбеттің Жәңгірге, Шернияздың Баймағамбетке, Жанақтың Рүстем төреге, Шөженің Бәйтiкке айтқандары сияқты Сүйінбайдың төре-сұлтандар алдында айтқан тебіреністері – үндес те мұндас, түрі-тілі, стилі де бір қалыптас шығармалар.

Хан емессің, қиықсың,

Қалың елді айдап жеп,
Теріңе зорға сыйыпсың,
Ұры – қары, залымның,
Жаныңа бәрін жиыпсың [3,301б.],

- деп басталатын Сүйінбай тебіреністері “Хан емессің қасқырсың”, “Мен едім” сияқты Махамбеттің жалынды жолдарына пара – пар өжеттік пен өткірлікке толы шығарма.

Халқына қызмет еткендей ақылды адам басшы болса игі деген армандарын да білдіреді:

Халыққа жайлы хан болсаң,
Өкпе, жүрек қолқамсың,
Көп жұлдыздың ішінде
Жеке туған шолпансың.
Әділеттен тайсаңыз –
Екі көзі қанданып,
Жегеннен басқа білмеген
Тоғайда жүрген қорқаусың [3,306б.].

Халыққа төремін деп көкірексіп жүргендердің бірі хан емес, момын елге шапқан қасқыр, енді бірі төре емес, төбеде ұлыған төбет бейнесінде екенін Махамбет пен Шернияз поэзиясы анықтап берген-ді. Ал, Сүйінбай осы алып ақындар дәстүрін білгірлікпен жалғастырды.

Сүйінбайдың әрбір арнау өлеңдері - өзінің осы бір өжет, өткір қасиеттерімен мәнді, дәуірлік шынайы шығармалар. Ақынның бұл саладағы өлеңдерінде қазақтың әлеуметтік қоғам өкілдері бірінен соң бірі топ-тобымен бой көрсетеді. Әсіресе, пейілсіз сараң, адамгершілігі төмен жандар тізбектеліп, көз алдыңнан топ-тобымен өтіп жатады.

Ақынның «Жақсы менен жаманның айырмасы» мен «Нақылдары» - көтерген мәселелері жағынан тікелей тәрбиелік мәні бар шығармалар. «Жақсы мен жаман адамның айырмасы» деген өлеңінде ол адам бойындағы мінез-құлықтар туралы, адамгершілік қасиеттер жайында ой толғайды.

Жақсы адам елдің ерке серкесіндей,

Халқының қалың жүнді көрпесіндей
Жақсының айтқан сөзі тиянақты,
Түйенің аумайтұғын көрпесіндей.
Жамандар өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.
Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындай [4],

- деп ақын адамға тән жақсы-жаман қасиеттерді салыстыра суреттеп, оқырманына анық та айқын таңдау жасатады. Сөйте отырып, соқырға таяқ ұстатқандай етіп санаға сіңіруді мақсат етеді.

Философиялық сарын өз кезеңіндегі басқа да ақындар сияқты Сүйінбайға да тән. XIX ғасыр поэзиясындағы жиі көтерілген мәселенің бірі – ғұмыр диалектикасы болса, бұл турасындағы ақынның көрнекті туындысының бірі – «Ақын боп жиырмада» атты өлеңі. Адам өмірін кезең-кезеңге бөліп, әр онжылдықтың өзіндік ерекшелігін суреттеген ақын былай деп жырлайды:

Ақын боп жиырмада желдей болдым,
Отызда асқар биік белдей болдым.
Отыз асып қырыққа келгеннен соң,
Қаптаған жердің жүзін селдей болдым.
Қырық асып елуге келгеннен соң,
Түбім терең құрақты,
Сұқсыр үйрек жатқан көлдей болдым [4,156.].

Ойшыл ақын жиырма мен елу жастың арасын адам ғұмырының ең жемісті кезі деп лайықты бағалайды. Сөйтіп жас шақтағы табандылық пен алғырлықтың адам өміріндегі алар орнын жоғары қойды. Ақын шығармасының негізгі идеялық түйіні - адам ғұмыры түгелдей ел игілігіне жаратылуы керек деген азаматтық тұжырымға келу.

Асылында, Сүйінбай ақынның философиялық өлеңдері әрқашан гуманистік оймен астасып жатады. Ол ылғи адам тағдыры, заман жайлы терең толғанып, өзінің ерекше пайымдауларын ұсынып отырады. «Дүние ойлап тұрсам баяны жоқ» деп аталатын өлеңінде адам өзінің өлшеулі өмірін ізгілік

пен жақсылық жолына сарп етіп, жаман қасиеттен бойын аулақ салса ғана оның әр күнінің мәнді де сәнді болатындығы туралы мағыналы ой түйген ақын:

Ажалдан құтылмайсың қашқанменен,
Кетпейсің бір тосусыз тасқанменен.
Өлшеусіз жерден ұзап кете алмайсың,
Аспанға қанат байлап ұшқанменен.
Еңкейіп басың жерге бір тиеді,
Қаншама талассаң да аспанменен [4],

- дей отырып, «Көп асқанға бір тосқан» деген халық нақылына орай адамгершіліктің ең бастысы кішіпейілділік, ізеттілік деп таниды.

Қорытынды. Өз сөзімен айтқанда, Сүйінбай – қынаптағы кылыш, аспаннан түскен жасын, соғып тұрған құйын, ескен қызыл жел, жүйріктей жалын тараған, күніне шауып жараған, айтысқанды шаңына көмген жүйрік, айтысқанның басынан өлең жаудырып, миын шайқатқан жырдың бораны, қияқты сұңқар. Сүйінбай жырларынан оның алмастай өткірлігі де, шайқалған жорғалығы да, тұлпарлығы да, даңғыл жыраулығы да айқын, анық көрінеді.

Сүйінбай – ақындық өнердің қадір-қасиетін таныған, оның мәні мен мақсатын терең түсінген саналы өнерпаз. «Өмірде құны ескірмес, бағасы құнды асыл сөз» деген ақын өлеңнің күдірет-күшін танып, ақындық өнердің қыр-сырын бойына дарыта алған.

Қорыта келгенде, ақын шығармаларындағы көркемдік кестелер, әр сөзді орынды қолдануы ақын туындыларының тіл көркемдігін, өзіндік мәнерін, сөз қолданудағы ерекше шеберлігін анық көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1997
2. Жолдасбеков М. «Кісілік кітабы». III том Астана: Күлтегін, 2012
3. Жеті ғасыр жырлайды. I том. Алматы: Жазушы, 2004
4. Аронұлы Сүйінбай Шығармалары. /Толғаулары, сын-сықақтар, өлеңдері, айтыстар/. Алматы: «Жазушы», 1990

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ АДАМ МЕН ТАБИҒАТ

Қашаулиева Эльмира Кокталовна

№148 мектеп-гимназияның қазақ

тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Алматы қаласы

Аңдатпа. Оралхан Бөкеев әрбір табиғат құбылысын суреттегенде қызықты ерекшеліктерді тауып отырады. Онын пейзаждары эстетикалық жағынан көзге бірден түседі. Оларда өмір процесі шексіз құбылыстар, қозғалыстағы табиғатпен байланысы шебер суреттелген. Жазушы шығармаларында табиғат көп жағдайда жанданып отырады. Ол шығармадағы басты кейіпкерлердің бірі, бас кейіпкерлердің тағдыры оған қатынасымен анықталады. Жазушының «Мұзтау», «Сайтан көпір», «Қар қызы», «Атау-кере», «Құм мінезі» повестерінде табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас әр түрлі жағдайға байланысты сан қырлы оқиға желісі арқылы қарастырылады.

Кіріспе. Оралхан Бөкеев өмірдің әр қилы жайларын оқушысына толық жеткізіп, оларды үлкен толғанысқа апарып, өмірдегі шындықты бүкпесіз сол күйінде, көркем образдар арқылы беруге әбден шеберленген қаламгер.

«Әдебиетші - халықтың көзі мен құлағы, үні», - дейді М.Горкий. Ол өз халқының көңіл-күйін, тілегін қамын, үмітін, құштарлығын, мүддесі мен мінін, қасиетін қабылдайды, қалыптастырады, суреттейді» [1,163], - дейді.

Шынын да, әрбір қаламгер әдебиетке келген соң, өз шығармашылығымен өмірге үн қосады, үн қосқанда да өз халқының мақсат-мүддесіне сай үн қосады. Өзінің көп ізденгіштігі, тынымсыз білімін көтеріп, өмірді зерттеушілігі арқасында ол шеберлігі, стилі әбден қалыптасқан, жан-жақты толысқан, ақыл-ойы кемелденген қазақ әдебиетіндегі көрнекті прозашыға айналды. Әсіресе, Оралхан қазақ прозасының шағын жанры болған әңгіменің өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан майталман қаламгер.

Оралхан Бөкеевтің суреткерлік әлемінің бір ерекшелігі: жазушыны толғандыратын мәселелер – «мәңгілік мәселелер»

екендігін, бірақ ол сол мәселелердің себебін өзіндік дүниетаным тұрғысынан шешуге ұмтылатыны бірден байқалады. Жазушының алғашқы шығармаларының бірі – «Мұзтау» повесінен (1974) бастап соңғы кезде жарық көрген «Атау-кере» повесіне (1989) дейінгі аралықтағы шығармаларындағы кейіпкерлер «адам орманда» адасқан жандар немесе сол «орман» қиындығын жеңгісі келіп, жол іздеген пенделер. Жазушы адамдар арасындағы теңсіздіктің себебін, олардың бір-бірімен қоршаған ортамен қарым-қатынасы арқылы тіршілік философиясын өзінің де түсінгісі және өзгеге де түсіндіргісі келеді. «Қалай өмір сүру керек?» - деген сұраққа жауап беруге тырысқан суреткер қоғамдағы теңсіздіктің бір себебін табиғаттың өзінен іздейді.

Оралхан Бөкеев адамның жалпы өмірдегі орнына ерекше көңіл бөледі. Адамдардың бір бөлігі өзінің өміріндегі орнын, дүниеге келу мақсатын түсінбесе, ал екінші бір бөлігі сол өмірде де, табиғат аясында да үстемдікке ұмтылады. Жазушының «Құм мінезі» повесінде осы айтылған жіктің бірінші тобына жататын Барханның тағдыры суреттеледі. Автор Бархан сияқты өз ісіне адал, шаруасын тиянақты атқаратын, атақ-құрметке, алдамшы бақытқа ұмтылмайтын адамдарды бейнелей отырып, олар тіпті, өзінің басқалардан айырмашылығы неде екенін түсінбейді және ол туралы ойланбайды деген емеурін білдіреді. Бархан жұртқа байқалмайтын қарапайым адам. Бірақ құм арасында оның өз әлемі бар, ол соның бір бөлшегі. Бархан өзі жасаған осы бір бұйығы «кіші әлем» - «құм боранның» нәтижесінде ғана жанданып сала береді. Жазушы табиғатты «долдандыру» арқылы Барханның рухани сілкінуін көрсетіп қана қоймайды, оның санасын оятады. Осындай табиғатпен шендестірілетін психологиялық әдіс, әрине, жаңалық емес, ол пейзажды психологиялық одақтас ретінде пайдаланатын әрбір жазушыға тән нәрсе. Ал Оралхан Бөкеевтің Барханды аспанға, жұлдыздарға, ұшқан самолеттерге қарап, ойлана отырып өзінің шексіз әлемнің бір бөлшегі екендігін сезініп, жеке тұлға ретінде сол қоғамдағы тәртіпке, әділетсіздікке қарсы мінез көрсетеді. Егер Ақтан («Мұзтау») әділетсіздіктен, теңсіздіктен қашып, табиғат аясына барса, ал Бархан, керісінше, сол әділетсіздікті басынан кешіріп жатқан адам.

Жазушы «Сайтан көпір» және «Қар қызы» повестерінде: «Қалай өмір сүру керек?» - деген мәңгілік сұрақты қозғайды. «Сайтан көпір» повесінде өмір сүру қорқыныш мәселесімен тығыз байланыста қаралады. Асып-тасқан адамды тәубеге түсірер қорқыныш деген ой алғашқы шығармаларында да болғанымен (Ақтанның үнгірге түскендегі бастан кешкендері), осы шығармада ол жан-жақты қаралады. Табиғат пен адам қарым-қатынасына, ауыл тақырыбына жазып жүрген қазақ жазушыларының арасынан Оралхан Бөкеев өзінің «ішкі тақырыбымен» немесе негізгі тақырыбымен ерекшеленеді. Ол адамның қоршаған ортадағы орны, оның өмір сүрудегі философиялық мәселелерімен қатар адам мен табиғат қарым-қатынасы мәселелерін де шығармаларына арқау етіп келеді. Белгілі сыншы, ғалым Серік Қирабаев Оралхан Бөкеев шығармалары туралы былай деп жазады: «Адамды ардақтау, оның ұлылығын жырлау, жалпы алғанда, Оралхан повестерінің негізгі тақырыбы десе де болады» [2, 69]. Жазушының «ішкі тақырыбының» идеясы Абай философиясымен үндес.

Негізгі бөлім. Жазушы шығармалары ішкі тақырып пен идея жүзеге асатындай сюжетке құрылады. Шығармалар сюжетті оқиғалармен ғана ассоциацияланбайды, сонымен бірге кейіпкерді қоршаған ортаның психологиялық өрістеуіне де байланысты.

Сюжеттер көп жағдайда кейіпкерлерге алдын ала мінездемесіз құрылып, кейіпкерлердің ішкі әлемі өзіндік талдау немесе іс-әрекеті арқылы ашылып отырады. Мысалы, «Қар қызы» повесіндегі сюжет жас жігіттердің шөп әкелу үшін жолға шығуына құрылған. Болмаса, «Атау-кере» повесін алайық. Оқиға екі сынаптастың кездесуіне құрылған. Жазушы оларды бірден таныстырмайды, оқиға біртіндеп дами түседі.

Оралхан шығармаларының оқиғасы көп жағдайда екі жүйелі болып келеді. Оған жазушының «Мұзтау», «Қар қызы», «Атау-кере» повестері мысал бола алады. «Мұзтау» повесі Ақтан іс-әрекетімен, Шыңғыс хан туралы аңыздан, «Қар қызы» повесі үш жігіттің Айыртауға барар жолдағы оқиғаларынан және Қар қызы туралы, аңыздан құралса, «Атау-кере» қазіргі және 30-жылдардағы оқиғалардан тұрады. Сюжеттің бұлай құрылуы стильге де әсер етеді.

Жеке жазушының стиліндегі ерекшелікті оның замандастарымен салыстыру арқылы анықтауға болады. Ал енді Оралхан, стилінің ерекшелігіне келетін болсақ, оның тіл көркемдігі мен сөз сұлулығы кейбір замандастарына тән патетикадан, декларативтіліктен және жалаң баяндаудан таза екендігі.

Суреткер шығармаларының сөз құрамын шартты түрде үшке бөлуге болады: автор сөзі, кейіпкерлер сөзі және автор сөзі мен кейіпкер сөзінің қосындысы, яғни, автор сөзінің кейіпкерлер ойланғандағы көрінісі. Қазіргі кезде әдебиеттегі байқала бастаған тенденциялардың бірі - автор сөзінің кейіпкер сөзін ығыстыра бастауы. Біз бұны Оралхан Бөкеев шығармаларынан да байқаймыз. Оларда автор сөзі бірнеше стильдік ағымдарды, денгейлерді қамтиды. Шығармаларда автордың ой қорыту сентенциясы, аумақты тарихи шолуы және күнделікті өмірде байқағандары біріге келіп шығарма стиліне әсер етеді. Оралхан Бөкеев шығармаларындағы автор сөзінің бір ерекшелігі - оның философиялық және публицистикалық сипатының басымдығы. Әсіресе, адам мен табиғаттың қарым-қатынасы және олардың рөлі туралы жазылған автор сөзі осыған нақты мысал бола алады.

Ал жазушының тіл өнерін жақсы меңгергенін, шығармалары образды тілге, бейнелі суретке бай екендігін сыншылардың көпшілігі мойындаған. Жазушының негізгі тақырыбын терең игергендігі мен шеберлігін оның шығармаларындағы кейбір автор сөзінің қанатты сөздерге айналуынан да байқауға болады. Мысалы, «Ағаш бір-ақ рет құлайды», «Сыбырласар сырласың, еркелетер елің болғанға не жетсін», «Ұлттың азуын ұлынан көр», «Адам баласын ой емес, ойсыздық құртады» және т.б. [3, 53].

Оралхан Бөкеев өзінің табиғат туралы концепциясын адамның іс-әрекетімен аша түседі. Оның шығармаларындағы «адам табиғаттағы артық нәрсе». Адам кей жағдайда жалпы тіршіліктегі біріншілікке ұмтыла отырып, өзіне де, өзгелерге де зиянын тигізеді. Ол өзіне дейінгі қалыптасқан дүниені өзгертуге тырысады, бірақ ол оңай шаруа емес. Сондықтан адамға дүние өзін бағындырып отырғандай көрініп, сол себепті осы қиындықты айналып өтетін жол іздей бастайды. Бірақ бұл жол көзге бірден көріне қоймайды. Оралхан Бөкеев табиғатты ақылды, әділетті, бірақ адаммен қарама-қайшылықты дамыған

деп суреттейді. Табиғат адамсыз өмір сүре алады, ал адамның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін емес.

Автор адамды табиғаттың өгей баласындай суреттейді: «Адамнан өткен қаскөй не бар екен бұл жалғанда: ендеше, табиғатқа біздерден өгей ештеңе де жоқ, ештеңе де, тек екі аяқтылар ғана артық, сол керексіздігімізді жасқана жасырамыз, жанталаса қорғаймыз. Өгейлігімізді білдірмес үшін арпалысып мұқым жер-жаһан, ұшқан құс, жүгірген аңға өктемдігімізді жүргіземіз. Адам баласы жаратылыстан бәрін-бәрін алып, тауысуға айналды, ал өзіміз не бердік сол табиғатқа. Түк те берген жоқпыз. Адам баласы жаратылыстың астын тындап, үстін шындап зерделеп, танып білді, тек қана өздерін өзі зерттеп, дөп басып, тани алмай жүр». Табиғатта бар нәрсенің бәрі гармониялық даму үшін жаратылған. «Аспан жер үшін, жер су үшін, су жан-жануар, құрт-құмырысқа үшін, тіпті, тоғай екеш тоғай да бармақтай торғай үшін жаратылған. Бірінсіз екіншісінін тіршілігі тоқталады. Автор табиғат адамсыз тіршілік құра алады, ал адам табиғаттан тысқары өмір сүре алмайтыны рас болса, неге ғана мына қар астындағы қара жер, анау жұлдызды аспан адам баласына табыну керек» дейді [4, 163].

Автор адамды тәубеге келтірер бірден-бір нәрсе табиғат қаталдығы деп түсінеді. Табиғат қаталдығы Оралхан Бөкеев шығармаларында сюжеттік маңызға ие. Табиғат оқиға желісіне араласып отырады. «Сайтан көпір» және «Қар қызы» повестерінде кейіпкерлерді дедектетіп оқиғадан оқиғаға қуып отыратын күш - табиғат қаталдығы. Табиғаттың алай-дүлей мінезімен бетпе-бет «Қар қызы» повесінде шөп әкелуге шығып, жолдан адасқан, суыққа тонған үшеуінің де адамгершілік бетбейнесі осы сипатта айқындала түскендей. Бақытжанның жолдастарынан тығылып құрт жеуі, ал Аманжанның еліре бастауы осыған нақты мысал бола алады. Жазушы ойынша, табиғат қаталдығы қажет нәрсе. Ол Алтай жайлауына барар жолға бетоннан құйылып жасалатын көпірге қарсы. Себебі, ол енді «Сайтан көпір» бола алмайды, бірде-бір адам қорықпай, қарқ-қарқ күліп өте шығады да, Алтай жайлауынан қадір-қасиет кетеді. Адамдар бойынан қатерден сескену сезімі жоғалып, мүлдем құрып бітіп, есінетер ессіздік үстемдік алады.

Табиғат пен адам қарым-қатынасына арналған шығармалардағы кейіпкерлерді табиғатқа деген позициясына қарай «ойлампаздар», «жасампаздар», «жыртқыштар» деп типке бөлуге болады. Оралхан Бөкеев повестеріндегі кейіпкерлерді типтік жағынан «ойлампаздар» қатарына жатқызуға болады. Олар табиғатты қорғауға белсене араласып жүрген адамдар емес. Ақтан, Бархан сияқты кейіпкерлер табиғат-ананың тәй-тәй баспаған нәрестелері сияқты. Қоғамдық қарама-қайшылықтан тыс өмір сүруге ұмтылған олар үшін, ең бастысы, табиғатпен бірге болу. Ата-анасынан алшақтап, балалар ортасына баруға қорыққан жас сәби тәрізді кейіпкерлер. Автор кейіпкерлерін қарама-қайшылықта суреттей отырып, өзі де қарама-қайшылықтан шыға алмаған. Ақтанның он кластан артық оқымауының өзі жақсылыққа баланса, жоғары білімді кейіпкерлердің бәрі арақ ішіп, маскүнемдікке салынған жандар есебінде суреттеледі. Оралхан Бөкеев шығармаларында өмір сүру мәселесіне байланысты екі тенденция бар. Бірі - табиғатпен бірге, адамдар қоғамынан тыс өмір сүру. Екіншісі - табиғатқа қамқор бола отырып, адамдар қоғамында өмір сүру. Оралхан Бөкеев шығармаларындағы басты кейіпкерлер (Ақтан, Ерік, Қоңқай, аңшы шал) адамдар ортасынан шалғай, табиғат аясында өмір сүруді мақсат тұтқандарымен, олардың өзі бір-біріне ұқсамайтын әр түрлі мінез-құлықтағы бейнелер. Ақтан («Мұзтау») туған ауылынан көшкісі келмей жалғыз өмір сүрсе, Ерік («Атау-кере»), Қоңқай («Қар қызы») тек бас пайдалары үшін жүрген адамдар. Автор табиғатта, онымен біте қайнасып өмір сүруді бірден-бір дұрыс жол деп тапқанымен, адамдар ортасынан бөлек тіршілік ету де өз ізін қалдыратынына сенеді. Оралхан Бөкеевтің кейіпкерлері «кейде ақымақ болса да адамдарды, көрсоқыр болса да көрші-қоланды сағынады». Себебі, «саяқ тартып жүре берген адам Қоңқайға, соларға ұқсағандарға айналып кетеді».

Мысалы, «Сайтан көпір» повесіндегі өзенді алайықшы. Әкесін де, баласын да құшағына алып, қақпақыл жасаған тау өзенінің суретінен жалпы өмір ағынын аңдауға болады. Өмір ағыны тоқтамайды, өмір сынағынан ата да, бала да, немере де өтуі керек.

Туған жер табиғатының сырын түсіне білген жазушы ұтымды салыстырулар, жаңа метафоралар, жарқын эпитеттер арқылы

көркемдік әлемнің сұлулығын оқырманға жеткізе біледі. Мысалы, «аспандағы ай жарықтық қорғалап, таудың теріскей бетіне қараңғылық ұйыды, бейне бір альш қара мысық көсіле түсіп ұйықтап жатқандай» немесе «Қарқатынның әрі шоқтай ыстық, әрі мұздай суық құшағында жатқан Аман жарық дүниемен,... бозамық әлемнің бозөкпе тірлігімен мүлдем қоштасуға қуаты жетпеді» [5].

Қорытынды. Әсіресе Оралхан Бөкеев шығармаларында бірден көзге түсетін, ішкі мазмұны бар пейзаж - қыс пейзажы. Аппак, таза қар барлық таза нәрсенің - өмірдің, қуаныштың, бақыттың символы іспеттес. Табиғаттың әрбір құбылысынан деталь тауып, сол арқылы есте қаларлық, динамизм мен сұлулыққа толы образдар жасайды. Оралхан Бөкеев сонымен бірге дәстүрлі эстетикалық пейзажды да шебер қолданады. Оралхан Бөкеев табиғат қаталдығын, сұлулығын суреттей отырып, оның адам өміріне тигізер әсерін тек шаруашылық жағынан ғана емес, биологиялық жағынан да қарастырады.

Белгілі жазушы Оралхан Бөкеевтің көркемдік әлемін қарастыра отырып, оның адам, табиғат туралы ғажайып ойларын түсінуге тырыстық. Жалпы параметрде алынған жазушының негізгі тақырыбы үлкен бір доға - кемпірқосақ іспетті болса, оның қаламынан туған «Мұзтау», «Құм мінезі», «Қар қызы», «Сайтан көпір», «Атау-кере» секілді повестері кемпірқосаққа өн беретін түрлі-түсті реңктері сияқты.

Жазушы адамның өмірдегі орнына, бір-бірімен және табиғатпен қатынасына көңіл бөле отырып, жұмыр басты, сырттай қарағанда ешқандай айырмашылығы жоқ адамдарды бір-бірінен ерекшелейтін не, олар неге ұмтылады, мақсаты қандай деген сауалдарға барынша жауап береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Горький М. Әдебиет туралы. Алматы, 1982
2. Қирабаев С. Шығармалар. (Сын-мақалалар) II Т. Алматы. 1992
3. Бөкей.О. Таңдамалы шығармалар. I-том. Алматы, 1994
4. Бөкеев О. Біздің жақта қыс ұзақ. Алматы, 1984
5. Дербісалин Ә. Мезгіл және қаламгер. Алматы, 1968

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҮНДЕСТІК

Сагимова Гулнур Кузтаевна

*№148 мектеп-гимназияның қазақ
тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы*

Аңдатпа. Қазіргі қоғамда өмір сүріп отырған адамдар үшін ауадай қажет ұлттық құндылықтар, рухани байлықтар, адамдық биік қасиеттер Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның даналық ой-толғамдарынан табылады. Адамгершілік – барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де барлық қаламгерлердің бәрі бірдей бұрыннан айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып – адамгершіліктің өзіндік жүйесін, қалыбын, танымын жасай бермеген. Бүгінгі өмірімізде рухани-моральдық құндылықтар арқылы жас ұрпақтың ой санасын, дүниетанымын кісілік, имандылық рухымен тәрбиелеу баршамызыдң міндетіміз деп білемін.

Кіріспе. Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі – бәрімізге танымал ұлы тұлғамыз, Батыс пен Шығысты терең білімімен бас идірген Әбу Насыр әл-Фараби. Ол Арыс өзенінің Сырдарияға құя беріс сағасындағы ежелгі Отырар қаласында туылған. Бұл Шаһарды арабтар Фараб деп атаған. Сол бойынша ұстаз Әл-Фараби атанып кеткен. Әл-Фараби жастайынан түрлі ғылымды оқып үйренді. Оның ақыл-ойының ұшқырлығы мен білімінің молдығына тәнті болған талай жан еріксіз таңдай қаққан. Ол араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерді.

Әбу Насыр әл-Фарабидің этикалық трактаттарын, солардың ішінде «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбектерін оқып, талдау барысында байқайтынымыз, ойшыл ғалым қарапайым ұғымдар арқылы адамның бойындағы кез келген мінез-құлықтардың,

әдеттер мен түрлі қасиеттердің тұмысынан емес, жүре келе, бірте-бірте барып қалыптасатынын логикалық жүйелілікпен баяндап, дәлелдеп берген. Ұлы ғалым нағыз гуманист ретінде адам ақыл-ойының жан-жақты дамып, табиғат пен қоғам сырын толық ашуы мүмкін екеніне кәміл сенеді, адамзат қоғамындағы барлық проблемаларды шешуге қабілетті ең басты күш – ақыл-парасат деп біледі.

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты кітабында бірқатар қоғамдық, әлеуметтік, этникалық мәселерді сөз етеді. Мұндағы «қала» деп отырғаны – мемлекет. Фараби өз дәуірінің перзенті еді. Сондықтан ол халық бақытты өмір сүруі үшін елді жақсы әкім басқаруы керек деп түсінді. Ал жақсы әкім – әділ, инабатты, мейірімді, жан-жақты білімді, жақсылыққа жаны құмар, батыл, жомарт, өнер мен әдебиетті сүйетін адам болуы тиіс. Фараби мемлекет басқаратын адамға осындай биік талаптар қояды [1, 114б].

Жүсіп Баласағұн – көне дәуірдегі түркі халықтары мәдениетінің өскен бесігі Шу мен Іле өзені аралығында ұлан-байтақ өлкеден XI ғасырда аты әлемге әйгілі ақын, философ, қоғам қайраткері музыкант отбасында дүниеге келген. Жүсіп жыл қайыру дәстүрі бойынша барыс жылы 1021 жылы туылған. Жүсіп өз заманынан иығы асқан дана ұлдарының бірі. Оның терең билік иесі екендігі дастанда арнайы сөз болатын ғылым салалары жайлы пікірлерінен де сезіледі. Ол өз заманындағы ғылым салаларымен түгелдей хабардар кісі. Ол философия, астрономия, геометрия, алгебра, медицина, психология, астрология ғылымдарына жеке-жеке тоқталып, тіпті Эвклид теориясын меңгеруді уағыздайды. Жүсіп өз заманындағы ғылым саласымен толық танысып кемелденген шағында «Құтадғу білік» тәрізді классикалық шығармасын жазуға бет бұрды. «Құтадғу білікті» жазу үстінде Жүсіп өзі пайдаланған әдебиеттер көзінен де мол хабардар етеді. Жүсіп заманында әдебиеттерді пайдалану жолы көбінесе «дана айтады, тәжік ғалымы айтады, шайыр айтады» түрінде сілтеме жасайды. Араб, парсы тілдерін жақсы білумен бірге өз ана тілін де терең меңгеріп бар байлығын бойына дарытқан Жүсіп ана тілінің көркемдік қуатын әлемге таныту бағытын ұстанды.

Негізгі бөлім. Ж. Баласағұнның моральдық-этикалық мәселелерді көтеретін «Құтты білік» дастаны мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік принциптерін, қоғамдық-саяси мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар нормасын қамтыған, энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды болып табылады. Дастанның басты идеялары төрт принципке негізделіп жазылған: 1) мемлекетті дұрыс басқару үшін әділ заңның болуы; 2) бақ-дәулеттің басқа қонуы; 3) ақыл-парасаттың қоғамдық рөлі; 4) қанағатшылдық мәселесі. Осы принциптерді ұстанған еңбектің негізі әділдік (Күнтолды), бақыт (Айтолды), ақыл (Ойтолды), молшылық (Жетелеуші) сияқты кейіпкерлердің сұхбаты іспеттес жүргізіледі. Адамгершілік, имандылықты насихаттайтын саяси-философиялық трактат идеясы әл-Фарабидің «Қайырымды қаланың тұрғындарының көзқарастар жайындағы» ойлармен ұқсас. Бұл еңбек өз уақытында Қытай, Үндістан, Араб, Парсы ғұламалары тарапынан жоғары бағаға ие болды [2,215б].

Әбу Насыр әл-Фарабидің энциклопедист-ғалымның әлеуметтік-этикалық мәселелерді қозғайтын ой-толғаныстары көп. Әл-Фараби өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Этиканың зерттеу нысанасы – мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы бақыт болып табылады.

«Бақыт» – Фарабидің негізгі мәселесі, саяси философиясы. Ғұлама ғалым «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» және тағы басқа саяси-әлеуметтік трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталған.

Әл-Фарабидің айтуынша, адамдар көп нәрселерді өзінің өмірінің мақсаты мен негізі деп ойлайды. Олар – өзіне ұнайтын, керекті нәрселер, мысалы: ақша, атақ, тағы басқалары. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бақытты дұрыс түсінетін адамдар – данышпан адамдар.

Бақытқа жетудің маңызды шартын, әл-Фараби адамның әрекетті таңдау және осы істеген әрекеттің өз ырқына негізделуінде. Әл-Фараби адам ырқының еркіндігіне, жақсы мен

жаманды еркін таңдауына көп маңыз артады. Ерік еркіндігі жан парасаттылығымен анықталады және ол тек адамға тән, адамдағы ізгілікті қалыптастыратын және күшейтетін қажетті шарт. Ойшыл данышпан тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескерткен.

Ғалымның мұрасында әсемдік мәселесі ерекше орын алады. Әбу Насыр ізгі істі іздеуге және жасауға тек адам ғана қабілетті деп дәлелдейді: «Адам рухани ізгілігіне байланысты ғана жағымсыз және ізгі істерге барады», «Адамға қысқа ғана ғұмыр берілгенмен, ол қас-қағымды көп екен деп есептейді, адамдар бір-біріне азап шектіре отырып бірімен-бірі жауласады, бір-бірімізді қашанға дейін азап шектіре береміз. Табиғатта әсемдік мәңгі өмір сүреді, ал қайталау түрінде пайда болатын өнердегі ізгілік пен сұлулық адамнан ғана шығады». Әл-Фарабидің эстетикасында әсемдік пен пайдальық, сұлулық пен пайда бірімен-бірі үйлесімді түрде тұтасып кеткен, бірінен-бірі бөлінбейді. «Адам ақыл-ойының арқасында ғана адам болды», – дейді ғұлама [3, 516].

Ж. Баласағұн өз шығармасында заманның бұзылғандығы, достардан жапа шеккендігі туралы баяндайды. Ол адамдардан кісіліктің жоқтығы, ағайын-достық арасындағы қарым-қатынаста жаттан айырмашылығының болмауы, халық арасында иман, сенім мен жақсы қасиеттің қалмағанын өкіне баяндайды. Сонымен бірге, жігіттікке ашынып, өкініп, қарттық туралы да айта келе, ол өзіне ақыл-кеңес беру арқылы, қоғам мүшелеріне ықпал еткісі келеді. Ақынның дастан жолдарында айтылған мына сөздері:

«Сөзді тура, ащы, қатты сөйледім,
Түзу сөзді ұғар түзу ел дедім.
Оқушыға аса ауыр келмесін,
Ашық айтып, көрінгенді термедім!»,-

оның шын мәнінде ел жағдайына немқұрайлы қарамағандығын көрсетеді.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, ақын адамның кемелдену жолдарын айқындайды. Оның барлық көріністері өлең

жолдарында айтылады және оның сапалық белгілері мынада деп ойлаймыз:

1. Адам баласының қадір-қасиеті – білім мен ақылда. Ол адам кемелденуінің алғашқы жолы. Ғылым іздеу – мұсылманның бір парызы;

2. Тілдің пайдасы мен зияны бірдей;

3. Ізгілік – адамзат үшін ең қажетті қасиет;

4. Даңқ пен дәулетке мастанба, ол бір орнында тұрмайды;

5. Әділеттің жолын қу, шыншыл бол;

6. Сарандық пен ашкөздіктен аулақ бол;

7. Иттердің басшысы арыстан болса, иттер де арыстандай күркірер, ал арыстандардың басшысы ит болса, иттің тірлігін қылар;

8. Тексіз кісі уәзір бола алмайды. Бек қандай болса, уәзірі де сондай;

9. Намысшыл ер бол;

10. Өз пайдаңнан гөрі ел пайдасын ойла. Қайырымды бол.

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Данышпандықтың маржаны», «Бақытқа жету», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Ақылдың мәні туралы трактат», тағы басқа әйгілі туындыларының ой-идеялары мен «Құтты білік» дастанындағы аналогиялық толғам, философиялық түйіндер бір мәдениеттің, бір өркениеттің, заман мен әлеуметтік жағдай ғана емес, бір тектес ел-жұрт тіршілігі тұтастырған бір дүниетанымның жемістері.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991

2. Ысқақов Б. Сөнбес жұлдыздар достық дастаны. – Алматы, 1989

3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы, 1194

М.МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Тойбаева Ляззат Сатвалдиевна
№148 мектеп-гимназияның қазақ
тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы

Аңдатпа. Мұқағали өлеңдері – ұлттық поэзияның жаңа бір белеске көтеріп, қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, оны түрлендіре байытты, сөйтіп қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашты. Сонымен қатар ақын қазақ лирикасын XX ғасыр әдебиетінің озық үлгілерімен құнарландырды. Мұқағали сыршыл ыстық лирикасымен өз оқушыларының жүрегіне жол тапты, оларды жақсы жырдың ләззатына қандырып, өзінің менімен адамзатқа ортақ ақиқатты жырлап, қалың оқырманның жан жүрегін баурады.

Кіріспе. Мұқағали Мақатаев жырларын оқыған оқырман – адалдықты, әділдікті, ізгілікті үйреніп, нәр алып сусындайды. Биік адамгершілік қасиеттерді – елге, жерге, кең далаға, байтақ Отанымызға деген нұрлы махабатты таниды. Ақынның жас ұрпаққа арнаған өлеңдерінде:

Шетсіз, шексіз, қиырсыз ұлы дала,
Шуақ болып шашылмай жылына ма?
Сүй Отанды! Шынымен сүйіп өт те,
Гүл боп қадал ойына, қырына да,

– деген жыр жолдары бүгінгі мемлекеттік бағдар – Қазақстан Республикасының президентінің халыққа жолдауында әр кезде айтып жүрген Қазақстандық патриотизм ұстанымдарымен астасып жатыр [1,32].

Сен менің еліме бар, жерімді көр,
Жандар бар әр нәрсенің жөнін білер.
Қонағы бол, жыл сайын келіп жүрер,
Асылы бол, жыл сайын көріп жүрер,

Ардағы бол, артатын сенім, жігер, – деп халқына, жас ұрпаққа туған елдің, жердің қасиетін өзінің Қарасазына шақыру арқылы өздерінің туған елін, жерін қастерлеп, дер кезінде бағалай білуге шақырады.

Кір жуып, кіндік қаны тамған жері, ғажайып өлкесі туралы толғанысын, махаббатын «Туған жер-ай», «Қайран, Қарасазым-ай», «Қазақ жері», т.б. өлеңдерінен айқын сезінуге болады.

Қазақ халқы қашаннан бері Жер-ананы қадір тұтқан. Оны «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық», «Ат айналып қазығын табар, ер айналып елін табар», «Пәлен жерде пайда бар, өз жеріңдей қайда бар», «Туған жерге туың тік» деген сияқты халқымызға тән мақал-мәтелдердің дүниеге келуі де аңғартады емес пе?!

Туған жер топырағы кімге болса да ыстық көрінеді. Осындай туған жер топырағына, оның әсем табиғатына арналған ақындардың шығармалары қазақ поэзиясында молынан кездеседі.

М. Мақатаевтың туған жер, туған ел, Отан тақырыбындағы туындылары ақын шығармаларының ішінде ерекше орын алады. Мұқағали – туған жерді, Отанды, елді сүю тақырыбына көсіле қалам тартқан қаламгерлердің бірі. Мұндай өлеңдерді көтеріңкі азаматтық дауыспен, табиғаттың қайталанбас суреттерімен астарласып жатады.

Саялы Отан! Сайратып тіл бергенің,
Салауатты, салмақты үн бергенің.
Бақ бергенің, басыма күн бергенің,
Бал бағымды бұзбақшы кімдер менің [2,279],

– деген жолдары мұның куәсі.

Ал мына өлеңінде:

Отан! Отан!
Сен болмасаң не етер ем!
Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем.
Бұл өмірден өксіменен өтер ем! [2,279] ,

– деп ақын жырлағандай Отан деген бір ауыз сөз әркімге отан да ыстық, қандай қымбат!

Туған жерге, елге, Отанға деген ыстық сезімді М.Мақатаев шығармаларынан жиі кездестіруге болады. Балалық бал дәурені мен жалындаған жастық шағы өткен туған жердің ыстықтығы, тамылжыған көркем табиғаттың сұлулығының өзі адам жүрегіне жылылық пен имандылық сезімін ұялатады. Мәселен, ақынның:

Жайлауын айт жайлау деп Шалкөденің,
Еңсесі маңыраған мал әр төбенің.
Су емес суатынан қымыз аққан,
Пау, шіркін, қандай ғажап өлкем едің! [2] –

деген жолдарын оқығанда өзінің туған Нарынқолын ғана емес, бүкіл қазақ даласының табиғаты көз алдына келгендей әсерге бөленесің.

Жүрегі туған жер деп соққан үлкен жүректі ақынның берік азаматтық поэзиясын қалыптастырған «Отанымды сүйемін күліп тұрып», «Отаным саған айтам» атты атақты толғау өлеңдері.

Негізгі бөлім. Мұқағали жырларының халықтың қастерлі мұрасына айналуының түрлі себептері бар. Соның бірі – шығармаларының көркемдік ерекшеліктері. Мысалы, ақын «Үш бақытым» өлеңінде Халықты, Тілді, Отанды үш құдіретті күш бейнесінде сомдаған:

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын:
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.
Ал, екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел-дағы от ал менен [3,66],

– деп Отан ұғымын Құдай ұғымымен теңестіреді, яғни Отансыз жанның құдайсыз екендігі туралы ой тастайды.

Алатаудан арындап ұшқан мұзбалақ ақын Мұқағали өзінің күнделігінде: «Туған жерімнің тұнып тұрған сұлулығын алдымен сүйем! Соның қызығының бәрі менде, менімен, өзіммен бірге кетеді».

Қазақ, рас бұл қазақтай қайсар халықның ұрпағы екен. Арқасында ата-бабасының асыл аманаты тұр. Қарасаң көз жетпейтін ұшқан құс, жүгірген аң аулап әзер бағындыратын ұлан-ғайыр даласы бар. Ендеше неге барын салып Отанын жырламасақ? Ақынның аласапыран ойы тым шарықтап, шырқау көкке самғай жөнелді.

Құс ұясыз, жыртқыш інсіз болмайды.

Отансыз жан өмірінде оңбайды.

Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды

Тірі адамға – сол қайғы!

Күн көреді әкесіз де, анасыз,

Өмір сүрер. Әйелсіз де, баласыз,

Ал, Отансыз – нағыз сорлы панасыз!

Отбасының тіреуі, қара шаңырақтың иесі – қайсар мінезді әкесі соғысқа аттанғанда бұл ойын баласы еді. Ақын туған жер, туған ел туралы толғанғанда, үнемі әке бейнесін жадынан тыс қалдырмайды. Отан үшін отқа түссе де, рухы күймеген әкенің ғибраты ақынның өмірлік азығына айналған.

Ақынның өзіндік үні, өзіндік мәнері, мінезі «Ордам менің» өлеңінде даралана түседі.

Кешір, Ана!

Бір сенің еркең болмай,

Отаныма ұл болу – қымбат маған.

Сеніменен Отаным егіз деймін,

Сенен Отан, Отаннан Сені іздеймін.

Отаныма бер мені басы бүтін,

Нашар әйел тапқан ұл дегізбеймін! [4, 25]

деп, Отан менен Ана ұғымын байланыстырып қарайды.

Ақын қашан да халқымен, елімен бірге. Елі қайғырса бірге қайғырады, жұрты қуанса бірге қуанады. Оның:

Ерікті елміз, бүлінбеген қорғаны,
Бәрімізге белгілі ғой ол жағы.
Қайтер едің қара бастың толғағы,
Тек жұртымыз күрсінбесе болғаны,

– деген сияқты жырларын оқығанда, Мұқағали қазақ тәуелсіздігін көріп, бізбен бірге өмір сүріп отырғандай сезінесің. Отанды сүюдің, оған құлай берілудің – асқақ үлгісін жасады.

Мұқағалиды жұрттың бәрінің құмарта оқуының себебін ақын өлеңдерінің тақырыбы мен табиғатынан іздеу керек. Мұқағали Мақатаевтың 650-ден астам лирикалық өлеңдерінде адам өмірінің мәні, ауыл өмірі, тау табиғаты, әсемдік пен сұлулық, тазалық, көңіл-күй, ерлік, елдік, Отан, туған жер, махаббат лирикалары поэзия тілінде әсем жырланған. Ақын қай тақырыпта жазса да жалған сезім, жылтырақ сөзге әуес болмаған. Мәселен:

Мен жырламаймын. Сырласамын.
Сыры бір замандаспен мұңдасамын.
Көгендеп жыр қосағын,
Келмейді жыр жасағым.
немесе,
Тіпті де мен еместі «мен» дегенім,
Өзгенің жаны-сырын ұғу үшін,
Өзімді зерттегенді жөн көремін [3]. - дейді.

Мұқағали шығармаларының тіні «өзін-өзі» зерттеуден тұрады. Мен – өзін-өзі іздеген, өмір мен өлім, адам мен қоғам, ғаламнан үйлесімділік іздеп шарқ ұрған, толассыз ізденістегі пәлсапашыл Мен. Ақын шығармаларында философиялық тереңдік, адамның психологиялық жан күйзелісін суреттеу, медитация басым. «Өмірдастан» атты топтамалы толғауында жесір жеңге (Дарига) образы арқылы тылдағы халық өмірі мен адамдық, азаматтық, адалық, ар-намыс, рух пен нәпсі арасындағы толассыз күркіс психологиялық шиеленіс арқылы шебер жеткізілген. Мұқағалидың шеберлігі өзі өмірден көрген-білгенін

көңіл елегінен өткізе терең жеткізе білуінде. Ол әсіресе тауды, қазақ ауылын көп жырлайды. Мысалы, «Тауда болғым келеді» өлеңінде:

Өлмесін деп берген ғой тауды маған,
Мен күрсінсем, күрсініп тау жылаған.
Көңілімде бір құйын көтерілсе,
Тауларымда тұрады қарлы боран [3,55].
Ол қазақ өлеңін мазмұн, пішін жағынан түрлентті.
Қазақтың қара өлеңі күдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген [3,59] –

деп ақын «Қара өлең» шығармасында қазақ поэзиясының күдіреттілігіне ерекше назар аударады.

Мұқағали дәстүршіл ақын, ол өлеңге интонация, инверсия, мазмұн тұрғысынан жаңалық енгізді. Мұқағалидің поэзиясы ұлттық характерімен, мінезімен ерекшеленеді. Мәселен, «Қайран жеңгем» өлеңінде:

Су сұрасам, сүт берген, айран берген,
Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем!
Қарғаның валетіндей едірейіп,
Қасыңа мына біреу қайдан келген [3,221].
Ақын өлеңге ерекше кие деп қарап, Музаға табынған:
Күтемін сенен үміт, сенен жігер,
Қисаң маған биік пен тереңді бер!
О, Муза!
Маған алыс сөреңді бер!
Ғайыптан кел де мені демеп жібер [3,67].

Ақын адам жанының диалектикасына терең бойлап, оның болмысын шынайы бедерлейді («Жапырақ жүрек-жас қайың»). Ол «Нағыз ақын алдымен ойшыл, философ болуы қажет. Поэзияда философ болу өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу, ақырына дейін «адам жанының инженері болып қалу» дегенді ұстанды [5].

Қорытынды. Ақынның шеберлігі өмірден өзін, өзінен өмірді көре білуінде. «Бүкіл менің жазғаным – бар-жоғы бір ғана бүтін

поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поэма» деуі – шын мініндегі парасат иесі, өмірге ойлы көзбен қарайтын жанның жан тебіренісі, әлеуметтік ортаға айтар көзқарасы бар ақын үні. Мұқағали Мақатаевтың адамзат ғұмыры мен әлем сырын жыр еткен лирикасы қазақ әдебиетіне, қазақ халқына асыл мұра болып өшпестей із қалдырды.

Мұқағалидың әдеби мұрасы жайлы Зейнолла Серікқалиев: «Мұқағали мұрасы, сұлулық үлгісі біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес, Мұқағали мұрасы, маржан поэзиясы – болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп-қадірлейтін қазынасы», – дейді.

Халқына қадірлі ақынның әр сөзінің астарында жатқан асыл жақұттарын маржандай тере, тереңіне бойлап, тебірене, емірене жазған жырларының мән-маңызын түсініп, көңілге тоқып, жан дүниемізді ұлттық құндылықтарымызбен байыта түссек қана ой-санамыз, өреміз толыса түсетінін жадымызда ұстайық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Жұлдызы еді, поэзия көгінің... М.Мақатаевтың туғанына 80 жыл толуына арналған әдістемелік жинақ. – /Құраст.: Л. К. Камалбекова. – Алматы, 2011. – 56 б.

2. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы. Көп томдық. Құраст. Оразақын Асқар. 3-басылым. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. 3-том. Өлеңдері мен поэмалары – 320 б.

3. Мақатаев М. Өмір-Өзен: Өлеңдер мен дастандар/ Құраст. Б. Қасым – Ноғай. – Алматы: Раритет, 2005. – 228 б.

4. Мақатаев М. Аққудың қанатына жазылған жыр /Өлеңдер, поэмалар, аудармалар/. – Алматы: Шартарап, – 2001. – 352 б.

5. «Мұқағали» журналы, №8 (68) тамыз, 2011. – 53 б.

ЖАМБЫЛ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әбдікерім Дана Әлімбекқызы
№148 мектеп-гимназияның қазақ
тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы

Аңдатпа: Патриотизмге тәрбиелеу барысында жас ұрпақта патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудың танымдық мәні естен шығарылмау керек. Оқушының білімін жетілдіре отырып, елжандылыққа тәрбиелеуде оқушының санасына халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру, халқының тарихын, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін меңгерту – жан-жақты жетілген, жаңа ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі өмірдің заңдылығы.

Ұлттық тәлім – тәрбие беруде болашақ ұрпақтың бойына қазақ халқының өткен тарихы, сол тарихтағы ұлы тұлғалар, елім деп еңіреген ерлер, халықтың болашағын ойлаған ақын-жазушылар жайлы білімді жастарға тереңірек сіңіру керек.

Кіріспе. Патриоттық тәрбие – ең алдымен ата-анасын, туған-туыстарын жақсы көруден басталады. Отанды сүю, туған елді, жерді, туған тілді сүюді жас ұрпақтың бойына терең сіңіру керек. Туған тілін сүймеген, оны құрметтемеген адам, өз елінің париоты бола алмайды. Өскелең жас ұрпаққа ұлттық тәрбие, оның ішінде ұлтжандылық тәрбие беру – ел болашағының негізі екенін ескерсек, сол тәрбиені беру басты мақсатымыз. Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу әрбір ұлтжанды ұстаздың міндеті.

XXI ғасыр жас ұрпақтың жан-жақты, терең білімді, саяси, экономикалық сауатты, интеллектуалы биік жеке тұлға болуын талап етеді. Мұндай талапқа сай білім беру жүйесіндегі берілер білім мен тәрбиенің де сапасы биік болуы қажет. Еліміз егемендік алғалы бері қоғамдық жүйелердің барлығын ұлттық құндылықтармен жаңғыртып, жаңалап, халықтық болмысты алдыңғы орынға қоюдамыз. Мұндағы көзделетін мақсат мақсат – өсіп келе жатқан жастарды халықтық дәстүрмен тәрбиелеп, ұлттық асыл асыл қасиеттерді бойына дарыта отырып, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Қазіргі таңдағы жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудің бағыттары мынандай басты мәселелерді назарда ұстау керек:

- Оқушының жеке тұлғасына ықпалы етудің жүйесін жасау;

- Әр түрлі пәндерді оқытуға және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруға тірек болатындай сипатқа ие болу;

- Жас буынды патриотизмге тәрбиелеудің негізгі ұстанымдарын айқындау;

- Отандық, ұлттық тәжірибелермен қоса, әлемдік инновациялық әдістерді тиімді қолдана білу;

- Жас ұрпақты ұлттық, халықтық тәрбиенің қайнар көздерімен тәрбиелеу.

Патриотизмге тәрбиелеу барысында жас ұрпақта патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудың танымдық мәні естен шығарылмау керек. Оқушының білімін жетілдіре отырып, елжандылыққа тәрбиелеуде оқушының санасына халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру, халқының тарихын, әдебитін, өнерін, салт-дәстүрін меңгерту – жан-жақты жетілген, жаңа ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі өмірдің заңдылығы.

Қазіргі қазақ жастарын тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің маңызы зор. Қазақ педагогикасының тарихында «ұлттық тәрбие» ұғымын тұңғыш енгізген ұлы ағартушы, педагог Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі, әр ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп тәрбиешілерге өте қатал талап қойған[1].

Жалпы, ұлттық тәрбие деп, жеке тұлғаның ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін меңгеру арқылы санасының, намысының, мінез-құлқының, сезімінің қалыптасуын айтамыз. Өйткені, ұлттың ана тілі, ата тарихы, төл мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрлері – сол ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтары.

Негізгі бөлім. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесіне сол ұлттық рухани құндылықтарды ендіріп, бүкіл қазақ халқының, әсіресе жас ұрпақ пен жастардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру қажет. Өйткені, ұлттық дүниетаным – ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни-наным сенім, тәрбие, тарихи сана, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жинағы.

Сондықтан ұлттық тәрбиенің қажеттігі - ұлтжанды азамат тәрбиелеу және қазақ қоғамында орын алып отырған қайғылы қасіреттер мен құбылыстар: ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін және дінін білмейтін жастарды ұлттық тәрбиенің қайнар көздерімен тәрбиелеу арқылы санасына сіңіруді қажет етеді.

Жастарға ұлттық тәрбие беруде Жамбыл шығармашылығының да маңызы өте зор. Жамбыл – айтыскер ақын ғана емес, абыз жырау, жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшбасшысы.

Жамбылдың сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын.

Ұлы Отан соғысының тақырыбына арнап Жамбыл Жабаев үш мың жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық намысын күшейте түсуде, совет адамдарының елдегі, майдандағы тамаша ерліктерін сипаттауда ақын жырларының тарихи маңызы зор.

Мысалға «Ленинградтық өрендерім» деген жырын алайық. Бұл жырды Жамбыл Ленинградтың халі аса бір ауыр шақта, сүйікті Ленинград қаласы жаудың қоршауында қалған кезде шығарды. Осы кезде Жамбыл жырының күші қандай болғандығы

туралы орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай дейді:

«Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез Ленинград қаласының аса бір ауыр шағы еді. Бұл шақта, немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды: күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жай кісі 150 грамм нан алды, ет, май дегенді халық өте аз және өте сирек көрді. Үйлеріне кіретін су тоқтатылды, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды, электр жарығы да нашар жанды, тіпті қаладағы үйлердің көбінде болған жоқ. Қалаға жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай ауыр кезде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат боп ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздеріне жастары сорғалаған талай адамды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, адамдар тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім» – деп жазады [2, 29-30бб.].

Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі Ленинград халқын және оның жауынгерлерін жігерлендіруде өте зор қызмет атқарғанын жоғарыда айтылған естеліктерден айқын аңғаруға болады.

«Ленинградты қорғау» деген атпен шыққан қалың кітапта Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңі көрнекті орын алды.

Өмір мен өлім белдескен шақта ақын қуатты жырларымен кеңес жауынгерлеріне жігер берді. Оның жырлары жыл құсындай болып майданға аттанды. Жауынгерлерге Ленинград, Москва, Сталинград сынды ірі қалаларды жау қолына бермендер деген ақын жырларында өршілдік рух басым. Кеңес жауынгерлеріне қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан өлеңдерінің ішінен «Ленинградтық өренімді» ерекше атауға болады:

Ленинградтық өренім,

Мақтанышым сен едің,
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...
Уа, қаһарман, өренім,
Мақтанышым, беделім!..
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран, өренім! [3,109б.].

Жамбылдың соғыс тұсындағы әрбір жыры, майдан өмірінің әрбір асуына, соғыстың кәрлі қабағы қатты түйілген әрбір кезеңдерде байланысты туды. Алдырмас қамал Сталинград қаласына қауіп-қатер түйілгенде, Жамбыл атақты «Алынбас қамал» деген жырын шығарды. Фашизмнің еңбір сұрыптап әкеп салған ауыр қолы айлар бойы оқ пен оттың астына алып жатса да, Сталинград мойымады.

Тыныштық күнде сөйлесем,
Төгілген тілден шекер-бал.
Қатерлі күнде сөйлесем,
Сөзімде менің қаһар бар...
Жалын мен түтін ішінде,
Алынбас қамал пішінде.
Сталинград қалаң тұр,
Жартастай берік күшінде! , –
дейді Жамбыл [2,46б.].

Сталинградты қорғаушылардың ішінде Жамбылдың ең жақсы көретін ұлы Алғадай бар еді. Жетінші гвардия Қызыл Ту дивизиясының хабарлауы бойынша Алғадай өз пулеметінен сексен фашисті өлтірген. Жамбыл жырлаған сұраншы, Саурык батырлардың ұрпағы сияқты Жамбылдың ұлы Алғадайда соғыста ерлерше ерлікпен қаза тапқан.

Баласының ерлігіне сүйсінген Жамбыл «Алынбас қамалында», Алғадай туралы былай дейді:

Жапырған жауды шалғындай,
Жібердім сонда баламды,
Сталинград қалаңда!

Қорғас деп жүрек жанындай!
– Алғадай, – дедім – аянба!
Әкеден тудың Жамбылдай,
Жырымды жеткіз ерлерге.
Майданға қаққан дабылдай,
Толқыны жойқын Еділге,
Қосылсын үнім дауылдай! [2,476.]

Ұлы Отан соғысы тұсындағы Жамбыл жырлары совет дәуірінде туған жалынды жырлардың бірегейі. Ұлы Отан соғысы жылдарында патриоттық рухта жазылған толғаулары үшін Жамбыл Жабаевқа КСРО Халық Комиссарлар кеңесі 1941 жылы Мемлекеттік сыйлық берді.

Қорытынды. Ұлттық тәлім – тәрбие беруде болашақ ұрпақтың бойына қазақ халқының өткен тарихы, сол тарихтағы ұлы тұлғалар, елім деп еңіреген ерлер, халықтың болашағын ойлаған ақын-жазушылар жайлы білімді жастарға тереңірек сіңіру керек.

Өз ұлтының мақтанышы болған, батыр атамыз Бауыржан Момышұлы: «Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс», - дейді.

Бұл айтылған ойдың астарында өз ұлтыңды ерекше сүй, сол арқылы өзге ұлтты сүюге үйрен деген ой жатыр. Ұлт болу үшін, елдігінді сақтау үшін, елінің тарихы мен әдебиетін, мәдениетін, елінің тілің, ділің жас ұрпақтың бойына жан-жақты ұлттық тәрбиенің қайнар көздері арқылы тәрбиелеу баршамыздың парызымыз деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбесі. – Алматы, 1995
2. Жыр алыбы (Жамбыл жайлы естеліктер) Құрастырған: Қ.Жұмаділов. – Алматы: Жазушы, 1971
3. Жамбыл Жабаев Өлеңдер, айтыстар, дастандар. Құрастырған: Садырбаев С. – Алматы: Мектеп, 1989

СӨЙЛЕУ ӘДЕБІНДЕГІ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

*Нусипова Жансая Даулетбаевна
№148 мектеп-гимназияның қазақ
тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы*

Аңдатпа. Тіл де мәдениеттен тысқары болмағандықтан, лингвистикалық мәдениеттану ғылымының негізгі бір саласы ретінде анықталады. Халықтың салт-дәстүрі мен мәдениеті тек адам санасы арқылы ғана емес тіл арқылы да ұрпақтан ұрпаққа беріліп, тіл арқылы да сақталып, тіл арқылы көрініс табатындықтан лингвомәдениеттану тіл білімі ғылымының да негізгі бір саласы. Лингвистикалық мәдениеттану тіл білімі мен мәдениеттану ғылымының тоғысуында пайда болған, халық мәдениетінің тілге әсер етуін, халық мәдениетінің тілдегі көрінісін зерттейтін ғылым.

Кіріспе. Әр халықтың өзіндік салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Сол секілді қалыптасқан сөйлеу әдебінің бар екені анық. Соған сәйкес сөз әдебінде сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, тілек білдіру, алғыс айту, кешірім сұрау, көңіл айту, жұбату т.б. қалыптасқан құрылымдары кездеседі. Дегенмен, бүгінгі ХХІ ғасыр, жаһандану заманында атадан балаға беріліп келе жатқан ұлттық сөз әдебіміздің қолданылу аясының тарылып бара жатқаны жасырын емес.

Сөйлеудегі ең жақсы қасиет – ой-пікірін қысқа әрі дәл айтып жеткізушілік. Мысалы, қазақ халқының «Көп сөйлеген езбе болады, көп қыдырған кезбе болады», «Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын», «Көп сөйлеген я жолдасынан, я құрдасынан айырылады», «Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайқап сөйлейді», «Аңдамай сөйлеген- ауырмай өледі», «Сөз қуған-бәлеге жолығады», «Жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгіледі, жаман сөйлесе, аузынан жын төгіледі», «Бір жақсы сөз мың сөгістен артық», «Жақсы сөйлеген-ас жер, жаман сөйлеген-тас жер», «Жақсының сөзі-назалы, жаманның сөзі-ызалы», т.б.мақалдарында сөйлеудің алуан түрлі сипаттары тамаша бейнеленген [1,17].

Әйтеуір сөйлей алады екенмін деп, тасыраңдамай, абайлап сөйлеу-ақылдылық, инабаттылық белгісі. Өзің опық жеп, өкініп жүрмеу үшін, өзгенің жанына жазықсыздан жара түсірмеу үшін, байқап, бағымдап сөйлеудің мәні ерекше зор. Қазақтардың: «Айтылған сөз-атылған оқ», орыстардың: «Сөз шымшық құс емес, ұшса, қайтып қонатын» деген мақалдары мен ежелгі скиф елінің шешені Анахарсидтің: «Тіліңді, тәбетіңді, нәпсінді тыйып ұста»,-дегендерінің түп төркіні бір жерден шығып жатуы тілге абай болудың жүрдім-бардым қарайтын мәселе емес екенін көрсетеді. Әйгілі авар ақыны Р.Ғамзатовтың: «Сөйлеуге үйрену үшін, адамға екі жыл керек, ал тіліне ие болуға 60 жыл керек»,-дейтін әзілінде үлкен өмір шындығы, терең мән бар. «Тілімнен жаздым»,-деп кейіп, жүрмес үшін, алдын-ала ойланып алуды әдетке айналдыру жақсы қасиет саналады.

Бұл өзі-ғылымда да дәлелденген шындық. Атақты академик ғалым И.П.Павлов адамдардың дансаулығын сақтауда, әсіресе жүрек-қан тамырларының сырқатына шалдықпауда айналадағы адамдар сөзінің әсері зор екенін анықтаған. Сондықтан шәкірттерге айналасындағы адамдар «ей», «сен» деп, дөрекі тіл қатпай, «сіз» деп, сыпайы сөйлеудің мәдениеттілік, ізеттілік қана емес, қарым-қатынасқа жұмсақтық, жайдарлық дарытатын күш екенін ұғындырып отырған жөн. Жылы шырай – тек сәлемдескенде ғана емес, адамдарға тіл қатқанда, сөйлескенде де керек нәрсе.

Сөйлеуге «ғафу етіңіз», «кұлағым сізде», «ләббай» деген сияқты сөздерді орнымен кірістіріп отыру жағдайды жайландырып отыратыны есте болуға тиіс. Ондай жұмсақ, жайдарлы жүзділік-сәлем беру, тіл қату, сөйлесуде қандай қажет болса, тыңдау үшін де сондай қажет сипат. Халықтың аса жоғары бағалап, «иман жүзді» дейтіні де содан шығады. «Жүзінде күлкі шырайы жоқ адам дүкен ұстауға тиіс емес»,-деп, тектен-текке айтылмаса керек.

Негізгі бөлім. Отбасы мен қоғамда бұрқ ете түсетін үлкен-кіші ұрыс-керістер мен кикілжіндердің түпкі себебі дөрекі, қопал айтылған түрпі сөз екеніне зер салып тексерген кісінің көзі айқын жетеді. Және дөрекі де анайы ауыр сөз, дүт мінез бен тұрпайы қылық тәрбие көрмеген, тас бауыр, пәс адамдардан шығатыны әмбеге аян. «Бұлттан шықан күн ащы, жаман адамның тілі ащы»,

«Қорқақтың көзі үлкен, ақымақтың сөзі үлкен», «Білген тайып айтады, білмеген қауып айтады» сияқты мақалдар халық тәжірибесінен қорытылған шындық екені даусыз. Ондай сөздер қоғам ісіне ауыр зардап тигізіп, жеке адамның да көңілін қалдырып, жанын күйзелтеді. Ә.Науаидың:

Аузына келгенін айту-наданның ісі,

Алдына келгенін жеу-хайуанның ісі [2,53],- деп айтуы де сондықтан. Тәрбиесі аз адамдар мәнсіз, орынсыз, дөрекі сөздердің ауыр зардаптар келтіретінінде шаруасы болмайды. Ұрпақты ондайлардан бойын аулақ ұстап, қандай жағдайда да «сұрқия сөздерді» қолданбауға үйреткен абзал.

Ашық-шашық, қора-қопсыға, есік-тесіктен ит те, мысық та, мал да кіріп-шыға береді. Сол сияқты «қақпақ қойылмаған» ауыздан да «ақ ит кіріп, қара ит шыға беруі» мүмкін.

Хайуаннан артық сөзімен адам,

Былапыт сөйлесе одан да жаман [2,58],- деген ақын Сағди Шерази тұжырымына қосылмасқа бола ма? Қолдан келсе, ауыздан біреудің көңілін қалдыратын суық, жаман сөз емес, адамның мерейін өсіріп, жанына жылы тиетін әдепті сөз шыққанына не жетсін!

Әдепсіз сөйлемеу, әсіресе, балалар мен әйелдер отырған жерде дөрекі сөз айтпау, үлкендерге кішілік ізетпен тіл қату әдептіліктің негізгі шарттарына жатады. Тіпті үлкен кісілер отырған жерде ділмарсып, орынды сөз айтудың өзі де оғаш, ерсі көрінетін кездері болады .

Сөйлеудің қасиеті әдептілігі мен әдемілігіне қоса, сайып келгенде, шындығында, жалған айту, өтірік сөйлеу кісілікке жатпайды. Халық өтірікшінінің қылықтарын жек көре отырып, айыптайды. Жеткіншек ұрпақты: «Өтірік сөз өрге баспайды», «Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді»,-деп, жалған сөйлеуден жирендіріп, шыншылдыққа үндейді. Тегінде шын сөйлеу-әдептіліктің ең негізгі белгісі. Суайт адамды – адамгершілігі жоқ, жан дұшпаны бар, олар: өсек, өтірік, мақтаншак, еріншек, бекер мал шашпақ,-деп Абай өлеңдерінде нақты көрсетеді [3,45].

Сөйлесу кем дегенде екі адамның тілдесуінен тұрады. Кейде мұндай сөйлесуде әркім өзі көбірек айтып қалуға тырысады, екінші адамның да айтқысы келіп отырған сөздері барын ескере бермейді. Ал сөйлеу әдебі сол екінші әріптесіне мүмкіндік беріп,

сезімталдық көрсетуде. Бұл-сөйлесудің мәнін арттырып, екі жақтың да қанағат сезімін тудырады. Көпшілік жағдайда сөйлеуге қатысқан адамдар өздері өте мәнді санаған ой-пікірлерін ортаға салып, бір-біріне жаңалықтарды, тың деректерді жеткізгісі келеді, өзін толғандырған мәселелер жөнінде басқалардың салиқалы, дәлелді пікірін білуге талпынады. Сондықтан ондай сөйлеуге жеңіл-желпі қарамай, өз тарапынан лайықты ілтипат көрсетіп, ұстамды, ойлы жауап беру парасаттылық болып табылады. Атақты Әйтеке бидің: «Билер, сендерде бір мін бар-басқаға сөз бермейсіндер», - деуі соған меңзейді .

«Іші пысқандықтан», «зеріккендіктен» басқаны әңгімеге тартып, көр-жерді сөз етіп, ғайбат-өсек айтып, «құмарынан шығатындар» да кезігеді. Ол-уақытты босқа өткізетін әр адамдар арасында жік салатын, әділдік, туралық жолынан тайдырып, аздыратын зиянды әдет.

Жалпы алғанда, сөз орынды іске бағытталған, адамды рухани байытуға септігін тигізетін және сындарлы сипатта болуы тиіс.

Сөйлесетін адамның мінез-құлқын, мәдени деңгейін, өзіндік ерекшеліктерін білген, ескерген жөн. Мәселен, орынсыз эзіл айту немесе тыңдаушыға қызықсыз әңгімені суыртпақтап тұрып алу, көңіліне дақ түсіретін жөнсіз мақтау не кінәлау әдептілікке жатпайды.

Сөйлеп тұрған адамға үшінші адам қосылғанда, ол осыған дейінгі әңгіменің қысқаша мазмұнынан хабардар етілуі керек. Егер оны әңгімеге тартудың, араластырудың қажеті болмағанда, сөзді бірден шорт тоқтатпай: «Әншейін, өткен-кеткенді айтысып тұр едік», -десе де жөн болады. Әңгіме үстіне үшінші адам келіп қалғанда, оны қатыстырудың қажеті жоқ жайтты ары қарай астарлап, жұмбақтап сөйлеу жараспайды. Әрі ол кісіге жайсыз, ыңғайсыз соғады, әрі күдік-күмән туғызады. Көптің ішінде сыбырласып жату да ерсі. Бұл басқаларға қолайсыз тиеді.

Сөз арқылы ой-пікірінді, сөзімінді, қуаныш-қайғынды айтып жеткізу арқылы басқаның да жан дүниесіне еніп, сыр-сипатын танып, өзара түсінісу жүзеге асады. Сөз арқылы біреуді риза етуге, көңілін жайландыруға, қиын қыстау жағдайда дем беріп, жігерлендіруге, инабаттылық жолына бағыттауға болады [4,68].

Қазақтың: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», - деген мақалы да адамгершіліктің, мұсылманшылықтың, соның қатарында сөйлеу әдебінің де басты өлшемі әділдік екенін айқын аңғартады.

Дегенмен, шындықты айтуда да абай болатын жәйттар аз кездеспейді. Шәкіртке ақыл-қабілетінің аздығы, ауруға халінің мүшкілдігі, мүгедекке кемтарлығы туралы «шындықты бетке айту» адамшылыққа жата ма? Жазмыштың жазуымен жаны жаралы болып жүрген адамға кемістігін есіне түсіріп, көңіліне қаяу салатын сөз, ишарадан қатты сақ болған жөн. Осы орайда көне заманнан келе жатқан мына бір ойлы аңыздың тағылымы есте болғаны абзал.

Иран жұртының даңқты патшасы Харун Рашид бір күні түс көріп, түсінде аузындағы тістері түгелдей түсіп қалады. Ерте тұрып, түс жорудың шындығын айтқызып, түсінің мазмұнын айтады. Жорудың: «Ей, әміршім, сенің жақын ағайын-туыстарыңның бәрі өліп, өзіңнен басқа ешкімде қалмайды екен», - дейді. Харун Рашид: «Менің бетіме баттатып қайғы толы қаралы сөз айтуыңа жол болсын? Егер менің барлық ағайын-туғаным қырылып қалса, мен күнімді қайтіп өткізбекпін?», - деп түс жорудың жонына жүз дүре соғуға бұйырады. Содан кейін басқа бір түс жорудың шындығын айтқызып, көрген түсін айтып, түсімді жорып бер дейді.

Бұл түс жорудың: «Ей, әміршім, барлық ағайын-туысқандарыңнан сенің өмір жасың ұзақ болады екен», - дейді. Харун Рашид: «Жалпы, ақылдың жолы – біреу-ақ, екеуінің де жоруды бір жерден шықты. Бірақ алғашқы жоруды мен соңғы жорудың парқы аспан мен жердей», - деп Халифа кейінгі түс жорудың жонына жүз ділда беруді бұйырады [2,73].

Тыңдаушылардың ынта-ықыласы, көңіл ауанымен санаспай, орынға, жағдаятқа қарамай, нәрсіз, мәнсіз ұзақ сонар сөздерімен басқалардың уақытын алу, мезі қылу, әрине, үлкен әдепсіздік. Ондайлар *мылжың*, *мылжғау* деп аталады. Мылжындарды жұрт жақтырмайды, сырын білетіндер олардан сырт айналып, қашқақтап жүреді. Сөйлеудің бір-біріне кереғар екі түрі жайында академик-жазушы З.Қабдолов: «*Көп біліп, дөп сөйлеген-шешен, аз біліп, көп сөйлеген-мылжың*», - [5,34] деп әдемі түйіндеген.

Сөйлеуге қатысты әдептіліктің тағы бір түрі-орынды, әділ сөзге тоқтау. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен дана да шешен

халқымыздың ата салтында жүйелі уәжге тоқтамаудан өткен пәтуасыздық жоқ. Мысалы, *«Аталы сөзге ақымақ тоқтамайды»*,-деп халық өте орында айтқан. Бүкіл әлемдік шешендік өнердің үздік үлгілеріне жатқызуға болатын билердің ұлан-ғайыр айтыстарының бірде-бірінде дөп айтылған әділ сөзді аттап өтушілікті кездестірмейміз. Ал аузымен құс тістеген айтыскер ақындарымыз әріптестері сөзден сүріндірген жерде дереу тоқтап, жеңілгендерін ашық мойындап отырған, онымен де қоймай, әлгі айтысты жалпақ елге жария етіп айтып жүрушілер де өздері болған. Қазақтағы әйгілі айтыстарды таратушылар, әдетте жеңілген жағы болып келеді. Демек, сөз қадірін танып, мойындау да ірілікті, кісілікті білдіреді. Мәселен, атағы жер жарған қаһарлы Ақсақ Темірге қатысты бір әңгімеге тоқталғанды жөн көрдік.

Әмір Темір Үндістанға барған сапарында сол жердің өнерпаздарын шақыртып алып: «Осы шаһарда асқан бір сазгер бар дегенді үлкендерден естігенім бар еді»,-дейді. «Ол-мына кісі»,-деп бір соқырды Әмірдің алдына алып келеді. Сазгердің өнеріне әбден риза болған патша одан: «Есімің кім болады?» - деп сұрайды. «Атым - Мемлекет (өзбекше Дәулет)»,- дейді сазгер. «Мемлекет те соқыр бола ма екен?» - дейді патша жымышп. Сонда зағип сазгер: «Егер мемлекет соқыр болмаса, ақсақты үйіне кіргізбес еді гой!» -депті. Сазгердің тапқырлығына риза болған Темір оған сый-сыяпат беріп, шығарып салған екен.

Жарты әлемнің әміршісі дәстүрді аттамай, жүйелі сөзге жығылу арқылы ірі мінез, инабаттылық көрсеткен. Қазақтың көне аңыздары мен шешендік айтыстарында мұндай мысалдар толып жатыр. Олар сөз қадірін, өз қадірін білген, би-шешендеріміздің ұрпаққа аманат етіп қалдырған «асыл сөз» қазынасы болып табылады.

Қорытынды. Бүгінде жұрт аузына көп ілінген Расул Ғамзатовтың: *«Туған тілім болса ертең құрымақ, өлуге де мен дайынмын бүгін-ақ»*,-деген қанатты сөзі сол кезде айтылған-ды. Түркі елдеріне түгел танымал ғалым Ахмет Байтұрсыновтың: *«Сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады»*,-деген сөзі ана тіліміздің қанат жайып, өркендеп дамуына бағытталған.

Еліміздің егемендік алуына байланысты бүгінгі ана тіліміздің қоғамдық өмірдің барлық саласында өз мәртебесіне сай орнын алу барысы күрделі жағдайда жүріп жатыр.

«Тіл – халықтың ең ұлы байлығы» деген еді заманымыздың көрнекті жазушысы М.Шолохов. Тыңдаушы адамға тіл, әрине, сөз арқылы жетеді. Халқымыз «Сөздің көркі – мақал» дейді. Тарихи-әлеуметтік өмір тәжірибелерінен алып, терең де зерделі тұжырым жасап, асылдай қорытып, алмастай шыңдап айтатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді (нақыл сөздерді; қалыпты, орнықты, қалыптасқан тіркестерді; афоризмдерді; ұтымды, жинақты, образды, айшықты өткір сөз орамдарын) халық өлшеусіз көп шығарған.

Әрбір тіл де, сол тілде сақталып жүрген сөздің інжу-маржаны да – атам заманнан бері жасалып келе жатқан өте көне мәдениеттердің көзі. Ол халықпен біте қайнасып, бірге жасайды. Сондықтан да ол – ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі. Ана тілінде сөйлеу, оған деген көзқарас ең зор адамшылық, мәдениеттілік, тәрбиелік, әдептілік өлшемі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Қазақстан, 1971
2. Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы: Қазақ университеті, 1999
3. Абайды оқы, таңырқа... – Алматы, 1993
4. Серғалиев М. Сөйлеу мен жазу мәдениеті. – Алматы: Жазушы, 2006
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992

АБАЙДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ТУРАЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Қасымова Айжан Тойбекқызы

№211 мектеп-гимназияның

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Алматы қаласы

Аңдатпа. Абайдың мұралары – халқымыздың ғасырлай бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санадан салыстырар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай

ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізеді.

Кіріспе. Абай поэзиясы – халқымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Ол адам тіршілігінің сан саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршендігімен, әрқилылығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама асуларынан асып, қандайлық биігіне көтерілсе де, Абай аты мен Абай сөзі әрдайым оның аузындағы жыры, көкірегіндегі имамы, санасындағы ұжданы болып қала бермек.

Ғұлама Абай атамыздың нақыл сөздерінен адамгершіліктің жоғары қасиетіне үндейтін қағида тізбектерін молынан ұшыратасыз. Жалпы тәрбие мектебінің көп түрлері бар, солардың бәрінен де жоғары тұратын, оларға мұрындық болатын теңдессіз мектеп – адамгершілік тәрбиесі. Адам баласына берілер өмірдің әр алуан тәрбиесін бағалауға адамгершілік рухы, ішкі дүниесі бұлардан тәуелсіз, олармен өлшеуге келмейді. Адамгершілік - адамдыққа баға беруге көмекші құбылыстың бірі есебінде адам бойындағы көрсеткіш.

Қоғамда өз ісінің жақсы шебері ғана болу – сол адамның өз ортасына борышқорлығын түгел ақтай алмақ емес. Бұл дәрежеге жету үшін, сыртқы әрекетінді емес, ішкі рухани азығынды бірінші кезекке қой. Қоғам талабына қажетті қасиетінді осы ішкі рухани азығыңнан ізде. Егер ол қасиет бойында бар болса, іс-әрекетіңнің қос тізгінін соған ұстат. Олай етпейінше қоғамға көп пайда келтіруге мүмкіндігі бар іс-әрекетінің сол дәрежеде зияны да бірге туады. Жалаң күйінде білім, еңбек, қызмет, т.б. адамның күнделікті тіршілігі үшін тапқан тәсілі, тіршілік құралы, тек қана тіршілік болып қала бермек. Өйткені күнделікті өмірде кездесер қиындық, ауыртпалық, өмірдің сан түрлі кездейсоқ кедергілері, керісінше көкке көтерер мадақтауды, рахат жұмағы т.б. қарсаңында адам баласы жоғарғы күйде болса, шайқалмай қалмақ емес. Бұл сан алуан кездейсоқтар (мұның өзі өмірде болмай қалмайтын заңды кездейсоқтық) тұсында адамды бұзбай, адам күйінде ұстап қалар қуат құдірет – ішкі рухани азығының молдығы. Міне, адамгершілік қағидаларының бұзылмас кодексіне, қосылған мол үлес.

«Адамгершіліктің алды – махаббат, әділет, сезім». Абайда бұл үшеуі бірлікте. Бұлар бір жерге түйіскенде ғана өз дәрежесін

табады, жеке-жеке күйінде бұлар жарамсыз. «Әділет - ізгіліктің анасы», «Кәһімде әділет жоқ болса, оның ұяты да жоқ». Ұят – адамгершіліктің кісі бойында барлығының сыртқа шыққан белгісі, адамгершіліктің үкім құдіреті. «Ұят – адамның өз бойындағы адамшылығы иттігіңді ішіңнен өз мойыныңа салп сөгіс қылған қысымыңның аты», - дейді Абай [1,76].

Негізгі бөлім. Адамгершіліктің бір сипаты – достық, бауырмал туыстық. Адамгершіліктің бұл сипаты адам баласы бола білуде, адам баласына дос болуда. «Адамның баласы – бауырың, әкеңнің баласы – дұшпаның», «адам баласына дұшпандық адам баласына айырады», «дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені». «Адам баласына адам баласының бәрі дос», «кімге достығың болса, достық достықты шақырады». Тіршілікте «өсіп-өну жолында адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды – дос көбейтпек». Бұл үшін адам баласының жүрегінде адамға деген ізгі тілек жатуы керек: «жүрегі жұмсақ білген құл шын дос таппай тыншымас». Бұл – бірінші іс, жоғарыда айтқан дәреже, мансап, дәулет, қызмет т.б. нәрселер мұнсыз жалған болмақ. Сол үшінде Абай: «пайда, мақтан бәрі тұл, доссыз ауыз тұшымас», «махаббатсыз дүние бос – хайуанға оны қосыңдар», - дейді.

Достық жалпы адам баласына ортақ мүддеге борыштылық. Осы борыштылықтың екінші жағы – жеке адамдардың достығына достық шақырудың парыздылығы. Бұл парыз екінші адамның өзіне жасаған достығына махаббат қылмағында. «Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз», «кім өзіңе махаббат қылса, сенің де оған махаббат қылмағың – қарыз». Міне, Абай нақыл сөздерінде адамгершіліктің бұзылмас қағидалары осыны айтады.

Адамгершіліктің екінші бір сипаты – сүйіспеншілік. Сүйіспеншіліктің достықтан өзіндік ерекшелігі – достық сүйіспеншілікпен нығаяды. Сүйіспеншіліктің арнасы кең. Оның құшағында достықтың көп түрлері жатпақ. Соның бір түрі жар, махаббат сүйіспеншілігі. Жар сүю – мұның өзі адамгершіліктің жоғарғы актісінен туады. сүйіспеншілік – адам табиғатының терең сезінуінен келіп, аса бір ыстық ләззат үшін тұтанған жан дүниенің шөліркеуі. Ол – ешуақытта да жан шөлін басуды тілемейтін шөліркеу. Ол өзінің осы шөліркеуімен де жан сезімін сүйіспеншіліктің дариясына тоғытып жүреді. Бірақ ол еш

уақытта да шөлін басып қануды тілемес еді. Бұл – тілеуден туған тілеместік. Шын мәнінде осы тілеместіктің өзі – тілеу.

Сүйіспеншілік адамгершіліктің бір сипаты болған себепті де, Абай адам баласының бұл жолда жаңылыс, жаңсақ баспауы үшін, өз ақыл сөзін арнайы қалдырды. Бұл жолда жаңсақ баспауы үшін, өз ақыл сөзін арнайы қалдырды. Бұл жолда жаңсақ басу адамгершілікке ақау ғана түсірмей, оны жойып та жіберетінін тереңнен түйген ұлы ақын шынайы махаббатты үлгі ете жырлай отырып, адам баласында кездесер тұтас трагедияға сабақ болар ой түйінін жасады. Мәселен,

«Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме.
Әйел сұлу болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме» [1].

Дәл осы сөзде махаббат ісінің бар кіріспесі және аяқталуы жатыр, іштей ақылмен өрбітіп, әрбір түйін ұшын ұстай білуге мүмкіндік жасар дәрежеде құрылған сөз кестесі.

Ақын осы бір нақыл сөзді әрі тереңнен аша түсіп, әрі дамытып:

«Ғашықтық құмарлықпен ол - екі жол
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол», - дейді.

Нәпсінің құлы – құмарлық. Бұл өмірде өзі тілеп, қолдан жасаған өз бақытсыздығын өзгеден көрген жеңіл сезім дертінің иелері.

В.Г. Белинский: «көз тоқтатар көрікті кез болып, көңіл құмары ауса, жұрт сүйіспеншіліктің өзі деп ұғынады. Осы бағытта кездескен бөгет көңіл-күйінен құмарлық туғызады. Қанағат – көңіл-күйін құртады» деген болатын. Аббай да осы пікірмен үндес. Яғни, құмарлық –тояттаудың құлы. Құмарлық тояттауға жетсе қанағат табады, қанағат құмарлықты жұтып қояды. Өйткені бұл кезде «көп жүрмес жеңілқойлық әлі-ақ тозар, жаңғырар жеңсік құмар жақа қозар» деп Абай айтқан екінші бір драма басталып қалмақ. Ашқарақтана жұтынған тағы пәнсі «ойнап» шықпақ. Мұндай адамның бойынан адамгершіліктің

рухын іздеудің өзі бекершілік болар еді. Абай нақыл сөздері жастарды осыдан сақтандырады. «Көрсө қыздар күнде ашық – диуаналық» деп «махаббат серілерінің» карикатуралық картинасын жасайды. Бұл мектеп – үлкен мектеп екендігін, өмірдің бір кезені болып табылатынын ұғындырып, сыннан отуді, сезімді ақылға жеңдіруді үндейді:

«Махаббат достық қылуға
Кім де болса тең емес,
Қазір дайын тұруға
Бес күндік ғашық жөн емес», - деп ескерту жасайды.

Абайдың мұралары – халқымыздың ғасырлай бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санадан салыстырар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізеді.

Абайтануға қатысты негізгі ойлардың жиынтығы Абайдың қарасөздерінде екендігі белгілі. Әлемдік әдебиеттен қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтің орнын іздей бастаған, қазіргі қоғамдық өмір мен ғылымда өріс ала бастаған оң өзгерістер мен тарихи шындықты қалпына келтіруге ұмтылыс жасап жатқан жаңа ізденістер кезінде Абай қарасөздері кеңес өкіметі тұсында коммунистік партия берік ұстанған таптық көзқарас тұрғысынан зерделеніп жазылды. Ақын қарасөздеріне қатысты мәселелер біржақты, үстірт қарастырылып, ал кейбір айтулы ойларының мазмұны сол тұстағы саясат ыңғайымен қате, жаңсақ түсіндірілді [2].

Абай қазақтың қазіргі ұлттық әдебиетінің негізін салған классик екендігі ешқандай дау тудырмайтыны ақиқат. Абай қазақ халқының рухани мәдениетін әлемдік озық үлгілермен табыстырып, оған өз ұлттың өзіне ғана тән ерекшеліктерін, ой-пікір байлығын, сөз өнерінің үлгісін қосады.

Абайдың дарын қуаттылығы, жан-дүниесінің кеңдігі және поэтикалық қиялының шексіздігі мен тереңдігі кім-кімді де таңдандырады. Академик Серік Қирабаев «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласында: «Жазу өнерінің

қарапайымдылығы мен табиғилығын Абай қазақ поэзиясының ұлттық сипатына айналдырды. Оның ұғымы, танымы, бейнелеу жүйесі түгелдей ұлттық шындықтан өрбіп, біртіндеп тереңдейді. Жаңа ой, жаңа сөзге лайық стильде жаңарып, өзгеше көркемдік қуатқа ие болады. Ондағы тіл байлығы, суреттеу құралдарының әралуан түрлері, теңеулер мен метафора, күштесіз, төгіліп, ұйқасып тұрған тармақтар, ішкі үйлесімдер қазақтың сөз өнерін әсемдік әлемінің биігіне көтереді. Осымен Абай қазақ сөзін ұстартып, әдеби тілдің негізін салды» деп бағалайды. Ғалымның бұл мақаласы «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет» атты жинағына кіргендігі белгілі. [2].

Қорытынды. Адамгершілік – барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де барлық қаламгерлердің бәрі бірдей бұрыннан айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып – адамгершіліктің өзіндік жүйесін, қалыбын, танымын жасай бермеген. Абайдың өзге ақын-жазушыдан бөлек болатын жағдайы да осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын, тіпті соңғы кездерде айтылып жүргендей ілімін жасай білуімен байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыда суреттеумен шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдық деңгейге көтере жырлады.

Абай нақыл сөздері – халқымыздың сарқылмас асыл қазынасы. Ол адам тіршілігінің сан саласын қамтып, бүгінгі мен болашақты ұштастырған өміршеңдігімен, әрқилылығымен қымбат. Халық тарихи дамудың қаншама асуларынан асып, қандайлық биігіне көтерілсе де, Абай аты мен Абай сөзі әрдайым оның аузындағы жыры, көкірегіндегі имамы, санасындағы ұжданы болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абайды оқы, таңырқа... Алматы, 1993
2. Абай. Қара сөз, поэмалар. Алматы, «Ел» баспасы 1993,
3. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмдері. Алматы «Қазақстан», 1993

«ҚАМБАР БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Даулетбекова Гульжан Естемесовна

*№211 мектеп-гимназияның қазақ
тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Алматы қаласы

Аңдатпа. Қазақ халқының шығармашылығы мен адамдардың күнделікті өмірінде салтжоралық және лирикалық өлеңдердің, ертегілердің, мақал-мәтелдердің рөлі зор. Әсересе, салт-жора поэзиясы халық тұрмысының ажырасыз бөлігі болып саналады. Ол қарапайым қазақтың да, атақты қазақтың да өміріндегі барлық маңызды шаралар мен рәсімдерде (қуанышта да, қайғыда да) орындалып отырған. Осыған байланысты, мақалада «Қамбар батыр» жырындағы қазақ ұлтының ежелден бергі тұрмысында пайдаланып келген ырымдары мен дәстүрлері, салты мен ғұрыптары туралы баяндалған.

Кіріспе. XV-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани өмірі біздің кезімізге дейін жеткен ертедегі халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы дәстүрлерін көрсетеді. Олар түгелдей алғанда сол кезде қазақтарда үстем болған патриархаттық-феодалдық қатынастарға негізделген. Қазақтардың көптеген әдет-ғұрпы олардың әдеттегі құқығының ертедегі нормаларымен байланысты болды, олардың негізі атақты қазақ хандары Қасым («Қасым ханның қасқа жолы») мен Есімнің («Есім ханның ескі жолы») құқықтық ережелерінде салынған болатын, ал XVII ғасырдың аяғында, Тәуке хан билік құрған кезде қазақтың үш жүзінен шыққан көптеген қазақ билерінің, соның ішінде халық зердесінде қалған атақты Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбек би мен Әйтеке бидің қатысуымен Тәуке ханның «Жеті жарғы» деп аталатын заңдары жүйеге түсіріліп, құрастырылды [1, 16].

Қазақтың әдет-ғұрпы мен дәстүрлері көбінесе көшпелі малшылардың күнделікті шаруашылық қызметінде атқарылатын әр түрлі салт-жорасынан көрінеді. Мәселен, көктемде қыстаудан көшкенде қыстау мен малды отпен тазарту салты міндетті түрде сақталған. Бұл үшін қыстаудың маңынан екі жерден от жағып, барлық малды солардың арасынан айдап өткен, мұның өзі

мұсылман дініне дейінгі от киесіне деген нанымға байланысты еді. Жазда қоныс аударған кезде әрбір ауыл көш керуенінің салтанатты безендірілуіне ерекше көңіл бөлген. Бұл үшін алдыңғы түйеге қырғауылдың ұзын қауырсынынан төрт басты қарқара орнатқан. Мұндай көш халық арасында **«қарқаралы көш»** деп аталады. Қарқаралы түйені ауылдың ең құрметті әйел немесе ең жас келіні жетекке алған. Халықтың түсінігі бойынша, қырғауылдың әдемі қауырсыны көзі түскендердің назарын өзіне аударып, көш керуеннің көз тиюден және жол-жөнекей әр түрлі қолайсыз жағдайлардан сақтайтын болған [2, 23].

Сондай-ақ, «Қамбар батыр» жырында:

«Сусар бөрік басында,
Үстіне киіп құлпыдан.
Керей ұлы Келмембет
Сөйлес қылып келеді» [3, 436],-

деп сырттан келген бөтен адам үй иесін баса-көктемей **«сөйлес»**, - деп дауыстап қонақ келгенін білдіріп, рұқсат сұрау ғұрпын бейнелеген.

Жыр басында астарлап сөйлей отырып қыз баланы айттырудың жоралғысын мына шумақтардан көруге болады:

«Саусағы алтын сұңқарға,
Ілдірейін деп келдім.
Көлдегі үйрек, қазынды,
Алтайы қызыл түлкіне,
Қосайын деп ойлап ем
Құмай жүйрік тазымды.
Тікбекке ақ үй сұраймын
Ел қонбаған сазынды.
Бұйырып патшам жіберген,
Қайталмаймын бұл жерден
Іздеген жоғым табылмай» [3, 437].

Халықтық әдет-ғұрып қазақтардың отбасы-неке қатынастарында сақталатын әр түрлі салт-жораларда мейлінше толық ашылды.

Негізгі бөлім. Қазақтар некенің әр алуан түрлерін білген, бірақ некенің ең көп тараған және негізгі түрі құда түсу және келінді қалың мал беріп алу жолымен үйлендіру болды. Құда түсу салтын жастардың ата-аналары немесе жасы үлкен туыстары жүзеге асыратын еді. Құда түсу туралы келіссөз жүргізуден бұрын күйеу баланың ата-аналары жорамалданып отырған құда түсер үйдің жақсылы-жаманды оң немесе теріс жақтарын дәлелдейтін барлық мән-жайларды біліп алатын. Осындай құпия «барлаудан» кейін ғана күйеудің әкесі ресми ұсыныс жасау үшін қыздың әкесіне өзінің сенім білдірген адамын «жаушы» етіп жіберетін. «Қамбар батыр» жырындағы осындай «жаушы» ретінде Келмембет жіберілген. Келмембет тағы сөйлейді:

«Сен сұрасаң Әзімбай
Айтайын келген жөнімді,
Арада жүрген жеңгемін
Киемін қымбат тоныңды,
Мәрт кісінің белгісі
Бітірсең тездеп сонымды;
Ешкім саған тие алмас
Ұстасаң менің қолымды;
Жаушы қып патшам жіберді...
...Бүгін саған мейманмын
Таңдап сой семіз қойыңды:
Құда түсіп, құйрық жеп
Қыламыз қызық ойынды...» [3, 438], - дейді.

Егер қыздың ата-анасы ұсынысты қабылдаса, күйеу жағынан құралдардың келу мерзімін белгілеп, жаушыға *«шеге шапан»* деп аталатын шапан жапқан. Сонан соң күйеудің әкесі белгіленген мерзімде құдалар жіберіп, олар қалың малдың көлемі туралы, жасау-жабдықтар туралы, қалың мал төлеудің алдын ала белгіленген мерзімдері және тойды өткізетін уақыттың өзі туралы ресми келіссөз жүргізген.

Құдалық туралы екі жақтың келісімі антпен бекітілген, бұл үшін құрбандыққа шалынған қойдың бауыздағандағы қанын ағаш тостағанға (аяққа) толтыра құйып, екі жақтың да бос

құдасына апаратын, олар оған оң қолының саусақтарын малып, ал неғұрлым ерте кезде оған найзасының немесе жебесінің ұшын салып, сонымен бірге құдалық уағданы бұзбау туралы ант берген сөздер айтатын болған. Ант беру рәсімі жасалғаннан кейін ақсақалдар қан толтырылған тостағанға қарап отырып аят оқу арқылы уағдаластыққа бата берген, бұл қазақтарда «*батаяқ*» деп аталды. Осы жол-жораның құрметіне күйеу жағынан келген бас құда қалыңдыққа тарту-таралғаны және қалыңдыққа «*қарғыбау*» немесе «*үкітағар*» (ен салу) деп аталатын сыйлықты атаған, бұл сыйлық қыздың осыдан бастап айттырылғанын білдірген. Осыдан кейін уағдаласушы жақтар заңды құда деп саналып, оларға жаңа пісірілген күйрық май мен бауырдан арнаулы «*күйрық-бауыр*» деген тағам тартылған. Құдалардың оны бір-біріне асатуы екі жақтың туыстық қатынастарының ұзақ жылдарға орнатылғанын бейнеленген. Құдаларға аттанар алдында сый ретінде «*куит*» кигізген [4, 26].

Күйеудің әкесі келісілген қалың малдың негізгі бөлігін бергеннен кейін күйеу қалыңдыққа өзінің алғашқы ресми сапарын жасаған, ол «*ұрын бару*» деп аталады. Осы сапар кезінде болашақ ерлі-зайыптылар, әдетте бірінші рет кездесетін, сондықтан олардың бұдан кейінгі тағдырына ұрын барудың зор мәні болды, олар бірін-бірі біліп, ұнатып кетуі мүмкін еді. Кейде бұл кездесу тең емес некені болғызбай тастайтын. Демек, қазақтың «ұрын» термині түріктің ертедегі «ugun» (тығылу, бауырына басу) деген сөзінен шыққан болуы мүмкін. Түріктің ертедегі «bagirsaqni bulza bagirqa ugun» (егер ізгілік көрсен, қабыл ал) деген қазір де бар сөзі осындай жорамалдың растығын айқын дәлелдейді.

Күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары алғашқы кездесуді өткізуге мұқият дайындалатын. Қалыңдықтың туған-туысқандарына алуан түрлі көп тарту-таралғы беріп, күйеуге тәжірибелі жігіт (күйеу жолдас) бастаған 5-6 адамнан тұратын қошеметшілері еріп барған. Күйеудің қасына ерген адамдары үшін қалыңдықтың жақын туысының үйінде келесі күні дәстүрлі «*қыз қашар*» кеші өткізілген. Кештің аяғына қарай қалыңдық құрбыларының қарсылығына қарамастан, жеңгелері оны арнайы отау үйіне апарды, онда алдын ала төсек салынып қойылады. Жас жеңгелер күйеуді сонда шақырады, ал басқа әйелдер

күйеудің аяғының астына *«бақан»* (киіз үйдің шаңырағын көтеруге арналған сырғауыл тастап, оның алдынан *«желі»* (құлын байлайтын арқан) тартады. Халықтың нанымы бойынша, бұлар – қасиетті заттар, олардан аттап өтуге болмайды, ал бұл жағдайда одан ақы төлеп айналып өту керек. Сондықтан күйеу бола жеңгелерге *ақы (кәде)* төлейді де, олар күйеу баланың жолынан кедергіні алып тастайды. Бірақ бұндай көріністердің барлығы жырда онша көрінбейді, яғни Назым бұл әдеттерді орындайды. Назымның әдет-ғұрыпты бұзып еріксіз қалың малға сатылуға көнбейтін қыз екендігі *«Тоқсан үйлі Тобыр»* жырында өте айқын берілген. Мұнда ол өз әкесі Әзімбайға:

«Айғыр емен, ат емен
Жал-құйрығын сүзілтіп
Бауырыңа салғандай» [5, 94], - дейді.

Бұл жырда халықтың өлең-жырларында қолданылып келген дәстүр жаңа әдістермен толтырылған. Мұнда тұрмыс-салт өлеңдерінің дәстүрінде аңсап, арман ететін бой жеткен қыздың сипаттары да толықтырылады. Назымның өз басын толық бағалай білетіндігі, махаббатты жолында жан алмайтындығы, өзінің ішкі сезімін қорғау үшін батылдық пен нақты әрекет істей алатын қыз екендігі айтылады. Назым - ақ түйғын, аққу, қоңыр үйрек, балапанын ерткен қоңыр қаз. Оның денесі аппақ қардай, екі беті қарға толған қандай, көзі құралайдың көзіндей. Осы сияқты сипаттардың нәтижесінде рухани тәрбиесі де, дене тәрбиесі де жан-жақты жетілген мінсіз адамның бейнесі көрінеді. Қамбарды Назым оның күшіне, ерлігіне қызығып сүйеді. Назым Қамбардан өзінің ойында арман етіп жүрген жігітінің сипатын, батырлығын көреді. Сондықтан да *«Он екі баулы өзбекті»* және *«ноғайлы»* елін қалмақ шабуылынан қорғайды деп сенеді.

«Бара жатқан Қамбарды
Назым сұлу көздеді.
Шын батырға кез келді.
...Соған ғашық болғаным
Қалмақтың берер деп едім
Жалғыз-ақ өзің жазасын» [5, 95].

Қамбар мен Назым арасындағы ғашықтық және батырдың Назымға үйленуін баяндау олардың руының Махтым ханға қарсы күресімен байланыстырылып берілген. Назым Қамбарға деген адал махаббаты үшін күреседі. Ноғайлы елінің билері, *«көп жылағанша бір қыз жыласын»* деп Назымды Махтымға бермек болып, кесім шығарған кезде де ол өзінің бетінен қайтпайды.

«Тоқсан үйлі Тобырда» ХІХ ғасырдағы елдің тұрмыс жағдайлары кейіпкерлердің іс-әрекетін өзгертуге де әсер еткен. Мысалы, ұрыс қызған кезде сартылдап найза сынып, зуылдап садақтың оғы ұшып жатады, сонымен қатар күрсілдеп зеңбірек атылып, аспанға ракета ұшып жатады.

Сайып келгенде, ХІХ ғасырдағы ел тұрмысының бұл жырға тиген ең басты әсері: тұрмыстағы әлеуметтік қайшылықты ашып көрсету, кедейлердің жай-күйін жақсартудың қажеттігін сөз қылу және қалың малсыз үйлену мәселесін көтеру. *«Тоқсан үйлі Тобыр»* жырында ескіден келе жатқан дәстүрмен қатар көп жерлерде жаңалық араласып басқа батырлар жырының дәстүріне ұқсамай отырды. *«Тоқсан үйлі Тобыр»* жырында және Қамбар туралы басқа жырларда да ел қыдырып әулие іздеп молаға түнеп, аруаққа сиынып батыр бала сұрап жүрген кубас шал-кемпірлер жоқ. Және батырдың бала күніндегі ерлігін суреттеу, өзіне жылқыдан ат таңдап алу, сүйген қызына таласқан басқа жігітпен сынасып, садақтан оқ атысу, бәйгеде сынасу сияқты жырлардан кездесетін суреттеулер де жоқ. Жырдың басында сөз Назымның сұлулығы туралы болады. Одан кейін Назымның өжеттілігі, еріктілігі қалың тойда өзіне күйеу боларлық жігіт таңдағанда және Қамбарға алғашқы кездескен жерлерінде толық, өте айқын суреттелінеді. Назымда көзге түсерлік сипат көп. Оның міндетін алтын күймесі, киетін алтынмен әшекейленген қамқа тоны, беті-қолын жуатын алтын құманы бар. Оның алтын күймеге жегіп жүретін қос қара атының қамыт-доғасы да алтыннан, седелкесі күмістен жасалған, божысы жібектен есілген және басқа да бай дүние-мүлік бәрі оның әмірінде. Назым тек қымбат бағалы киімдермен денесінің кіршіксіз аппақтығымен, бетінің қызылдығымен, қасының қаламдай сызылып тұрғандығымен және әсем сұңқар бойымен ғана суреттелінбейді, сонымен қатар, Назым таза жүректі адамгершілік қасиеті мол тілекті адам. Оның ең басты қасиеті де осында.

Қорытынды. Ертедегі қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша отбасында қыз балаға 12-13 жасқа толғанда бойжеткен деп есептеліп, оны тұрмыс құруға бейімдейді. Қалыңдықты ерекше көз тартатындай бағалы киімдер кигізіп, ал асыл тасты бұйымдар қыздың ажарына көрік беретінін әжелеріміз жақсы білген. Халықтың ауызша шығармашылығы мен адамдардың күнделікті өмірінде салт-жоралық және лирикалық өлеңдердің, ертегілердің, мақал-мәтелдердің рөлі зор. Әсіресе, салт-жора поэзиясы халық тұрмысының ажырасыз бөлігі еді, салт-жора мен әнсіз тұрмыс мүмкін емес болатын. Ол қарапайым қазақтың да, атақты қазақтың да өміріндегі барлық маңызды шаралар мен рәсімдерде (қуанышта да, қайғыда да) орындалып отырған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы. V томдық II томы // Атамұра Алматы, 1998.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1994.
3. Қамбар батыр. Қазақ эпосы I кітап. Алматы, 1957.
4. Садырбаев С. Қазақ халық ауыз әдебиеті. Алматы, 1990.
5. Қамбар батыр // Жазушы Алматы, 1968.

Ж.БАЛАСАҒҰН, А. ЙҮГНЕКИ ЖӘНЕ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

*Райымбекова Зухра Кеңесбековна
№211 мектеп-гимназияның қазақ тілі
Мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы*

Аңдатпа. Тіл де мәдениеттен тысқары болмағандықтан, лингвистикалық мәдениеттану ғылымының негізгі бір саласы ретінде анықталады. Халықтың салт-дәстүрі мен мәдениеті тек адам санасы арқылы ғана емес тіл арқылы да ұрпақтан ұрпаққа беріліп, тіл арқылы да сақталып, тіл арқылы көрініс табатындықтан лингвомәдениеттану тіл білімі ғылымының да негізгі бір саласы. Лингвистикалық мәдениеттану тіл білімі мен мәдениеттану ғылымының тоғысуында пайда болған, халық мәдениетінің тілге әсер етуін, халық мәдениетінің тілдегі көрінісін зерттейтін ғылым.

Кіріспе. Тіл – адам болмысының айнасы. Сөз арқылы адамның ақыл-ойы, мінез-құлқы, жалпы рухани жан-дүниесі

танылады. Сонымен қатар адамның барлық саналы әрекетінің құралы: оның өнерлі, білімді, мәдениетті болып қалыптасуында тіл маңызды рөл атқарады. Ал тіл мәдениеті дегеніміз – бір қарағанда, тілдік норманы сақтап сөйлеу, дұрыс жазу деген түсінік.

Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу. Ойдың тілі – сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойларымызды сыртқа білдіре аламыз. Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Адам баласының сана-сезімінің дамуында дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды.

Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Ж.Баласағұн: «ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз», А.Йүгнеки «Тіл мен жақтың көркі – шын сөз» деп тауып айтқан. Көне замандағы мәдениет ошақтарының бірі – шумерлердің тас табактарына былай деп жазылған екен: «...аузыңа абай бол, көкейдегі ойды айтуға асықпа, ойланбай сөйлесең, опық жейсің...»[1, 36], ал мексика халықтарында «сөйлегенде сабыр сақтаған жөн, асығып-аптықпа, қызбаланба, дауысыңды көтерме, сөзің орынды да ұрымтал болсын» десе, қазақ тіл білімінің асқан шебері М.Балақаев сөйлеу әдебі жайлы: «Сөйлеудің де сөйлеуі бар: шешен көмекейі бүлкілдеп, көсіле, біліп сөйлейді, ойсыз адам кібірткітеп, күңгірт сөйлейді. Мәдениетті, білімді азаматтар ана тілінің қыраны сияқты биікке самғайды. Жұрт оларды асқан шешен деп дәріптейді»,-деген болатын. Бұл адамның сөйлеу тілінің адам өміріндегі маңызын, жөнімен сөйлей білудің қажет екенін, сөздің құдіретін мойындаудан туған ой. Тіл дедік, сөйлеу дедік, ал енді сөйлеу әдебі дегеніміз не? Сөйлеу әдебі (ағыл. *speech etiquette*) – Тіл практикасының ұлттық, өзіндік ерекшеліктерге ие қағидалары; бұл ережелер әңгімелесушімен «сыпайы, биязы» байланыс жасауға (байланысты орнату, оны қолдап отыру, байланысты тоқтату) қоғам тарапынан бекітілген қалыпты нысандар мен тілдік бірліктер жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Негізгі бөлім. Сөйлеу әдебі мен тіл мәдениетіне қатысты пікір айтқан Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иүгнеки және Абай Құнанбаевтардың көзқарастары ортақ, бір-бірімен пікірлес. Үш ғұламаның барлығы да «сөз әдебін» ат қойып, айдар тағып арнайы қарастырмағанмен – сөз, сөз құдіреті, сөз мәні т.б. туралы тереңнен толғап, тың тұжырымдар жасаған.

Ж.Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанында әдептіліктің сан түрін жырлай келіп, солардың ішіндегі ең бастысы – тіл әдептілігі деген қорытынды жасаған. Дастанның бір тарауы толығымен осы мәселеге – тіл әдептілігіне, яғни мәнерлі, мәнді, сыпайы сөйлей білу өнеріне арналған. Автор оқушысын абайлап, ойланып-толғанып барып сөйлеуге, тілге сақ болуға шақырады. Қысқаша әрі мазмұнды сөйлей білу – әдептіліктің басы деген пікір айтады. «Біліп сөйле, сөзінде сөл, ең болсын, Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын!» - дейді дана ақылы. Сол асыл сөзді, толғамды тілді өсиет етіп, атадан балаға аманат етіп тапсырады.

Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар.
Біліп айтқан сөз – білікті саналар,
Біліксіз сөз басынды жеп, табалар.
Қалар мұра – сөз, кісіден кісіге.
Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе.[2, 95]

Осы шағын үзінділерден-ақ, ойшылдың сол кезеңдегі оқымысты хакімдердің орта ғасырлардың өзінде тіл өнеріне қаншалықты мән бергендігін аңдауға болады. Сонымен қатар Жүсіп Баласағұн көп сөйлеудің де адамға еш пайда әкелмейтінін айтады:

Көп сөйлем, аз айт бірер түйірін,
Бір сөзбен шеш түмән сөздің түйінін. [2, 94]
Көп сөйлесең, «Езбесің» деп жек көрер,
Сөйлемесең «Мылқау» екен деп сөгер. [2, 94]

Шығарма ел басыларына, хан құзырына ақыл-кеңес ретінде жазылғанын, мемлекет түзуге аса қажетті мәселелердің жеке-жеке талданғанын ескерсек, тіл, білім, рухани дүние хақындағы

ақын толғамдарының әлеуметтік мағынасы барынша жарқырай көрінеді. Соның бәрінде тілдің қасиетін, білімнің қадірін әрдайым асқақтата, жарық дүниедегі асылдың асылына балап толғайды. Жоғарыдағы «көп сөздің түйінін бір сөзбен шеш» деген сөз қазір «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» деп айтылады.

Ахмет Йүгнеки де оқушысын әдепті, мағыналы сөйлей білуге, өсек, өтірік айтпауға, көп сөйлемеуге шақырады. Ал әдептіліктің басы – тілге сақ болу деп үйретеді:

Білімдіден қалған бір сөз тағы бар:
Әдептіге «үндемес» ат тағылар.
Тілңді тый – сонда тісің сынбайды,
Жөнсіз шыққан тілден тісің қағылар.

Сөйтіп, ақын «тілді тыйып ұстау – әдептіліктің, білімділіктің белгісі» деп біледі. Осы орайда «Он күнәнің тоғызы – тілден» деген хадис, «Басқа пәле – тілден» деген мақал еске оралады. Бұл жайында тағы басқа қазақтың «Көп сөз ұтпайды, дөп сөз ұтады», «көп сөз – көмір, аз сөз - алтын» деген мақалдарынан да байқаймыз:

Демек, сөйлеу әдебінің басты қағидасы – тілге сақ болу, абайлап сөйлеу болып табылады екен.

«Ойланып сөйлеген кісінің сөзі – сөздің асылы» немесе «Тіл мен сөздің бостығы талай басты жеді» дейді. Ақын қашанда әбден ойланып алып, сосын ғана сөйлеу керектігін ескертеді. Өйткені жаман сөз адамның жан дүниесін жаралайды. «Оқ жарасы – жазылар, ал ащы тіл салған жара жазылмас» деп түйіндейді Йүгнеки.[1, 182]

Ғұлама ойшылдың сөйлеу әдебіне қатысты нақыл сөздерінің бірқатары шыншылдыққа, туралыққа үндейді:

Шыншыл бол, туралық ет, әділ атан.
Шыншыл деп білсін халайық сені.
Шын сөйле, әңгіменді тартымды ет.
Шын сөз бал сияқты, жалған – жуа.[3, 350]

Сондай-ақ ақын сыр шашпау, құпияны сақтай білу жөнінде де ғибрат айтады:

Сырыңды кісі білмесін, берік сақта.
Досым деп иланып сыр айтпа, сақтан
деп ескертеді.

«Қазақта қара сөзге дес бермедім», – деп өзі айтқандай, сөйлеу әдебі жайлы Абай кеңесі – тіл мен жаққа сүйенген қызыл сөз емес, мағыналы, мәнді, ғибратты сөйлеу керек екендігін айтады:

Ақылмен ойлап білген сөз
Бойына жұқпай сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.[5, 125]

Ақын сөз құдыретінің өте қуатты болатынын айтып, оны түсінетін және түсінбейтін адамдар болатынын да айтады:

Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді,
Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді.
Қадірін жақсы сөздің білер жанға
Таппай айтпа оған айтар кезді. [5, 89]

Сонымен қатар адам өз ойындағысын, өмірден көрген-білгенін басқаларға әсерлі де әдемі жеткізу үшін көп шеберлік керектігін ескертеді:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?

Демек, бұдан «сөз шығаратындар көп, келістіретіндер аз» деген ой түйеміз. Тіліміздің сөз байлығы мол болғанымен, адамдар сөйлесу кезінде көңілдегі толғанысын, жүрек тебіренісін сөзбен жеткізу барысында осы зор мүмкіндікті пайлана бермейді.

Сондықтан адам сөздік қорын үнемі жетілдіріп, өз ана тілінің байлығын барынша пайдаланып, күнделікті тұрмыста қолдануға тырысуы керек.

Абай өз заманында қазақ даласындағы ғұлама уағызшы, білім нәрін таратушы болғаны белгілі. «Тіл – құрал», – деп А.Байтұсынов айтпақшы, адамдар арасындағы мәміленің ең қолайлы, көркем және тиімді түрі сөз екені көпке аян. Сөздің адамға ықпал ететін әр түрлі қасиеттерін аңғарып, кереметін толық игерген Абай оны «жалын мен оттан жаралған» немесе «қуаты күшті нұрлы сөз» десе, тағы бір өлеңінде «қуаты оттай бұрқырап» деп теңейді.

Шешен болып тумаса да, сөз өнерін белгілі бір деңгейде кім де болса игере алатыны белгілі. Сөз өнері туралы А.Байтұрсынов «айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады. Сондықтан сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс» деген еді. Сөз өнерін ерекше бағалаған халқымыз «өнер алды – қызыл тіл» десе, Абай:

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас

деп барлық өнерден жоғары қояды. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде өсек, өтірікті бес жаман нәрсенің ішіне қосады:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде сұхбаттас достарға сөйлеу әдебін былай түсіндіреді:

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.

Абай басқа адамның сөзін бөлмей, тыңдай білу керектігін айтады. Біреудің сөзін орта жолдан бөліп, кимелеп кету – мәдениетсіздіктің белгісі.

Сөз өнерінің бастауында жоғарыда айтып кеткеніміздей, сөйлей білу, сөйлеу әдебі тұратынын ескерсек, адамның өмірінде

сөйлеу мәдениеті қаншалықты маңызды рөл атқаратынын байқаймыз.

Сонымен үш ғұлама ұсынған сөйлеу мәдениетінің ең басты ұстанымдары – шыншылдық, турашылдық, көп сөйлемеу, тілге сақ болу және жүйелі сөйлей білу. «Ойдың тілі – сөз» десек, кез келген адам айтар ойын тыңдаушыға дұрыс жеткізу мақсатын көздейді, яғни сөз қолданады. Ал сөзді қалай қолдану керектігі жайлы үш ойшыл анық айтып кеткен. Адамның тілі оның жүрегінің айнасы іспеттес. Жүректегі толқулар тіл арқылы атқарылады. Сол себептен де еңбегімізде ғұламалардың сөз әдебі жайлы айтып кеткен ойлары қашанда өз маңызын жоғалтпайды.

Қорытынды. «Тіл – халықтың ең ұлы байлығы» деген еді заманымыздың көрнекті жазушысы М.Шолохов. Тыңдаушы адамға тіл, әрине, сөз арқылы жетеді. Халқымыз «Сөздің көркі – мақал» дейді. Тарихи-әлеуметтік өмір тәжірибелерінен алып, терең де зерделі тұжырым жасап, асылдай қорытып, алмастай шындап айтатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді (нақыл сөздерді; қалыпты, орнықты, қалыптасқан тіркестерді; афоризмдерді; ұтымды, жинақты, образды, айшықты өткір сөз орамдарын) халық өлшеусіз көп шығарған.

Әрбір тіл де, сол тілде сақталып жүрген сөздің інжу-маржаны да – атам заманнан бері жасалып келе жатқан өте көне мәдениеттердің көзі. Ол халықпен біте қайнасып, бірге жасайды. Сондықтан да ол – ел-жұрт өмірінің айнасы, табиғи шындықтың өзі. Ана тілінде сөйлеу, оған деген көзқарас ең зор адамшылық, мәдениеттілік, тәрбиелік, әдептілік өлшемі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. -264 б.
2. Жүсіп Баласағұн. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 208 б.
3. Әдеби жәдігерлер. Қожа Ахмет Иасауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы /Құраст.: Әлібекұлы А., Дәуітұлы С., Сағындықұлы Б. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 488 б.
4. Сүйінішәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: Санат, 1997. – 927 б.
5. Абай Құнанбаев. Шығармалар жинағы. Павлодар: Эко, 2003. – 400 б.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Раритет, 2008. – 384 б.
7. Ошанова О. Сөйлеу мәдениетінің негіздері. –Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 185 б.

АБАЙ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ МИФОПОЭТИКАНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ

*Махмет Жарқын Қуанышқызы
№211 мектеп-гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы*

Аңдатпа. Бүгінгі қазақ поэмасындағы орын алып отырған мифологиялық үрдістерді зерттеудегі жетекші идеялар қаламгер ашатын шынайы жаңашыл мазмұнмен байланысты. Абай поэмасындағы мифологиялық көріністер ұлттық және әлемдік дәстүрлі мифтермен байланысып бүгінгі қаламгерлерде көрініс тапты. Қаламгерлер енгізген жаңа авторлық мифологиялық образдар мен мотивтер және архетиптер қазақ және әлем әдебиетіне қосылған үлкен рухани үлес. Мифопоэтика - адамзаттың дүниені танып-білудегі, дүниенің рухани бітімін түсінудегі бір жолы, бір бағыты болып саналады.

Кіріспе. Миф және мифология деген ұғымдар туралы ғылыми көзқарастың өзі бүгінде екі салаға бөлектеп, бір-бірінен ірге тартып алшақтап кеткен. Біріншісі – мифтерді, оны зерттеуі тиіс мифологияны ауыз әдебиетінің бір саласы (жанры) деп қарау, сол көзқарас негізінде мифологияға әдеби тұрғыдан бағам жасап, әдеби тұрғыдан оның қалыптасуы жөнінде көркемдік, тілдік, т.б. үрдістері мен сипаттары (ерекшеліктері) жөнінде тұжырым жасау. Белгілі бір деңгейде бұл дұрыс та болып шығады. Бірақ мұндай зерттеудің қоғам үшін қайыры аз болатындығын да ескеру қажет сияқты. Өйткені, миф тек әдебиеттің ғана үлесіне тиген дүние емес, одан әлдеқайда зерттелу аумағы кең тақырып. Ауыз әдебиеті үлгілері ретінде оның тек бір ғана қырынан қарастырылу мүмкіндігі бар. Қазақ ғалымдарының миф туралы бүгінгі таңда беріп отырған бағасы – осы. Екіншісі – мифті ауыз әдебиеті ауқымынан шығып кететін, өз алдына дербес (әрине, гуманитарлық ғылымдардың барлығының тоғысар тұсында орналасып, сол ғылымдардың әдістемесіне сүйенетін) ғылыми пән деп қарастыру. Бұл жағдайда осы ғылыми пәнді, саланы дамытудың өзінің теориялық, әдістемелік, терминологиялық жүйесін қалыптастыру қажет болады.

Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы күрделі міндет әдеби даму үрдісі мен көркемдік жаңаша ізденістерді пайымдау – бүгінгі күн тәртібіндегі маңызды мәселе болып отыр. Әдебиеттің белсенді жанры поэзиядағы мифтің поэтикасын қарастыру – қазіргі ұлттық әдебиетіміздің зерттелмеген тың саласы.

Ғылымда мифке анықтама өте көп кездесе береді. Анықтамалардың көпшілігі антика дәуірінде дамыған мифологияға арналған және мифологияның қызметіне, оның дінмен, өнермен, философиямен, әр түрлі ырымдармен, ертегімен және эпсанә-хикаятпен байланысына негізделген. Егер барлық анықтамаларды жинақтап қарасақ, үлкен екі топқа бөлінеді: біріншісі – миф дегеніміз дүние туралы фантастикалық түсінік, әлемде билік жүргізетін құдайлар мен рухтардың ғажайып оброздарының жүйесі, екіншісі – миф дегеніміз құдайлар мен қаһармандар жайындағы ауызекі әңгіме - деп миф түсінігіне екі түрлі анықтама береді. Демек, мифология дегеніміз мифтік әңгімелердің жиынтығы ғана емес. Кейбір мифологиялық түсініктер әңгімеде емес, ырымда, ғана бой көрсетеді. Тіпті көп жерлерде миф пен басқа фольклорлық прозаны ашып айырмайды, себебі миф тарихи негізі бар аңыз, хикаят, тіпті ертегі сипаттада баяндалады. Міне, осының бәрі миф жанрының әдебиеттануда әлі де зерттелмегендігін дәлелдейді.

Біздің ұлттық әдебиетіміздің алғашқы үлгілерінде, батырлар жырларында, жыраулар поэзиясында мифопоэтикалық өзгешеліктер баршылық. Ұлттық поэзиядағы мифологиялық сарынның барынша молынан кездескен тұсы ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр аралығында кездеседі. Мифология жалпы дүниенің жаратылысы, белгілі аңыздар желісінен құралып, аңыздан көркемдік дәрежеге көтеріліп поэзиялық шығармаларға бойлап ене бастады. Осы кезеңдегі поэзияның белді өкілдері Абай, Шәкәрім, Мағжан т.б ақындарымыздың поэмалары мен өлеңдерінде бұл көрініс байқалды.

Негізгі бөлім. Мифопоэтикалық сарындар Абай шығармаларында көрініс берді. Сондай аңыздар негізінде жазылған «Ескендір», «Масғұт» т.б поэмаларын негізге алуға болады [1]. Ақынның «Ескендір» поэмасының сюжеті шығыстың аңыздарына негізделген. Басты кейіпкер өзінің күш-жігері және батырлығымен танылған патша Александр

Македонскийдің өмірі мен байланысты. Ақын оны Ескендір патша деп бейнелейді. Поэманың басталуының өзінде кейіпкердің қандай тұлға екені белгілі болады:

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шахары оған мекен.
Филип патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.
Филип өлді, Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Көз алартып қарады оңды-солды [2].

Осы жолдардан Ескендірдің құлқы танылады. Ол өзінің ашкөздігінің, дүниеқоңыздығының арқасында жастайынан жарым мінез болып өседі. Поэмадағы оқиғаның одан әрі байланысуы барысында оның мінезі ашыла бастайды ашыла бастайды. Ол өзінің қисапсыз байлығының үстіне тағыда дүние жию мақсатында жолға шығып, жолда неше түрлі қиындықтарға тап болып, жол бойында бір бұлаққа кезігеді. Осы жердегі бұлақпен байланысты оқиғада мифтік құбылушылық байқалады:

Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.
Түсе сала Ескендір басты қойды
Ішсе, суы өзгеше, тәтті тым ақ, -

дей келе бұл бұлақтың шығу тарихына қызығады. Барлық әскерлеріне айтып, бұл бұлақ белгілі-біршахардан шыққан, бұлақты өрлеп, басын тауып, шахарын шауып алыңдар деп бұйырады:

Бұл салқын, тәтті суға қаныңыздар,
Шақ келер маған жан жоқ, наныңыздар.
Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлеп,
Талқан қылып шахарын алыңыздар.

Оқиғаның одан әрі дамуы барысында бұлақ басы бір қақпаға барып тіреледі. Осы жерде мифтік желі өрби түседі. Бұл қақпа «құдайға *анарар жол*» болып, оған кез келген адам кіре алмайтыны белгілі болады. Кіре алмас себебін сұрағанда қақпа ішінен оған былай деп жауап келеді:

Мықтымын, деп мақтанба, ақыл білсең,
Мықты болсаң өзіңнің нәпсіңді жең!
Іші тар, көре алмастың біреуі – сен,
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

Мұны естіген Ескендір одан, елге көрген жайын айту үшін дәлел ретінде бір зат сұрайды. Оған аған орамалға оралған бір қу сүйек береді. Сүйекке қараған Ескендір ашуға бой алдырады. Бұл сүйектің шешімін патшаның досы Аристотель шешеді. Ол патшаға қарап бұл сүйектің сыры көп деп жауап қатады. Сонда патша не болмақ бұның сыры деген де досы былай деп дауап қайтарады:

Бұл адам – көз сүйегі, - деді ханға, -
Тояма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр көзіне құм құйғанда. [2; 186]

Барлық жайды естіген патша тәубасына келіп еліне қайтады. Бұл жерде сүйек негізгі деталь ретінде алынған. Ал мұндағы қақпа екі дүниені байланыстырушы аспекті болып тұр. «Масғұт» поэмасына келсек, бұл жерде де мифологиялық сюжеттер негізге алынған. Ақынның бұл поэмасында басты кейіпкер Мақсұт атты кейіпкер болып, ол былай суреттеледі:

Я, алла, құрметіне достың Махсұт,
Тілге яр бер, білінсін тұғры мақсұт.
Һаруан-Рашид халифа заманында
Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт.

Осы жолдарға қарап бұл аңыздың Бағдат елінде болғанын аңғарамыз. Мақсұт білімге құмар, талапты, өнерпаз ретінде

суреттеледі. Ол білім қуып Бағдатқа барады сонда бір саудагер кейпіндегі ұстазға жолығып одан дүниеде сирек кездесетін жеміс түрін сұрайды, сонда ұстаз бір бөлмеге кіргізіп былай дейді:

Барса, тамда бір гүл тұр солқылдаған,
Басында үш жеміс бар былқылдаған:
Бірі - ақ, бірі - қызыл, бірі - сары,
- Таңдап ал, мен берейін бірін саған.
Ағын жесең, ақылың жаннан асар,
Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар,
Егерде қызыл жеміс алып жесең,
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар.

Бұл жемістердің қасиетіне таң қалған Мақсұт ұзақ ойланады. (Бұл поэмадағы сюжетте негізінен ел арасында сақталған аңызға негізделген.) сонда Мақсұт ұзақ тұрып былай тіл қатады:

Ақ пен сары екеуін алмаймын деп,
Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды.
Мен беремін, танбаймын айта тұра,
Өкінбесең түбінде жүре-бара.

Поэмада Мақсұт неге ақты алды? Неге шал бұлай деде? Біздің аңғаруымызша қызыл алмада бір ғажайып бары сезіледі. Мақсұт шалға өз ойын былай ұқтырады:

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер?
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Мақсұттың жауабына қаныққан ұстаз риза болады. Бұл поэмада жемістер негізгі детальға алынып мифтік дүниенің поэзиядағы көркем сөз түрінде келгенін аңғартады. Поэманың жалғасында оқиға былай өрбиді:

- Ендеше тауып айттың, же, шырағым.
Ақыл, дәулет әуелден өзіңде екен,

Өміріңмен артылсын, жаным, бағың!...
... Бұл шал бөтен шал емес, қыдыр еді,

Жырдағы Қыдыр кім? ол жайлы қандай аңыздар бар енді соған тоқталсақ. Қыдыр негізінен мифологиялық кейіпкер. Кейбір жырларда ол Қызыр атамен аталып, қазақ сенімінде әулие түрінде кездеседі. Жырдың көпшілігінде оның аты аталмай, әулие немесе ғажайып шал образында келеді. Бір жырларда болса диуана кейпінде бейнеленеді. Оның дәл осылай суреттелу себебі бар. Жалпы діни мифтерде әулиелер немесе ғайыптан пайда болатын демеуші күштердің аты әр түрлі аталғанымен олар бір бейнеде ғана көрінеді. [3; 40-51]. Өте ерте кездерде халықтың ата-бабалар әруағына сенімі күшті кезде пайда болған ғажайыптан өмірге келген мифологиялық кейіпкерлер осы әулиелер болып саналады. Олардың поэзия жанрындағы көркемдік баяндау тәсілдерінен орын алуы ата-бабалар әруағына сыйыну культімен байланыстырылады. Көптеген батырлар жырында болашақ кейіпкердің ғажайып жебеушісі арғы бабасының әруағы немесе сол жерде құрмет тұтатын белгісіз бір әулие болуы мүмкін.

Қорытынды. Қазіргі әдеби даму, оның көркемдік жүйесіндегі мифопоэтикалық құрылым поэтикалық танымның аясындағы дүниеге деген гуманистік қарым-қатынасты, сол негізде туындайтын адамзаттық ізгі тілектерді мұрат тұтады. Сананың тарихи формаларының бірі болып табылатын ғылым мифтік ойлаудың рухани дүниетанымындағы өмір сүру пішінін өзінің аспектілері арқылы тануға ұмтылады. Мифопоэтика - адамзаттың дүниені танып-білудегі, дүниенің рухани бітімін түсінудегі бір жолы, бір бағыты. Ұлттық поэзиядағы мифопоэтикалық құрылымның мүмкіндігі зор екеніне дәстүр мен жаңашылдық арасындағы тығыз байланыс, қазіргі поэзияның тың сипатты озық үлгілерінің көркемдік – эстетикалық құндылығы мен қуаттылығы нақты дәлел бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сәбитов Н. Абай. Алматы: Ғылым, 1946. – 211 б.
2. Абай. Өлең сөздің патшасы. I том. Алматы: «Жидебай», 2006. – 479 б.
3. Қасқабасов С. А. Ажалмен айқасқан адам. (Қорқыт туралы аңыздың көне мифологиялық семантикасы) // Жұлдыз. 1989. N 8. Б. 192-195.

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ - БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Оспанбек Бұлбұл Расбекқызы

№15 гимназияның қазақ тілі

мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Алматы қаласы

Аңдатпа. Қазіргі жер-су атауларының басым көпшілігінің мазмұн – мағынасы, мәні айқын түсінікті болғанымен, олардың ішінде мағынасы көмескі тартып, немесе біржола белгісіз жағдайға жеткендері де аз емес. Олар негізінен көне түркі дәуірлерінен жеткен, немесе басқа тілдерден енген атаулар. Мән – мағынасы түсініксіз атаулар жөнінде халық ішінде әртүрлі аңыз – әңгіме, шежіре – деректер, хикая, дастандар туындайды.

Кіріспе. Жалқы есімдер тілдегі барлық сөз секілді затты бір белгісіне қарап атау заңдылығына бағынғанымен бірқатар өзіндік ерекшеліктерге ие. Оған жер бедерінің әр түрлі болып келуі, әр этностың аты, атау берудегі өзіндік ерекшелігі, номинациялық типтері жалқы есімдердің экстралингвистикалық жағдайларға орай өзгеруге бейім тұратындығы т.б. әсер етеді. Топонимдердің ұлттық ерекшелігі оның жасалуындағы барлық тілдік деңгейлер: сөзжасамдық, синтаксистік, сондай-ақ ат қоюдағы номинация типтерінде, уәж сипатында да көрініс тауып отырады, яғни тілдегі ономастикалық универсия заңы төңірегіне топтасады. Дүние жүзі халықтарының топонимдерінің жасалу ерекшеліктері тілдік модельдерінің мазмұны ұлттық сипатына қарай дараланып тұрса да түркі тілдес топонимдердің жасалуына негіз болатын уәждердің ортақ болуы да ономастикалық универсия заңының көрінісі болып табылады.

Белгілі бір республика көлемінде, аймақ көлемінде жер-су аттарын жасауға бүкіл лексиканың шағын ғана тобы қатысатыны айқындала түседі. Ұлттық кәсібі бір, көшпелі өмір барысында мидай араласып өскен, тілінде ала-құлалық жоқ қазақ халқының жер-су аттарын лексика –

семантикалық тұрғыдан топтастырғанда, жалпы ұқсастық болуы – заңды құбылыс. Сондай-ақ, көптеген көршілес (орал-алтай тектес) халықтардың ұқсас табиғи географиялық жағдайда қатар тіршілік жасауы дәстүрлі мәдениетінде, этнографиялық салттарында, тілдерінде, жер-су атауларында қатар қалыптасып, қатар даму нәтижесінде көптеген параллельдер, ұқсастар болуы да заңды. Сондықтан ономастикада жер-су аттарын лексика-семантикалық сипатына қарай топтастыру қалыптасқан.

Негізгі бөлім. Қарқаралы - тау. Бұл атаудың этимологиясын зерттеген А. Әбдірахманов үш түрлі мағынасы барлығын көрсете келіп, Қарқара (Құс) + лы (сын есім тудыратын ж

ұ рна

Тарихи деректер бойынша, қола дәуірінде Орталық Қазақстандағы тайпалар Нұра, Шерубай – Нұра, Талды-Нұра бойлары, Кент, Қарқаралы тауларының баурайларын қоныстанған. Ең ірі қорғандар деп Кент, Ұлытау, Желітау, Қарқаралыны атасақ болады.

«**Қарқаралы**» сөзінің шығу тарихы туралы көп айтылып та, жазылып та жүр. Пікірлер де әртүрлі, дәлелдер де бірнешеу. Бір аңызда Баян сұлу осы манда қарқарасын түсіріп алып, жердің осылай аталуына себеп болған дейді. Негізге «Қарқараң» сөзінің алынуы дұрыс сияқты. Бұл белгі ханды, ел билеген көсемдерді басқалардан ерек қылып көрсету үшін пайдаланған, «**қарқараң**», тәжі мағынасын білдіреді [1,176.]. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында: Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып, «Қарақаралы» тау атын қоя сапты.

1868 жылы **Қарқаралы** Семей облысының құрамындағы уездік қала болып бекиді. Уез орталығының әкімшілік-басқару органы жұмыс атқарған әсем де әдемі «ақ үйде» бүгінде тарихи-өлкетану мұражайы орналасқан. Сөйте келе, Қарқаралы ірі қоғамдық және саяси орталыққа айналды.

Сарыарқа. Жер – су аттарының жиынтығы (топонимия) тұрғысынан біз сипаттағалы отырған «Сарыарқа» деген ұғымға тек ресми экономикалық аудан ретінде енетін Жезқазған, Қарағанды облыстары ғана емес, жалпы Сарыарқа ұғымына кіретін аймақты сөз ететінімізді ескерте кеткеніміз жөн. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында:

Біраз елі қалады оған ермей,
Сағынып Сарыарқаны қайта көшті.

Кең ұғымдағы *Сарыарқа* атауының шығу тегін, оның бұлайша аталу себебін А.Сейдімбеков, «Сарыарқаның алып су айырығы екенін, ағын су атаулы сол қоянжон дөңкстің қос қапталынан төгіле ағатынын көреміз. Мұндай байтақ жонды Арқа демесекте болмайтын да секілді. Басқаша атау көкейге Қонбайтындай, көңілге орнықпайтындай» – деп пайымдайды, «өлкенің мың сан өсімдігінен бастап, таутасына дейін сарғыш тартып жатуына» байланысты деп қарайды.

Бұл талас тудыратын пікір, өйткені Сарыарқаға қатысты жердің бәрі сарғыш тартып жатады деу, біздіңше дұрыстыққа жатпайды. Мәселен, Целиноград, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарының жерлері қоңыр күз болғанша көгеріп жататыны белгілі. Ал олай болса, Сарыарқа атауындағы сары нені білдіреді?

Сары сөзімен құрамдасып келген атаулар, сөз тіркестері тілімізде тек түсті ғана білдірмейді, «кең», «мол», «үлкен», деген мағыналарда да қолданылады. Мәселен, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «*Сары арқа* - кең жайылым, жазық дала, мол алқап». Тіліміздегі сары уайым (көп уайым), сары қарын әйел (жасы ұлғайған, орта жастағы әйел), сары кідір әйел (мосқал жастағы кісі), сары аяз түсті білдіріп тұрған жоқ, көпшілікті, молдықты меңзеп тұр.

Қырғыз топонимісі Д.Исаев қырғыз топонимдерінің құрамында кездесетін және молдықты, көптілікті білдіретін сары «сар» сөзі иранның осы мағынадағы осы «сар», «сер» сөзінен алынған дейді.

Қазақ топонимісі Е.Қойшыбаев та Сарыдала, Сарытау, Сарыжота, Сарыбел деген атаулардың құрамындағы сары сөзі «кең, үлкен» мағынасын білдіреді деп қарайды.

Сөйтіп, бұл келтірілген фактілер атаудың құрамынағы сары сөзі «кең», «үлкен» деген мағынаны білдіріп, *Сарыарқа* топонимі «*Үлкен арқа*», «*Кең аймақ*» деген ұғымды білдіретінін дәлелдейді.

Географ Нұғыман Баяндин «Сарыарқа» деп аталатын мақаласында бұл аймақтың жер көлемін тіпті үлкен деп суреттейді. Ол мақалада: «Сарыарқаның жер көлемі бүкіл республика жерінің үштен бірін алып жатыр.... Халықтың тауып қойған бұл атауының географиялық үлкен мәні бар. Құлашын кеңге жайған бір жағымен Оралға, екінші жағымен Алтайға тіреліп жатқан үлкен территорияның орта шені жоталанып, дөңестеніп, солтүстікте Батыс Сібір, оңтүстікте Балқаш- Сібір, оңтүстікте Балқаш - Алакөл ойпаты на қарай бірте – бірте аласара береді» - деп жазады. Сарыарқа аймағының республика жерінің үштен бірін алып жатқанына біздің ешбір шүбәміз жоқ.

Біз шартты түрде Орталық Қазақстан деп атап отырған осы ұланғайыр Сарыарқа аймағындағы топонимдердің шығу (қойылуы) мен дамуы тарихын зерттеу - Қазақстан топонимикасының өзекті мәселелерінің бірі. Бұл проблеманы іздестіруде негізінен үш дерекке сүйінуге болады: бірінші, археологиялық қазбалар, екіншіден, көне жазу ескерткіштеріндегі мағлұматтар, үшіншіден, ежелден осы күнге дейін қойылып келе жатқан сол атаулар.

Ә.Х.Марғұлан Сарыарқадағы кейбір топонимикалық атаулар мен географиялық терминдерге талдау жасап, оларды қыпшақтардың отырықшы немесе жартылай отырықшы тұрмысымен орынды байланыстырады [3,15 б.].

Семей, Қатынсу, Ұржар. Мақаншы – Шығыс Қазақстан облысындағы аудан орталығының (село) аты. Мақаншы селосы Алакөлдің солтүстік жағына қарай осы көлге құятын Қатынсу өзенінің бойында орналасқан. Алакөлден қашықтығы 60 км. Бұл аймақта Алакөлге құятын Қатынсу, Емел, Тасты, Ұржар өзендері мен олардың салалары бар. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында:

Осы тұрған Семейге жетіп барды,
Дамыл жоқ та, тыным жоқ көше беру,
Өне бойы жағалап Ертісті өрлеп
Көл қара су бойына жетіп барып,
Қайқайып құм жағалап қайта салды.

Аякөз. Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданындағы өзен аты т.б. Балқаш көліне Іле, Аягөз, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Бақанас, Тоқырау сияқты жеті өзен құяды.

1852 ж. Сібір казактары Шекаралық басқармасының есебінде қазақ даласының Алатау, Қарқаралы, Құсмұрын, Көкпекті, Аягөз, Ақмола, Қапал және Көкшетау, Баянауыл, Атбасар, Ұлытау жерлеріне отырықшы елді мекендер орналасқаны жөнінде мәлімет көрсетілген. Кейбір ірі елді мекендерге патша әкімшілігі полиция апаратын орнықтырып, оларды қала дәрежесіне көтерді. 1854 жылы Көкпекті, Аягөз сияқты ірі елді мекендер қала дәрежесіне жетті. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында:

Қаратау, Тарбағатай жерге келді,
Жайтөбе, Қатынсу көлге келді.
Басынан-ақ Шәулінің дүрбі салып,
Отырған Аякөзде елді көрді.
Құдая сапарында дем бере гөр,
Ағеке-ау, жылдамырақ жөнеле көр.
Жатырмыз Аякөзді жайлап – қыстап,
Інінді кешіктірмей жеткізе көр!

Түйемойнақ – Жангелдин ауданы, Бозатан – қыстағы. Шатқал, Қостанай облысы. Адамдардың Қазақстан жерін тас дәуірінен бері мекендегені ғылымда дәлелденді. Оны Қаратау сілемдері мен Есіл жағалауларынан, Сарысу орта ағысы мен Балқаш жағалауынан және Маңғышлақтан, Жетісу өңірінен табыл

ған өкелігі та

Адамдар алғашқы аңшылықты кәсіптен біртіндеп, жер, мал шаруашылығына ауысу нәтижесінде көшіп қонуға лайықты үй, сондай – ақ малды ұстауға қажетті жабдықтар, мәселен, жылқыны үйретіп, міну үшін жүрген, әбзел жабдықтарын жасады. Сөйтіп, мал басының өсуімен байланысты мол жайылым, құнарлы да сулы жер, шүйгін шөп қажет болды. Соған байланысты таулы аймақтар мен жапан түз, кең жазықтардағы жайылымдарды игеріп, олардың меншікті қонысқа айналдыру шаралары тарихи дәстүрге айналған еді. Сол мал бағып күн көрген көшпенді және

жартылай көшпенді елдің өмір – тірлігін және олардың көшіп – қонып жүрген жерлері мен табиғат құбылыстары жайлы көзқарастары жер – су аттарының да қойылуына әсер етпей қоймағаны айқын. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында:

Түйемойнақ, Жылытау айдап барды,
Қоймаңырақтан жылқысын әрі апарды
Арғы шеті Сауыр мен Сойқол қылып,
Жылқыны қоя беріп жатып алды.

Шідерті. (Шидерти) - жер. (Жезқазған обл. Ақадар ауданы). Бұл атау моғол тілінде цэвэр, - «таза, тамаша, көркем» сөздерінің дыбыстық өзгеріске түскен түрі, ол қосымша – ті (сын есім тудыратын жұрнақ). Демек, «**Шідерті**» - «таза, тамаша, жер» деген мағынаға жуық. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында:

Таман жолдың мәнісін оймен тапты,
Жанындағы шідерті түсіп қалып,
«Шідерті» деген өзен содан қапты.

Шідерті – деп аталатын Қазақстанда екі өзен бар: бірі - Қарағанды, Павлодар облыстарындағы, екіншісі - Орал облысының Жымпиты ауданында. Бұлардың екеуі де Өлеңті, Шідерті атауларының бір-бірімен тығыз байланысы бар.

Атаулар лексикалық құрамы мен тілдік қабаттары жағынан да бірнеше топқа бөліп құралады. Сонымен қатар сол атаулардың құрылысы мен тұрақтылық сипатында айтарлықтай айырма бары байқалады. Тарихи тұрғыдан зер салып байқағанда, елді мекендер атауларына (қала, село) қарағанда су, өзен, көл, тау атауларының көбіне тұрақты, өміршең келетінін көреміз. Мәселен, Семей – Семипалатинский, Ертіс - Иртыш т.б.

Қорытынды. Жалпы топонимдердің, оның ішінде ойконимдердің де қандай да болмасын қоғам өмірінде алатын орны айрықша. Ең алдымен, олар біздің күнделікті тіршілігімізде адрестік қызмет атқарады. Бір қаладан екінші

қаланы, бір ауылдан екінші ауылды, таудан тауды, судан суды географиялық атауларсыз ажырату мүмкін болмас еді.

Көптеген белгілі атаулардың да халықтық мұрасының да халықтық этимологиясы болады. Бұл сияқты халық мұрасының да ғылым үшін маңызы зор. Уақыт озған сайын олардың бірі қолданыстан шығып, ұмыт болып жатса, екіншісі жаңадан дүниеге келіп, тілімізге, күнделікті өмірімізге араласып жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әбіласан Ә. Көне сөздер құпиясы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 185 б.
2. Сейдімбеков А. Күнгір-күнгір күмбездер. – Алматы: Жалын, 1981
3. Марғұлан Ә. «Тамғалы тас» жазуы. – Алматы, 1987
4. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995. – 350 б.
5. Қоңыратбаев Ә, Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991.–400 б.

МАҚАЛ-МӘТЕЛ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Баекенова Назипа Сергазиновна
ШҚО, Самар ауданы,
«Абай атындағы орта мектебі» КММ
көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Фольклор жанры ішінде халық арасына ең көп тарағаны және ұзақ өмір сүретіні де осы мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер бір дәуірдің жемісі ғана емес, олар халықтың тарихымен тығыз байланыста. Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасы.

Кіріспе. Мақал-мәтел қай халықтың болсын ауыз әдебиетіндегі көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрға жатады. Мақал-мәтелдер халықпен бірге жасайды. Біреулері ескіріп, қолданудан шығып, екіншілері жаңарып, туындап жатады. Мақал мен мәтелді де әуелде жеке адамдар шығарды. Оны біреуден біреу естіп, айтып таратады, өңделеді, өзгертіледі, сөйтіп, халықтық мұраға айналады. Демек, мақал-мәтелді де белгілі бір халықтың өмірде көрген-білгені, жасаған қорытындысы, ақыл-ойы деуге болады.

Қазақ – сөз қадірін біліп, қасиетті сөзді қастерлеп, аузынан тастамай, данышпандығын өнеге ретінде өлеңмен өрнектеп, терең мағыналы сөздермен зерлеп келе жатқан халық. Сөз зергерлерінің аузынан шыққанды үздіксіз үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне парықтап пайдалану дәстүрге айналған. Әсіресе қариялар мақалдап, маңызды сөйлеуді борышым деп санайды, онсыз қарт адамның сөзінің қадірі болмайды.

Отбасында ата-аналар бала тәрбиесіне лайықтап: «Ана тілін алмасаң, арың кетеді», «Әке – тірегің, ана – жүрегің», «Сабыр түбі – сары алтын», «Еріншектің ертеңі таусылмайды» т.б. мақалдарды жиі айтады.

Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан, оған айтылатын ақыл-насихат, өнеге, өсиет әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болуы керек. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, ана тілін ардақтауға үйретіп, ой қисындарын сөз жүйесіне келтіре алу қабілетін дамыту үшін, ата-ананың мақалдап сөйлеуінің маңызы зор.

Негізгі бөлім. Мақал-мәтелдер – халық оқулығы, бабалар өсиеті. Олар жастарды тәрбиелейді, жамандықтан сақтандырады. Ең алдымен қарапайымдылыққа, ұйымшылдыққа мегзейді, еңбекке, ерлікке баулиды. Адалдықты, адамгершілікті мақтап, насихаттай отырып, оған қарама-қарсы арамдық, қараулық, өтірік-өсек, жалқаулық, ұрлық, екі жүзділік секілді жарамсыз мінез-құлықтар сыналады [1,22].

Мақал-мәтел – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталап тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні деуге болады.

Мақалда бала тәрбиесіне де үлкен мән берілген. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді», «Сіз» деген сыпайылық, «сен» деген «анайылық» деген мақал-мәтелдердің мәнісі жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім-өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз сыбағасын алмақ.

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, адам мінезін, табиғат пен тіршілік сырын, оның қайшылығын таныта отырып, адамға терең ғибрат берген. Мақал осындай құбылыстарға берілген баға, ойдың тобықтай түйіні ғана емес, өзінше бір ереже.

Ұл мен қыз, жалпы мінезі қандай болуға тиіс дегенге де халық мақалы бұлжымас нұсқау береді. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Жақсы адам – ел ырысы», «Бір кісі мың кісіге олжа салар», «Ақ жүрген адам – азбас», «Тау тауға қосылмас, адам адамға қосылады», «Әдептілік – адамдық белгісі, тұрпайы мінез – надандықтың белгісі» деп келетін мақалдардың тәрбиелік-этикалық мән-мағынасы әлі күнге өз мәнін жойған емес [2,25].

Жоғарыдағы мысалдардан мақал-мәтелдердің барлығына ортақ тән қасиет - өмір құбылыстарының мәнін, сыр-сипатын ашып, қорытынды жасауға бейімділігі. Мақал-мәтелдерді шығарушы, әрі таратушы – халық. Мақал-мәтелдер халықтың рухани бай өмірінен, ой-қиялынан, ақылынан туады. Халық – мақал-мәтелдерді өте жоғары бағалайды. Мәселен: «Сөздің көркі – мақал», «Мақал – сөздің атасы» деген мақал-мәтелдер сөзіміздің айғағы.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер бір дәуірдің жемісі ғана емес, олар халықтың тарихымен тығыз байланыста. Мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасы.

Қазіргі заманда бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін, алдымен өзіміздің ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрді, мәдениетімізді сақтай отырып, келешек ұрпақты ана тіліміз арқылы рухани адамгершілікке тәрбиелеуіміз керек. «Токсан ауыз сөздің, тобықтай түйінін айтар» болсақ, еліміздегі болашақ жастардың бойына бабамыздан қалған асыл сөз маржандарын, тіл мәдениетінің рухани қайнар көздерін сіңіру, ана тіліміздің мәртебесін нығайту, қолданылу аясын кеңейту, бағыт-бағдар беру – әрбір адамның, әрбір ата-ананың, әрбір ұстаздың қоғам алдындағы борышы деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 187б.

ОҚУ МЕН ЖАЗУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Шпекбаева Назира Батырғалиевна
«Еркін ауылындағы Есжан Берліқожаұлы
атындағы №11 орта мектебі» КММ
Жетісу облысы

Андатпа. Сын тұрғысынан ойлау - оқушыға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау, ой қозғай отырып, өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білген білімін талдап, тұжырым жасауға бағыттау.

Кіріспе. Бұл бағдарламаның білім алушылардың сын тұрғысынан ойлануына мақсатты түрде жағдай туғызуға, диалогтық оқытуды тиімді ұйымдастыруға, оқу әрекетіне жаңаша инновациялық әдістерді кіріктіруге, сол әдістерді саралауға негізделген идеясы бар. “Сын тұрғысынан ойлау” ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы **қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғанys** кезеңдерінен түзіледі.

Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейік.

Қызығушылықты ояту. Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртiп алу”, “Ойлану”,

“Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі **мағынаны тану** (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында **V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады”** белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады. Сурет арқылы бейнелесек:

Тақырып туралы **ой-толғаныс** – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді.

Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Негізгі бөлім. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Солардың кейбірімен таныстыра кетейік.

ДЖИКСО – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады.

Әдісті қолдану төмендегіше ұйымдастырылады. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл “жанұя” топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4 өз алдына “жұмыс” тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға “жұмыс тобында” мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті “жанұя топ” оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет.

Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтарымен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді.

ДЖИКСО стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды. Сондай-ақ, мұғалімді, мектеп қызметкерлерін түсіну, оларға деген дұрыс көзқарасқа үйренеді.

Екі түрлі түсініктеме күнделігі.

Оқушылардан дәптердің бетін (не таратылып берген парақты) ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар:

Бөліктің оң жағына

Мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады.

Сол жағына

Сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады (нені еске түсіреді, себеп-салдары қандай, қандай сұрақ бар т.б.)

Әр оқушы мәтінмен танысып, күнделікті толтырып біткен соң жұпта, топта талқылау ұйымдастырады. Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға арналған әзірлеп келген сұрақтарын қойып, жауаптар алады. Ол сұрақтар оқығанға баға беру, пікірін, көзқарасын білдіруге лайықталынып қойылғаны дұрыс. Мысалы:

- Сіздің ойыңызда не сақталып қалды?
- Автор оқырманды қалай қызықтырады?
- Кейіпкерлердің іс-әрекетін Сіз қалай бағалайсыз? т.б.

түрінде.

Бұл әдіс те алдыңғы сияқты оқушыларды ұжым болып, жұмыс жасауға үйретеді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, құдіретін түсінуге бағыттайды. Сондай-ақ, әдістің тиімділігі – сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамиды. Осылайша ұйымдастырылған оқу сабақтары арқылы сауатты оқырман қалыптастыру мүмкіндігі туады.

Еркін жазу. Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлауы дамыту үшін сабақтың үшінші ой толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Мұғалім сабақ бойына қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін т.б. жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде оқушылар өз жазғандарымен топ

мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады.

Оқушыларды алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

Венн диаграммасы. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

Қорытынды. Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс.

Қазіргі уақыт талабы мұғалімнің қайта жаңаруын, өзгеруін талап етеді. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы әдістерді меңгерген ұстаз ғана уақыт талаптарына жауап бере алатын бәсекеге қабілетті, өзіндік тұлғалық ерекшеліктері қалыптасқан, жоғары кәсіби білімді маман даярлау ісіне өз үлестерін қосады деген сенімдемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әлімов А. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» Алматы, 2013
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014 ж.
3. Бағдарлама. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ 2015 ж.

МЕНТАЛДЫ КАРТАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖҮЙЕЛІК ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ

Жүнісбек Л.Н., Стыбаева Р.М.

*«Еркін ауылындағы Есжан Берліқожаұлы
атындағы №11 орта мектебі» КММ
Жетісу облысы*

Аңдатпа. Мақалада менталды карталарды қолдану арқылы қазақ тілі және әдебиет сабақтарында оқушылардың жүйелі ойлауын дамытудың негізгі стратегиялары қарастырылады. Зерттеу көрсеткендей, оқушылардың жүйелі ойлау қабілеттерінің минималды бастапқы қабілеттеріне қарамастан, олардың көпшілігі жүйелі ойлау қабілеттерінде айтарлықтай жетістіктерге жетті, ал үштен бірі жүйелі ойлаудың ең жоғары деңгейіне жетті.

Кіріспе. Оқу іс-әрекетінде жоғары сынып оқушылары үлкен ақпарат ағынына тап болады, олар ақпаратты әрдайым есте сақтай алмайды, талдау жүргізу және қорытынды жасау үшін алынған барлық ақпаратты өңдей алмайды. Оқушылардың материалды жақсы түсінуі үшін кейде тіпті бір қарағанда мағынасы мен мазмұны жағынан бір-бірінен алшақ объектілер мен құбылыстар арасындағы байланысты анықтау қабілетін дамыту қажет. Яғни, жүйелеу қабілетіне аса назар аудару керек. Жүйе дегеніміз – белгілі бір мақсатқа жету үшін өзара байланысты және үйлесімді әрекет ететін элементтер жиынтығы. Жүйелі ойлау – бұл біздің өміріміздің қай саласына қатысты болса да, әр түрлі мәселелерді шешуде онсыз жасай алмайтын маңызды құрал [1, 12 б.].

Жүйелі ойлауға баса назар 1993 жылы "Ғылыми сауаттылықтың эталондары" жарияланғаннан кейін басталды. Содан бері жүйелі ойлау көптеген халықаралық оқу бағдарламаларына енгізілді. Мысалы, жаңа буынның ғылыми стандарттары (NGN) жүйелерді анықтауға, олардың шекараларын көрсетуге және модельдерді қолдануға бағытталған кешенді тұжырымдамалық жүйелер мен жүйелік модельдерді қамтиды [2, 5 б.].

Теориялық материалдың үлкен көлемін айтып беруді қалай жеңілдетуге болады? Бұл мәселені шешу үшін қандай технология

қолайлы? Әдебиеттерді, әріптестердің алдыңғы зерттеулерін зерттей отырып, біз бұл жағдайда менталды карталар жақсы көмекші деген қорытындыға келдік. Ақыл-ой картасы немесе ассоциативті карта ағылшыннан аударғанда "ақыл картасы" - "жады карталары", "менталдық карталар", "ассоциативті карталар", "байланыс диаграммасы", "ассоциативті диаграммалар" немесе "ойлау схемалары" – дегенді білдіреді. Менталды карталар қарапайым және тиімді графикалық ойлаудың пайдалы құралы болып табылады. Олар визуалды эффекттер арқылы идеялар арасындағы қатынастар мен иерархияны көрсетеді. Ғылымның, өнердің, логиканың және қиялдың теңдестірілген дамуын үйлестіре отырып, ақыл-ой карталары адам миының шексіз әлеуетін зерттеуге көмектеседі. Бұл карталар бүкіл әлемде кеңінен қолданылады. Оларды есте сақтау, оқыту, ойлау және т.б. салаларда қолдануға болады. Ақыл-ой карталарының негізгі идеясы – ақпараттың үлкен көлемін өңдеу және оны негізгі ұғымдардан, бейнелерден және құбылыстардан тұратын логикалық схема түрінде бейнелеу қабілетін қалыптастыру [3, 5 б.]. Мұндай карталардың мәні неде: алдымен зерттеу объектісін анықтаймыз, бұл ақыл-ой картасының негізі, әр түрлі тәртіптегі сызықтар (негізгі тақырыптар, идеялар) осы тұжырымдамадан шығады. Суреттерді, кілт сөздермен байланысты таңбаларды қосуға болады, жақсы қабылдау үшін түстердің максималды санын пайдалану құпталады. Мұндай карта көрнекі, есте қаларлық, практикалық, шығармашылық болуы керек.

Негізгі бөлім. Зерттеуді жүргізу үшін жоғары (10-11) сынып оқушылары таңдалды, өйткені осы сыныптардың оқу бағдарламаларында жоғары дәрежелі дағдыларды қолдануға негізделген көптеген ақпарат бар. Сондай-ақ, оқушылар ҰБТ тапсырады, мұнда емтиханға дайындық кезінде көптеген ақпаратты, терминдер мен анықтамаларды есте сақтау қажет. Бұл оқушыларға оңай соқпайды.

Осы зерттеу барысында бірнеше проблемалар анықталды. Бірінші мәселе – оқушыларды ақыл-ой карталарын құруға үйрету қажеттілігі. Бұрын айтылғандай, ақыл-ой карталарын жасау кезінде оқушылар ең басты мәселені анықтап алу керек. Барлық оқушылар негізгі ойды таба алмайды, байланыс орната

алмайды, бәрін біртұтас етіп байланыстыра алмайды. Кейбір оқушылар жай мәтіндерді енгізсе, кейбіреулер мағынасын түсінбеді. Екіншісі – менталды карталарды қолдана отырып, сараланған тапсырмаларды әзірлеу, өйткені сіз оқушылардың салынған карталарына сүйене отырып, тапсырмалар жасауыңыз керек. Алайда, мұнда біз оқушыларға өздерінің ақыл-ой карталары бойынша тапсырмалар ойлап табуға және сарапшы ретінде әрекет етуге мүмкіндік беруге тырыстық.

Қашықтықтан оқыту жағдайында [migo.com](https://www.migo.com) онлайн-конструкторы қолданылды, бұл – онлайн-тақтаның көмегімен қашықтан бірлесіп жұмыс істеуге арналған оқыту платформасы. Бұл конструктор қашықтан оқыту кезінде ыңғайлы, мұнда сіз түстерді, мәтіндердің құрылымын өзгерте аласыз, стикерлер, суреттер, пайдалы сайттар қоса аласыз. Жұмысты жеке, топта жасауға болады, зерттеу үшін басқаларға беруге болады. Мұғалім редакциялауды, түсініктеме беруді немесе тек қарап шығуды таңдау арқылы оқушылардың құқықтарын шектей алады. Мазмұнды деңгейлер бойынша белгілеуге болады, содан кейін әр түрлі оқушыларға бір тақтада әр түрлі материалдар қол жетімді болады.

Ақыл-ой карталарын құру процесінде түсті кодтау техникасы (Color coding) қолданылды, мұнда карталардың мазмұнын түстің көмегімен "кодтауға" болады [4, 360 бет]. Осылайша, сызықтардың әр түрлі қалыңдығы, бұтақтардың әр түрлі түстері, кілт сөздердің әр түрлі түстері – осының бәрі оқушылар оңай қабылдайтын жарқын визуалды өнімді жасайды. Мысалы, әрекет элементтері жасыл түске, ал проблемалар қызыл түске боялуы мүмкін. Оқушылардың сұхбаттарын талдау түсті кодтау техникасын енгізу оң нәтиже бергенін көрсетеді:

- түсті карта тереңірек есте қалады;
- пән бойынша сөздік қорын жақсартуға ықпал етеді;
- оқуды қызықты етеді және оқушыларды ынталандырады.

"Жүйелік ойлау өнері: жүйелер туралы қажетті білім және проблемаларды шешуге шығармашылық көзқарас" кітабында авторлар [5, 7 б.]: "жүйеде байланыстар неғұрлым көп болса, жүйеге әсер ету мүмкіндіктері де соғұрлым көп болады. Күш қолдану нүктесін дұрыс табу маңызды, содан кейін рычаг жұмыс істейді". "Күш қолдану нүктесі" ретінде келесі дағды тандалды:

оқушылардың жүйенің негізгі компонентін бөлектеу қабілеті. Біз four elements process chart әдісін қолдандық, оның мақсаты – төрт элементтен тұратын ақыл-ой картасын құру және оларды әр оқушы үшін маңыздылығына қарай саралау. Бақылаулар көрсеткендей, оқушылардың пікірлері әр түрлі, сондықтан мұғалім оқушыларды бағыттап, негізгі элементті таңдауға көмектесуі керек.

Оқушылар арасында деректер жинау мақсатында сауалнамалар, сұхбаттар, кері байланыс жүргізілді. Сіздердің назарларыңызға сұхбат сұрақтарын және оларды талдауды ұсынамыз:

1) Mind map мазмұнын пайдалану проблемалық мәселені шешуге көмектесті деп ойлайсыз ба? (иә: 100%).

2) Ақыл-ой картасын қолдану арқылы элементтер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу оңайырақ деп ойлайсыз ба? (иә: 80%).

3) Mind map себеп-салдарлық байланыстарды табуға көмектеседі ме? (иә: 100%).

4) Сіз сабақтың соңына дейін картаңызға қандай да бір түзетулер немесе өзгертулер енгіздіңіз бе? (иә: 32%).

5) Сіздің ойыңызша, mind map құру және қолдану сіздің тақырып туралы түсінігіңізді жақсартты ма? (иә: 100%).

6) сіз өзіңіздің ақыл-ой картаңызды ғана қолданғыңыз келеді ме немесе жұпта немесе топта жұмыс істегіңіз келеді ме? (топта: 74%).

Сауалнама сұрақтарын талдау көрсеткендей, барлық оқушылар ақыл-ой карталарын қолдану ақпаратты құрылымдауға, визуализациялауға, жоғары тәртіп дағдыларын дамытуға, себеп-салдарлық байланыстар орнатуға көмектеседі деп келіседі. Балалардың көпшілігі ақыл-ой карталарын құру дағдыларын өмірлік мәселелерді шешуде қолданатындығын атап өтті.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақыл-ой карталарын қолдану оқушылардың жүйелі ойлауының дамуына оң әсер етеді деген қорытынды жасауға болады.

Айта кету керек, біз өз оқушыларымызға басқа қырынан көрдік, біріншіден, оқушылардың жеке ерекшеліктерін

зерттедік. Көптеген балалар карталарды салу арқылы өздерін жүзеге асыра алды. Екіншіден, бұл бізге материалды зерттеудегі қиындықтардың себептерін анықтауға мүмкіндік берді, ең алдымен, бұл басты нәрсені ажырата алмау. Бала басындағы негізгі нүктені ажырата білгенде, ол ұғымдар мен терминдер тізбегін дамытады. Нәтижесінде оқытудың тиімділігі, сәйкесінше білім сапасы артады.

Зерттеу негізінде келесі ұсыныстар жасалды:

1. Менталды карталарды құруды бастамас бұрын нақты нұсқаулар беріңіз. Олар бағалау критерийлері, дескрипторлар түрінде болуы мүмкін.

2. Карта мазмұны зерттелетін тақырып бойынша нақты мысалдарды қосыңыз. Оқушылардың пікірінше, мысалдарды қолдану тақырыпты мағыналы түсінуге мүмкіндік береді.

3. Оқушыларға карта бойынша сұрақтар қоюға мүмкіндік беру. Нәтижесінде оқушылар өз еңбектерін пайдалана алады, жоғары дәрежелі сұрақтар құруды, толық жауаптар беруді үйренеді.

4. Аргумент дағдыларын дамыту үшін ақыл-ой карталарын қолданыңыз. Олар оқушыларға негізделген жауаптар беруге, жүйе элементтері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды табуға көмектеседі.

5. Менталды карталарды ҰБТ-ға дайындалу құралы ретінде пайдалану. Ақыл-ой карталары оқушылардың алған білімдерін жүйелеу үшін өте қолайлы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР-ның 2011-2020 ж. Мемлекеттік білім бағдарламасы 2011ж.
2. Әлімов А. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» Алматы, 2013
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014 ж.
4. Бағдарлама. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ 2015 ж.
5. Тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ 2015 ж.

ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Молдаханова Г.Ж., Нурмагамбетова А.

Республикалық спорт колледжі

Абай атындағы ҚазҰПУ

Алматы қаласы

Аңдатпа. Мақалада сыни ойлауды қалыптастыру мәселесі, "сыни ойлау" ұғымы, оның анықтамасы сөз болады. Әдебиет сабақтарында оқушылардың сыни ойлауының деңгейін анықтау үшін эксперимент жүргізілді. Эксперимент оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру мәселесі көптеген мұғалімдер үшін әлі маңызды бола қоймағанын және олар бұл мәселені шешуге толық дайын емес екенін көрсетті. Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау жоғары сынып оқушыларының әдебиетті үйренуге деген қызығушылық деңгейінің жеткіліксіз екенін, сабақтарда оқушылар негізінен шығармашылық қабілеті төмен дәстүрлі жаттығуларды орындауға дағдыланғанын, топтық жұмыс жүйелі түрде жүргізілмейтінін, оқушылар сабақта өз пікірлерін айтуға бата алмайтынын анықтап берді.

Кіріспе. Сыни ойлауды қалыптастыру проблемасының өзектілігі технологиялық және әлеуметтік прогресс қоғамның заманауи талаптарына тез бейімделуді, өз бетінше алған білім негізінде өзгеруді және жетілдіруді, кез-келген стандартты емес жағдайларда кәсіби және әлеуметтік мәселелерді шешу жолдарын табуды талап ететіндігімен байланысты. Бүгінгі таңда бір қарапайым ойлау тәсіліне ие болу жеткіліксіз. Ғылымның өзі де ойлаудың жаңа стильдерін, дәлелдеудің жаңа процедураларын, сайып келгенде, теориялық және практикалық есептерді тұжырымдауға және шешуге авторлық көзқарасты талап етеді. Осылайша, қазіргі адамзаттың өмір салтын өзгерту, ең алдымен, сыни тұрғыдан ойлаудың күрделі дағдыларын игерудің маңыздылығын негіздейді.

Ұлттық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы жаңа сыни ойлауы, жоғары ұтқырлығы, құзыреттілігі, толеранттылығы бар, тұрақты өзін-өзі оқытуға дайын жоғары білікті маман даярлау қажеттігін көрсетеді. Бұл талаптар оқушылардың сыни ойлауын

калыптастыру және дамыту қажеттілігімен байланысты, бұл олардың кәсіби құзыреттілігінің ажырамас және қажетті бөлігі болып табылады. Қазіргі бастауыш мектептің басты міндеті – әр оқушының қабілеттерін ашу, жоғары технологиялық және өзгермелі әлемде өмір сүруге дайын тұлғаны тәрбиелеу.

"Сыни ойлау" ұғымын әр түрлі түсіндіруге қарамастан, олардың жалпы мағынасы келесідей: сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – саналы түрде бағалау, пайымдау, ойлау, яғни белгілі бір мәселені шешуге бағытталған психикалық, эмоционалды, танымдық белсенділікті көрсету.

Шетелдік зерттеулерді талдау сыни ойлаудың бірыңғай анықтамасы жоқ екенін көрсетті. Әр түрлі ғалымдардың осы тұжырымдаманың мазмұнына өзіндік көзқарасы бар. Осы анықтамалар мен пайымдауларды қорытындылай келе, сыни тұрғыдан ойлау негізінен келесі дағдыларға негізделеді деген қорытынды жасауға болады: оқиғаларды бағалау (мәлімдемелер, әрекеттер, фактілер және т. б.); саналы таңдау жасау; дәлелдеу; тиісті сұрақтарды тұжырымдау; фактілерді пікірлерден ажырату; жаңа шешімдер табу; талдау критерийлерін анықтау; талдау үшін критерийлерді табу болжамдарды қолдайтын дәлелдер; логикалық байланыстар құру.

Сыни тұрғыдан ойлаудың мақсаты – объективті шындықты анықтау. Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қоюдан және шешілетін мәселелерді анықтаудан басталады, сенімді дәлелдерге ұмтылады. Сыни тұрғыдан ойлау – бұл әлеуметтік ойлау.

Негізгі бөлім. Өткен ғасырдағы көрнекті американдық ойшыл Д.Дьюидің қазіргі білім берудің негізгі мақсаты оқушыларға ақпарат беру емес, олардың жаңа жағдайларды барабар бағалауға және оларда жатқан қиындықтарды жеңу стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін сыни ойлау тәсілін дамыту деген тұжырымы әлі де өзекті болып қала береді [1, 7].

Оқушыларды оқытуда және сыни ойлауды дамытуда құзыреттілік көзқарасты жүзеге асыру мәселелері өте маңызды болғандықтан, біз оларды педагогикалық эксперимент жүргізу арқылы өзара байланыста зерттеуді шештік. Зерттеулер сөйлеу

мен ойлауды дамыту процесінде осы пәннің маңыздылығын ескере отырып, әдебиет сабақтарында жүргізілді.

Зерттеудің мақсаты – біз жүргізген педагогикалық эксперименттің нәтижелері негізінде әдебиет сабақтарында оқушылардың сыни ойлауын дамытуға құзыреттілік көзқарасты жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын қарастыру.

Зерттеу нысаны – жалпы білім беретін мектептердегі әдебиет сабақтары, пәні – әдебиет сабақтарына құзыреттілік тәсіл жағдайында оқушылардың сыни ойлауын дамыту процесі болды.

Аталған мақсатқа сәйкес зерттеудің мынадай әдістері пайдаланылды: жалпы білім беретін мектептердегі әдебиет сабақтарында мұғалімдер мен оқушылардың сыни ойлауын дамытудың маңыздылығын түсіну және оны дамытуға бағытталған әдістерді қолдану бойынша әңгімелесу; оқушыларға сауалнама жүргізу; оқушылардың жұмыстарын талдау (ұсынылған тақырыптар бойынша диалогтар мен очерктер-пайымдаулар) сыни ойлау белгілерін анықтау; әдебиет сабақтарында оқу-тәрбие процесін бақылау.

Эксперименттік есептердің мазмұнын, сондай-ақ зерттеу пәнінің қалыптасу көрсеткіштері мен өлшемдерін анықтай отырып, біз эксперименттің анықтаушы кезеңін өткіздік. Оны өткізу үшін база ретінде екі сынып таңдалды: 10 (22 оқушы) және 11 (20 оқушы). Экспериментке барлығы 42 оқушы және 10 мұғалім қатысты.

Зерттеудің бірінші кезеңі жоғары сынып оқушыларының сыни ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін анықтауға бағытталған және таңдалған тақырып бойынша психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдауды қарастырған. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін талдау негізінде біз зерттеудің негізгі категориялық-терминологиялық аппаратын, атап айтқанда, "сөйлеу", "ойлау", "құзыреттілік", "құзыреттілік тәсіл", "интерактивті оқыту" және т. б. ұғымдарды анықтадық. Талданған ғылыми еңбектерден маңызды ережелер бөлініп, жинақталды, олар кейіннен практикалық зерттеулердің теориялық негізіне айналды.

Педагогикалық эксперимент 3 кезеңде жүргізілді: 1) жоғары сынып оқушыларының сыни ойлаудың қалыптасу жай-күйін

анықтау (айқындаушы кезең); 2) әдебиет сабақтарында білім алушыларда сыни ойлауды дамытуды жандандыру жолдарын іздеу (қалыптастырушы кезең); 3) эксперименттік топта сыни ойлауды дамыту бойынша педагогикалық инновациялардың нәтижелілігін анықтау (бақылау кезеңі).

Эксперименттің айқындаушы кезеңін өткізу кезінде біз мыналарды білуді мақсат еттік: а) әдебиет мұғалімдері оқушылардың сыни ойлауын дамытуды мүмкін және орынды деп санай ма; олар сыни ойлауды дамыту әдістемесін меңгерген бе және оны әдебиет сабақтарында қаншалықты жиі қолданады; б) жоғары сынып оқушыларының сыни ойлауының қалыптасу деңгейінің нақты жағдайы қандай?

Осы мақсатқа сәйкес зерттеудің келесі әдістері қолданылды: оқушыларда сыни ойлауды дамытудың маңыздылығын түсіну және оны дамытуға бағытталған әдістерді қолдану бойынша әдебиет мұғалімдерімен әңгімелесу; жоғары сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізу; оқушылардың жұмыстарын (ұсынылған тақырыптар бойынша диалогтар мен эссе-пайымдаулар) анықтау мақсатында талдау. олардың сыни ойлау белгілері; жоғары сыныптарда әдебиет сабақтарында оқу-тәрбие процесін бақылау.

Оқытушылармен әңгімелесу нәтижелерін сандық және сапалық талдау бізге оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру мәселесі көптеген мұғалімдер үшін әлі маңызды бола қоймағанын және олар бұл мәселені шешуге толық дайын емес екенін айтуға мүмкіндік берді. Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау сонымен қатар жоғары сынып оқушыларының әдебиетті үйренуге деген қызығушылық деңгейі жеткіліксіз; сабақтарда оқушылар негізінен шығармашылық қабілеті төмен дәстүрлі жаттығуларды орындауға дағдыланған (мазмұндау, сұраққа жауап беру, қайталау). Топтық жұмыс жүйелі түрде жүргізілмейді, оқушылар сабақта өз пікірлерін айтуға бата алмайды. Диалогтар мен эссе-пайымдауларды құру кезінде оқушылардың сыни ойлау деңгейі де төмен болды.

Біздің ойымызша, анықталған кемшіліктердің негізгі себептері:

а) оқытушылардың оқушылардың сыни ойлауын дамыту мәселелері және оны шешудің аспектілері туралы хабардар болмауы;

б) оқытушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған заманауи оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі. Алынған нәтижелер бізге әдебиет сабақтарында оқушылардың сыни ойлауын дамытудың педагогикалық жағдайларын жетілдіру қажеттілігі туралы қорытынды жасауға негіз берді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу және озық педагогикалық тәжірибенің жетістіктерін есепке алу негізінде біз сабақтарда құзыреттілік тәсіл негізінде оқытудың ғылыми негізделген, арнайы тандалған интерактивті әдістерін енгізу арқылы оқушылардың сыни ойлауының даму деңгейі артады деген болжам жасадық.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңін жүргізу үшін 10 сыныпқа енгізу үшін оқу-әдістемелік материалдар кешені дайындалды, ол оқушылардың сыни ойлауын дамыту мәселесі бойынша әдебиеттер тізімінен, әдебиетті оқытудың интерактивті әдістері мен тәсілдерінің жүйесінен және оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған педагогикалық инновацияларды қолдана отырып жасалған сабақтардың қысқаша мазмұнынан тұрады. Тиімді интерактивті әдістер мен әдістерді таңдау және қорытындылау кезінде біз жүйелік тәсілді қолдандық, бұл әдістер мен тәсілдер сабақтастық принципіне негізделген белгілі бір ретпен орналастырылған және өзара байланысты және өзара тәуелді элементтердің тұтас жиынтығы болып табылады.

Жоғары сынып оқушылары арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері және оқу-тәрбие процесін бақылау сонымен қатар оқушылардың әдебиетті үйренуге деген қызығушылығының едәуір артқанын, оқушылардың өз ойларын жиі білдіре бастағанын және ынтымақтастық процесінде оларды дәлелдеп шыға алатын халге жеткенін анықтады.

Қорытынды. Осылайша, зерттеу нәтижелерін талдай отырып, біз құзыреттілік тәсіл негізінде жүйелі және дұрыс қолданылған жағдайда оқытудың ғылыми негізделген және жүйеленген интерактивті әдістері мен әдістері оқушылардың

сыни ойлауының даму деңгейінің тұрақты өсуіне кепілдік береді және тұтастай алғанда шығармашылық, құзыретті тұлғаның қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді деген қорытындыға келдік.

Сыни ойлаусыз сапалы білім беруді елестету қиын. Білім беру мазмұнына, оқыту әдістемесіне және оқу жұмысының формаларына тиісті өзгерістер енгізу қажет. Бұл өзгерістер сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын игеруге және дамытуға бағытталуы керек. Білім беруді реформалаумен тек рөлі ғана емес, жалпы білім беру құрылымы да өзгереді. Қазіргі әлемде білікті мамандар қажет, олардың тиімді жұмысы елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің сәттілігіне байланысты. Олар іргелі білімнің тиісті көлеміне, коммуникативті құзыреттілікке ие болып қана қоймай, сонымен қатар интеллектуалды дамудың жоғары деңгейіне, белгілі бір жеке қасиеттерге, ақыл-ой әрекетінің жаңа түріне, сыни ойлау стиліне ие болуы керек. Мұның бәрі білім беру философиясының алдына білім беру арқылы сыни ойлаудың сәтті даму жағдайларын зерттеудің нақты және шұғыл міндетін қояды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления/ Дж. Дьюи. – М.: Совершенство, 1997. – 208 с.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ОПОРНЫХ СХЕМ В ОБУЧЕНИИ ГРАММАТИКЕ И ПРАВОПИСАНИЮ УЧАЩИХСЯ ШКОЛ

*Еділбай Ардақ Еділбайқызы
Педагог-организатор, учитель
русского языка и литературы
КГУ «Средняя школа №11 имени
Есжана Берликожаулы Села Еркін»*

Аннотация. Одной из важнейших задач педагогической науки является развитие познавательной активности учащихся, их интеллектуальных способностей и предоставление свободы учащемуся. В статье обосновывается актуальность использования эталонных схем в деятельности учителя

словесности. Использование эталонных схем в учебном процессе является одной из важных особенностей развития и модернизации образовательного процесса. Справочные схемы обеспечивают мотивацию к учебе; обеспечивают высокий уровень анализа упражнений; улучшают знания, навыки и наблюдательность.

Современный урок языка должен быть интересным для учеников и дарить им радость. Он должен раскрывать потенциал личности, способствовать лучшему усвоению наиболее сложного для ребенка предмета, ставить школьника в ситуацию выбора и принятия им самостоятельного решения. Это возможно при условии перевода процесса обучения на инновационную основу и изменения самого подхода к получению знаний по языку. В современных условиях возникает острая потребность в том, чтобы обучать учеников самостоятельно работать с учебной информацией и приобретать нужные им знания. А это, в свою очередь, требует формирования у учащихся опыта творческой деятельности. Форсированное изучение материала (чаще всего традиционными методами) препятствует усвоению темы.

Учитель, который обучает грамматике и правописанию в школе, сталкивается с большими трудностями. Грамматические правила являются обобщениями достаточно высокого уровня, малодоступными ученикам. Как показывает практика, основным недостатком мышления детей – слабость обобщения – проявляется в процессе обучения в том, что дети плохо усваивают правила и общие понятия. Они нередко заучивают правила наизусть, но не понимают их смысла и не знают, где эти правила можно использовать. Поэтому изучение правил по грамматике представляет для детей большие трудности [1, с. 41].

Ученики, как свидетельствует опыт, не слишком любят учить длинные, не всегда логически построенные правила. Школьникам иногда трудно связать правило, изложенное в учебнике, с конкретным рассматриваемым примером.

К. Д. Ушинский писал, что детская природа определенно нуждается в наглядности. Если учить ребенка каким-либо пяти неизвестным ему словам, он будет долго и напрасно мучиться над ними, но если связать с рисунками двадцать таких слов, ребенок

усвоит их на лету [2, с. 23]. Только при осмысленном запоминании обеспечивается его высокая точность и скорость.

С большими трудностями ученики запоминают сложную терминологию (названия частей речи, термины: подлежащее, сказуемое, главные, второстепенные, однородные члены предложения; строение слова: префикс, суффикс, окончание, однокоренные слова), изученное правило плохо применяют на практике, чаще просто не соотносят с тем, что пишут. Повторение сопряжено с большими трудностями, поскольку изученное быстро забывается. И поэтому они с большим желанием изучают материал, представленный в виде логической схемы, где изложены основные компоненты, и с первого взгляда можно найти то, что вас интересует. Кроме того, прорабатывая материал по схеме, ученик не просто пересказывает его содержание, а конструирует свой ответ. Итак, развивается мышление и связная речь ученика.

Для повышения эффективности овладения учащимися теоретическими знаниями, а также для интенсификации работы школьников на уроке используют обобщающие логические схемы.

Поиски способов, которые бы облегчали ученикам понимание и запоминание материала, привели нас к осознанию целесообразности составления опорных схем. Это и выводы, и обобщения, которые на глазах у учеников находят графическое изображение; это и материал для активизации речевой деятельности учащихся на базе их знаний и умений.

Опорные схемы значительно облегчают работу и ученикам, и учителю. Пользуясь ими, ученики используют нужную информацию в ответах на вопросы учителя и в практической работе. Кроме того, обращаясь к схемам, внимательно разглядывая их, ученики имеют возможность вспомнить материал, достаточно большой по объему.

На уроке используется схема, изготовленная в крупном масштабе. Схема должна быть емкой и яркой. Схемы должны представлять собой простое, понятное наглядное представление учебного материала. В опорных схемах должны быть показаны основные понятия и связи между ними.

Составить схему может каждый учитель по своему усмотрению. Эти схемы все время находятся на доске, поскольку учащиеся постоянно пользуются ими, отвечая устно, выполняя практические задания, во время проверочных диктантов, самостоятельных работ и выполнения домашних заданий. На первых порах при устных ответах можно разрешать учащимся пользоваться опорными схемами. Это помогает, во-первых, видеть, а не держать в памяти план рассказа. Мысль ученика направлена только на изложение темы. Во-вторых, исключается нарушение последовательности рассказа. Лишь при достижении ощущения уверенности эта необходимость отпадает сама собой.

В 5 классе ученики во время грамматического разбора путают понятия *название предмета, название действия, название признака*, забывают, на какие вопросы отвечает каждая категория слов, и как эти слова подчеркиваются.

При использовании схем дети с большим удовольствием занимаются грамматическим разбором предложения, почти не допуская ошибок. Постепенно они запоминают все сведения из представленной схемы (этому способствует и постоянное зрительное восприятие) и выполняют грамматический разбор уже без использования опорной схемы, а группа более слабых учеников продолжает ею пользоваться.

Особенности человека таковы, что более 90% информации он воспринимает наглядно [3, с. 12]. Ученики, когда работают с опорными схемами, учатся «сворачивать» и «разворачивать» информацию. Многократное повторение учебного материала дает возможность каждому ученику усвоить обязательный программный минимум, но не в общем, а в посильном лично для него темпе. Опираясь на хорошо усвоенные теоретические знания, ученик легко выполняет практические задания. Учиться становится легче, а следовательно, и интереснее. Использование опорных схем помогает экономно и рационально использовать время. Во время «озвучивания» схемы отрабатываются навыки активной, логически четкой, аргументированной речи, мысль оформляется в слова, развивается речевая культура, обогащается словарный запас.

Необходимо стремиться, чтобы учащиеся поняли и усвоили не только формулировку (правило), но и путь, процесс

рассуждения, что приводит к этому результативному суждению. Тогда, если ученик впоследствии забудет усвоенное им формулировку правила, то при определенном умственном напряжении сможет восстановить его, идя путем логического мышления вместо того, чтобы бесплодно стараться вспомнить словесное высказывание чисто механически.

Чтобы работа над новым материалом была более эффективной, необходимо соблюдать следующие положения:

1. Четко планировать организацию учебного процесса и учебной деятельности учащихся.

2. Стараться, чтобы опорные схемы были простыми, четко спланированными таблицами, в которых показаны основные понятия и логические связи между ними.

3. Резерв учебного времени, который образуется при работе с опорными схемами, использовать для выполнения заданий, направленных на отработку приемов учебной деятельности

5. Опорные схемы использовать на разных этапах урока: как во время актуализации знаний, так и во время изучения нового материала и его закрепления.

Опрос учащихся целесообразно проводить следующим образом:

- письменное воспроизведение по памяти опорных сигналов с предыдущей темы;

- устный опрос у доски по одному из листов с опорными сигналами;

- постепенно вводится опрос у стола учителя.

Это позволяет в полной мере проверить знания учащихся по предыдущей теме, интенсифицировать учебный процесс. Указанная система работы предполагает и взаимоконтроль, когда учащиеся объединяются в пары и совместно работают, воспроизводя опорные сигналы и оценивая их, то есть осуществляя самооценку.

Новый материал учитель также объясняет в несколько этапов. Сначала это рассказ за опорным плакатом или рисунком мелом на доске. Лучше всего, когда опорная схема рождается на глазах у учеников, при непосредственном их участии. В таком случае учащиеся активно включаются в работу.

Логические схемы помогают приобщить каждого ученика к активной деятельности, подвести к формированию понятий, устойчивых навыков.

Логические схемы, которые содержат основные теоретические сведения и факты, объединяют в систему разрозненные понятия и явления и подают их ученикам в сконцентрированном виде, включая в работу их образную память. Это облегчает изучение и усвоение материала, указывает путь к практическому его применению.

Логические схемы или опорные схемы, или просто опоры, – это выводы, которые рождаются на глазах учеников во время объяснения и оформляются в виде таблиц, карточек, чертежа, рисунка. Это чрезвычайно важное условие в работе на уроке. Только так они помогут учителю эффективнее учить, а детям легче усваивать учебный материал.

Важно также, что с помощью опорных схем моделируется ситуация достижения. Ребенок привыкает к тому, что все взрослые – от родителей до педагогов стремятся его понять как бы с «полуслова». С одной стороны – это прекрасно, но, с другой стороны, – у него может теряться мотив, желание научиться (насколько это возможно для его уровня развития) говорить правильно. Именно поэтому, на занятиях нужно создавать такие условия, чтобы у ребенка возникала потребность говорить.

Когда ученик отвечает на вопросы учителя, пользуясь схемой, исчезает скованность, страх, речевые ошибки. Схема становится алгоритмом рассуждения, доказывания, а внимание сосредоточивается не на запоминании или воспроизведении изученного, а на сущности рассуждения, осознании причинно-следственных зависимостей и связей. Обычная наглядность оживает, начинает говорить. Ни один ученик не чувствует себя беспомощным.

Логические схемы на уроках должны стать постоянным помощником учащихся, основой общения, импульсом к активному, заинтересованному труду.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Короткова Т.Г. Инновации в преподавании русского языка и литературы. 1995.

2. Лебедев Н.М. Обобщающие таблицы и упражнения по русскому языку. М., Просвещение, 1991.
3. Меженко Ю.С. Опорные конспекты по русскому языку.-М., Педагогика, 1992.

ЖАС ҒАЛЫМ

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КОСМОГОНИЯЛЫҚ МИФТЕР

Тулєуова Гүлмира Рустемовна
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің 2-курс докторанты
Сарбасов Болатхан Серғазыұлы
ф.ғ.к., профессор м.а.
Алматы қаласы

Аңдатпа. Түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мифтер – әдебиет саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Ата-бабаларымыздың өмірінің негізі болған бұл мифтер әлі толық зерттелмеген. Айналадағы табиғат құбылыстары: күн, ай, жер, жұлдыз, тау, ағаш тағы басқа құбылыстар киелі деп саналды. Ғарыштық бейнелер ежелден ертедегі адамдардың мифтік концепциясына айналып, ауыз әдебиетінде тұрақты поэтикалық тұлғаларға айналды. Бұл ғылыми мақалада негізінен түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мифтерге талдау жасалып, олардың қаншалықты маңызды екені айқындалады.

Кіріспе. Түркі ескерткіштеріндегі космогониялық мифтердің зерттелуі. Адам танымының алғашқы кезеңдеріндегі айнала табиғатты тұтас жан деп ұғыну, адам мен табиғаттың бір-біріне оң және теріс әсерлері туралы түсініктер бұрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне тірек болып, бүгінгі заман ой-танымында, әдеби кәркемдік әдістерінде сақталған. Айнала табиғаттағы Күн, Ай, Жер, Жұлдыз, Тау сияқты құбылыстарға қасиет беріп, киелі санау, олармен қарым-қатынаста белгілі бір заңдылықтарды сақтаудың мәні - шарт бұзылса адам кеселге, ауруға, өлімге ұшырайды деген сенім. Сондықтан, отқа, суға түкірме, аттама, айға қол шошайтпа, күн батарда ұйықтама, жер

сабалама деген сияқты түрлі ұғымдардың әрқайсының өзіндік мәні бар.

Өйткені, дүние жүзінің көптеген халықтары, солардың ішінде түркі, монғол халықтары да, ерте кезде табиғат сырларын түсінбеген. Ертедегі адамдардың дүниетану шама-шарқы төмен болғандықтан, жаратылыс көріністерінің әр алуан түрлерін (ай мен күн, бұлт пен дауыл т.б.) жарылқаушы күш ретінде қабылдап, оларға сиынған, медет тілеген. Ш.Уәлиханов: «Шамандық - сенімнің дүниеге келуі, жалпылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болып табылады», – деп жазады. [1,171]. Осындай арғы замандардың айғағы болған Ай, Күн, Аспан, Жұлдыз сияқты космостық бейнелер бір кездері ертедегі адамдардың мифтік түсінігіне сәйкес туып, келе-келе ауыз әдебиетінің тұрақты поэтикалық образдарына айналған [1,172]. Алайда, бұл ұғымдар аталып отырған ескерткіште тікелей негізгі кейіпкер болмысымен тығыз қабысып жатады. Өйткені, ол күннің нұрынан пайда болады.

Жалпы, дүниежүзі тарихында атакты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбінесе, күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады. Ежелдегі адамдар басында сәулесі болған, текті адамды нұрдан жаратылған етіп көрсету, ол құбылыс келе-келе мақсатты түрдегі қолданылатын фольклорлық әдіске айналған. Күн нұрынан пайда болу мотиві Шыңғысханның дүниеге келуіне байланысты, тағы да басқа қазақ жырларында көрініс табады. Ежелгі түркі аңыз, эпсаналарында бақытты болатын адамның төбесінен нұр жауатыны туралы көп айтылады. Бұл дәстүр түркі халықтарының ерлік дастандарынан да орын алған. Мәселен, қырғыздың «Манас» атты эпосында болашақ батыр Манас та жолына нұр төгілген, өзін көкжал бөрі қорғап жүрген қаһарман болып келеді. [2,101]. Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты.

Жалпы, дүниежүзі халықтары фольклорында атакты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта ғажайып туу елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына

айналды. Ал, қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін күннің құдайы Раньң тұқымымыз деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», – деп жазған [3,207-208].

Түркі халықтары фольклорындағы космогониялық мифтердің мәні орасан зор. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропш «Фольклор и действительность» атты еңбегінде бүкіл дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін ертегі наным-сенімдермен, культтік, рәсімдік мәселелермен тығыз байланысты қарастырады. Бұл мотивтің фольклорлық шығармалар сюжетін толықтырушы көркемдік тәсілге айналғанға дейінгі даму тарихын қалпына келтірді.Түркі халықтарының фольклорында осындай Ай мен Күн әсерінен дүниеге келуін баяндайтын сөздеріне орайлас тұрақты дәстүрдің қалыптасуы тегін емес. Ол түркілердің ең көне дүниетанымына, яғни, олардың көне наным-сенімдеріне Ай мен Күн культінің маңызды рөл атқарғандығын, әрі сенім көріністері халықтың эстетикалық қалыпты нормасына айналғанын байқатады.

С.П.Толстов зерттеулеріндегі пайымдауларға қарағанда түркі тайпаларында Ай мен Күн тотемдеріне табынушылық ұзақ уақыттар сақталып келген. Сол себепті түрікмен тайпаларының шығу тегі баяндалатын шежірелерде түрікмендердің Ерсары, Шах, Теке тайпаларында «Айтолды», «Күнтолды» ру тайпалары кездесетіні сөз болады [4,7]. Жүсіп Баласағұнидың «Құдатғу білік» дастанындағы басты кейіпкерлердің есімдері де Айтолды және Күнтолды болуы бұл дәстүрдің түркі фольклорында мықтап орныққанын аңдатады. Талдалып отырған «Оғыз-наме» ескерткішінде Оғыз қағанның өзі ғана емес оның үйленуі, Ай, Күн, Жұлдыз, Тау, Көк, Теңіз деген балаларының туында космогониялық мифтердің мәні көркемдік рөл атқарады.

Негізгі бөлім. Түркі ескерткіштеріндегі космогониялық мифтердің көрінісі. Кейінгі замандарда, миф ертегіге айналғанда осы үш әлем ертегі кейіпкерінің шарлайтын мекеніне айналады. Бұл үш әлем шамандар дінінде де сақталған. Қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата-демиург бейнесі Тәңір образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни,

Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі. Аспанды да, ондағы жұлдыздарды да, адамды да, жер бетіндегі нәрселердің бәрін де жаратушы Тәңір деп саналған. Міне, мұның бәрі көне мифтік ілкі ата – демиургтың, жасампаз қаһарманның атқаратын істері. Қазақтың көне мифінде ілкі ата – демиург образының толық және айқын сақталмау себебі, осында деп білуіміз керек.

С.А. Қасқабасов пікіріне сүйенсек, «Оғыз-наме» эпосындағы тәңірлік сенімнің негізгі сюжеттік өзегі болғанын байқау қиын емес. Оның дүниеге келуі ғана емес, жар таңдап сүюінде де Тәңірлік сипат басым. Ғашық болған жары да тылсыммен тығыз байланысты екендігіне мәтін арқылы көз жеткізуге болады. Оғыз-намеде күндердің бір күні Оғыз қаған бір жерде Тәңірге жалбарынып отыр еді. Көктен бір жарық (сәуле) түсті. Оғыз қаған (көк жарыққа қарай) жүрді, көрді. Көрсен, әлгі жарықтың арасында бір қыз бар екен, жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың маңдайында оттай сәуле шашқан бір мені бар екен. Алтынқазықтай екен. Яғни, қыздың жаратылысында адамзаттан бөлек тылсымдық қасиет бар. Осы қыз сондай көрікті еді: күлсе Көк Тәңірінің (өзі) күлетіндей, жыласа Көк Тәңірінің (өзі) жылайтындай еді. [5,56].

Сондай-ақ, түркі тілдес халықтар мифіндегі Тәңірлік сенімнің ерекшеліктері жайлы ерлі- зайыпты баба-құдайлардың ең көне универсалды тараған түрі аспан-әке мен жер-ана. Бұл образдарда, бір жағынан, рулардың бабалары болып саналатын ілкі адамдардың космостанғанын, ал екінші жағынан, неке мен отбасы қатынастарының табиғат дүниелеріне көшірілгенін көруге болады, – дейтін пікірін шындығында, бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер рөлінде, ал Ұмай – жер-ана болып қабылданады [6,73]. Сонда, жоғарыда Е.М. Мелетинский айтқандай, қазақта да аспан– әке, жер – ана ретінде (Тәңір – Ұмай түрінде) алғашқы ерлі – зайыпты құдайлар болып саналған деуге әбден болады, – деп тереңдей қарастырған С.А. Қасқабасов пікірлерінің дәйегін осы ескерткіштен анық көруге болады.

Себебі, Оғыз-наме ескерткішінде тек Ай мен Күн, Жұлдыз секілді аспан денелеріне қатысты ұғымдар ғана емес, Көк, Тау, Теңіз ұғымдары да басты мән иеленеді. Оғыз қағанның екінші рет үйленіп, ол әйелінен тағы үш ұлдан дүниеге келуі, төмендегідей

баяндалады: Бір күндері Оғыз қаған тағы да аңға кетті. (Анда жүрсе) бір көлдің ортасынан бір ағаш көрді. Бұл ағаштың қуысында бір қыз жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың көзі көктен де көгірек, шашы теңіз толқынындай, тісі інжудей екен. Осы қыз сондай көрікті еді: жер басқан ел-жұрт оны көрсе: – Ай, ай! Ах, ах! Өлерміз! – деп сүттен қымыз болатындай еді. Оғыз қағанның оны көргенде ынтығы кетті, жүрегіне от түсті. Оны сүйді, алды. Бірге жатты. Тілегі қабыл болды. Сол қыз жүкті болды. Күннен күн өтіп, түннен түн өтіп үш ер бала туды. Біріншісіне «Көк» деп ат қойды, екіншісіне «Тау» деп ат қойды, үшіншісіне «Теңіз» деп ат қойды [5,56].

Оғыз қағанның аң аулап жүріп тапқан теңдесі жоқ сұлуды көргені, қызға ғашық болып, оған да үйленгені, одан үш ұл бала туылғаны, есімдерін «Көк» (Аспан), «Тау» және «Теңіз» деп қойғаны тартымды етіп баяндалады. Осындағы Көк – Тәңірлік сенімнің негізі. Шаманизмнің негізін құрайтын тотемдік және анимистік түсініктердің көк түріктерге дейін жан-жақты таралғанын ешкім де жоққа шығармайды. Ал тәңірліктің көне түрік дәуірінде тұтас жүйеге түсіп, дін дәрежесіне көтерілгенін дәлелдеуші ғылымдардың бірі Л.П. Потапов. Бұл дәуір біздің заманымыздың VI-XII ғасырлар аралығын қамтиды. Түрік қағанаты (551-744 жылдар) мен ұйғыр қағанатының (745-840 жылдар) этникалық ядросын құраған түрік тайпаларының Тәңірі, Ұмай, Жер, Су аталатын құдайлары қазіргі көптеген түркі халықтарында сақталуы кездейсоқ емес.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Тәңірлік сенімнің көшпелі түркілердің мемлекеттік бір ізділікке түсіп үлгермегендігі, тек түркі қағанаты тұсындағы бірдей қалып иеленгендігі, бірақ кейінгі мұсылман дінінің ықпалына байланысы көктегі Тәңір иенің орнын Жалғыз Алланың басуы, кейбір көп тәңірлік ұғымдардың мұсылмандық ұғымға сіңісіп кеткені белгілі. Оғыз қаған жаратылысындағы тәңірмен байланыстылық көне түркілік ескерткіштердің тұрақты мотиві екендігі белгілі. Ол жөнінде Ш. Ыбыраев: « - Оғыз қағанның тәңірлік жаратылысы алдымен, өзіміздің байырғы төл тарихымыздан мықтап орын алған дүниетаным болып шықты. Біз үшін мұның маңызы зор», – деп ой қорытады.

Оғыз қағанның жарын Тәңіріден тілеуі және оның бірінің ағаш қуысында отырған сұлулығы керемет қыз болуын сипаттайтын тұстарда түрлі фольклорлық наным-түсініктер тоғысқан. Осындағы ағаштың қуысындағы сұлу қыз көзінің көктен де көгірек, шашының теңіз толқынындай (ол да көк) болуы – тәңірлік нанымның көріністері. Себебі, Жаратушы Көк Тәңірінің мекені көкте болғандықтан, ең әдемі де қасиетті түс Көк. Тәңірдің нышаны. Ал, фольклорлық туындылардағы қаһарманның ағаш қуысында дүниеге келу мотивінің негізінде ежелгі адамдардың ағашты тотем тұтқан наным- сенімінің ізі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985. – 172 б.
2. Фольклор шындығы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.
3. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, 1976. – 325 б.
4. Толстов С.П. «Пережитки тотемизма и дуальной организации у Туркмен» // Проблемы истории докапиталистических обществ. 1935. № 9-10. С. 3-14.
5. Өмірәлиев Қ. «Оғыз қаған эпосының тілі» – Алматы: Ғылым, 1988, – 279 б.
6. Мелетинский Е.М. «Поэтика мифа» – Москва, 1974 С.193 б.
7. Ыбыраев Ш. «Эпос әлемі», «Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы» – Алматы: Ғылым, 1991. – 296 б.

ШЕЖІРЕ ТУРАЛЫ ШЕРТІЛМЕГЕН СЫР

Серікбек Нұрғызар

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-курс докторанты

Сарбасов Болатхан Серғазыұлы

ф.ғ.к., профессор м.а.

Алматы қаласы

Аңдатпа. Қатпары қалың, қойнауы күрделі тарихи шежірелер – қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Тағылымы биік тарихымыз бен әдебиетіміздің қайнар көзі болған шежірелердің ашылмаған сырлары жетерлік. Әлі де зерттеуді қажет ететін күрделі тақырып. Қаймағы бұзылмаған қазақ елінің тамыры тереңде жатқан тарихи шежірелерден бастау алады. Бұл мақалада ежелгі әдебиеттің соны тақырыптарының бірі ретінде

шежірелерге ғылыми тұрғыдан талдау жасалып, шежірелерді жас жеткіншектер мен өскелең ұрпақтың бойына сіңіруде оқулық беттеріне кіргізудің маңызы айқындалады.

Кіріспе. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі шежірелердің зерттелуі. Тарлан тарихымыздың тамыры тереңде жатқан қазақ сынды қайсар елміз. Еліміз егемендік алып төл әдебиетіміз бен мәдениетіміз төрімізге қайта шықты. Іргелі ел болып, есімізді жинап тарихымызға зер сала бастадық. Кешегі ұлы бабаларымыз ұлты үшін жанын қиып, жар құлағы жастыққа тимей, елі мен жерін қорғау жолында зор еңбек сіңіргені баршамызға айдан анық. ежелгі әдебиетіміз туралы сөз қозғағанда шежіре туралы сыр шертпесек азаматтығымызға сын болар. Қазақ қазақ болып қалыптасқалы түбі бір түркі халықтарының шежіресімен біте қайнасып жатырмыз.

Осы тұста айта кетерлік бір жайт, «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясының ғылыми басылымын баса айтуға болады. Оның ішінде 32-томы «шежірелік дастандарға» арналса, 81-томы мен 82-томы «шежірелік жыр-аңыздар» туралы, ал 83-томына келер болсақ «шежірелік аңыздарға» арналған. Ал шежірелік аңыздар деп нені айтуға болады? Бұл турасында «Бабалар сөзі» сериясында «Шежірелік аңыздар – бүгінде іргелі ел, мемлекет құраушы қазақ ұлтының бүкіл қалыптасу тарихын көркем бейнелі түсіндіретін көне заманнан бергі түркі, оғыз, моғол, ноғай тайпаларының және оларды халық ретінде біріктіруші ұлы тұлғалары: Оғыз хан, Шыңғыс хан, Алаша хан мен халықтың атауы «Қазақ» деп, ал оның жалпы халықтық ұраны «Алаш» деп аталуының, олардың «үш жүз» болып бөлінуінің, белгілі бір тайпаның, рудың, оның ішінде ру аталығының аталуы, қысқаша айтқанда, қазақтың халық болып қалыптасуы туралы баяндалатын аңыз-әңгімелер» деп дәйек келтірілген [1,5-6]. Яғни, шежірелік аңыздар – біздің түп тамырымыз. Онсыз біздің болашағымыз бұлыңғыр. Өткенімізді ұлықтамайынша, келешегіміздің кемелденуі неғайбыл. Шежіресіз айтылған сөз де, сөйлем де құмға құйған сумен тең болары анық.

Негізгі бөлім. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі тарихи шежірелердің көрінісі. Жалпы, ежелгі әдебиет турасында сөз қозғар болсақ, оған қыпшақ тілінде жарық көрген қисса-

дастандар, шежірелер, сондай-ақ тарихи мұраларды да жатқызуға болады. Осы барыста ежелгі дәуір әдебиеті «қазақ әдебиеті» оқулықтарында қалай оқытылды және қалай оқытылып жатыр деген сұрақ аясында бұрынғы және қазіргі оқулықтарды қарап, салыстырып көрдік. Соның ішінде 2004 жылы Алматыда жарық көрген «Мектеп» баспасының 8-сынып оқулығында «Біздің заманымызға дейінгі жазу-сызулар мен аңыз-жырлар», «Алып-ер Тұңға», «Алып-ер Тұңғаны жоқтау», «Орхон ескерткіштері (VIII ғ.)», «Ескерткіштен үзінділер», «Қорқыт ата кітабы», «Қорқыттың нақыл сөздері», «Аңыз», «Оғыз қаған жыры», «Оғыз қаған жырынан үзінді» келтірілген. Ал 9-сыныптың 2009 жылы Алматыда «Мектеп» баспасында жарық көрген «қазақ әдебиеті» оқулығында ежелгі дәуір әдебиеті «Түркі тектес халықтарға ортақ асыл мұрамыз», «Күлтегін жырлары», «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама», «Ахмет Йасауи» сынды тақырыптармен толықтырылған.

Қазіргі таңда оқытылып жатқан 2018 жылы Алматы қаласы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «қазақ әдебиетінің» жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулығында «Туған жерім – аялы алтын бесігім» бөлімінде «Алып Ер тұңғаны жоқтау» тақырыбы ұшырасады. Ал «Арман-ПВ» баспасынан шыққан 7-сынып оқулығында ежелгі әдебиетіміз «Көне күндерден жеткен жәдігерлер» атты бөлімімен келтірілген. Мұнда «Күлтегін жазуы», « «Күлтегін жыры» (Бірінші жыр)», «Күлтегін жыры» (Екінші жыр)» тақырыбымен толықтырылған. Сондай-ақ 2018 жылы Алматыда «Мектеп» баспасында жарық көрген 8-сынып оқулығында ежелгі дәуір әдебиеті «Дананың сөзі – ақылдың көзі» бөлімінде «Қорқыт ата кітабы» туралы мәліметтер келтірілген.

Біз мысалға келтіріп отырған оқулықтар тек бер жағы ғана. Көне жәдігерлеріміздің оқулық беттерінен ойып тұрып орын алуы қуанарлық жағдай. Алайда осы жәдігерлерімізді тарихи шежірелермен толықтырсақ құба-құп болар еді. Шежіре – біздің өткеніміз, бүгініміз бен болашағымыз. Біз одан қол үзе алмаймыз. Жең ұшынан жалғасып жатқан шежірелерді өскелең ұрпақтың бойына мектеп жасынан сіңіріп өсірсек болашағымыз бұдан да нұрлы болмақ.

Қазақтың халық болып қалыптасуының өзіндік тарихы бар. Бұған дәлел ретінде рулар мен тайпалар, ұлыстар мен бірлестіктер атауларының пайда болуы турасында құйма құлақ қарттардан жеткен шежірелік аңыздарды атап өтуге болады. Соның жарқын дәлелі ретінде Шыңжаң ұйғыр автономиялы районы Алтай аймағындағы қазақтары арасында ауызша және жазбаша түрде кең молынан тараған «Қазақтың жалпы шежіресі» нұсқасын ауыз толтырып айтуға болады.

«Қазақтың жалпы шежіресінде» Пайғамбарлар тарихында Нұхқа дейін көп ата бар екендігі айтылады. Сол тұста жер бетін топан су басып, Нұх пайғамбар кемеге көп жан салып жан сауғаласа керек. Су тартылып, жер шыққанда қалған жандардан қазіргі адамзат таралған деседі.

Дейді екен соңғы атаны Нұх пайғамбар,
Ол Нұхтың үш ұлы мен үш қызы бар.
Тарапты осылардан әлемдегі,
Қазіргі көп нәсілді, көп ұлттар.
Үш ұлын Хам, Сам, Япас деп атаған,
Бұл Забұр, Інжіл, Таурат, Құранда бар [2, 9].

Қазақ шежіресі, міне, осы арадан бастау алады. Япастан тараған сегіз баланың ішіндегі Түріктен төр ұл өмірге келеді. Оның бірі-Түтіктен Елжахан, одан Бақой, Бақойдан Киік хан туылады. Аланшы хан осы Киік ханның баласы. Одан туылған Моңғолдан төрт баланың бірі Қараханның бірі әрі бірегей ұлы Оғұз хан екендігі айтылады. Оның алты ұлы болып, соның ішіндегі Теңіз ханың бәйбішесі тәңір қолдап Ауа, Қанық, Елхан және Негіз сынды төрт ұл сыйлапты. Ал тоқалынан Кіне, Көне, Тұрпақлы, Керейлі, Солтанлы, Оқлы, Көккі, Сожлы, Арасанлы, Иорытчы, Жамшы, Тореш, Қомы, Сорқы, Қорчұк, Қарачық, Сұрачық, Қазғұрт, Тикен, Лале, Март, Суи, Қырғыз және Саир атты 24 ұл сүйіпті. Шежіреде осылардан қалың түрік тараған деседі. Теңіз ханның телегей теңіз ұрпақатары жер бетіне теңіздің көпіршігіндей шашырап, Азия өңірін мекендеп, Сарыарқа, Сыр бойынан ары барған делінеді. Тіпті Байқал, Орхұн, Алтаймен қоса, Тәңір тау, Орал, Сырға дейін жеткен көрінеді.

Үйсін, дулат, жалайыр, қаңлы елдері,
Бәрінің тегі солай келген жері.
Арғын, найман, керей, уақ, қыпшақ, қоңырат,
Бәрінің түркі тектес нәсілдері.
Кіші жүз, алшын, жаппас елдері де,
Біртұтас тектері бар, әрқилы елі [2,14].

Осы тұста түркі тектес тайпалар қазақ болып моғұлдармен жер суға талас басталады. Ал қазақ, түрік ұрпағы бір-бірімен жұрағат болып, бірде тату, бірде араз болған. Жаугершілік жалғаса берген соң ақыр соңында қазақ пен моғұл бір-бірлерінен ірге айырып, бөлек қоныс тепкен. Шежіреде қазақ дегеніміздің өзі түптеп келгенде «еркін кеткен» деген сөзден шыққандығы айтылады.

Біз мысалға алып отырған шежіре тек біреуі ғана. Ал оның сан мыңдаған нұсқасы түрлі атаумен түрліше жарияланып та жатыр. Тіпті бір ғана Оғыз қағанның есімі әр түрлі нұсқаларда кездеседі. Оған дәлел, жоғарыда келтірілген «Қазақтың жалпы шежіресінде» «Оғұз» деп келсе, Ал Құлмат Өмірәлиевтің «Оғуз қаған» эпосының тілінде «Оғуз» деп келтіріледі. Бұл кітапты «Оғуз қаған» эпосының тілі деп атаудағы себебін қысқаша: «Оғуз-наме» аталған күрделі зерттеу-енбектер қазақ филологиясында тағы жоқ. Сондықтан бұл ескерткіш жайлы ғылымда «Оғуз-наме» атымен бірлікте қалыптасқан тарихи түсінікке, дәстүрге қайшы, нұқсан келеді деуге тағы негіз жоқ. Осыларды ескере келіп, біз «Ер Көкше», «Құла мерген», «Қобыланды батыр», «Есім хан» түрінде келетін дәстүрмен бұл ескерткішті «Оғуз қаған» деп атадық және бұл ат ескерткіш тестінен алынды» деп түсіндірген [3, 3-4].

Тіл білімінің маманы, филология ғылымдарының кандидаты Құлмат Өмірәлиевтің тілдік өзгерістер мен қолданыстар жайында айтылған өміршеңдігі жоғары тағы бір пікіріне зер салсақ: «Әрбір дәуірдің тілдік нормасы өзінің шешуші редукциясын жүргізеді, жеке сөздерде ғана емес, дыбыстардағы, грамматикалық формалардағы, тіркестердегі, сөйлемдегі, сөздің орналасу тәртібіндегі жаңа дәуірге тән жаңа норма бұрынғы дәуір сөзіндегі өзіне сәйкеспейтіннің бәрін өзгертеді» дейді [4, 101].

«Оғуз қаған» эпосына келер болсақ, Қ. Өмірәлиевтің казак тілінің қазіргі айтылу қалпына түсірілген үлгісінде «Оғуз қағанның тууы мен балалық шағы баяны», «Оғуз қағанның жігіт болуы және ерлік көрсету үшін аттану баяны», «Оғуз қағанның үйлену баяны. Ай, Күн, Йулдыз, Тағ, Көк, Теңіз деген балаларының тууы баяны», «Оғуздың қаған болуы және үлкен той жасауы, төрт тараптағы елдерге елшілер жіберуінің баяны», «Оғуз қағанның Урум қағанға қарсы аттануының баяны. Оғуз әскерін көк бөрінің бастап жүруінің баяны», «Оғуз қағанның Урум қағанымен соғысы баяны. Урум қағанды жеңуі және елін қартату баяны», «Оғуз қағанға Урусбектің оғлы Сақлаптың тарту-таралғымен келу баяны», «Оғуз қағанның Етіл суынан өтуі. Етіл суынан өту амалын тапқан улұғ Орду бекке Оғуз қағанның «Қыпчак» деп ат беру баяны», «Оғуз қағанға көк бөрінің екінші реткелуі баяны. Оғуз қағанның Шауқартаң атының жоғалуы және ол атты белгісіз ердің Мұзтауынан табу баяны», «Оғуз қағанның тағы ілгері жол шегуі, жолай бір алтын сарайға кездесуі, осы сарайды ашқан ерге «Қалач» деп ат беру баяны», «Оғуз қаған қолын көкбөрінің үшінші жолы бастап жүру баяны. Оғуз қолының Чүрчіттермен соғысуы, жеңуі баяны», «Оғуз қаған қолына ұрыста көп олжа түскені баяны. Олжаны алып жүру ішін қанға жасаған шеберге «Қаңғалуғ» деп ат бергені баяны», «Оғуз қағанның Көк бөрі бастап Сынду, Таңғут, Шағам жұрттарына аттануы және ол жұрттарды жеңуі баяны», «Оғуз қағанның күн түстіктегі Барақа деген жердегі Масар қағанға қарсы аттануы, Масар қағанды жеңуі, өз жұртына қайта жүру баяны», «Оғуз қағанның аяң айтатын жырауы Улуғ Түрүктің түс көруі және бұл түсін Оғуз қағанға айтып жоруы баяны», «Оғуз қағанның балаларын аң аулауға жұмсау баяны, балаларының жолай алтын жай және үш күмісоқ тауып алуы, оны аталарына алып келуі баяны», «Оғуз қағанның ұлы құрылтай шақырып, бектерін, ел-жұртын жиып той беруі баяны. Балаларына жұртын бөліп беруі баяны. Оғуз қағанның өсиет сөзі» келтірілген. Яғни, шежіре, ол тұнып тұрған тарих. Осыны «қазақ әдебиеті» оқулығына қосып, шежірелерімізді қайтадан жаңғыртсақ, келер буынның алдындағы бір парызымыздан құтылар едік.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, қазіргі таңда «қазақ әдебиеті» оқулығының бір жүйеге келтірілмегендігі адам жанын

ашындырады. Былайша айтқанда көне сонармен шектеліп қана қоймай, «Қазақ әдебиетіне» жаңа дем беруге ат салысуымыз керек. Сол үшін де қазақ әдебиетінің тарихи мұраларының бірі болып келетін тарихи шежірелерді оқыту, оқулық беттеріне қосу, оқушы санасына сіңіріп өсіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Шындығы мол шежірелердің мектеп оқулықтарына дендеп енуі ауадай қажет. Өйткені ол қазіргі таңда құлпы ашылмаған сыр сандық, ешкімге шертілмеген сыр болып тұр. Шежірелерді сыр емес, жыр ретінде келешек ұрпақтың бойына білім нәрімен сіңіріп, сусындатып өсіру біздің мойнымыздағы ең үлкен жауапкершілігі мол жұмыс болып табылады. Сан ғасырлық тарихы бар тарихи шежірелеріміздің баршамызға бергенінен берері мол қазына. Қазынамызды қадірлей білейік!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бабалар сөзі: Жұзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2012. Т. 83: Шежірелік аңыздар. – 448 бет.
2. Бабалар сөзі: Жұзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 32: Шежірелік дастандар. – 2006. – 400 б.
3. Өмірәлиев Қ. «Оғуз қаған» эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 280б.
4. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғ. қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 269б.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Жақыбай Береке

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 3-курс докторанты

Сарбасов Болатхан Сергазыұлы

ф.ғ.к., профессор м.а.

Алматы қаласы

Аңдатпа. Жыраулар шығармашылығы ұлттық идеяны жүзеге асырудағы үлкен қозғаушы күш болып табылады. Жыраулар – Қазақ хандығы халқымыздың барлық жастағы адамдарының асыл, саналы қасиетті болуын мұрат еткен нағыз тәрбиешілер. Жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнеріндегі шынайы ұлттық сипаттың негізгі көркемдік іргетасы. Сондықтан, халықтық

тәрбие дәстүрін жыраулар поэзиясы арқылы тереңдете ұғындыру – өмір талабынан туындаған мәселе.

Кіріспе. XV-XVIII – ғасырларды қамтыған жыраулар поэзиясы халқымыздың жүздеген жылдар бойы жадында сақталып, бүгінде қазақ әдебиетінің бір кезеңі болып қалыптасып отыр. Сөз қадірін білген қазақ халқы түйінді, иірім жолдарды талай аласапыран кезеңдерден алып өтіп, қазіргі әдебиетімізге аманат етіп тапсырды.

Елбасымыз Ұлытауда берген сұхбатында: «Қазақ хандығы біздің еліміздің түп-тамыры. Бұл тұңғыш мемлекетіміздің болашағын белгілеген үлкен тарихи оқиға. Біздің болашағымызға бағдар ететін ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!» деген еді.

Қазақ хандығының тарих сахнасына мағлұм бола бастау кезеңін анықтаудың ғылыми да, саяси да мәні зор. Әсіресе, тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған бүгінгі таңда оның маңызы, мәртебесі, тіпті арта түспек.

Елбасы «Тарих толқынында» кітабында: «Бұл оқиғаның саяси һәм қоғамдық мән-маңызы Қазақ хандығының Орта Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет болғанында жатыр. Оны өздерінен бұрын өткендер немесе тарихи бабалар емес, қазіргі бар түркі халқы құрады» [1], – дейді. Сол қазіргі түркі халықтарының бір бұтағы қазақ халқы болып саналады.

Түркі халықтарының бір бұтағы саналатын Қазақ елінің әдебиет тарихының түп негізі көне дәуірге – түркі тайпалары әлі жеке-жеке халық боп жіктелмеген, ортақ мәдениет, ортақ мұра жасап жүрген кезеңге барып тіреледі. Туыстас түркі руларының бір тобы қазақ деген атпен бөлініп, өз мемлекетін құрумен байланысты. ХҮ ғасырдың орта шенінен бастап дербес қазақ атымен аталатын әдебиет қалыптасады.

Қазақ әдебиетінің ортақ арнадан оңаша жол тартқан алғашқы қадамдарының өзінен-ақ келелі, өте көркем келісімге жетуі заңды болса керек.

Сол дәуірдегі түркі халықтары сөз өнерін аса жоғары бағалап, өздерінің ақын-жырауларына бас иген. Араб әдебиетінің тарихын жазған профессор Ханна аль-Фахури: «Басқа жұрттың сөзінен гөрі, ақынның сөзі өтімдірек келетін; кейде оның беделі мен билігі, тіпті, ру көсемінен де артық болатын», – дейді [2, 51-52].

Көшпенділер арасында тіл өнерінің қадірлігі сондай, сөз зергерлерін халық қастерлеп, жоғары бағалаған, құрметтеген. Қазақ жыраулар поэзиясында елдің бірлігі, тұтастығы, тарихы мен мәдениетінің өркендеп дамуы айқын көрінеді.

Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулар поэзиясының басты көтерген тақырыптары, негізінен ата-қоныстары, отаншылдық, елтанушылық, адамгершілік, тәлім-тәрбие, ұлттық дүниетаным, әсіресе қазақ халқының қасиетті ата-қоныс мекендері үнемі сөз арқауына алынады.

Жырау деген атау «жыр» сөзінен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған. Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары - туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау.

Жыраулар поэзиясы – дербес мемлекеттік дәрежеде өмір сүрген Қазақ хандығы атты дәуірдің әдеби мұрасы. Көрнекті ғалым-жазушы М.Мағауиннің айтуынша: «Қазақ халқының жалпы түркілік ортақ этнос құрамынан бөлініп, дербес Орда құрған хандық заманы төрт ғасырға жуық ұзақ дәуірге созылды». Ол тағы бірде «XV–XVIII ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды. Өзіндік түр тауып, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Алаштың жайсаң жанын, өр рухын бедерлей таңбалап, келер ұрпақ үшін ешқашан ескірмес үлгілер тудырды. Көркемдік танымның асқар биігіне көтеріліп, әлемдік өредегі ұлы шығармалар қалдырды», дейді. Яғни, жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнерінің әлемдік классикалық шығармалар шоғырына қосылатын біздің ұлттық рухани қазынамыз [3].

Негізгі бөлім. Жыраулар поэзиясының құндылығы неде? Ғалым М.Әуезов: «Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің, ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан. Бұл заман сыншысы сөйлесе, шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды: сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз

айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет есебінде айтылады», – дейді [4]. Ғалымның осы ғұламалық пікірінде жыраулар поэзиясының идеялық-көркемдік мәні терең ашылған.

Халқымыздың осы зергерлік сөз тұнығына әрі ақын, әрі ғұлама Шәкәрім де ден қойған. Ол «Ескі ақындық» деген өлеңінде халық мұрасын, ауыз әдебиетін, жыраулар поэзиясын аса жоғары бағалаған:

Тақпақ пен мақал тағы артық,
Суырып салма жағы артық,
Айтады олар ойланбай,
Сыпыра жырау, Шортанбай,
Үмбетей мен Марабай
Алды-артына қарамай,
Соққанда жырды суылдап,
Жел жетпейтін құландай.

Шәкәрім ескі ақындар поэзиясында «терең сыр» барын таниды. Олардың жырында «қыран құстың ұшқаны», «ақбөкеннің жүрісі», «жайдақ желдің желісі», «мөлдір құдың аққаны», «жел жетпейтін құландар жүйріктігі», «адам жанының жайма шуақ кезеңі» – бар-баршасы, көшпелі қазақ өмірінің бүкіл әлеуметтік, рухани тіршілігі бейнеленген деп керемет ой түйген. Жыраулар поэзиясын айтулы сөз зергері Мағжан Жұмабаев та «Батыр Баян» поэмасында:

Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда
Толқынды тұңғыық боп төгілді жыр,– [5].

деп аса қадірлеген.

Демек, жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз.

Жыраулар поэзиясы халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлаумен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін,

ойсанасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы.

Жыраулар поэзиясы соны философиялық терең ойға толы. Олардың поэзиясы өсиетнама түрінде келеді. Сондықтан да жыраулар поэзиясында нақыл, афористік сөз оралымдары мол.

Қазіргі таңда Елбасымыз қолға алып, қайта жаңғыртып отырған «Мәңгілік Ел» – идеясы сан ғасырлар рухының алып күші, алтын діңгегі. Ұлт болашағын кемелдікке бастайтын – ғасырлар аналардың бесік жыры. Ұлт тарихының өткені мен бүгінін тоғыстырған киелі қадам, алтын көпір. «Мен кім?» деп кезінде Мағжан ақын толғанған тарихи сауалға жауап беретін – ұлтқа ортақ таным. Ұлт арманы – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты «Мәңгілік Ел» болу еді. Иә, сол армандарды ақиқатқа айналды. Сонау көне түркі әлемінен өз бастауын алатын бұл ұлы идеология, қазақ әдебиетінің әр кезеңінде кеңінен көрініс тапқан. Әсіресе, қазақ жыраулар поэзиясында өзіндік ерекшелігімен дараланды.

Жыраулардың өз толғауларында көтерген негізгі тақырыбы қандай? Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан қайғының: «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшер» – деген ақылгөй сөзі – сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да «Қайран менің Еділім» – деп еңіреп өткен. «Еділдің бойын ел жайлап, шалғынына бие біз байлап» – деп Доспамбет жырау армандаған, «ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпесе, май жемесе қонағым... он кісіге жараса, бір кісіге асқан тамағым», – деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған. Жыраулар поэзиясы еліне деген ыстық сезімге толы. Олар сол еліне жалынды жырларын арнаған, халқын сол елі үшін қызмет етуге үндеген, керек болса, жанын пида етуге шақырған. Халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін жырлаған.

Мысалы, Тәтiқара ақын:

Бөкейді айт, Сағыр менен Дулаттағы,
Деріпсәлі, Мандайды айт Қыпшақтағы.
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт Уақтағы.
Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгембайды айт,
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейде, ер Жабайды айт, – деп дәріптеген [3].

Жыраулар өмір жайлы, достық жайлы, адамгершілік, ерлік жайлы, тіршілік жайлы жыр шерткен.

Олар өмір диалектикасына да терең көз жіберген, дүниенің бірқалыпта тұрмайтынын («мынау жалған дүние кімдерден кейін қалмаған» – Шалкиіз), үнемі өзгерісте болатынын дұрыс пайымдаған. Жыраулар поэзиясында адамгершілік этика, мораль мәселелері кең орын алған. Оларда бүгінгі жастар ғибрат, тағлым алар дүниелер молшылық.

Ел ертеңіне деген оптимистік сарын «Мәңгілік ел» идеясына бастайтын рухани серпіліс еді. Сол себепті де, әдебиеттанушы М.Мағауин «Қазақ жыраулары 15-18-ғасырлар шегінде бүкіләлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұра жасады» деп тебірене жазған еді [3].

Соның бір мысалы Доспамбет жырау мұралары:

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұспан аттым өкінбен,
Тоғынды сарты нар жегіп,
Көш түзедім, өкінбен.

Сөз зергері өз толғауында көшпенділер мінезіне тән дала ерінің болмысын паш еткен. Толғауда өз атынан сөйлей келе, далалық мәдениеттің философиясын тереңнен танытады. Отан, туған жер, досқа деген сүйіспеншілігін, дұшпан алдындағы қайраты мен айбатын тілге тиек етеді. Жыраудың патриоттық

оптимизмге толы жалынды жырлары ұрпақтан-ұрпаққа таралып, ғасырдан-ғасырға көшіп келеді.

Жалпы, жыраулар бедері мен беделі – сонау көне түркі дәуірінен қалыптасқан үрдіс. Ол туралы М. Жолдасбеков өзінің «Асыл арналар» деген еңбегінде былай дейді: «Түркі халқын әдетте хан басқарған. Ханның ордасы болған. Ордада ханмен бірге әр уақытта ақылшы жырау тұрған» [6]. Сондықтан, қашан да «шер толқытқанда» сөйлеген ерлік жыршыларының асыл сөздері тарихымыздың әр кезеңінде зор бағаға ие болса, оның түп қазығы бабалар салған сара жолдың негізінде жатса керек.

Сондай-ақ, жыраулар шығармаларында әміршіге тікелей арнау да, мадақ өлеңдер де, болмыс туралы философиялық толғаныстар да, ізгілік пен зұлымдық, жақсы мен жаман, достық пен дұшпандық туралы толғаулар молынан. Жыраулар өз туындыларын, толғауларын кейінгі ұрпақтарына мәңгілік мұра етіп қалдыру жолында көркемдігі жоғары поэзия тілімен, таптырмас теңеулер, жарқын метафоралар, синтаксистік және психологиялық параллельдер арқылы баяндаған. Бұл туындылардың Тәуелсіз Қазақстанның өркендеп дамуына тигізетін ықпалы орасан зор деп білемін.

Жыраулар поэзиясын оқыту арқылы ұлттық құндылықтарды орынды қолдана отырып, келешек ұрпақ бойында ұлттық ділдің қалыптасуында негіз қаланады. Олар баланың ата-бабалар мұрасының маңызын дұрыс түсініп, бағалай алуына жол ашады. Әдеби шығармалардың тарихтың көркем шежіресі ғана емес, ең алдымен, сол тарихты ұлт мүддесіне қарай бұрудың да негізгі тетігі болғандығын түйсіндіру оқушының қазақ сөз өнері тундыларының халық тағдырымен ортақ сипаттарын тануына тұғыр қалайды.

Жыраулар поэзиясының заман талабымен ұштастырыла оқытылуы ғана оның болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін артырары сөзсіз, сондықтан да қазіргі жаңа білім беру мазмұнына жыраулар поэзиясын көбірек оқытуға назар аударылса, ұлттық рухани құндылықтарымыз қалыптастыруда әдебиет сабағында айтарлықтай сапалы білім нәтижесіне қол жеткізуге болады.

«Мәңгілік Ел» – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізгі мәні мәңгілік – мақсат-

мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Қазақ хандығы дәуірінде жыраулар поэзиясының басты тақырыбы – халықтың топтасқандығы мен бірлігі және әскери күш-қуатын нығайту мәселелері болды. Бұл туындылардың Тәуелсіз Қазақстанның өркендеп дамуына, болашақ «Мәңгілік Ел» болуына тигізетін ықпалы орасан зор деп білеміз.

«Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетіміздің ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», – Елбасы айтқандай, «Мәңгілік Ел» – жас ұрпақ үшін маңызды мәселе болып табылады. Қазақ елі үшін бірлігін сақтауға, мемлекеттілігінің тұтастығын қамтамасыз етуге жыраулар поэзиясының беретін тәлім-тәрбиелік жақтары ұшан теңіз. Бүгінгі ұрпақ – Мәңгілік Елдің болашағы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999
2. Ханна аль-Фахури. История арабской литературы. Т. 1, М, 1959.
3. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет – Алматы, 1993
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991
5. Елеуменов Ш. Мағжан Жұмабаев. –Алматы: Жазушы, 1990
6. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы, 1991

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қахарман Дәурен

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің 3-курс докторанты*

Сарбасов Болатхан Сергазыұлы

ф.ғ.к., профессор м.а.

Алматы қаласы

Андатпа: Жас ұрпаққа білім, тәрбие беру ісінде көркем әдебиеттің маңызы зор. Әдебиет пәнін халықтың өткендегі және

қазіргі өмірімен оның табыстарымен байланыстыра оқыту, оқушыларды өмірге дайындау, қоғамға пайдалы, елін сүюге, жерін сүюге тәрбиелеу – қазіргі таңдағы ең басты міндет. Ең бастысы - әдебиет сабағын оқыту арқылы жас жеткеншектерге рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие берудің сапасын арттыру.

Кіріспе. Әдебиеттің пән ретіндегі өзіндік ерекшеліктері. Әдебиет пәнінің оқу пәні ретіндегі құрылымы күрделі болып саналады. Себебі оның ішкі мазмұнына көркем әдебиет шығармалары, олардың тарихы мен теориясына қатысты ұғымдар, әдебиеттен ауызша, жазбаша тіл дамыту жұмыстарының жүйесі, оқушының оқырмандық мәдениетін қалыптастыру мәселелері қоса қамтылады. Әдебиетті оқыту оқушының сұранысы мен қабілет, мүмкіндігіне қарай бірте-бірте дамып отырады. Біріншіден, әдебиет оқушының бастауыштан алған біліміне сүйенеді. Шығарманы оқып үйренген оқушы жоғары сыныптарда мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыра бастайды. Ең бастысы сынып жоғарылаған сайын оқушылар әдебиетті өнердің бір түрі – сөз өнері ретінде тарихи негізін танып, қоғамдық мәні мен адам, жеке тұлға қалыптастыруға тигізетін әсер ықпалын, барлық адамзаттық мәселелерді қамтитын биік болмысын тани бастайды. «Әдебиет – өнердің бір саласы. Ол – сөз өнері. Белгілі әдіскер ғалым Қ.Бітібаева: «Әдебиет – адам тану құралы» болса, әдебиет пәні – «адам тәрбиелеу құралы» [1], деген пікір айтады. Ал Ленинградтық әдіскер ғалым Е.Н.Ильин: «Әдебиет – адам қалыптастырушы құрал» [2] деген әдебиет пәнін оқытудың жаңа жүйесін ұсынған.

Көркем шығарманы қабылдауда әртүрлі болуының бірнеше себебі бар: біріншіден, сол шығарманы қабылдау жолындағы оқушының ой, өресі, дүниетанымы, бұған дейінгі жинақтаған білім қоры, яғни әдебиеттану ғылымынан алған білімі ықпал етеді, екіншіден, әдебиетте сөздің қасиеті ақпарат жеткізуші қызметтен әлдеқайда терең мазмұнда, бірнеше функцияда танылады, сөз адамның сана-сезіміне әсер ете отырып, белгілі

көңіл-күй, сезім, сурет, көрініс өмір бейнесін жасап, адамның эмоциялық қабылдауына түрткі болады. Қаламгер Ақселеу Сейдімбек «Күй шежіре» [3] атты кітабында «Қазақта неше мың күй болса, оның қосарлана айтылатын соншама аңыз-әңгімесі бар» деген еді. Жазушы күй өнерінің туу мен аңыздарды күнделікті тұрмыс-тіршілікпен, тарихи оқиғалармен сабақтастырып қарастырды. Дәулескер күйші болған Ақселеу Сланұлы жарты өмірін қазақтың тарихына, ұлтымыздың рухани құндылығы боп табылатын күй өнеріне арнады. Әсіресе, күйдің шығу тарихы мен күй аспаптары туралы біраз деректер ұсынды.

Бір сұхбатында жазушы былай деп пікір айтады: «...«Ұлы Дала», «Көшпелілер өркениеті», «Көшпелілердің төлтума мәдениеті» деген санаттық (категориялық) ұғымдар қалыптасу үшін, оны елдік жетістік ретінде санамызға орнықтыру үшін 60-70-80 жылдарда көрінген шығармашыл буын айырықша еңбек етті. Сол буын сапында болғанымды мақтан етемін. Мен тұңғыш рет қазақтың ғажайып мұрасы – қара өлең нұсқаларын жинап, оның поэтикасы мен жанрлық сипатын саралаған монография жарияладым («Мың бір маржан»). Қазақтың рухани мәдениетіндегі ерекше құбылыс музыкасы болса, бүкіл саналы өмірімді күй өнерін зерттеуге, күйші-композиторлар өмірбаянын анықтауға, күй аңыздарын жинауға арнап келемін. Күй өнері туралы екі томдық монографиям («Күй шежіре» – екі кітап) жарық көрді. Өзім қобыз, домбыра, сыбызғы, мандолина тартамын».

Негізгі бөлім. Қазақтың ұлттық құндылықтарының бірі күйді насихаттап, ұрпаққа мұра етіп қалдырған зерттеушінің еңбегі орасан зор еді. Ол күй жанрына терең бойлап, қазақтың тектілігін күй арқылы нақты дәлелдеп берді. Осы арқылы қаламгердің шығармашылығы басқа салаға кетіп, оның жан-жақтылығынан хабар берді. Жазушы бір ғана күйді жазып, күйшінің сезімін көрсете білді. Ауызекі өнердің бірі күй өнеріне терең енген жазушы өзінің жан-жақтылығымен оқ бойы озық тұрғанына тағы бір мәрте көзіміз жетті.

Қазақтың ұлттық оркестрі орындап жүрген, танымал күйлердің саны 500-дей болса, Ақселеу Сейдімбектің күй аңыздары 2000-ға жетеді. Ғалым Әдебиет және өнер институтында академик С.Қасқабасовпен бірге тарихпен

сабақтас бірнеше күйді дүниеге әкелді. Қазақ тарихын саралай келе, қазақтың күй аңыздарының болмыс-бітіміне халықтың салт-дәстүріне, дүниетанымына бой жүгіртті. Осылайша, әр күйдің тарихпен байланысын дәлелдеп берді. Ғалым талдауында күйлерді:

1) Мифтік күй аңыздары

2) Әпсаналық күй аңыздары

3) Аңыздық күй аңыздары

4) Жағдаяттық күй аңыздары деген атаумен бөліп, ғылымға енгізген.

Мысалы, мифтік күй аңыздарына – «Таукүдірет», «Қызылқан», «Шұбар киік» және т.б. күйлердің жататыны, сонымен қатар, олардың мифтік санаға қатыстылығын анық түсіндірген.

Әпсаналық күй аңыздарына «Шақыру», Қорқыттың «Тарғыл тана», «Елім-ай», «Халқым-ай», «Желмая» күйлері және «Қос мүйізді Ескендір», Асанқайғының «Зар», «Желмая», «Ел айырылған», «Асанқайғы сарыны», Байжігіттің «Қайың сауған» күйлері мен таза әпсаналық сипаттағы «Жорға аю», «Балжыңгер», «Ақсақ қыз», «Көк төбет» т.б. күйлерін жатқызған. Аңыздық күй аңыздарына – Кетбұғаның, Бейсенбі, Боғда, Дайрабай, Құрманғазы және т.б. күйлерін жатқызған. Жағдаяттық күй аңыздарына «Қыз қашқан», «Қағытпа» күйлерін жатқызып, тарихи дәлелдер келтірген. Әрине, қазақ халқының рухани құндылықтарында музыканың, әсіресе, күй өнерінің алар орыны ерекше. Сонымен қатар, күй – синкретті өнер. Ақселеу Сейдімбектің айтуы бойынша, күйшінің шеберлігі мен өмір дерегі, күйдің шығу себебі туралы аңыз-әңгімелер арқылы тыңдарман күйдің жанрлық түрін анықтай алады. Оны терең түсініп, сол арқылы жеке ырғақ қоса алады. Тыңдаушыдан бұл жағдайлардың бірі де орындалмаса, күй өнерінің жанрлық болмысы анықталмайды. Зерттеушінің айтуынша, қазіргі таңда тіркелген, қолда бар күйлердің саны бес мыңға жуық. Бұл күйлердің бәрінің аңыз-әңгімесі бар. Ол аңыз - әңгімелер өрісі байырғы көшпелілердің, берісі қазақ халқының тарихи-әлеуметтік өмірінің «жанды шежіресі» (М.О.Әуезов). Ақселеудің ғұламалығы, білімі арқылы күй өнері жан-жақты зерттелді. Оның ғылым докторы, профессорлықты алудағы атақ-дәрежесі

бір ғана күй өнеріне қалам тербеумен ерекшеленді. «Осынау ой жосықтары музыканың халық танытқыштық, халық тәрбиелегіштік және тарихи-шежірешілдік қасиеттеріне мән беріп отыр. Демек, қазақ әндерінің төл сипатын халықтың тарихи болмысымен сабақтастықта қараудың мәні зор» деп атап өтті [1, 3].

Зерттеуші ән өнерінің орындаушылық үлгіде көрініс беретінін айтады. Сонымен қатар, әннің тарихы мен көркемдік бейнесі арқылы сөз етеді. «Қазақ халқының әншілік күйшілік өнерінде Ғазиз, Уәйіс сияқты, Мұхаметжан, Шашубай, Дайрабай сияқты бірлі-жарым әнімен немесе күйімен ел есінде қалған саңлақ өнерпаздар бар. Көп ретте осындай әнші-күйшілердің кім екеніне, қашан, қай ортада өмір сүргеніне жеткілікті мән беріліп те жатпайды» дейді. Тарихшы композиторлар домбыраның сүйемелдеуімен ән шығаруы тиіс деген пікір айтады. Себебі, домбыра жеңіл ырғақты, әдемі әуен ұсына алады.

Ғалым біраз жылдар бойы күй өнерін зерттеп, көпшілікке ұсынды. Ол күй өнерін тарихи, этнографиялық салада қарастырып, күйдің қалыптасу жолдарын әлеуметтік өмірмен байланыстырып саралай білді. Егемен Қазақстан газетіндегі «Ақселеу ақиқаты» мақаласында журналист-жазушы Қ.Құрманғали былай дейді: «Бертін келе Ақселеу өнердің өзекті мәселелерін қозғап, пікір-пайым, тосын да тың, жаңалығы шаш-етектен ұлттық күй өнерінің алтын қазынасына айналған еңбегін жариялады. Қазақтың күй өнері» оны теңдессіз өнертанушы қатарына қосты» [4]. Сонымен қатар, зерттеуші тек қана музыкалық ақпарат жинақтап қана қоймай, еліміздегі композиторлардың өмірі мен шығармашылығына да тоқталып өткен.

Қазақ күйінің тарихы, күй мен тарихтың тығыз байланыстылығы зерттеушінің жазбаларында көрініс береді. Берік Рахымов: «Күйшінің құдіреті шертпе күйлер, ілме қағыс күйлер, тармақты күйлер, айтыс күйлерін тарта алумен өлшеніп, оның сандаған күйлерді білетіні айқындалады. Айтулы Ақселеудің күйшілік өнері осы өлшемдермен ерекшеленетін. Жалпы, сөз бен музыкалық байланысын үлкен тақырып ретінде алып, оның табиғи болмысын ашу екінің бірінің қолынан

келмейді. Ол үшін музыкадан хабарың болуы бір басқа, оны меңгерген майталмандық қана жемісті екені даусыз» дейді.

Күй атасы – Қорқыт деп айтқанымызбен, зерттеушілер күйдің оған дейін де болғандығын дәлелдеген. Бұл күйлердің сарыны ертедегі Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Көк түріктер және басқа да тайпалар өмірінен бастау алады. Бұған мысал ретінде біз «Аққу», «Кеңес», «Боз айғыр», «Сары өзен», «Шұбар ат» және басқа да туындыларды келтіре аламыз. Өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдары әр ауылда, әр мектепте домбыра оркестрі болатын. Қазір мұндай оркестерлер өте аз, жоқтың қасы. Бұл іс қайта жаңаруы керек. Ұлтты сүю, қадірлеу бабаларымыз аманаттаған дәстүрден, өнерден бастау алады. Сол өнердің бір түрі – күй өнері. Мұхтар Әуезов: «Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы – күй» деген болатын.

Күйге бұл бағадан артық баға бере алмаймыз. Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» кітабы Астана қаласында 2002 жылы «Күлтегін» баспасынан басылып шықты. Мазмұны «Сауға» -дан бастау алады. Бірінші тарау бойынша «Тарихнама»-дан басталып, Құндылықты парықтау, Төлтумалық, Әдістеме және әдіснама деп көрсетілген» [1]. «Тарих», «Деректеме», «Деректану және тарихнама», «Байырғы және ортағасырлық деректемелер», «Қазақ музыкасы туралы XVIII, XIX ғасырлар мен XX ғасырдың бас кезіндегі деректемелер», «Қазақ музыкасының Кеңес заманындағы зерттеуі» қарастырылып өткен. Бірінші, «проза», «аңыз», «күй аңызы» деген сынды ұғымдардың мәні сипатталған. Күй тек аспап қана емес, ұлттың мінезін көрсететін басты нышандардың бәрін біріктіретін рухани дүние. Күйтану ғылымының зерттелуі - оның тарихын, шежіре-аңызын, мектеби ерекшелігін, сонымен қатар, музыкалық шығарманың теориялық тұрғыдан талдануын, дәстүрлі және кәсіби оқыту әдістерін қамтиды. Осылай ша, күй мен күйшілік үрдістің ұлттың рухани сұранысын өтей алатын қазіргі деңгейі қалыптасты. Кәсіби домбырашылық туралы сөз қозғағандықтан, күйшілік мектептің қалыптасуы мен дәуірлік тарихына тоқталып кеткеніміз жөн.

Күй ежелгі, көне өнер, оның шығарма ретінде қалыптасуы ұлт қалыптаспай тұрып, сонау ұлыстық дәуірден басталады. Ал, ұлыстық дәуір мәдениеті Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы замандарынан басталады. Қазіргі аңыз күйлеріміздің бірінде сол замандардан қалған туындылар мынау еді деп дөп басып айта алмаймыз, бірақ, әдеби мұраларымыз сақталған. Оған мысал ретінде Томирис туралы әпсананы айта аламыз. Одан кейінгі дәуір Түрік қағанаты. Бұл кезеңдегі күйлер туралы ақпарат жоқ, бұл кезең әдебиетте ұлыстық ояну кезеңі деп аталады. Тоныкөк, Білге қаған, Күлтегіндердің тасқа қашап жазған жырлары осы кезең ескерткіштеріне жатады. Келесі - Алтын Орда дәуірі. Бұл кезеңдегі музыкалық мұрамыз - «Ақсақ құлан-Жошы хан» күйінің тараулары. Біз күйдің ұлттық дәуірі деп қазақ хандығы тұсын айта аламыз. Бұл кезде жыраулық дәстүр етек жайды, күй ұлттық сипатқа лайықталып аспаптық шығармаға толық айналды. Осы кезеңдегі күйлер тарихи күйлер қатарына жатады, мұнда хандық дәуірдегі халықтың жағдайы, мұң күйі баяндалады. Асан қайғының күйлері, қазақ пен ноғайдың арасындағы оқиға туралы трагедиялық күйлер, көне жер-су аттарына бағышталған күйлер осы кезеңнің ескерткіштері. Ғаламтор мәліметінде қазақтың күй өнерінің айрықша дамыған кезеңі ХҮІІІ-ХІХ ғасырларға тиесілі делінеді. Бұл ғасырлар күйлерінің аймақтық мектептерінің қалыптасқан, әртүрлі үрдістердің шеру құрған дәурені еді. Қазір көпке мәлім күйлердің біраз інжу-маржаны сол кезеңдерде туындады. Кеңестік дәуірде домбыра өнерін дамытуды мақсат тұтып, жазба нота оқуы енгізілді. Еркін дамыған күй жаңа, ерекше арнаға түсті. Ал, ескі ұлттық күй мектебінің жағдайы бұрынғыға қарағанда әлсіреп кетті. Еуропа Шығыстан емес көне Грек және Римнен өркениетті іздеуді ұсынады. Алайда, ғылым мен мәдениеттің ошағы болған империялардың Азиямен және де оның байырғы ұлы ойшылдарымен тығыз байланыста болғандығы жайлы көбі біле бермейді. «Шығыс өнері өткенді көксеу культіне берік болғандықтан, жаңалыққа ұмтылуды үрдіс етпеген, сондықтан Батыс елдерінің жасампаз мәдениетімен шендесе алмайды» деген пікір әлі күнге дейін оқулықтарда кеңестік идеологиямен жазылып жүр [1].

Корыта айтанда, Ақселеу Сейдімбек шығармаларын оқытудағы басты мақсат – жан әлемі жетілген, рухани түсінігі мол жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болмақ. Ақселеу Сейдімбек шығармаларын, еңбектерін оқыған оқушылардың қазақтың күй өнерінен хабардар болып, тарихын терең түсініп, «Аққыз» сияқты шығармаларынан эстетикалық ляззат алары сөзсіз.

Көрнекі оқыту әдісі. Ақселеу Сейдімбек еңбектерін оқытуда қажетті әдістердің бірі. Ғалым жинақтаған күйлер мен олардың тарихы туралы бейнебаяндарды көріп шығу-балалардың дамуына елеулі үле қосары сөзсіз. Педагог-психологтардың пікірінше, оқушы қабылдайтын білімнің тиімділігіне көрнекі әдістің тигізетін ықпалы зор. Себебі, қабылдаудың басты жолдарының бірі ретінде көру, тыңдау арқылы қабылдау оқушының материалды меңгеруіне үлкен ықпал етеді. Әрине, бұл фильмдердегі идеялық бағыт немесе ақпарат құрылымы мектептегі әдебиет сабақтарымен бүтіндей үндесе бермеуі заңды. Әйткенмен қажетті жерін мақсатқа сәйкес пайдалану мүмкіндіктері зор. Арнайы фильмнің үзіндісін қиюға арналған компьютерлік бағдарламалардың көмегімен сабақ мақсатына лайықты қолданған тиімді. Сондай-ақ күй тарихында жазылған күйлер тарихымен танысып қана қоймай, күйлер жазылған аудиодискілерді пайдалану да маңызды.

Көрнекі құралдармен оқыту, баланың таланты төмен болса да түсінуге жол ашатын құралдардың бірі. А. Макаренко: «Талантсыз балалар жайлы әңгіме көп, бірақ талантсыз педагогтар туралы неге айтпаймыз?» [5] дегенде осыны меңзеген болса керек.

Қорытынды. Практикалық оқыту әдісіне мәтінмен жұмыс, кітаппен жұмыс, ауызша жаттығу жұмыстары, жазбаша жаттығу. Саралау, топтау жинақтау жұмыстары, шығармашылық жазба жұмыстары, аннотация, шығарма, ой толғау, рецензия, баяндама т.б. жұмыстарды жазу жатады. Бүгінде оқушыны өздігінен білім алуға бағыттау үрдісі басымдылық танытып отырған тұста практикалық әдістерді белсенді жүргізу қажеттігі арта түседі. Ақселеу Сейдімбектің қазақтың ауызша тарихын оқыту, баланың мемлекет тарихына деген көзқарасы мен жер-су атауларына байланысты пайымды пікірлерді өздігінен оқуы, азаматтық

көзқарасы қалыптасқан, ел болашағы туралы ойлай алатын ұрпақ қалыптастыруда үлкен рөл атқарары сөзсіз.

Болашақта ұстаздар жаңартылған білім мазмұнындағы әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, жаңа заманның оқушыларына сапалы білім мен саналы тәрбие береді деген ойдамын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.
2. Педагогикалық ізденіс. – Алматы: Рауан, 1990.
3. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. Астана: Күлтегін, 2002.
4. Сейдімбек А. Тауға біткен жалбыз. – Алматы, «Жалын» баспасы, 1979.
5. Макаренко А. С. Сочинения / Собр. соч.: в 1 Т. – Москва, 1986.

ЖАЗУШЫ, ЭТНОГРАФ ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

Қалиев Серік

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің І-курс докторанты

Сарбасов Болатхан Сергазыұлы

ф.ғ.к., профессор м.а.

Алматы қаласы

Аңдатпа. Жазушы Зейнолла Сәнік өз шығармашылығы мен көп жылғы ізденісін «Хан батыр Қабанбай » еңбегімен толықтырды. Осы еңбегі арқылы ұлтқа ортақ тұлға, ерлік пен батырлықтың жарқын үлгісі ретінде Қабанбай бейнесін тарих сахнасына шығарды. Жазушы туындыларында ұлттық тұлғаларды суреттеу негізінде тамырға бойлау, ел тұтастығы мен ұлттық идеология арнасында тоғысуға бағдар болды. «Қабанбай бейнесінің жасалуы, қазақ сахналарында батыр бейнесінің сомдалуы – бәрі де автордың назарында болған.

Кіріспе. Қазақ әдебиетіне мол олжа салған жазушы, этнограф Зейнолла Мұбарақұлы Сәніктің қай шығармасын оқысаңыз да ұлттық жадыны түлетіп, ұлы тұлғалар есімін жаңғыртуды, өнегелі жолын ұрпаққа дәріптеуді мақсат тұтқанын аңғарамыз.

Қаламгер 1935 жылдың 15 сәуірінде ҚХР, Тарбағатай аймағына қарасты Шағантоғай ауданында дүниеге келген.

Зейнолла Сәніктің Бейсенғали Садықанұлы екеуі құрастырған Қабанбай туралы тұңғыш жинақ 1986 жылы «Қабанбай батыр» деген атаумен 6501 таралыммен жарық көрді. Осы кітап 1991 жылы Алматыдағы «Жазушы» бапасынан «Қаракерей Қабанбай» деген атпен жарық көрді. Осы еңбектің негізінде алғаш рет Қабанбай батырдың 300 жылдығы Талдықорғандағы Үйгентаста аталып өтті. Дарабаоз батыр туралы елдікті, ерлікті ұлықтаған еңбек тәуелсіздікті аңсаған елдің рухын серпілтті. Жазушы Зейнолла Сәнік кейін өз шығармашылығы мен көп жылғы ізденісін «Хан батыр Қабанбай» еңбегімен толықтырды. Осы еңбегі арқылы ұлтқа ортақ тұлға, ерлік пен батырлықтың жарқын үлгісі ретінде Қабанбай бейнесін тарих сахнасына шығарды, ұрпақ санасында гүлдетті. Туындыларында ұлттық тұлғаларды суреттеу негізінде тамырға бойлау, ел тұтастығы мен ұлттық идеология арнасында тоғысуға бағдар болды. «Қабанбай бейнесінің жасалуы, қазақ сахналарында батыр бейнесінің сомдалуы – бәрі де автордың назарында болған. Еліміз егемендік алған соң қазақ халқы тарихын түгендеуге кіріссе, ақын-жазушыларымыз тәуелсіздік жолында шаһид болған хандарымыз бен батырларымыз, билеріміз бен шешендеріміздің жарқын бейнесін сомдауға кірісті. Бас қолбасшы туралы шағын жанрлардан бастап Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» (1996), Зейнолла Тілеужановтың «Қаракерей Қабанбай» (2009) тәрізді тарихи роман-диалогиясының жазылуы – осы бағытта жасалып жатқан игілікті шаралардың көрінісі. Осылайша ұлттық әдебиет батырдың көркем бейнесімен толықты» [1,9].

Тұлға ұғымы туралы фиолософияда, психологияда да өзіндік тұжырым қалыптасқан. Тұлға - философиялық тұрғыда адамды «адам» ретінде тануға, яғни оның рухани-адамгершілік, ділдік, мәдени қырларына баса назар аударумен пайымдалады. Ал психологияда тұлғаның өзіне тән күш-жігерін, мінез-құлқын, психо-физиология ерекшеліктерін зерттейді. Социологияда тұлға қоғам мүшесі ретінде қарастырылып, оның әлеуметтік қырлары, саналы қоғамдық әрекеті жан-жақты зерттеледі. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласының қай-қайсында болсын адам

орталық мәселе болғандықтан олар тұлға ұғымын ортақ қолданып, әрқайсысы әр қырынан зерттеп таниды және осы ғылым салаларының зерттеу нәтижелерінің өзара ықпалдастығы мен бір-біріне әсері бар. Әр ғылым саласы тұлға сөзіне өзіне тән танымдық-ұғымдық мағына сыйғызады. Қазақ әдебиетіндегі проза, поэзия, драмада да қаламгерлер тұлға бейнесін сан қырынан суреттеді. «Ал Қабанбайдың көркем прозадағы бейнесін сомдауда Зейнолла Сәніктің өз қолтаңбасы бар... ..Сәнік жинаған Қабанбайға қатысты мұраларда Қабанбайдың өз халқының қамқоры ғана емес, жалпы адамсүйгіштік жүрегіне, азаматтық келбетіне баса мән беріліп, еларалық тұлға ретінде дәріптеледі.» [2].

Негізгі бөлім. Профессор, зерттеуші Тұрсын Жұртбаев: «Қазақ тарихынан Қаракерей Қабанбайдың аты өшпейтіні анық еді. Алайда талай тосқауыл мен күлтөбеге, күнкілге ұрынарымыз анық болатын. Сол алғашқы сапарының өзінде «Қаракерей Қабанбай» атты тарихи әфсанасы арқылы исі қазақтың санасын оятқан Зейнолла Сәніктің шағын кітапшасының әсері ерекше болды. Бұрын жыр, дастанның, Бұқар жыраудың жырларының ішінде аты аталып өтетін қатардағы батырдан « хан батыры Қабанбай» атанып, күмәнсіз, кәдік пен күдіксіз ұлт киесіне айналды» деген пікір Зейнолла Мұбаракұлының Қабанбай тұлғасының жан-жақты насихатталуына түрткі болған деген пайымдауымызға үстеме береді.

Жазушы шығарларындағы ұлт жанашыры, жомарттық пен мырзалықтың асқақ үлгісі ретінде сипатталатын кейіпкер – Басбай образы.

«Зейнолла Сәнік шығармаларындағы көкемдік ізденістер» атты ғылыми зерттеу еңбек жазған әдебиеттанушы Гүлжахан Орда «Жазушы «Басбай» тарихи романында Басбай Шолақұлы өмір сүрген кезеңнің жанды картинасын жасады. Шығарманың идеясы – азаттық, бостандық үшін күрес болса, бас кейіпкер де, оның замандастары да бүкіл өмірін осы жолға арнады. Уақыт пен кеңістікті барынша шебер пайдаланған он жеті тараудан тұратын романның әр тарауындағы оқиғалар легі араға бірнеше жыл салып жалғасады. Қажет жерінде шегініс жасалып, негізгі оқиғаға түсінік беріледі. Романға Тарбағатайдағы Басбай Шолақұлының өмірге келгенінен бастап, өмірден өткеннен

кейінгі жылдары негіз болған. Қызыр әулиенің аянымен атын Басбай деп қойған жанның өмірі әулие айтқандай ертегіге бергісіз болды» [3, 133].

Осы бір кесек шығармаға тарихилық, деректілік, көркемдік тән. Заманалық тұлғаның бейнесі көркемдік, әлеуметтік, пәлсапалық, халықтық тәжірибелік тұрғыдан шынайы шыншылдықпен сомдалған. Туындының құрылымдық, стилистикалық, композициялық ерекшеліктері қисынды ойластырылған. Ұлы Даланы мекендеген этностың шаруа-кәсібі – мал бағу. Шын мағынасында, бұл – өнер, халықтың телегей тәжірибесі мен мыңжылдықтар бойында мысқалдап жинаған байтақ білімі. Ендеше, XX ғасырдың басында мал бағу өнері мен ғылымын өрге өрлеткен халықтық энциклопедиялық білімнің иесі жаңашыл Басбай өмірі, дәуірі, тапқырлық өнегесі, жомарттық болмысы, кісілік келбеті «Басбай» романын оқығанда қызықтырып отырады. Әлбетте, мұның баршасы суреткер З.Сәніктің көркемдік шеберлігіне, дүниетанымына, жинап-терген тарихи деректерді жүйелеп әңгімелеуіне қатысты [4].

Ал жеке тарихи тұлғаларға арналған Тұғырыл хан, Қабанбай батыр, Демежан, Сүлеймен би туралы кітаптарында аталған тарихи тұлғалардың елі үшін, халқы үшін жасаған ерен еңбектері, ақыл-парасаттары, батырлық қасиеттері әр қырынан суреттеліп, сол тұстағы тарихи оқиғалар жүйесінде жаңаша пайымдалады. Автор шығармашылығының негізгі өзегі болып саналатын жазушының көркем туындылары, атап айтар болсақ, жиырмаға таяу көркем әңгімелері мен хикаяттары және «Басбай», «Сергелден» романдары қаламгердің сөз өнері саласындағы эстетикалық талғамын, көркем шығармашылықтағы қалам қарымының қуатын танытатын сүбелі дүниелер [5].

Жазушы тұтас бір шығарма арнап, тарихи тұлға бейнесін көркем әдебиет арқылы көрсеткен Басбай Шолақұлы Бапин 1889 жылы Еміл бойында өмірге келген. Жазушы кейіпкері туралы алдымен көп дерек жинағаны, зерттеп зерделегені байқалады. Кейіпкердің адами болмысы мен тұғалық қасиеттерін, даралық сипатын санамалап айтады. «Басбайдың отаншылдық көзқарасы. Кезінде Басбай «Россияның құрметті азаматы» аталған Шәуешектің атақты байларымен көп араласқан. Отанын, туған мекенін гүлдендіруге қатысты науқандардың

бәрінеде Бәсекең атойлап алда жүрген. 1951 жылы еліміз бойынша өрістетілген Отанды қорғап, Чаучиянға көмектесу науқанында Бәсекең көмекке бір соғыс айропланын атап, мемлекет бойынша қара озып, алдыға шығып, жүңғолықтардың отаншылдық рухын бүкіл әлемге әйгіледі. Оған 4 мың қой, 100 жылқы, 100 сиыр, 100 түйе, 100 сәрі атаған екен. Басбайдың кісілік көзқарасы. Басбай – «адам мен адамның, ұлт пен ұлттың терезесі тең» деген көзқарасты дәріптеген, сол көзқараста берік тұрған әрі өз өмірінде өзі үлгі болып жүзеге асырған адам. Оның көзқарасынша; ханзудың қарапайым шаруасы-етікші Чын Хуанжаң да, жетім жесір орыс әйел Зоя да, ұйғырдың панасызы Молақта, қазақтың панасызы Рақымжан да, лықсыған бай Басбай да бірдей адамдар. Әлдекімдер бұларды кемітсе, оларға зорлық-зомбылық көрсетсе, бұған Басбай атымен араға түседі. Қарызы болса өтейді. Қажеті болса қанағаттандырады. Сондықтан, Басбай адамдық ары биік, кісіліктің кіршіксіз үлесі деуге бола білді. Басбайдың әділдігі. Қарапайым халық әділдікті армандайды. Басбайдың әділдігі – ақиқатқа арналған әділдік. Басбай басқалардың басқаларға әділ болуын ғана емес, басқалардың өзіне әділ болуын да дәріптеген. Айталық, қалың молда- қожа, дін иелері жиылып, Бәсекеңнің мол дастарханынан дәм татып отырады. Сонда Бәсекең өз мінін мойындап: «Мен арақ ішемін, елді балағаттаймын, құдай алдында кінәлімін ғой», – дейді. Бұған молдалар: «Жоқ, Бәсеке, мұныңыз күнәға жатпайды, сіздей құшыр-зекеті мол құдайдың құлын Алла өзі кешіреді, сіздің орныңыз – бейіш», – деп мәймөңкелейді. Сонда кейінірек келіп, төменірек отырған ұрт тілді Сармолла: «Ей, молдалар, Басбайдың дастарханына бола құдайдың түзу жолын қисайтқанымыз болмас. Басбайдың әлгі айтқаны күнәға жатады, оның о дүниедегі орны бейіш емес, тозақтың лайлұқ деген шұңқыры», – дегенде Басбай орнынан тұрып, өз орнын Сармоллаға беріп, ат мінгізіп қайтарады. Басбайдың жомарттығы. «Басбай – қазақ тарихында дүниеге келген ірі тұрғалардың бірі. Бір өзінен 40 неше пұт алтын шыққан Басбайдан да ірі байлардың көмекке атағаны Басбайдың шалымына да келмейтін. Сондықтан, мұндай жомарттылықты байлықты шашу демей, бар мәзірін Отаннан аямау деп түсінген жөн. Бәсекең өз заманының еңселі бәйтерегінің бірі деуге

болады. Бәсекеңді соншалық биік тұлға, еңселі бәйтерек дәрежесіне көтерген нәрсе – сол жомарттығы. Басбай кейін Шәуешектен, Қарабураның жазығынан екі займке салдырды. Қарабурадағы Лауһәр деген жер емшегінен жан баққан ханзу досының жанынан жер ашып, азық-түлік қамбасын орнатты, мал борлатып, оны Шәуешекке, Ресейге саудаға айдатып отырды. Жалпақтал, Төрежайлау, Жанжүрек деген жерлерден жем-шөп қорығын құрып, ой қыстаулығын салдырды, Шағантоғай өзенінің бас жағындағы бір білек жерінен диірмен салдырып, өзіне келіп паналап жүрген екі татар жігітіне сол диірменді ұстатты. Шағантоғай қалашығынан асхана аштырып, өзінің ұйғыр баласы Тұйғынды аспаздыққа қойды. Бәсекеңнің осылай бастаған тың тірлігі бірнеше жылдың ішінде-ақ оның беделін күрт көтеріп, Шәуешектің ірі байларымен үзеңгісін теңестіріп жіберді.

Басбай жомарттығының, көпшілдігінің бір көрінісі – 1932 жылдары ашаршылықтан ауған жұртқа арнайы тамақтандыратын орын жасап, өз жолдарын тапқанша қарайласқандығы. Басбай артықша мақтауды, марапаттап, әсірелеп айтуды жақтырмайтын. Ұлылықтардың озбырлығын, байлардың сығандығын, сырдаң-сарандығын көбірек айтуды, беті жүзін демей өз көзіне көрсете айтуды дәріптейтін. Басбай осыншама атақ, даңқы шыққанына қарамастан өмірде қарапайым, халықпен етене жақын жүретін, астамдығы жоқ, пейілі кең жан болған.

Қорытынды. Қытай жерінде қазір бұл кісінің музейі бар. Қазақ байларының сол соңғы тұяғы Қазақстаннан мықты зоотехниктер шақыртып, арқар, меринос тұқымдас етті, жүнді асыл тұқымды қой шығарылыпты. Ол қойларға сол кісінің есімі берілген. Бергінде бұл өңірде «Басбай» тұқымды қой екі миллионға жеткен» [5]. «Басбай» романы әдеби тұрғыдан жеке талдауды қажет етеді. Қаламгердің ел ішінен жинаған деректері негізінде жазған кітабы «Халық күйшісі Қайрақбай» деп аталады. Күйші Қайрақбай да ұлт мәдениеті мен өнеріндегі тарихи тұлға. Жазушының «Демежан», «Тұғырыл хан», «Сүлеймен би» еңбектері, «Сергелдең» романындағы тарихи тұлғалар бейнесі шебер тіл, көркемдік әлем биігінде суреттеген құнды дүниелер.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Орда Г. Зейнолла Сәнік. - Алматы, 2000. 7 Т.
2. Жақан Д. Халық мұрасының жанашыры. – Алматы, 2019
3. Орда Г. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы көкемдік ізденістер. – Алматы, 2019
133 б.
4. Негимов С. Дәнекер тұлға. Зейнолла Сәніктің «Басбай» романы: Тарихилық, Дүниетаным. Көркемдік. – Алматы, 2015
5. Мамбетов Ж. Дәнекер тұлға. Қазақ руханиятын көркейткен тұлға. – Алматы, 2010

АЛМА ҚЫРАУБАЕВА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Қиарыстанова Гүлжан

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2-курс магистранты

Сарбасов Болатхан Серғазыұлы

ф.ғ.к., профессор м.а.

Алматы қаласы

Аңдатпа. Педагогикалық шеберлікке қол жеткізудің алғашқы шарты ғылым мен білімнің әдіснамасын білу және соның негізінде арнайы және психологиялық-педагогикалық пәндерді меңгеру болып табылады. Алма Қыраубаева шебер педагог – бұл нәзік те ойлы мұғалім, жақсы тәрбиеші, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың соңғы әдістерін меңгерген адам, ұстаз бен шәкірт әрекеттерінің құрылымдық заңдылығын, педагог мақсатына жетуге кепілдік беретін құралдар мен шарттар жүйесін, жұмыс жүйесі мен үдерісті талдау құралдарын меңгеру керек деп көрсетеді.

Кіріспе. Әдіскер-ғалым А.Қыраубаева дала данышпандары, алаш арыстары А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев т.б. еңбектерімен әлемдегі ең озық үлгідегі педагогикалық ізденістерді салыстыра отырып, тың бағытта жұмыс жасады. Оның педагогикалық мұраларына саралағанда тәжірибе мен нәтиже алдыңғы кезекте тұрады. Ол оқыту мен өндірістік тәжірибе, яғни дуальді оқыту мүмкіндігін жүзеге асырды. Оқушының ұлттық құндылықтар мәдениетін меңгеруі арқылы азаматтық көзқарасы мен тұлғалық

ұстанымы қалыптасуына жол ашуды, оның «қазақ құбылысы» ретінде әлемге танылуын мақсат тұтты. Осы бағытта аса маңызды міндеттерді айқындады. Мұғалімді тек «сабақ беруші» болып танылатын бейнесінен арылтып, оқушыға тәрбие мен білімді қатар беріп, өміріне қажет білім беретін шынайы «жантанушы педагог» ретінде толықтыруға жол ашты.

Мектеп мұғалімінің жұмысын жүйелеуіне, шығармашылық пен философиялық, сыни тұрғыдан ойлануына ықпал еткен міндеттерді айқындауына бағдар берді. Сабақ барысындағы мұғалімнің іс-жоспары мен сабақ өткізуге бағытталған әр әрекетінің оқушының тұлға ретінде қалыптасып, дағдыларын дамытуына қызмет етуіне басымдық берді.

Ғалым А.Қыраубаева әдістемелік жұмысты мүлдем жаңа қалыпта жүзеге асыру және қазақ ұстазының уақыт талабына сай жаңашыл келбетте танылуы қажеттігін тілге тиек етті. Шеберлікті арттыру мақсатында мұғалімге үш сатылы бағдарлама жасауды ұсынады:

- 1) Базалық білім бағдарламасы;
- 2) Жоғары бағдарлама;
- 3) Өте жоғары бағдарлама [2, 76б.].

А.Қыраубаева мұндай қадам ұстаздың еңбектенуі мен шығармашылық өрлеу перспективасына жол ашатынын атап көрсеткен. Педагогтің жұмыс нәтижесі мен түпкі мұраты, қажет-қасиеттері және мұғалімнің жұмыс нәтижесіне де тоқталып өтеді. Мұғалімге қажет қасиеттерге: жылылық, түсінгіштік, сезімталдылық, кең ойлай алуы, баланы шабыттандыра білуі, балаға адам ретінде қадірлі бола білуі, сабағының қызықты әрі пайдалы болуы, шығармашылық ізденісінің өрістеуін қосады да, мұғалімнің түпкі мұраты алдындағы тұлғаның рухани кемелденіп өсуіне басшылық жасау деп қорытты.

Педагогикалық шеберлік – бұл педагогтың кәсіби іс-әрекетінің ең жоғарғы деңгейі. Оның сыртқы бейнесін мұғалімнің түрлі педагогикалық міндеттерді дұрыс, шығармашылықпен шешуінен, оқу-тәрбие жұмысының мақсатына жетуде тиімді әдіс тәсілдерді орынды қолдануынан көруге болады. Ал педагогикалық шеберліктің ішкі мәні – бұл педагогикалық міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін тұлғаның

білімі, іскерлігі, дағдысы, психикалық процестері және жеке қасиеттері қалыптастырылуы [3].

Педагогикалық шеберліктің мәні былайша түсіндіріледі: «...бұл балаларды жақсы көретін және өз жұмысына бейімділігі бар педагогтардың қолы жетерлік әрдайым жетілдіруді қажет ететін жоғары дәрежелі өнер. Өз ісінің шебері бола алатын педагог – бұл өз пәнінің терең меңгерген, ғылымның нақты саналарынан және өнерден хабары бар, оқыту және тәрбиелеу әдістемесін толық деңгейде білетін, жалпы және әсіресе, балалар психологиясын түсінетін жоғары дәрежелі маман» [4, 238б.].

Осы анықтаманың мағынасына үнілетін болсақ, мынаны көруге болады:

1) «Педагогикалық шеберлік» ұғымының мазмұнына мыналар енеді:

- жалпы жоғары деңгейлі мәдениет, эрудиция;
- өз пәні бойынша кең ауқымды және терең білім;
- педагогикадан, жалпы, жас және педагогикалық психологиядан білімінің болуы;
- оларды оқу тәрбие үрдісінде қолдана білу іскерлігі;
- оқыту мен тәрбиелеудің әдістемесін толық меңгеру. Бұл негізінен,

2) педагогикалық шеберлікті педагогтың бойында тәрбиелеуге болады, шеберлікке педагог боламын деген әрбір адамның қолы жетеді [4, 238б.].

Негізгі бөлім. Алма Қыраубаеваның осы салада жазған тағы бір құнды еңбегі «Жаным садаға» деп аталады. 1995 жылы жарық көрген кітап – балаға білім үйретудің қилы тәсілдері, ізгілікке баулудың жалпыадамзаттық бағыттары туралы жазылған құнды еңбек. Зерттеуші ғалым Қ.Мәдібай бұл туралы: «Жаным садағада» Алма Қыраубаева жеке бас тәжірибе, өзіндік сезім-аңсарлар сынды құбылыстарды өз дәуірінің қоғамдық-әлеуметтік арқауы, ұлттың бітім бүтіндігін сақтау бағытындағы өзекжарды күйлермен астастыра отырып, жантанудың жалпыадамзаттық негіздерімен сабақтастыра зерделейді» деп жазады.

Әдіскер В.С.Грехнев педагогикалық шеберлікті тұлғаның кәсіптік бағытталуының жоғары формасы деп белгілейді. Ал кез-келген іс-әрекетте, оның пікірінше, шеберліктің көрсеткіші – бұл

іс-әрекетте қажет болатын арнайы іскерліктер мен дағдыны меңгеру [5].

Педагогикалық шеберліктің құрылымында өзара байланысқан элементтерді көрсетуге болады гуманистік бағыттылық, кәсіптік білім, педагогикалық қабілеттер, педагогикалық техника. Аталған элементтер педагогикалық шеберлік жүйесінде өзара тығыз байланысты, оларға өз бетімен дамуы тән. Педагогикалық шеберліктің өз бетімен дамуының негізі:

- білім мен тұлғаның бағытталуы;
- оның нәтижелілігінің маңызды шарты – қабілеттер;
- тұтастықты қамтамасыз ететін құрал – педагогикалық техника аясындағы іскерліктер.

Осы тұрғыдан қарастырсақ, Алма Қыраубаеваның оқу-ағарту саласындағы тағы бір жаңалығы – «Педагог шебері» аталатын технология жасап шығуы деуге болады.

«Педагог шеберлігі» – педагог ізденісіне жол ашатын бағдар. Жоғарғы оқу орындарында жұмыс істеген ғалым алдына келген студенттердің мектептен алатын білімінің негізді де нық болуы жайлы шәкірттерімен жиі бөлісетін. Бұл технологияның бүгінгі мұғалім, бүгінгі білім беру әдісі үшін маңыздылығы аса жоғары. Сол себептен, технологиядан үзінділер келтіргіміз келіп отыр.

Кәсіптік білім – бұл педагогикалық шеберліктің негізгі іргетасы. Кәсіптік білімнің мазмұнына пән бойынша ғылыми және практикалық білім, оның әдістемесі, педагогикалық және психологиялық білім енеді.

Педагогтың жас, педагогикалық, жалпы психология және педагогикадан жинақталған білім жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеудің теориялық және практикалық сипаттағы күрделі мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешуге мүмкіндік береді, педагогты мектепте білім, іскерлік, дағдыны меңгерту үрдісінің заңдылықтарымен қаруландырады, оқу-тәрбие үрдісін әрі қарай жетілдіру үшін қажетті әдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Психологиялық-педагогикалық эрудиция әрекеті, фактіні немесе құбылысты дәл психологиялық талдау негізінде ықпал жасаудың дұрыс тандалуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық қабілеттер – арнайы қабілеттер, педагогикалық шеберліктің меңгерілуі қабілеттерге бағынышты.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте педагогикалық қабілеттердің мына түрлері белгіленген.

1) дидактикалық – бұл білім алушыларға материалды қол жетерлік деңгейде, қызықты, айқын және нақты түрде ұсыну іскерлігі. Дидактикалық қабілеттерге ие педагог білім алушылардың ой белсенділігін арттырады, оқу- тәрбие үрдісіне тек ақылды ғана емес, сонымен қатар сезімге де әсер ететін жаңа, соны нәрселерді енгізуге дайын;

2) ұйымдастырушылық қабілеттер білім алушылардың түрлі іс-әрекетінің ұйымдастыруға, ұжымды қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, олар педагогтың өзінің әрекетін дұрыс ұйымдастыруды да қамтамасыз етеді. Ол педагогтың дәлдік, ұқыптылық, тәртіптілік, жауапкершілік қасиеттерімен қамтамасыз етіледі;

3) коммуникативті – бұлар білім алушылармен дұрыс қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін қабілеттер;

4) перцептивті – бұл білім алушының ішкі дүниесіне ену іскерлігі. Білім алушының психикалық күйін анықтауға бағытталған;

5) суггестивті – бұл сендіру және иландыру қабілеті. Олар педагогтың беделімен, еріктік қасиеттерімен байланысты;

6) ғылыми-танымдық (академиялық) – ғылымның белгілі бір саласы бойынша ақпаратты, білімді меңгеру қабілеті.

7) эмоциональдық тұрақтылық және болжамдық қабілеттер [5, 260б.].

Педагогикалық техника – білім алушыларға, ұжымға педагогикалық ықпал жасаудың әдістер жүйесін тиімді қолдануға қажетті іскерліктер мен дағдылар жиынтығы: тәрбиеленушілермен дұрыс қарым-қатынас стилін таңдау іскерлігі, олардың назарын аударту, басқару және т.б. іскерліктер.

Гуманистік бағыттылық, кәсіптік білім, педагогикалық қабілеттер, педагогикалық техника жайында А.Қыраубаева өз еңбектерінде тоқталып өткен. А.Қыраубаева Италияның гуманист-педагогі Мария Монтессори мен Штейнер педагогикасындағы тәрбиені гуманизмге негізделген деп, Мағжан педагогикасын адамшылдықтың үлгісі деп бағалайды.

Сондай-ақ, Түркия, Еуропа елдері, АҚШ, Ресей, Франция мектептеріндегі жағдайға тоқталып, қазақ мектептерімен салыстырады. АҚШ-тан 870 тәуелсіз мектептердің 207-сі ұл қыздарын бөлек оқытатындығын тілге тиек етіп, «Мадейра – қыздар мектебі» мен «Әулие Албан» ұлдар мектебінің тәжірибесіне назар аударады. Жоғарғы сыныптағы қыздарға арналған Мәдениеттер мектебінің жобасын мектеп тәрбиесіндегі ұлттық психология мен халықтық тәрбиеге сүйене отырып, оны өркениетті елдердегі тәрбие тәжірибесімен ұштастырады.

Негізгі сабақтары: тіл, мәдениеттер тарихы мен әдебиет.

Қосымша сабақтары: жантану, экономика негіздері, заң негіздері жаратылыс және экология, ойлау өнері, дене тәрбиесі.

Жалпы сабақтары: математика, химия, физика [6].

Педагогикалық техниканың негіздерін меңгеру – қарым-қатынас технологиясын меңгерудің қажетті шарты. А.С.Макаренконың айтуынша, «Мен «мында кел» сөйлемін 15-20 түрлі дауыс реңімен айтуды, бет- әлпет, дене тұрпаты, дауыс көмегімен 20 түрлі ақпаратты беруді үйренген шақта ғана шебер атандым» дейді. Педагогикалық техниканың құрылымы: сөйлеу шеберлігі, мимика және пантомимика мәнерлілігі, өзінің психикалық күйін және эмоционалдық-шығармашылық күйін басқару іскерлігі, актерлік-режиссерлік қасиеттерге де А.Қыраубаева ерекше көңіл бөледі.

А.Қыраубаева «Педагог шебері» технологиясымен жұмыс істеген мұғалім: мақсатты (ол ұстазға не үшін керек), диагностикалық құралдар мүмкіндігін, педагогикалық үдерісті жобалап, бағдарлауға мүмкіндік беретін ұстаз бен шәкірт әрекеттерінің құрылымдық заңдылығын, педагог мақсатына жетуге кепілдік беретін құралдар мен шарттар жүйесін, жұмыс жүйесі мен үдерісті талдау құралдарын меңгеру керек деп көрсетеді.

Педагогикалық қызметті тиімді орындау үшін мұғалімге педагогикалық қызметтің құрылымын, оның негізгі компоненттерін, педагогикалық іс-қимылды және кәсіби маңызды іскерліктер мен психологиялық сапаларды ұғыну қажет.

Педагогты даярлау жүйесінің негізіне салынған дене әрекеті, қажетті сезім логикасы, санаасты саласы жайындағы К.С.Станиславскийдің тұжырымдамасы педагогикалық іс-әрекет

жағдайында педагогтың қабылдау мүшелерін жаттықтыруды талап етеді. Кез-келген әрекет, соның ішінде педагогикалық әрекет қабылдаудан басталады. Бұл заңның бұзылуы педагогтың дәрісханамен үйлесімділігіне кедергі келтіреді.

К.С.Станиславский іс-әрекетті дене және психикалықтың бірлігі ретінде түсіндіреді. Бұл түсіндірме педагог тәртібіндегі ішкі және сыртқы, денелік және рухани элементтердің өз алдына бөлек дамуына жол бермейді, бұл әдіс пен педагогикалық техниканың тығыз байланысын талап етеді. Міне, сондықтан, шеберлік өзара байланысқан үш бөлікпен белгіленеді: педагогикалық теория, педагогикалық техника, сабақта жұмыстану әдісі және оны ұйымдастыру, өткізу.

Педагогикалық шеберлікке қол жеткізудің алғашқы шарты ғылым мен білімнің әдіснамасын білу және соның негізінде арнайы және психологиялық-педагогикалық пәндерді меңгеру болып табылады. Болашақ педагог жоғары оқу орнында оқудың алғашқы күнінен бастап-ақ кәсіби бағытталуды қалыптастыру үшін қолданып, өзін оқыту-тәрбиелеу үрдісімен айналысуға жан-жақты әзірлеу керек.

Педагогикалық университеттердің оқу жоспарларында мамандық бойынша педагогтарды даярлауға басым көңіл бөлінеді. Студент оқу барысында ғылымды меңгеріп, оның ұғымдық аппаратын білгені жөн. Тек белгілі бір пән бойынша білім алып қана қоймай, сол пәннің тәрбиелік мәнін де ұғынуы тиіс. Психологиялық-педагогикалық ғылым саласынан терең де жан-жақты теориялық және практикалық дайындықсыз оқыту-тәрбиелеу міндеттерін шешу оңай емес.

Шебер педагог – бұл нәзік те ойлы мұғалім, жақсы тәрбиеші, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың соңғы әдістерін меңгерген адам. Мұғалім шеберлігіне жету өте қиын. Оған студенттік шақта қол жеткізу мүмкін емес.

Қорытынды. «Қазақ мәдениетін қазақтар ғана емес, осы жерде мекен етіп, тұрып жатқан, Қазақстан мектебінде оқитын әр бала білуі керек. Мәселе – қалай оқытуда. Нендей құралдармен жүрекке жеткізе білуде. «Халқымыз шешен болған» деген мақтанды көп айтқаннан гөрі, қалай шешен қылып шығарған, оған қандай әдіс-тәсілдермен қол жеткізген, соны қолдана білсе. Баланың өр рухты болып шығу сыры неден? Ерлік сезімді қалай

калыптастырады? «Бесікті былай тербеткен» дегенді көрсетумен бірге, бесік тербетудің мәні неде, ол бала тәрбиесіне қалай әсер етеді – соны түсініп пайдалансақ. Осының бәрі зерттелмегендіктен, этнография түрінде бергіміз келеді» [1, 113б.] деген мұрат жолына қызмет еткен Алма Мүтәліпқызы осы бағытта «Адамға екі нәрсе тірек тегі: бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі» деген Жүсіп Баласағұн сөзін тірек етіп, оқушылар арасында түрлі пікірталас ұйымдастыруды дәстүрге айналдырды.

Онымен қоса, балабақшадағы сәбилерге арнап, арғы ата-бабаларының батырлығын, көшелілігін, ақылдылығын ана сүтімен бірге саналарына сіңіру үшін ертеке-аңыз стилінде 10 шақты қызықты кітапша жазып қалдырды.

Алма Мүтәліпқызы қазақ әдебиеті сабақтарын жоғары оқу орындарында да, орта мектептерде де адамтанудың құдіретін танытатын адамгершілік-эстетикалық қуатты құрал тұғырында таныта білді. Сөз өнері мұраларын оқыту арқылы қазақтың ұлттық дүниетанымын, ата-бабалар мен кейінгі ұрпақтар жалғастығының үздіксіз қозғалыстағы мәңгілік жолын ұқтырды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қыраубаева А. Жаным-садаға. Деректі әңгімелер. -Алматы: Жалын, 1995. -170 бет.
2. Шаханова Р. Алма Қыраубаеваның педагогикалық шеберлігі. Шымкент. // «Жастарды ұлттық рухани мұра негізінде тәрбиелеудің өзекті мәселелері» атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -Шымкент: «Әлем» баспасы, 2017. -76-81бб.
3. Мұқашева Ф. Кәсіби біліктілік биік болсын // Қазақстан мектебі. 2004. №3.
4. Зязюн И.А. Основы педагогического мастерства. –Киев: Радуга, 1987. С.412.
5. Қыраубаева А. Адамшылықты ардақтаған ел // Егемен Қазақстан, 1 қаңтар, 2014 жыл.
6. Қыраубаева А.Болашақтың діңгегі // Қазақ әдебиеті. 21 ақпан, 1992.

СӘУЛЕ ДОСЖАННЫҢ «БІРТУАР» РОМАНЫ ТУРАЛЫ

Измахан Толқын Серікқызы

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының 2-курс докторанты
Алматы қаласы*

Аңдатпа. Автор бұл шығрамада оқырмандарды балуанның балалық шағымен таныстырып, оның мейірімді, алғыр, елгезектігін жас жеткіншектерге үлгі етіп көрсетеді. Кішкентайынан еңбекке еті үйренген баланың, бос уақытында өзінің сүйікті ісіне, спортқа көңіл бөле білуі кішкентайынан үлкен жауапкершілікті сезіне білуінің алғашқы қадамдарын сипаттайды. Бала Жақсылықтың жастық шағы, спорттық нәтижелері суреттеледі.

Кіріспе. Қазақ балалар әдебиетінде бүгінгі күнде балаларға арналып жазылған романдар жоқтың қасы. Осы орайда, «Сәуле Досжан – қазіргі қазақ балалар әдебиетіне өнімді үлес қосып жүрген қаламгерлердің бірі» [1; 277]. Жас жеткіншектердің бағына орай қазіргі қазақ балалар әдебиетінде Сәуле Досжанның «Біртуар» атты тұңғыш романы жарық көрді.

Шығарманың басты кейіпкері – грем-рим күресінен әлем чемпионы Жақсылық Үшкемпіров ағамыз. Сәуле Досжан «Біртуар» романының басында жас жеткіншектерге кіріспе сөз ретінде: «Замандастарым мен жас жеткіншектер алға қойған арман-мақсаттарына жету жолында үлгі алатын тұлға, жетістікке жетем дегендер үшін өшпес ізгі өнеге болатын қаһарман, ұлттық намыстың үлгісіне айналған қазақ батырының біздің замандағы дара бейнесі – Жақсылық Үшкемпіров деп танып, осы романды жаздым», - дейді. Роман бес тараудан тұрады. Бірінші тарау – «Балуанның балалық шағы». Екінші тарау – «Спортқа жол». Үшінші тарау – «Тағдыр мен тартыс». Төртінші тарау – «Бағы шапқан балуан». Бесінші тарау – «Жеңіспен жеңіске».

Роман батырдың дүниеге келуімен басталады. Қазақта жаңа туған сәбиге болашақта еліне сыйлы, құрметті болсын деген ниетпен үлкен кісілерге қолқа салып ат қойғызатын болған.

«Қазақ халқының ерекше бір көңіл бөлетін ғұрыптарының бірі – өмірге жаңа келген бөпеге ат қою. Әрбір ата-ана өзінің баласына әдемі әрі мағыналы есімді қоюды қалайды. Сондықтан болар ырымшыл халқымыз перзентіне қол бастаған батырлардың, сөз бастаған шешендердің, ел бастаған билердің, жез таңдай, күміс көмей әнші-жыршылардың атын қоюға тырысады. Балаға ат қойған кезде кез келген адамға емес, тағы да сол ырым қылып көпті көрген ел ағаларына, айналасына сыйлы, аузы дуалы кісілерге баласының атын қойғызуды мәртебе санаған» [2; 8].

Осы дәстүрдің ізімен Бәтима бәйбіше де жолдан келген ақсақалға немересінің атын қоюды тапсырып, нәрестенің есімін Жақсылық деп қояды.

Жақсылық кішкентайынан елгезек, үй шаруасының барлығында әжесі мен анасының қолғабысы, мейірімді, сонымен қатар, жүрек жұтқан батыл, өжет болып өсті. Оған дәлел мына бір оқиға. Бала Жақсылық тұратын ауылдағы Талас өзені оның шымыр болып өсуіне көп септігін тигізді. Таңның атысы көзін тырналап ашып, Талас өзеніне қарай жүгіретін баланың басты себебі, қайтпас қайсар мінезімен, ауылдағы жүзгіш Жолдастан озып, чемпион болу еді. Талас өзені сырын білмеген талай адамды жұтып алатын тажалдығы да бар еді. Күндердің бір күні осы Талас өзенінде қойын шомылдырып жатқан шопанның әйелі аяғын тайдырып, өзенге құлап, ағыспен кете барады. Осы орайда Жақсылық бір сәт те ойланбастан, суға секіре кетіп, әйелді құтқарып қалады. Тек әкесінің ғана емес бүкіл елдің атын күллі әлемге танытатын сәт, осы ерлігінен бастау алған еді. Бала Жақсылықтың мұндай қайсар мінезді болып өсуіне ата-анадан бөлек, әжесінің тәрбиесі де тікелей әсер етті.

Негізгі бөлім. Жақсылық қанша елгезек, ақылды болғанымен ойын баласы болғандықтан қолды аяққа тұрмайтын тентектеу болады. Соны байқаған әкесі Үшкөмпір еңбекке ерте араласса, ерте есейеді деп көрші ауылға мал бағатын ағайындарына жібереді. Қатал тәртіпке бағыну осы сәттен басталады. Таңның атысымен отар-отар қой баланың ұйқысы қанғанын күтіп тұрмайды, еркелейтін анасы мен әжесі де жанында емес, көзін тырнап ашып, малды жайылымға алып кетеді. Бала Жақсылықтың осы сапары оның біраз шындалуына үлес қосты.

Әкенің қатал тәрбиесі баланы қайратты болуға, сынақ атаулыға сынбауға тәрбиелесе, әженің ыстық алақаны жүрегі жұмсақ, мейірімді болып өсуіне әсер етті. Автор Жақсылықтың балалық шағын қай жастағы оқырманға болмасын өте әсерлі етіп жеткізе білген. Әсіресе болашақ чемпионды тәрбиелеудегі әжесінің қолдауы, үлкен үміт күтетінін әрдайым есіне салып отыруы, баланың қандай істе болмасын өзінің ақылы мен біліміне жүгініп, өзіне деген сенімділігін арттырды.

Өмірдің қай кезеңінде болмасын, бала үшін ата-ананың қолдауы өте маңызды рөл атқарады. Қазақта балаға сенім артуды, қолдау білдіруді дана халқымыз бесік жырынан бастаған. «Бесік жырын айту арқылы аналар нәрестенің болашағына қиялымен сапар жасап, оның келешекте атын ұшпаққа шығарар азамат болуын армандаса, жас нәресте бесік жыры арқылы тұңғыш рет ана дауысын, ана тілін, халықтың әуен иірімдерін тыңдап, ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрімен сусындай бастайды» [3; 198].

Жақсылықтың спорттағы алғашқы қадамы 8 сыныбында басталды. Оған себеп болған ауылға Алматыдан жаңа оқу бітіріп келген, бапкер Қайрат мұғалім еді. Баланың таудай талабын байқаған бапкер Жақсылықты өзі қатарлы Реха атты қарашай баласымен тартысқа түсіріп, екеуін жеке дайындайды. Сол спортқа деген алғашқы қадамын Жақсылық кейін чемпион болған кезде: "Жаттығу соңында әлгі қарашай бала екеумізді әдеттегідей ортаға шығарды. Техникамыздың енді-енді қалыптасып жатқан кезі ғой, сарт та сұрт қойғыласа кетеміз. Бапкер токтата қойып, қатемізді түзеп қайта боксастырады. Жеңілу – намыс. Қарашай баланы жалп еткізіп құлатсам, беделім бір-ақ күнде көтеріліп шыға келер еді. Ашық қалған сәтін аңдып, бар күшіммен ұрамын. Анау да жердің құртындай болып алып, жылпың. Соққымды оңайлықпен дарытпайды. Оң мен солға кезек секіріп, ол да дәлдеп соққы берудің қамында жүр. Шіреніп ұрған сондай бір соққысын бұғып қалудың орнына, шегініп қалып өткізбекке қалт артқа секіргем. Соққы дарымаса да, көзімнің оты жарқ ете қалғаны. Сөйтсем, қолғап бауының ұшындағы темір мұрнымды көлденеңінен сойып түсіпті. Қатты тілгені соншалық, орны осы күнге дейін бар. Анықтап қарағанда тыртық ізі көрініп тұрады. Міне, бұл сол «боксылықтан» қалған бір белгі. Әкемізден ұрыс естіп, сөйтіп бокспен қоштастық" деп

еске алады спорт журналисі Төлеген Жәкітайұлына берген сұхбатында» [4; 56].

Автор бұл тарауында оқырмандарды балуанның балалық шағымен таныстырып, оның мейірімді, алғыр, елгезектігін жас жеткіншектерге үлгі етіп көрсетеді. Кішкентайынан еңбекке еті үйренген баланың, бос уақытында өзінің сүйікті ісіне, спортқа көңіл бөле білуі кішкентайынан үлкен жауапкершілікті сезіне білуінің алғашқы қадамдары еді. Бала Жақсылық әкесінің жанында жүріп дала жұмысын бітірумен қатар, үйіндегі әжесі мен анасына да қолғанат бола біледі. Және спортпен ғана шектеліп қоймай, оқуын да 4-5-пен жақсы аяқтайды.

Спорттағы ең басты шарт – қайтпас қайсар мінез бен күш-жігерді үйлестіре білу. Дәл осы мінез Жақсылықтың бойынан табыла білді. Бұған дәлел бала Жақсылықтың балалық шағынан мына бір үзіндісі: «Намысы маза бермеген Жақайдың ендігі бар мақсаты – жүзгіш Жолдастан қалайда озу! Өзімен түйдей құрдас баладан қалып қою Жақай үшін тірі өлім! Сол кезде битімдей жүрегін кернеген намыстан ба екен, ақыры сол Жолдасты бір күні жолда қалдырған. «Рекорд» жаңартып, енді «ауыл чемпионы» Жақай болды. Әділ сайыста жеңгендегідей сезімнің ештемемен салыстыруға келмейтін ерекше дәмін алғаш татқан бала Жақай алда өзін талай тартыстың күтіп тұрғанын білген жоқ. Бұл сезім балаға үнемі биіктерді бағындыруға деген құлшыныста болатын адам табиғатының күресу үшін жаралған болмысын таныстырған алғашқы өмір сабағы еді [4; 15]. Отбасындағы тәрбие – баланың болашақ өміріне тікелей әсер ететіні сөзсіз. Өкенің қатаң талабы, таудай сенімі мен қолдауы, әже мен ананың мейірімділігі бала Жақсылықтың балалық шағының бақытты өтуіне себепкер болды. Бала тәрбиесі, баланың болашағы қай кезде де өзекті тақырып болып қала береді. Бүгінгі күнде көп отбасыда ата-аналар бала тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлмеуде. Әсіресе, интернет-технологиялар қарыштап дамып бара жатқан мына заманда көп баланы ата-ана емес, гаджеттер тәрбиелеуде. Бала ғана емес, ата-ананың да гаджеттерге, әлеуметтік желілерге тәуелді болуы үлкен қауіп-қатердің алды десек те болады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Бала ата-ананың айтқанын істемейді, көргенін жасайды. Таңнан кешке дейін жұмыста болып, қалған уақытты гаджетпен өткізген отбасыдағы

бала да, айна қатесіз солай қайталайтын болады. Ал телефонға телмірген баладан, болашақ күтудің өзі қорқынышты. Әр ата-ана өз отбасысы үшін жауапты. Балаға жақсы тәрбие берумен қатар, қызығушылықтарына назар аударып, түрлі үйірмелерге қатыстырып, талантын аша білу маңызды. Баланы кішкентайынан білімге, спортқа, өнерге баулысақ, ертеңгі күні атақты ғалым, ақын-жазушы, әлем чемпиондарымыздың саны артары сөзсіз. Романның ішіндегі осы тарау ата-анаға бала тәрбиесінде таптырмас құрал деп айтуға болады.

Романның келесі тарауы «Спортқа жол». Бұл тарауда әке ұлағаты, бала Жақсылықтың есейіп, үлкен студенттік өмірге аяқ басуы, студенттік өмірі, тұңғыш жеңісі, қазақ топырағындағы күресі баяндалады. Жақсылық ауылдағы әке-шеше, әжесімен қимай қоштасып, үлкен қалаға Семейге әкесінің айтуымен, зоотехникалық оқуға аттанады. Үлкен қалаға келісімен әр студенттің басынан өтетін, пәтерден қуылу, аш жүру деген оқиғаларды басынан өткереді. Мектептегі алған білімімен Жақсылық барлық емтиханнан үздік бағаланып, оқуға түседі. Жақсылық осы оқуға түсуі арқылы тек білім алып, маман болып шығуға ғана емес, үлкен спортқа да қадам басады. Ауылдан келген студентке барлығы оңайымен келе қойған жоқ. Автор әрбір қиындық пен төзімділіктің артында үлкен жеңістер бар екенін әдемі жеткізе білген. Дене шынықтыру кафедрасында Жақсылық қалаған спорт түрі еркін күрес болмай, жаттықтырушы шаңғы тебуге жазып қояды. Оңтүстікте өскен балаға бұл спорт түрі ауырға соғады. Романдағы: «Басқа пәндерін жақсы оқып жүрген Жақсылыққа шаңғыдан «зачет» алу оңай болмады. Жаттықтырушы Микрихов болса, шаңғыға икемсіздерге спортзалдағы спорт кілемінің сөгілген жерлерін тіктіріп қоятын. Әжесінің тебен инемен көрпе қауып жататыны сияқты мықшындап күнде кілемнің жыртығын жамайды. Қатарластары алысып-жұлысып, еркін күреске жаттығып жатқанда, кішкентай қара бала шоқиып отырып, олардың жыртықан кілемін тігіп отыратын. Микрихов болса ерегескендей, еркін күрес басталса да, Жақсылықты шаңғы тебе алмағаны үшін берген жазадан босатпай: - Зачетты менен ғана аласың! - деп талап қойды» [4; 74]. Жақсылықтың алғаш оқуға түскен кезіндегі

осындай көрген қиындықтары спорт жолын қуамын деген жастарға, әрбір студентке үлгі болары сөзсіз.

Өз мақсатының жолында аянбай еңбек етіп жүрген Жақсылықтың бағы жанатын күн де жетіп, күрестен спорт шебері, бапкер баланы байқап, өзіне алады. Бапкерінің артқан сенімін қалай да ақтаймын деген оймен Жақсылық бір сәт те тыным таппай, сабағынан бос уақыттың бәрін жаттығу залында өткізеді. Институт біріншілігінде жүлделі бірінші орынды иеленсе, алғашқы үлкен жеңісі 1969 жылдың күзінде Алматыда өткен Қазақстан біріншілігі болды.

Романның осы тарауында автор оқырманды шапшаңдық пен ептілікті, күшті талап ететін қазақ топырағына жақын күрес яғни, еркін күреспен, сонымен қатар, күрестен тұңғыш балуанымыз Қажымұқан Мұңайтпасұлымен таныстырады. Сонымен қатар, Қажымұқанның ізін басқан еліміздің еркін және грек-рим күресінің чемпиондарын атап көрсетеді. Олардың жеңіс жолындағы өткен сокпақтарын жас ұрпаққа үлгі ретінде дәріптейді. Өскелең ұрпақ үшін мұндай спорт саңлақтарын, әлем чемпиондарын ұмыт қалдырмай, ұлы даланың ұлы есімдерін ұлықтап отыру біздің парызымыз. «Кез келген балаларға арналған шығарманы оқып отырған жеткіншек, балдырған одан өз ұлтына тән қасиеттерді ала отыруы керек» [5; 174]. Автордың осы тұста ұлтымыздың мақтаныштарын, қаһармандарын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, насихаттап романды жазуы, еліміз үшін, балалар үшін, өскелең ұрпақ үшін таптырмас қазына.

Жаһандану заманында тілі жаңа шыққан баладан бастап, жасөспірімдер, тіпті ересектерге дейін ғаламтор, теледидардан шықпай, Еуропа мен АҚШ-тың ойлап тапқан «Өрмекші адам», «Трансформер», «Халк», «Тасбақа-ниндзялар», «Тор» туындыларымен өсіп келе жатқаны қынжылтады. Мектеп оқушыларынан үлгі алатын батырың қандай деген сұраққа жауап ретінде жоғарыдағы ойдан шығарылған кейіпкерлерді аламыз. Бұлар баланың ой өрісін дамытып, қиялын кеңейтіп, жақсы жаққа тәрбиелегенімен, біздің менталитетімізге сай келмейтін тұстары да баршылық. Сондықтан, осындай олқылықтардың алдын алу үшін, өзіміздің тарихи тұлғаларымыз бен батырларымызды, қаһармандарымызды дәріптеп, өскелең ұрпақтың санасына құйып отыруымыз керек. «Бүгінгі балалар әдебиеті – бүгінгі

баланы тәрбиелеуші құрал. Сондықтан да, бұған қарсы тұрушылық күш көбіне көп қаламгерлеріміз тарапынан болуы тиісті...» [6; 12]. Жас ұрпақ өзге елдің емес, өз еліміздің батырлары мен қаһармандарынан үлгі алып, соларға еліктеп өссе, болашақта нағыз ел жанашырлары шығатыны анық.

Романның келесі тарауы «Тағдыр мен тартыс». Бұл тарауда Жақсылықтың алғашқы көрген әділетсіздігі, жолын ашқан бапкері, аңыздай болған тұңғыш алтыны, құрамада көрген қорлықтар, жалғыз жолдамаға таласы туралы айтылады.

Жақсылық Үшкөмпіровты бұл жолы еркін күрестің техникасын сауатты білмейді деп, КСРО чемпионатына баратындардың тізіміне қоспай қояды. Жақсылық бұл әділетсіздікке сынбай, керісінше: «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» дегендей, көп ойланбай грек-рим күресімен айналысуға шешім қабылдады» [4; 93].

Адам ойлаған арманына жету үшін біріншіден алдына мақсат қоя білу керек. Арман-мақсатқа жету жолында жоспарлау өте маңызды. Әр істі жоспарлы түрде жасағанда ғана жеңіске бір табан жақындайды. Бұған дәлел, романның мына бір тұсы: «Өте ізденгіш бапкер Ром Хасанұлы шәкірті Жақсылық Үшкөмпіровке үлкен үміт артып 1972-1976 жылдар аралығына арнап жоспар жазып шығады. Онда Жақсылық әр күні көзін ашып ояңаннан немен айналысатынын толық көрсетеді. Ішетін тамағы қалай болмақ, салмағын сақтау үшін тамақтың құрамы қалай болады, жаттығулары қашан басталып, қашан аяқталады. Жаттығудан соң немен айналысады. Жоспар апталық, айлық, тоқсандық болып бөлініп, әр жылдың соңында қорытындыланады» [4; 100]. Бұл жоспардың басты бағыты, 1976-жылғы Монреальда өтетін олимпиадаға барып, алтын алу еді.

Жақсылық 1975 жылы Алматыда алтыншы жаздық халықтар Спартакиадасында аңызға айналған алтынды иеленеді. Бұл ұйқысыз өткен түндердің, қайтпас қайсар мінездің жемісі еді. Жақсылықтың келесі бір жеңісі 1976-жылы Монреальда өтетін олимпиада еді, бірақ әділетсіздің құрбаны болып, бұл олимпиадаға алынбады. «Ром Хасанұлының «Олимпиада чемпионы атансаң, көрген бар қиындығыңның бәрі бір күнгідей болмай артта қалады, ұмытылады әлі, тек шыда!»,- деген ұстаздық ақылы да тоқтам беретін» [4; 117]. Әжесі, әкесі мен

анасының үмітін ақтаймын деген Жақсылық бұл жолы да бапкерінің қолдауымен келесі олимпиадаға барып, міндетті түрде алтынмен оралатынын мақсат етіп қойды.

Бұл тараудан Жақсылықтың асқан сабырлы, төзімді, нағыз чемпионға лайық барлық қасиеттің бір бойынан табыла білгендігін байқаймыз. Әділетсіздік бір емес бірнеше рет қайталанса да сүйікті спортын тастамады. Қашан да әділеттілік орнайтынын, шын таланттының бір күні жарқ етіп шығарынан үмітін үзбеді. Бұл өскелең ұрпақ үшін тұнып тұрған – мотивация. Қандай істе болсын, өзінің жүрек қалауымен бастаса соңына дейін жеткізу, әділетсіздікке сынбау, қайта шындалу, еңбектенуді тоқтатпаса түбінде жеңіске жетері анық екенін романның осы тарауынан оқып біле аламыз.

Қорытынды. «Бағы шапқан балуан», «Жеңіспен жеңіске» тарауларында Жақсылық көптен күткен Мәскеу олимпиадасындағы тұғырлы жеңісіне жетіп, алтыннан алқа тағады. Осылай ол қазаққа алғашқы Олимпиада алтынын тарту етеді. Бұл алтынның артындағы еңбек пен ерік-жігерге романды оқып отырып барша оқырман көз жеткізеді. Батырдың балалық шағынан өмірінің соңына дейінгі жүріп өткен жолдары жас ұрпаққа үлгі. Өмірінің соңына дейін елі үшін аянбай еңбек еткен ерлеріміздің аты ешқашан өшпейді. Сәуле Досжанның әлем чемпионы Жақсылық Үшкөмпірұлы жазған бұл романы, еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін сүйіп оқитын, тек оқып ғана қоймай, әркез жеңіске жол нұсқаушы, бағыттаушысы болып қала берері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері 1991-2021 ж. Ұжымдық монография. – Алматы, 2022. 288 б.
2. Ахметова З. Балаға ат қою – ата-ана үшін жауапты іс. Айқын. №60. 2010. – 8 б.
3. Юсуп А.Н. Бесік жырының жанрлық ерекшелігі мен бала тәрбиесіндегі маңызы. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. №2. 2. –2017.
4. Досжан Сәуле. Біртуар. (Жақсылық Үшкөмпіров туралы деректі роман). – Алматы, 2021. – 184 б.
5. Ақтанова А. Балалар әдебиеті: Қазақ балалар драматургиясы мәселелері. Оқу құралы. – Астана, 2011. – 200 б.

6. Лира Қоныс Бөкейханқызы. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ балалар лирикасы 1991-2005. филол.ғыл.канд ... дис. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2010. – 130 б

ҚАШАҒАН АҚЫН «ТОПАН» ДАСТАНЫ

Ногайбекқызы Ләйлә

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. С.Д. Дәрібаев

Алматы қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада Қашаған Күржіманұлының өмірбаяны мен шығармашылық жолына шолу жасалып, ақынның «Топан» атты дастанының мазмұны жан-жақты талданады. Аталған еңбек Каспий теңізі тасып, Атырау аймағын топан су басқан кезде жазылған. Бұл оқиғаны кезімен көрген Қашаған ақын сол кезеңдегі халықтың қасіретін толғана жырлайды. Шығарманың басты идеясы айқын сипатталып, ақынның айтпақ ойы дастанның мазмұнына тоқталу барысында нақты көрсетілді. Сонымен қатар, мақалада ақынның адамгершілік пен ізгілікті дәріптеп, ақиқатты ашып айтатын дара қасиеті туралы пікірлер де берілді. «Топан» дастанында көтерілген менмендік, тәкаппарлық, надандық тақырыбынан ақынның сыншылдық қыры танылды.

Кіріспе. Қашаған Күржіманұлы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген ақпа ақын. Ол – өзінен бұрынғы Абыл мен Махамбет қалыптастырған өнегелі мектепті ілгері дамытқан тұлға. Ақын Нұрым, Қалнияз, Шернияз бен Марабай арқылы ел арасына тараған көлемді жырлар мен дастандарды жаттап, дамыта жырлаған. Ақынның жырлары Қазақстаннан бөлек, Орта Азия елдеріне, Иран, Ауғанстан, Түркиядағы қазақтар арасына кеңінен тараған.

Қашаған Күржіманұлы 1841 жылы Түрікменстанның Ташховуз облысы, Мырзабасы ауылында жалшының отбасында дүниеге келген. Жастайынан жетім қалған ақын жоқшылықтың тауқыметін тартқан. 15-16 жасында ағасы Сәрсенбайдың үйімен бірге Атырауға көшіп келеді. Ол 16-17 жасынан бастап «ақын» атана бастайды. Қашаған арнайы білім алмаған, ол өмір сүрген

кезеңге тән діни оқуды да оқымаған. «Алайда Қашаған Күржіманұлының Есқали сопымен кездесу барысында айтқан сөздері кітап ұстап, діни сауаты біршама адамның аузынан шыққаны көрініп тұр» деген сөз арқылы ақынның діни сауаты болмаса да, мұсылмандықты жүрегіне сіңірген адам екенін аңғарамыз». (А.К. Ахметова, 2011) Арнайы білім алмаса да, қара сөзден әдемі өлең құрастырып, мазмұнынын үйлестіре білу үлкен өнерді қажет етеді. Тума таланттың бізге белгілі шығармалары ақын өмір сүрген кезеңнің тарихи белгісіне айналған десек, артық айтқанымыз емес.

Қашағанның ақындық, жыршылық өнерін Өскінбай мен Аралбай, Ығылман мен Нұрпейіс, Мұрын мен Өмір (Көкшебайұлы), Сүгір (Бегендікұлы) мен Сәттіғұл, Шәдіман мен Шәмғұл, Көшен мен Құмар сияқты талантты тұлғалар өнеге тұтқан.

Ақынның шығармалары алғаш рет 1935 жылы «Әдебиет майданы» журналының №5 санында жарияланды. Қашаған өз өлеңдерінде надандар мен дүмше молдаларды аяусыз сынап, олардың теріс пиғылын әшкереледі. «Есқали сұпыға айтқаны», «Оразалыға» және т.б. шығармаларында ақын адамгершілік, ізгілік қасиеттерді дәріптейді. «Берекет ақынға», «Сақыпқа айтқаны» атты өлеңдерінде елдік пен ерлік туралы батыл айтып, бұқараның басты мақсаты туралы сөз етеді. «Атамекен», «Топан», «Адайтегі», «Өзіреті Ғали» дастандарында тарих пен өткен күннің шежіресі туралы айтылады. Бұл мақалада ақынның Атырау аймағын үлкен қасіретке ұшыратқан апат жайында баяндалатын «Топан» дастаны жан-жақты талқыланады.

Әдістеме және зерттеу әдісі. Ғылыми мақаланы жазу барысында дескриптивті, яғни сипаттау, жинақтау және талдау әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. «Топан» дастаны – Қашағанның ерекше шығармаларының бірі. Ақын бұдан өзге дастандарында өзі өмір сүрген кезеңнен бұрынырақ орын алған тарихи оқиғалар туралы баяндаса, «Топан» дастанында өзі көзімен көрген оқиғаны сөз етеді. Бұл дастан ел арасында кеңінен танымал. Дастанға арқау болған негізгі тақырып – Каспий теңізінің тасқынына ұшыраған халықтың қасіреті. Бұл оқиғаның нақты қай жылы болғаны туралы нақты мәлімет жоқ. Кейбір ғылыми

жазбаларда Б. Жақыпбаев тасқынды 1895 жылы, И. Ұйықбаев 1902 жылы болған деп көрсетеді. Алайда, Құрманғазының «Топан» дастанының сюжеті бойынша «Көбік шашқан» деген күй шығаруына қарағанда, тасқын 1887 жылдар маңында болған деректер бар. Бұдан кейінгі жылдары атақты күйші өмірден озған.

Сұрапыл апатқа ұшыраған Атырау елінің малы мен жаны, тұрақ еткен үй-жайы суға кетіп, ас-ауқатсыз қалған қалың ел көп қиындық көреді. Ақын сол қайғылы оқиғаға куә болып, халықтың мұңына ортақтасып, осы дастанды жырлаған.

Дастан төрт бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде Каспий аймағының ежелгі бейнесі, екінші бөлімде өзімшілдік жайында бір мысал, үшінші бөлімде Атырау елінің тасқынға дейінгі жағдайы, төртінші бөлімде тасқын оқиғасы мен ақынның пікірі туралы айтылады.

Ақын бұл шығарманың бірінші бөлімінде Атырау мекенін әдемі суреттеп, оның көрсе көз тоймайтын керемет мекен ретінде, байлығы мол өлке деп бейнелейді.

Құбарлан ертіп, құс салған,
Лашын, сұңқар ұстаған,
Елеуретіп екі жүйрік жетектеп,
Сулығын алтын бедерменен кердірткен,
Жалын сабау тіспен тердірткен,
Мынау Еділ мен Жайық, Жем екен,
Бұл жетімдерге жем екен.
Шөбі малға май болар,
Аш-арыққа жай болар,
Қашаннан да бұл қоныс,
Құтты болған жер екен,

– деген жолдар арқылы берекелі елдің мерекелі қонысын жазбай тануға болады. Сондай-ақ, бұл шумақтар елдің салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігінен хабар беріп, мал бағып, аң аулап, елін, жерін қорғаған талай батырдың ата қонысын көз алдымызға елестетеді.

Екінші бөлімде Орманбет деген ханның елінде өзімшілдік сән-салтанат құрып, халық кесапатқа кезігеді. Ақын мысалдың барысын былай баяндайды:

Тайшық ханның елі толғанда,
Тай тулап талқан болғанда,
Орманбет ханның елі толғанда,
О да келіп бір күні,
Тай тулап талқан болғанда,
Бір құтырған құртқа жолықты,
Орманбет хан сол кезде
Қайтерін білмей торықты.
Бүлдіруге көп елді,
Сол құрт себеп болыпты,

– деп құтырған құрттың әлегін баяндайды. Оқиға желісі бойынша арша деген ағаштан құтырған құртты қағып жеп, бозторғай құтырады, ол өзінен үлкен бүркітке шауып, орынсыз килігеді. Оны жеп бүркіт құтырады. Күші тасыған бүркіт Еділде жүзген алып балыққа ұрынады. Бүркітті қылғыта жұтқан балық суға сыймай қиналады. Ол жағаға шығыпты да, құтырған балықты Сайынжап батыр көріпті. Әлгі балықты азық еткен ел құтырып, бірін-бірі жей бастайды. Халықтың саны құрт азаяды.

Қашаған ақын бұл мысал арқылы сол кезеңдегі замана бейнесін толық аша түскен. Ел арасына айықпас кеселдей боп тиген паңдық пен тәкаппарлық, менмендікті құтырған құрт ретінде суреттеп, әлсіздің күштіге ұрынып, опық жегенін, мұндай кесепаттың соңы жақсылыққа апармайтынын меңзейді.

«Біреулерді біреу жеп,
Азайған сөйтіп көп халық»,

– деген жолдар арқылы азғындыққа ұшыраған халықтың келбетін сөз етеді.

Қашаған ақын бұл шығармасында ысырапқа наразылық білдіреді. Мастық пен паңдықты әшкерелеу барысында елді кедей, бай деп алаламайды. Ол көркем мінездің қас жауындай болған өзімшілдікті ұнатпайтынын ашық айтады. Дегенмен, байдың барға мастанып, кедейдің жоққа көніп, шарасыз күй кешкенін саралай отырып, ақын шығармада қоғамдағы әлеуметтік жағдайды астарлап жеткізеді.

Бүгін де бұлар талаптан,

Ақша тапты есептеп,
Мамықтан жақсы төсек деп,
Тасқандардан сөз шықты,
Сиырдан жақсы есек деп.
Көп болды сондай тасқандар,
Әлдерін білмей асқандар...

– деп Қашаған ақын барға мастанған көптің бейнесін әшкерелейді. Тойып секірген наданды «тасқандар» деп суреттеп, сиыр мен есектің жақсы, жаманын ажырата алмай алжасқан жұрттың жайын тілге тиек етеді. «Кешегі ас сұрап келген саудагерлер аспанға қарады, бұрынғы жаяулар тұғырды ат санамады. Әйелдер «Мынау кімнің қатыны?» атануға тырысты, ел ас талғайтын әдет тапты, атаққұмарлық пен пандық алға шықты» деген мазмұн бойынша баяндалатын өлең жолдар арқылы көзін шел басқан жұртты аяусыз сынға алады.

Дастанның үшінші бөлімінде ел басына қасірет боп төнген табиғи апат туралы баяндалады.

Құтырынған бір құйын,
Кетірді-ау жаман ел күйін.
Қара дауыл соқты да,
Үй қирады бесін де.
Таудан биік сендерді,
Бұлтпен бірге көшірді.
Адамның алды жатқанда,
Көз ұйқыға батқанда,
Терезеден су құйды,
Биіктен келіп сең үйді,

– деп алапат дауыл, таудай болып көтерілген теңіз тасқынының үй-жайды қиратып, сансыз көп мал-жанды көзді ашып жұмғанша шайып кеткенін суреттейді. Ақын жантүршігерлік оқиғаның халықты күйретіп кеткенін, көпшіліктің қайғыға көміліп, уайым кешкені туралы баяндайды.

Біреулер қалды атасыз,
Біреулер қалды анасыз,

Біреулер қалды баласыз,
Біреулер қалды жалғыз қарасыз,

– деп қара халықтың қасіретін жеткізеді.

«Түкірігі жерге түспеген, Тәкаппарлар мұзды жастанды», «Кербездер кетті керілген, Бір басуға ерінген» деген жолдар арқылы паңданып, кеудесіне нан пісіп, айналасын көзге ілмеген ақымақтардың ажал құшқанын бейнелейді.

Бұл бөлімде шығарманың негізгі идеясы көрініс тапқан. Яғни, ақын барға қанағат етпеу, мастану, ысырапқа жол беріп, кедей-кепшікті көзге ілмеген кесірліктің соңы кесел болатынын анық жеткізеді. Қашағанның өз сөзімен айтқанда, шығарманың мазмұны «құтырған» халық Құдайдың қаһарына тап болады дегенді меңзейді. «Топан» дастаны табиғи апаттың алдында бай мен кедейдің, бар мен жоқтың, би мен жалшының теңдей екенін ұғындырады. Қашаған ақын көпшілікке айтпағын «Мың асқанға – бір тосқын, Бар емес пе еді бұрыннан?!» деген сөз арқылы жеткізіп тұрғандай. Мейлі, қай заманда болмасын, судың сұрауы бар екенін ескеріп, ысырапшылықтан бас тартқан жағдайда ғана, ел арасында бірлік орнайтынын түсінуге болады.

Кейіндегі бозабалалар,
Налымаңыз, шырағым,
Күндердің күні болғанда,
Көк дария көл болса,
Бай мен жарлы тең болса,
Суда – балық, қырда – егін,
Диқаншылық көп болса,
Бәле-бәтер жоқ болса,
Талаптың күші сел болып,
Кетерсіз-дағы ел болып,

– деп аяқталған дастанның қорытынды бөлімінен ақынның жарқын болашаққа, ел ертеңіне деген сенімін байқауға болады. Ол бай мен кедейдің тең дәрежеде өмір сүретін жаймашуақ күнді аңсайды.

Нәтижелер. «Топан» – елдің мұңын баяндайтын, әлеуметтік мәні зор, оптимистік рухтағы күрделі шығарма. Дастанның

идеясы – қанағат қылу, өзімшілдіктен арылу, надандықтан аулақ болу. Яғни, Қашаған ақын аталған шығармасы арқылы өзі арман еткен көкейіндегі тату-тәтті, ынтымағы жарасқан берекелі елге айналудың жолын нұсқағандай әсер береді, Құдайдың қаһарынан сақтанып, табиғаттың жазасынан қорыққанда ғана бай мен кедейдің арасында әлеуметтік теңсіздік орнап, халықтың бақытты ғұмыр кешетінін меңзейді.

«Тасқындар» деп суреттелген кербез, паң, тәкаппар адамның бейнесінен асып-тасып, айналасын жайпап, жаншып, әлсіздерге озбырлық көрсететін жағымсыз образды тануға болады. Ал «құтырған құрт» мотивінің надандықты сипаттап тұрғаны айқын аңғарылады. Ақын жағымсыз мінездің жұқпалы кеселдей болып торғайдан бүркітке, одан балыққа, балықтан халыққа оңай берілгенін әдемі суреттеген.

Жалпы шығармадан Қашағанның ақындық шеберлігімен қатар, өткір сыншылдық қыры байқалады. Автор оқиғаны баяндау барысында дастанның кейіпкерлерін айыптамайды. Ол көпшіліктің сыртқы келбетіне, жүріс-тұрысы мен мінез-құлқына қарап, аражігін ажыратып, парасат биігінен пайымдап, баға береді. Осы арқылы тұтас халықтың жай-күйін анық бағамдап, оған сынап қарайды.

Күрпішатқа үнменен,
Болмаса егер первый чай,
Третий астық, кантон чай,
Арам астай жиреніп,
Аузына зорға апарды,

– деген жолдарында ақынның кесірлікке салынған жұрттың ниетін мысқылдап, оның жайын ауыр зілмен сынап жеткізгені аңғарылады.

Ақын – өз қоғамының өзекті мәселесін бүкпей айтып, халық алдында кез келген шындықты жайып салатын тұлға. Аталған шығармадан Қашағанның дәл осындай ақындық тұлғасы анық байқалады, сонымен қатар, оның тағы бір ерекше мінезі – ашып айтар әділдігі көрінеді. Ол өлең-сөзді көркем түрде өрнектеп қана емес, барды бар деп, жоғымыз үшін қайтпек керек деп, бүгінгіміздің жайы мынау, ертеңіміз қалай болмақ деп алаңдап,

онысын ешкімнен жасырмай, бай-болыстан жасқанбай жырлайды. Әбіш Кекілбаев: «Қашаған өзге ақындардай өткенді боямалап көрсетпейді. Барды бар қалпында, жоқты жоқ қалпында суреттей отырып, туған жұртының ерлік тарихын сөз етеді», – дейді.

Қашағанның шәкірті Сәттігүл жырлар алдында сәл ойланып алып, сосын ғана сөйлейді екен. Сонда Қашаған ақын: «Жау сені қашан атады деп күтіп отыра ма? Айтқыш болсаң, оғыңды сол бойда сеуіп жібер. Ақпа ақын табан астында селдете құйып жіберуі керек», – деген екен. Ақынның бұл сөзінен қара сөзді оққа балап, шәкірттерін дәл айтып, дөп тигізуге, ақпа-төкпе ақын болуға баулығанын, яғни, оның ұстаздық қырын байқаймыз. Ақынды көзбен көрген айтулы жыршылардың бірі Әлқуат Қашаған Күржіманұлы туралы былай әңгімелейді: «Жырды жасымнан жаттап, әулекі боп өскен маған күшті әсер қалдырған Қашаған ақын болды. Он бес жаста едім. Бекі жайлауында Есжан дегеннің асын берді. 400 үй тігілді, бәйгеге 160 ат қосылды. Жыршы, күйшілер жиналды. Басында қара бөрік, үстінде мәндала шапаны, аяғында кебісті мәсі, жалпақ бет, үлкен көз, салбыр мұрын, бұғақты ірі қара кісі жыршыларды бастап келді. Қолында шашашақты қара домбыра. Қасында Сүгір жырау мен Шамғұл күйші. Мен солар түскен үй маңында болдым. Қашекең қара домбырасын шертіп қойып, жырды табан аузында ағылта беретін. Мойнын шағын ормалмен байлап алған. Қыза келе жырды түйдек-түйдек ағытқанда, жуан дауысы ауыл-аймаққа түгел естілетін», – дейді. Әлқуат жыршының суреттеуінен Қашаған Күржіманұлының топ бастаған кемеңгер тұлға, халықтың құрметіне бөленген айтулы ақын, өнерді өрге тартқан талантты жан болғанын ажыратуға болады. Сонымен қатар, жыраудың қасиетті қара сөздің қадірін ұлықтап, төгілтіп жыр айтқан ерекше болмысын жазбай тануға мүмкіндік бар.

Қашаған жырларының қозғаушы күші – қай заманда да мәні өзгермес адамгершілік қасиет, еңбек және бұқара халықтың мүддесі десек, қателескеніміз емес. Ақынның шығармашылығы жалпы адамзатқа тән тіршіліктің барлық саласын қамтыған. Ақиқатты ашып айтып, жамандықты әшкерелеп көрсеткен Қашағанның өлеңдерінен ақынның парасаттылығын, ой ұшқырлығын, көрегендігін аңғару қиын емес.

Қорытынды. Қашаған суырыпсалма ақындық өнерді ерекше бағалаған. Талантты тұлға ел алдындағы міндет парызын жете түсінген, қара халықтың жай-күйін жырға қосып, сол дәуірдің бейнесін дәл жеткізе білген.

Қашаған – екі дәуірді көрген ақын, Кеңестік кезеңде он шақты жыл ғана өмір сүрсе де, сол кезеңнің келбетін айқын танып, өзіндік үн қосты. Ол қанау, зорлық -зомбылық, паңдық, мастық дейтін жағымсыз мінездер көрініс тапқан феодалдық дәуірдің тыныс-тіршілігін тұспалдап та, ашық та сынады. Елдікті де, ерлікті де жырлады. Ол – сыншыл, тура, өткір, сықақ мәнді шығармаларымен танылған жыршы. Ақынның шығармаларында қамтылған танымдық тақырып қазіргі кезде де өзекті екенін атап өткен жөн. Себебі қоғам үшін адамның тәрбиелі болуы, рухани тұрғыдан даму сипаты, адамгершілігі мен білім деңгейі, өзгерге еш зияны жоқ кісі болып қалыптасуы әрқашан маңызды болмақ. Қазіргі қоғам үшін Қашаған ақынның шығармаларын әдеби мұра ретінде қарастыру артықтық етпейді, осы бұрғыдан алғанда оның еңбектері кеңінен насихатталуға әбден лайық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Х. Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы, – Алматы: «Санат», 2006 ж.
2. Ж. Тілепов. XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, – Алматы, 2015 ж.
3. Ж. Тілепов. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: «Қазақ университеті», 2013 ж.
4. Ә. Дербісәлин. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: «Ғылым», 1990 ж.
5. Ж. Бақтыбай. Қашаған – сөздің дүлдүлі, – Алматы: «Жазушы», 2013 ж.
6. Бес ғасыр жырлайды, II т., – Алматы, 1984 ж.
7. А. Косанова, Айтар сөзін қылыштай қиып айтқан. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, №3. – Астана, 2011 жыл.

АКАДЕМИК Р. СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тойбазар Аяжан Мұхтарқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
2-курс магистранты
Алматы қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада академик Р.Сыздықтың қазақ әдеби тілінің тарихи мәселелері, оның ғылымға қосқан үлесі сараланады. Зерттеу барысында Абай салған ұлттық жазба әдеби тілге тоқталып, Абайдың өзіне дейінгі әдебиет үлгілерін жетік білуі және орыс әдеби тілінің ықпалымен поэзия мен проза жанрына әкелген жаңалықтарына талдау жасалады. Абай ұстанған әдеби тілдің ерекшеліктері мен бағыт-принциптері қарастырылады.

Кіріспе. Қазақ тіл білімінің дамуына үлес қосқан ғалымдар мен зерттеушілер өте көп. Олардың бірі – академик Р.Сыздық. Ол қазақ тіл білімі мен түркология саласында, ғылыми мамандарды даярлауда үлкен еңбек сіңірді. Академик Р.Сыздық тек әдеби тіл тарихын ғана зерттеп қойған жоқ, жалпы тілі білімі, түркология саласында еңбектер жазды. Атап айтар болсақ, әдеби тілмен қатар, Қадырғали Жалайыри тілін, Абай тілін, Жамбыл поэзиясының тілін зерттеді. Қадырғали Жалайыри мен Абай тілін зерттеу арқылы олардың еңбектерінің әдеби тіл тарихында алар орнын көрсетіп берді.

Мақалаға Р.Сыздықтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар)» атты оқу құралының (1993, 2004, 2014) үш басылымы мен «XVIII-XIX ғ.ғ. Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» еңбектері, М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісовтің құрастыруымен шыққан «Қазақ әдеби тілінің тарихы» оқу құралы, «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» және Абайтану туралы таңдамалы еңбектердің XXIV, XXXVII томдары, еңбектері басшылыққа алынды. Сонымен қатар Р.Сыздықтың өмірі мен қызметін зерттеуде Ғ.Әнестің құрастыруындағы «Ғалым-ғұмыр. Академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықова» атты еңбегі мен Н.Уәли, Ғ.Әнес, О.Жұбаеваның құрастыруымен шыққан академик Р.Сыздықтың

биобиблиографиялық көрсеткіші, академиктің 75, 80, 95 жылдық мерейтойларына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары негізгі алынды. Қосымша материалдар ретінде Р.Сыздықтың «Тіл-ғұмыр» ғылыми мақалалар жинағы, Б.Сағындықұлының «Қазақ тілінің тарихы» атты еңбегі, «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты қазақ әдебиетінің негізгі мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары, Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» еңбегі мен «Әдебиет және искусство» журналы және т.б. пайдаланылды.

Негізгі бөлім. Сыздықова (Құтқожина) РәбиғаҒалиқызы (әкесінің толық аты Сәтіғали) 1924 жылы 17 тамызда Ақтөбе облысының Ойыл қалашығында қызметкер отбасында дүниеге келген [1, 35].

Р.Сыздық – Абайдың ұлттық жазба әдебиетті қалыптастырудағы рөлін айқындаған алғашқы зерттеуші. Қазақ әдеби тілінің тарихына, даму кезеңдеріне тоқталғанда әдеби тілімізге Абай Құнанбайұлының қосқан үлесін саралағанымыз жөн. Өйткені Абайдың қазақ әдебиеті мен әдеби тіліне қосқан үлесі мен жаңалығы көп.

Абайдың тілін зерттеудің Р.Сыздық екі түрі бар екенін айтады: «бірі – ұлы қаламгердің тілі туралы жалпы пікір айту, екіншісі – Абай шығармалары тілінің өзін талдап-таныту» [2, 3].

Академик Р.Сыздық қазақ әдеби тілінің үлгілері Абайдың алдында болғанын және поэзия жанры арқылы дамығанын айтады.

Қазақ жазба әдеби тілінің даму жолында Абайдың алар орнына тоқталсақ. Абай өзіне дейінгі келе жатқан қазақ әдеби тілін одан ары жалғастырып, өзінше жаңа қырларын қосады.

Абай шығармаларының тілі қазақ әдеби тілінің жаңа кезеңі деуге болады. Абай мен Ыбырай бұрыннан келе жатқан қазақ әдеби тілін одан әрі жаңа сатыға көтерді. Жазба әдеби тіл «кітаби тілден» ажырап, жоғары деңгейге көтерілді. Бұл әдеби тіл тек көркем әдебиет саласында ғана емес, оқуағарту, публицистика саласында қолданыла бастады. Сонымен қатар тілдік нормалар мен көркем әдебиетте поэзия жанрына жаңа тенденциялар алып келді. Бұл туралы Р.Сыздық былай дейді: «Абай қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтергенде бұрынғы принцип-бағыттардың күллісін

жоққа шығарған жоқ, керісінше, ең басты, өмірлік белгілерін сақтап, оларды әрі қарай ұстады» [3, 45]. Р.Сыздықтың тұжырымы бойынша мынадай принциптер бар:

а) Ауызекі сөйлеу тілін негіз ретінде ұстап отыру. Әдеби тіл ауызекі тілдің сөз байлығы негізінде құрылғандықтан, уақытқа байланысты өзгеріп отырған. Мысалы, XV ғасырда өмір сүрген Қазтуғанның туындылары бізге осы күнгідей болып жетсе де, лексикалық құрамы жағынан өз дәуіріне сай болғандығы белгілі. «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш» жырларын XIX ғасырдың жыршысы айтатын болса, өз тарапынан лексикалық бірліктерді қосып, өзгертіп отырған. Алайда бұлай өзгертулер шала жаттаудан немесе ұмытып қалудан емес, жыршының туындыны заманына қарай лайықтауы деп білгеніміз жөн.

ә) Бірінші принципке қарама-қарсы принцип – жалғастық принципі. Белгілі бір уақытта жасалған теңеулер, образдар, жалпы көркемдеу тәсілдері келесі бір буындарда жалғасып отырады. Жалғастық принципі ауыз әдеби тілі мен жеке авторлардың, әр дәуірдегі ақындардың тілінде кездесіп отырады. «Сондықтан фольклорлық жырлардың *буырқанып, бұрсанып, мұздай темір құрсанып-тары, Күнікейдей көріктіңді, Тінікейдей тектіңді-лері, туырлығын тілгілеп, керегесін кескілеп-тері* Махамбет тәрізді күшті ақындарда қайталап келулерінің бір себебі Абайға дейінгі қазақ көркем әдеби тілінің осы көрсетілген принципінен туған заңдылық деп ойлаймыз» [3, 45-46], – дейді Р.Сыздық.

Р.Сыздықтың пікірінше жалғастық принципі әдеби нормаларды тұрақтандыру мен әдеби тәсілді шындай түсуде маңызды рөл атқарады. Осы екі принцип негізінде Абай әдеби тілге үңіліп, оның өкілдерін жақсы танып білген. Ақын өзіне дейінгі ауыз әдебиеті үлгілерімен қатар, өзіне дейін және өзімен қатар өмір сүрген ақындардың тілін жақсы білген. Олардан өз қажетін ала білген. Абайға дейінгі әдебиет үлгілері ішінен Дулат ақынның туындыларын жоғары бағалауға болады. *Тіршілік пен өлімнің Ұзақ дауы шешілген. Артына қарап үңіліп, Қайран талай жыл кетті; Мөңіреп жұртқа ой қайтты Бұзауы өлген сиырдай; Саудагер сарттай қайтты өмір, Құмар ойнап ұтылған т.т* [3, 47]. Аталған мысалдарды Р.Сыздық қазақ әдебиетінде Абайға дейін тек Дулат ақында ғана кездесетінін айтады. Бұл Дулат пен

Абайдың шығармашылық және өңірлік байланысынан болса керек.

Академик Р.Сыздық Абай мен Ыбырайдың орыс тілі арқылы қазақтың жазба әдеби тіліне ықпалын былайша тұжырымдайды: «...Абайдың (және Ыбырайдың) орыс тілі ықпалына қатынасында бұрынғы қазақ әдеби тілінде де, ауызекі сөйлеу тілінде де жоқ тенденция-бағыттар бар. Ол – орыс тілін қазақ әдеби тілінің дамуында негізгі әсер-үлгі алатын тіл деп тану. *Кептерше сүйінісу, бір сағаттан бір сағат, еркекке мүйіз шығу* т.б. Екінші тенденция – лексикалық единицаларды, калькаларды тікелей орыстың жазба әдебиетінен алу, бұл әрекет жалғыз аударма арқылы емес, орыс әдебиетімен танысу арқылы да жүзеге асатынын Абай өз творчествосында, өз тілінде көрсетті» [3, 51-52].

Абайдың жазба әдебиеттегі рөлін көрсеткенде, ақын тіліндегі диалектілік ерекшеліктерге тоқталғанымыз жөн. Көптеген ғалымдар ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін, Абай мен Ыбырайға дейін-ақ көркем әдебиетте жалпыға түсінікті тіл болғанын, диалектілік өзгешеліктердің жойылып кеткенін айтады. Олардың пікіріне сүйенсек, қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің нұсқалары жалпы қазақ қауымына түсінікті болған. Бұл пікірді М.Әуезов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Қ.Жұмалиев т.б. ғалымдар қолдайды. Ал С.Аманжолов Абайдың солтүстік-шығыс диалектісінде жазғанын, сол себепті қазіргі жазба әдеби тіліміздің негізі сол диалектілер негізінде қалыптасқанын айтады. Бұл тұжырымға сәйкес солтүстік-шығыс диалектісі әдеби нормаға жатады. Ал Абай тілінде жалпылыққа түсініксіз сөз болса, басқа өңірдің диалектілерін қолданған деп қорытуға тура келеді. Ғалымдардың Абай тіліндегі диалектілерді жоққа шығарушыларға академик Р.Сыздық қарсы пікір білдіреді. Бұл тұрғыда Р.Сыздық С.Аманжоловтың пікірімен келіспейді. Өйткені ғалым Абай өмір сүрген дәуірде диалектілердің қолданылуы аясы тарылмаған болса, ақын өз туындыларында диалектілерді қолданғанын айтады. Ал диалектілер ешқашан әдеби тіл нормасына жатпайды. С.Аманжоловтың бұлай тұжырым жасауына Абай тілінің сол кезеңдегі жазба әдебиетке жасаған ықпалының жоғары болғаны себеп болса керек [3, 52-53].

Р.Сыздық С.Аманжоловтың тұжырымына сәйкес мынадай екі түрлі мәселеге назар аударады: «Бірі – Абай тіліндегі сөздердің күллісі қазірде әдеби норма ма, яғни бұл күнде Абай өлкесіне тән жергілікті ерекшелік болып табылатын жеке сөздер Абай тілінде ұшыраса ма екен, екіншісі – Абай өзге «диалектілерге», яғни өзге, шалғай өлкелерге тән элементтерді пайдаланды ма екен?» [3, 53]. Осы мәселеге байланысты Р.Сыздық өз еңбектерінде талдау жүргізеді.

Абай тілінде жиі кездесетін *күсу* етістігі батыс, солтүстік ақындарының ешқайсысында кездеспейді. «Ойға тоймас қызықты қиялдан *күс*», «Жалмауыздай жалаңдап, Ар-ұяттан *күсіппін*», «Қайтіп суып жалғаннан *күсе* аламыз», «малдан *күсу*, жаннан *күсу*» [3, 56] сияқты жолдарды Абай тілінен кездестіре аламыз. Бұл сөзді Шығыс өңірінен шыққан Дулат ақынның тілінен де кездестіреміз. Дулат ақын «Елім десе елеріп, Жаннан мүлде *күскенер*» деп қолданады. Бұл мысалдар арқылы Дулат пен Абай тілінде ұқсас элементтер бар екеніне тағы да көз жеткізе аламыз.

Абай тек өз аймағында ғана кездесетін диалектілермен қатар басқа өңірлерге тән диалектілерді де өз туындыларында пайдаланған. Мысалы, «*Жалаңқая* жат мінез жау атады» деген жолдардағы *жалаңқая* сөзін жағымсыз қылықты білдіру үшін қолданған. Ал бұл сөз Түркмения қазақтарында «сұрқия, сұм, жалдап» мағынасында қолданылатынын зерттеуші Ә.Нұрмағамбетов айтады. Ал қарақалпақ тілінде бұл жалаңқая сөзі «өсекші, жалдап» мағынасында жұмсалады.

Батыс өңірінде шыны ыдысты *шөлмек* деп атайды, бұлай атау Абайда мақал ішінде кездеседі: «Мың күн сынбас, бір күні сынар *шөлмек*» [3, 57].

Бұл деген сөз Шығыс өңірінде «мата, кездеме» деген мағынасында қолданылғанымен, Абай оны басқа өңірлер сияқты «ақша, баға» деген мағынада жұмсайды. Оны ақынның мына жолдарынан көре аламыз: «*Бұл үшін қызықпассың сен де бір ер*», «*Өз пұлыңмен халің жоқ күнде тояр*», «*Бұл құрап, киім түзеп, қарны тойған*». Дулат ақынның тілінде де *бұл* сөзі «ақша» мағынасында кездеседі: «Тәтті менен дәмдіні Қолында *бұлы* бар жейді». Ал Абай керісінше матаны кездеме деп қолданады.

Абай өлендерінде кездесетін *қас* (*қаса*) сөзі Талдықорған, Жамбыл облыстарына тән ерекшелік болғанымен, қолданылуы шегі үлкен болған. Буын санына байланысты ақын *қас*, *қаса* нұсқаларын қолданып отырған: «*Ұқсайды, қаса сұлу шомылғанға*», «*Қас маңғаз малға бөккен кісімін*». Ал Ильминский бұл сөздің бұрынырақ батыс өлкесінде болғанын көрсетеді, *қас*, *қаса* – «настоящий, чистый» деген мағынаны білдіреді.

Абай адал сөзін *алал* деп қолданған, Мүрсейіт қолжазбаларында да *алал* деп жазылған. Сонымен қатар ақын *илану* сөзін *инану* деп қолданған. Бұл – Абай тілінде кездесетін дыбыстық алмасулар.

Абай тілінің грамматикалық ерекшеліктерін танып-білуге Р.Сыздық 50 жылдардың соңғы кезінен бастап кірісе бастайды. Ақын прозасында кездесетін *-мақ*, *-ар* формалы сөздердің мағыналары мен қазіргі нормадан ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл формалар туралы академик «Абай тілінің зерттелуі» деген мақаласында былай дейді: «...-мақ, -ар жұрнақты тұлғалар шағатай не татар тілдерінің элементі емес, қазақтың Абайға дейінгі ауызша тарап келген әдеби тіліне тән, тіпті ауыз әдебиеті тіліне хас норма екенін дәлелдедік. Сондай-ақ *-тын ~ тұғын* (*баратын ~ баратұғын*), *мен ~ менен* (тау *мен* тас, тау *менен* тас), *да ~ дағы* (барды *да* – барды *дағы*) сияқты қатарлардың кездесуі біреуінің норма, екіншісінің нормадан тыс болғандығынан емес, өлең шарттарына (өлшем, ырғақ, ұйқасқа) қатысты деп, өзгеде пікір айттық» [4, 337].

Сонымен қатар *-мақ* формасының шығыс, оңтүстік өңірлерде жиі кездесуі негізінде Абай тіліне әсер еткенін немесе ақынның бұл форманы стильдік мақсатта көбірек қолданғанын айтады. Алайда академик бұл тұлғаларды толығымен диалектілік ерекшеліктерге қатысты емес екенін ескертеді. Өйткені аталған формалар диалектілік мән туғыза қоймайды. Жоғарыда келтірілген мысалдардан Абай тіліне шығыс өлкесіне және өзге аймақтарға тән диалектілік ерекшеліктердің әсерін байқаймыз. Осындай мысалдарды келтіру арқылы академик Р.Сыздық С.Аманжоловтың Абай тілінде кездесетін жергілікті ерекшеліктердің көпшілігі әдеби тіл нормасына айналғандығына келіспейді және мынадай тұжырым жасайды:

1) Абайда жалғыз солтүстік-шығыс говорларына ғана тән емес, өзге, тіпті алшақ жатқан өлкелерге де тән кейбір ерекшеліктер бар;

2) Абай тіліндегі диалектизмдер мен жергілікті фонетикалық ерекшеліктердің барлығы бірдей бұл күнде әдеби нормаға жатпайды [5, 62].

Р.Сыздықтың бұлай тұжырым жасауына екі себеп болды. Бірінші – қазіргі кезде белгілі бір аймаққа ғана тән сөздер Абай заманында және оған дейін де кеңірек және көптеген аймақтарда қолданылып келді. Екіншісі – Абай қазақ халқының өзіне дейінгі әр аймақтағы ақын-жыраулар тілін жақсы білді, сондықтан түрлі диалектілерді қолдана алды.

Жоғарыда талданған пікірлер мен мысалдар негізінде қорытынды жасайтын болсақ, Абай немесе кез келген қаламгер болса да, оның тіліне өз өңірінің жергілікті тілі әсер етпей қоймайды. Сондықтан Абай тілінде диалектілер мен жергілікті говорлардың кездесуі қалыпты жағдай деп айта аламыз.

Абайдың қазақ ұлттық жазба әдебиетіндегі рөлін анықтауда тікелей академик Р.Сыздықтың тұжырымдары мен зерттеулеріне сүйендік. Сондықтан Абай Құнанбайұлының жазба әдебиетіміздегі рөлін анықтауда Р.Сыздықтың пікірін келтіреніміз жөн. Р.Сыздық: «Абай – қазақтың сапалық жаңа типтегі жазба әдеби тілінің негізін салушы. Бұл тіл – қазіргі жазба әдеби тіліміздің бастамасы... Абай тілі – қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің басы. Бірақ Абай осы тілдің негізін салудағы принцип-бағыттары мен тәжірибесінде жалғыз болған жоқ. Абайдың қатарында, уақыт жағынан Қазақстанның екінші қиырында, қызметі жағынан әдебиеттің өзге саласында тұрған екінші адам – Ыбырай Алтынсарин...

Ұлттық жазба әдебиетіміздің бастауы болған Абай тілі мен шығармалары қазақ әдеби тілінің тарихында жоғары бағаланады. Жазба әдебиетіміздің қалыптасып, жоғары деңгейге жетуіне Абай туындылары маңызды рөл атқарды. Сондықтан Абайдың қазақ ұлттық жазба әдебиетінде алар орны жоғары. Алайда әдеби тілдің тарихы Абай өмір сүрген дәуірден басталмайды. Өйткені әдеби тілдің тарихының бастау алар кезін академик Р.Сыздық жүйелеп, нақтылап береді. Ал Абайдың жазба әдебиеттің

сапасын жоғары деңгейге көтеруі оның қазақ әдеби тіліне қосқан ең үлкен еңбегі деп бағалай аламыз.

Қорытынды. Қазақ әдеби тілінің тарихын дәуірлеу барысында ғалымдардың әр түрлі тұжырымдарын салыстырдық. Кейбір ғалымдар қазақ әдеби тілінің тарихын көне ғұн, түркілер кезеңінен басталатынын көрсетеді. Ал енді бір топ ғалымдар әдебиеттің даму кезеңдерімен сәйкес қарастырады. Осыған байланысты Р.Сыздық қазақ әдеби тілінің тарихын қазақ тілінің тарихымен шатастырмау керек екенін айтады. Біз осы пікірді басшылыққа ала отырып, Р.Сыздықтың тұжырымын ұтымды деп таптық. Ғалым қазақ әдеби тілінің тарихын қазақ халқының ұлт болып қалыптасқанға дейінгі және ұлт болып қалыптасқан кезеңімен байланысты жіктеді.

Алайда Р.Сыздық әдеби тілдің кезеңдерін дәуірлеуде әлі де қиындықтар бар екенін айтады. Дегенмен қазіргі кездегі әдеби тілге байланысты зерттеулер ішінде Р.Сыздықтың тұжырымдары нақтылығымен ерекшеленеді. Себебі академик қазақ әдеби тілінің тарихын ұлттық кезеңдермен байланысты дәуірлеп берді. Әдеби тілді жалпыхалыққа түсінікті тіл десек, онда оны белгілі бір ұлттың, халықтың тарихи кезеңімен байланысты деп қарауымыз керек. Сондықтан академиктің тұжырымы теориялық жағынан ұтымды болып отыр.

Жұмыс барысында Абай салған ұлттық жазба әдеби тілге тоқталдық. Абайдың өзіне дейінгі әдебиет үлгілерін жетік білуі және орыс әдеби тілінің ықпалымен поэзия мен проза жанрына әкелген жаңалықтарына көз жеткіздік, Абай ұстанған бағыт-принциптерді сараладық. Соның нәтижесінде қазақ жазба әдеби тілі жоғары сатыға көтерілгенін байқадық. Ыбырай мен Абайдың жазба тілге әкелген (публицистика, оқу-ағарту, проза) өзгерістерін айқындадық. Р.Сыздықтың Абай тілін және оның қазақ әдеби тіліне еткен ықпалын тұжырымдаған еңбектерін талдадық. Соның негізінде Абайдың қазақ әдеби тілінің дамуында қосқан үлесінің бағасы жоғары екеніне көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сыздыкова Рәбиға Ғалиқызы: Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар / Құрас.: Н.Уәлиев, Ғ.Әнес. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 112 б.

2. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXXVII том. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Ғылыми мақалалар / құрст.: С.Б.Жусанбаева, Н.Н.Аитова; жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 250 б.
3. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. XXIV том. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы / жалпы ред. басқ.: Ж.Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 316 б.
4. Абай тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. Н.Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 бет, суретгі.
5. Сыздықова Р. Тіл және ұлттық мәдениет. 14-том. – Алматы, Елшежіре, 2018. – 344 б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ШЫҢҒЫСХАН» ТАҚЫРЫБЫ

Зиядибеков Нұрасыл Дәулетбекұлы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің магистранты
Алматы қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада әдебиетіміздегі даңқты қолбасшы Шыңғысханның тұлғасы туралы баяндалады. Қазақ хандығы құрылуының алғы шарты тікелей Шыңғысхан құрған империямен тығыз байланысты. Біраз уақытқа дейін тарихи тұлғаның шынайы бейнесі көмескіленіп, кеңестік идеологияның құрбанына айналды. Тәуелсіздік алған соң тәуелсіз әдебиетімізде де Шыңғысхан тақырыбы кең көлемде ашылып, әдебиеттегі бейнесі қалыптаса бастады.

Кіріспе. Шыңғыс ханның әлемдік дәрежедегі қолбасшы екені баршаға аян. Сондықтан да ұлы жиһангер туралы талай кітаптар: роман-повестер, өлең-жыр, дастандар жазылған. Әлемде Шыңғысхан жайлы миллионнан астам еңбек бар. Ұлы тұлғаның қазіргі қазақтарға байланысы аса зор. Және әдебиеті мен мәдениетінде де ұлы қаған қалдырған мұра бар. Әйгілі Мұрат ақынның жырында:

Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз,
Қайран саланың жатқан аңғары-ай.
Ақ шалмалы пірлердің

Мешітке жаққан шамдары-ай!
Кәпірден теңдік алуға,
Кайтып та келер деймісін,
Мұсылманның баласы,
Шыңғыстан туған хандар-ай. [1, 7]

деген жолдарды аңғарамыз. Халық көсемі, ағартушы Ғұмар Қараш айтады:

Шыңғыс, Бату хандық қурып тұрған ел,
Қарақыпшақ Қобыландылар туған ел,
Ерегескен дұшпан - жауын қуған ел
Емес пе едің - жұртым саған не болды?!.. [1, 8].

Жалынды жыр иесі Мағжан Жұмабаев “Адамзатта Шыңғыстай ер тумады” деген. Бірақ араға шовинистік идеология араласқаннан соң, Шыңғысхан бейнесі мүлдем басқа арнаға ауды. Оны қанішер, жауыз тұлға ретінде ғана таныды. Бұл көзқарастан арылуға зиялы қауым айтарлықтай еңбектеніп жатыр. Алдымен 1998 жылы моңғолиялық қаламгер Мағауия Сұлтанияұлы “Шыңғыс хан” деген он жыр шежіреден құралған еңбегін жазып тәмамдады. Жалпы көлемі он үш мыңдай жол. Ұлы адамның өмір жолын тарихи деректер негізінде, яғни шежірелік тәсілмен жазған. Және оқырмандарға жеңілдірек болу үшін жыр түрінде баяндауды жөн көрген.

Көп нөкердін алдынла
Көлбең қағып келеді.
Шабармандар тездете
Шардараны шеттете,
Қара адырды көлбете
Қалбан қағып желеді.
Қалың құлан алдынан,
Қылаң етіп адырдан.
Шырқ иіріле қалды да;
Шырқай зыта жөнелді.
Қағымпаздар қағынып.
Қара терге малынып,

Қайта бұра қайырып,
Қатты шу боп келеді [2, 11].

Негізгі бөлім. “Шын мәнінде, Шыңғысханның бейнесі, шын тарихи тұлғасы әлі ашылған жоқ. Сонымен қатар, Шыңғысханға қатысты көптеген деректер бұрмаланады, нақты жеріне жетпей айтылады. Өйткені, қалай дегенмен, Шыңғысханның өзінің жұрты емес, жат жұрт жауласқан жұрт. Монғол ағайындарға бұл ретте риза болу керек. Олар совет заманында да, идеология заманында да Шыңғыс- ханнан ешқашан айырылған жоқ. Ол кезде ақтау үшін Шыңғысханның моңғолдың мемлекетін құрған әуелдегі қызметі дұрыс болды, кейінгі кездегі жаулаушылығы теріс болды деп екіжақты етіп шығарды. Шыңғысханның 800 жылдығын тойлады. Сол тойды ұйымдастырған, ескерткіш қойған Монғолияның компартиясының екінші хатшысы қудаланып, ақыры азапталып өлтірілді. Бірақ, бәрібір айныған жоқ. Олар – біржақты. Шыңғысханды тек монғол деп қарайды. Бір сөзбен айтқанда, Шыңғысханға қатысты дерек- тердің бәрі жер астында жатқан жоқ. Халықаралық тілдерге аударылған оның ішінде орыс тіліне түгелдей дерлік аударылған”, - деп ой түйеді заңғар жазушы Мұхтар Мағауин. Қазіргі таңда атақты қолбасшы туралы тек ол ғана емес, XIII ғасырдағы бүкіл түрік қауымының, Орталық Азияның тарихын айқындайтын тарихи хикая жазған Мағауиннің еңбегі бірден еске оралады. Ал Шыңғыс ханның шығу тегі жайында көрнекті ғалым Тілеуберді Әбенайұлы он томдық шығарды [3, 28].

Тұрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» атты романы. Наймандардың күшейіп тұрған кезі – Шыңғыс ханның еңсесін енді көтеріп, жаңа хандықтың іргесін жаңа бекітіп жатқан сәтіне сәйкес келеді. Осы сәттен – Наймандардың әлсіреп, Шыңғыстың алдында тізе бүгуіне дейінгі тайталас шығарманың арқауы болған. Романның көркемдігі туралы сөз қозғау артық. Жалпы, бұл романдағы Шыңғыс хан о баста Керей мен Найман деген екі күші басым хандықтың арасында күші аз болғанымен, айласы асқан адам ретінде суреттеледі. Найман мен керейдің арасындағы қақтығыстарды өз пайдасына шебер пайдаланып кете алған айлакер адам. Роман наймандар жақтан баяндалатындықтан Шыңғыс ханның образы

жағымды деуге келмейді. Көк бөрілердің көз жасы – наймандардың көз жасы.

Қай оқиғаның тұсында екеніне шұқшиып жатпай-ақ, осы шығармадан Шыңғыс ханға берілер баға мен телінер бейнеге аздап тоқталып өтсек: «Темүжін де айралы. Сол кеткеннен мол кетіп, қыс өтіп жаз шыққанға дейін ат ізін салмай жатып алды. Ондағысы Керей ақылына келсін, бір ауық оң солын байқап, өзінің оқшау тұрғанын, дәл қазір сүйеніш болса, осы Моңғол болар деп, соған көзін әбден жеткізсін дегені еді».

Бұл жерден көретініміз Шыңғыс ханның Керейлерге қол ұшын беріп, оларды өзіне борышкер қылып қойғандығы. Керейдің ханы Оң хан Темуджинге қатты сенеді, оның үстіне өкіл әкелігі тағы бар. Ал, Оң ханның ұлы Сангүн Темуджинді жек көреді. Жазушының суреттеуі бойынша Темуджин мен Сангүн әкенің алдында асыққа таласқан екі ұл сияқты. Ит пен мысықтай. Сангүн жаулығын жасырмағанымен, Темуджин сыртқа шығара қоймайды. Ертеңіне, болашағына сенер адамның ісі. Екі мемлекеттің арасындағы достық есепсіз болмайтындығы белгілі. Қай-қайсысы да өз пайдасын ойлайды. Сол сияқты Шыңғыс ханның Керейлерге жасаған жақсылығы да есепке құрылған, қарымтасы бар жақсылық. Мәселен:

«Темүжін, осы жолы да түскен олжаның бәрін Оң ханға сыйлады. Оның бұл жомарттығының сырын түсінбеген кейбір кісілер беталды қоңқылдап: «Темүжін бар олжаны аузымыздан жырып Оң ханға беріп жатыр, өз ағасын ағалай алмаған, кісі ағасын жағалай алмайды, мұнысы не?» – деп елді дүрліктірмек болды. Сонда Мұқали балуан: «Керейге кеткен еш кетпейді, ертең айналып келіп өз уысына түседі» – деді.[9, 85]. Ақыры соның айтқаны келді». Бұл да рас. Есебі мықтының екі асайтыны айдай ақиқат. Алысты көздеген, есебінен жаңылмаған Темуджин – Шыңғыс ханға айналды. Наймандарға жау Шыңғыс хан – өз елін бақытқа жеткізуді, теңдікте күн кешуді армандаған қайраткер.

Шығармадағы мына бір Шыңғыстың сөзі:

« – Ежелден Алтайдың күн бетін көрмеген біз де ақымақ екенбіз. Сөйтсек, аспан асты кең екен, алуан-алуан ел екен. Енді ат бауырын жазып, алыс-алысқа шеру тартатын, тамам Моңғол-керейдің аламанын артымнан ертіп, жау түсіріп, олжа салатын,

өзгелердің қамбаларын сарқып, салтанат құратын кез жетті. Моңғол-керей жұрты ендігіде Бұрхан мен Қаракорым тауының тағысындай табанын жалап күн кешпейді...

Ол қыза сөйлеп осы араға келгенде жұмық көздері тереңнен жылтырап, өңіне ісік жүргендей күреңдеп, терісіне симай кетті. Әлгі жұмық көздер енді от боп жайнап, қыранның қаншегіріндей талпынып, байыз таппады. Жасы отыз жетіге келген моңғол қағаны осы бетінде әлденеге алақызып, асығатындай. Алдына келген нояндар оның мына түрінен именіп, сөзден бөгеліп отырып қалды» [6, 34].

Оның алдағы мақсатына асығуы ғана емес, өзінің қарашысын имендіріп тұратын сұсты жүзі көз алдыға келеді. Ол әскерін тек имендіріп қана қоймай, олармен санасып отырған. Кей жағдайда сұраған қалауларын орындайтын болған. Оған бір мысал, Тұрсынхан Зәкенұлының осы романындағы әскерінің аң аулауға өтініш айтып, Шыңғыс ханның келісім беріп, біраз уақытын сейіл-серуенге бөлгендігі.

Сонымен қатар, Шыңғыс хан басынан не өтсе де уақытша деп білген шыдамды, төзімді, сабырлы адам. Саят құрып жүргенде итін Сангүннің бүркіті жазым қылады. Сангүннің көздегені де осы болатын. Ханның итінің өлуі де мұндай сын сағаттарда жаулыққа ұласатын араздықтың тууына себеп болуы мүмкін жайт. Бірақ, болашық мақсат-мүдде жолында ақылды хан ондайға жібермейді, келіп тұрған ашуын тежей біледі [8, 18].

Қорытынды. Бұл әрине тарихи таным тұрғысынан алғанда қазақ қоғамының қазіргі бейнесі, түсінігі. Қандай шығармалар болмасын, белгілі бір идея тұрғысынан туылатындығын ескерсек, біздің келтірген пікірлер (келтірмегеніміз қаншама) болашақта жазылатын шығармалардың сұлбасы деуге болады. Қалай болған күнде де, Шыңғыс хан аңыз арқылы әдебиетімізге келген, орын алған. Енді заманауи ауқымды шығармалар арқылы көркем әдебиеттің төріне шығады. Аңыз ақиқатқа айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. “Шыңғысхан” Республикалық, тарихи-этнологиялық, әдеби-көркем журнал 1, 2019 – 7 б.

2. Қазақ елі, 1998. – 9 қаңтар 11 б.

3. Жас Алаш, 2019.– 14 шілде 9 б.

4. Дидар, 2022.– 12 қыркүйек 6 б.

5. Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы, 8том. – Алматы: Қағанат, 2002.
6. Зәкенұлы Т. Көк бөрілердің көз жасы. – Алматы: Олжас, 2002.
7. Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. – Алматы: Жазушы, 1988.
8. Кеңілбаев Ә. Дала балладалары, 2том. – Алматы: Жазушы, 2001.
9. Қабышұлы И. Шыңғыс хан.// Егемен Қазақстан, 24-тамыз, 1992.

АБАЙ ІЛІМІНДЕГІ «ТҰЛҒА» МӘСЕЛЕСІ

Болатханқызы Ғайни

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті, Журналистика
факультетінің 4-курс студенті
Алматы қаласы*

Аңдатпа. Ұлт болашағы, бүтін бір халықтың келешегі жекелеген адамдардың тұлғалық қасиеттеріне байланысты деп танитын болсақ, Абай мұрасындағы толық адам ілімі тек ұрпақ тәрбиесі ғана емес, ұлттың сақталуы, жаһандануға жұтылып кетпеуі сияқты бүгінгі күннің маңызды мәселесін шешуде де көмекке келері даусыз. Сондықтан да оны тек танып, талдап қою жеткіліксіз. Абай ілімін ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданып, жүзеге асыру баршамыздың міндеттіміз деп білемін.

Кіріспе. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, уақыт өткен сайын маңызын жоймайтың рухани қазынасы, зерттеудің көзі болып табылады. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту – қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызып, мақсаткерлікке жұмылдырады. Сондықтан заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуы заңдылық. Ақынның мұрат-мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру абыройлы борышымыз болмақ.

Адам мұраты мен халық мүддесін ұштастырудың негізгі бағыты ретінде ақын «толық адам» ілімін ұсынады. Абай мұраларындағы «толық адам», «жетілген адам» жайлы ой-пікірлер терең философияға, педагогикалық тағылымға құрылған. Ең алдымен осы «толық адам» дегеніміз қандай адам?

Абай айтып отырған «толық адам» тәрбиелі, адамгершілігі мол, имандылық қасиеттерді бойына жиған, «бес асыл істі» жолдас қылып, «бес дұшпаннан» безген жан. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстайтын» жаны сұлу адам.

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» - деген ақын адамгершіліктің биік өлшемі туралы тәлімгерлік ойын он сегізінші қара сөзінде «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылдық» [1] деп толықтырып, тереңдете түседі.

Ал он жетінші қара сөзінде таласқан қайрат, ақыл, жүректі ғылымға әкеліп жүгіндірген ұлы ойшыл ғылымға «...үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет» деген шешім айтқызып, «Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол» деген ой түйеді. Жан-жақты жетілген адам туралы жоғарыда айтылған Абай ойларының түйіні осы сөзде жатқан сияқты.

Негізгі бөлім. Абай мұрасындағы «толық адам» жайлы ақындық пікірді жетілдіре, дамыта түсетін «үш сүю» ұғымы жайында «Ұлы ақын нағыз адам, толық адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап та береді. Абай поэзиясын тақырып-тақырыпқа бөлшектемей, тұтастай қарастырсақ үш баға жетпес асыл қазыналарды бөліп алуға болар еді», - дейді белгілі әдіскер, ғалым Қ.Бітібаева [2].

Өз топырағымызда дүниеге келген ғұлама ғалым әл-Фарабидің трактаттарында молынан сөз болатын болмыс пен адамның кемеліне келіп, жетілуі де Абайдағы толық адамның дәстүрлі таным екендігін бекіте түседі. Әл-Фарабиге ортақ кемелділік пен өз парқынан ләззат алу танымы Абайда да бар. Тек Абай әл-Фарабидегі кемелділікті толық адам, жүректі мекендейтін үстем күш пен талпынғыш күшті сүю ретінде танытады.

Толық адам жөніндегі ақын пікірлерінің кейбір жақтары шығу төркіні жағынан шығыс ойшылдарымен іліктес жатса да, Абай оны өз заманы талабына қарай сыншыл ақыл тұрғысынан екшеп, өзінше қорытып, өзіндік ой-пікірге айналдырып жіберген. Ақынның осы бір даналығы мен шеберлігін М.Әуезов «...өзінің ой-сезім дүниесіне әсер еткен ағымдардың бәрін өзінің өздік

ерекше елегінен өткізіп, қорыта өзгертіп, өзіндік етіп алады» - деп әділ бағалаған.

Абай үнемі ебін тауып кісінің адамгершілігін ұштай түсумен болады. «Адамзат тірлікті дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек» өлең жолдарынан ақынның өзі айтқандай, адамда екі түрлі қуат бар: жан қуатымен ақыл таппақ та, тән қуатымен мал таппақ, еңбек етпек. Ақын екеуінің де адалдықпен болғанын қалайды және осы ойының жүйелі түрде қалыптасқан таным екенін кейінгі өлеңдерінде сапалы өсудегі қайталауымен дәлелдеп отырады.

Ақын бұл сөзі арқылы «адам бол, адам атын ақта» деген тағылымды ойын білдіріп отыр. Ақын өзінің арманды ойларын көбіне жастарға арнап айтады. Сол жастарды өзі армандаған адамгершілік қалыпта көргісі келеді. Қиялында, санасында қалыптастырған адамгершілік сипатын сәндей түседі, ұштай береді.

«Күншіліксіз тату бол шын көңілмен, Қиянатшыл болмақты естен кеткіз» деген өлең жолдарынан ақын адамдағы қиянатшыл қаупін көп айтады. Оның ойынша, барлық кеселді қасиеттердің шығар көзі де, өсіп, өрбіп, ұлғая жетер жері де – осы қиянатшылдық. Ақын *«әуелі көкіректі тазалау керек»* дегенде, адам ең алдымен осы қиянатшылдықтан аман болса екен дейді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақынның бұған дейін айтылып келген адам болу жайындағы ойлары әжептәуір жүйеленіп, тиянақтала түседі [2].

Абайға дейін поэзияда адам мәселесі жырланбады емес, жырланды. Адамның әр жасы, әр жастағы оның жағдайы, жақсы-жаман қасиеттері – бәрі де сөз болды. Алайда ол поэзияда сырттай сипаттау басым түсіп жатты. Ал, Абай ең басты мәселе етіп Адамды, оның жеке ісін, сезімін, тұрмысын, адами қасиеттерін алды. Оның поэзиясында Адам – Алланың махаббатпен жаратқан ең ұлы, ең сүйікті туындысы. Сол себепті бүкіл әлемнің, қауымның, болмыстың темірқазығы – Адам. Оның мүмкіндігі мен құдіреті – орасан. Адам - өмірдің қозғаушы күші, тірлікті дамытушы, қоғамды түзеуші. Міне, Абай осы адамды түсіну мен адамды тану міндетін ерекше саралайды.

Абай Адамның – танылуы қиын жұмбақ деп біледі. Абай түсінігінде, адамның құдіреті – оның рухани азаттығында, ар

тазалығы мен сезім еркіндігінде, ойдың тәуелсіздігінде, сөз бостандығы мен мінездің тәуекелділігінде.

Абай поэзиясынан Адамның өзі – құдірет екенін, құдіреті білімінде, ақылында, жүрегі мен жанында екенін көреміз. Адамды бар жағынан тексерген Абай үшін адам – бір жағынан біртұтас әлем, екінші жағынан адам өз ішінде қайшылығы мол, күрделі тұлға.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін», деген өлең жолдарынан ақынның өмірлік мұраты жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру болды [3].

Жаһандану үрдісінің ықпалы күшейіп, ұлт болашағы маңызды мәселеге айналып, барлық ұлттық құндылықтарымызға қамқорлық керек болып отырған қазіргі уақытта «адамның баласы» болып, елдің ертеңі үшін өмір сүруді өсиет етіп кеткен Абайдың асыл сөздерін жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты құрал ретінде қолдану кезек күттірмейтін мәселе екендігін уақыт өзі дәлелдеп отыр.

Бұл Абайдың толық адам туралы ілімінің ұлттық сипатымызды, халқымызға тән ерекше қасиеттерімізді сақтап, қазақты қазақ етіп танытатын, ел ертеңі болар ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі мен маңызын анық көрсетіп, айқындап тұрған пікір.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі жастарды діни тәрбие, имандылық арқылы адамгершілікке, адами ізгілікке жетелеу болатын болса, ұлт ұстазы Абай мұрасының осы тұрғыдағы маңызы ерекше. Ақын түсінігіндегі «жетілген адам» - ең алдымен иманды адам. Имандылық бар жерде жамандыққа, жат қылықтарға орын жоқ екені мәлім. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген ақын өсиетінің бүгінгі күні имандылықтан ада болып, өз дінінен адасып, адамдық қасиеттерді аяққа таптап, түзу жол таппай жүрген замандастарымыз үшін өте қажет екені анық. Адамгершілікке тәрбиелеудің бастау бұлағындай болып көрінетін діни тәрбиенің маңызын ашып көрсете білген Абай мұрасы адам тәрбиесіндегі негізгі бағытты да анық сілтеп тұрғандай [4].

Ізгілікті уағыздап, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі адам тәрбиесі жайында өлмес сөз қалдырған ұлы Абайдың өзін нағыз «толық адам» десек болғандай.

Қорытынды. «Жүрегімнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла», деп заманынан озық туған, қараңғылыққа қарсы тұрып, халық өміріне даналық сәулесін шашқан ойшыл Абай - өзі сипаттаған «нағыз адамға» тән қасиеттердің бәріне ие, ұрпаққа үлгі етерлік тұлға.

Абай мұрасы еліміздегі білім беру жүйесіндегі өзіндік мәні бар, ағартушылық маңызы зор, педагогикалық идеяларға толы, психологиялық ой-пікірлерге бай тәлімгерлік тағылымы баға жепес өміршендігімен ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ұлттық қазынамыз болары сөзсіз. Абайдың адам тәрбиесі хақындағы педагогикалық көзқарастары аса үлкен мәнге жетіп, әлі де болашақ ұрпақтың көкірегін оятар демекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мырзахметұлы М. Абайдың адамгершілік мұраттары: Ұлы ақынның 150 жылдығына – Алматы: Рауан, 1993
2. Әліпхан М. Қазақ әдебиетіндегі адамгершілік ілімі. – Алматы, 2013
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: «Ана тілі», 1995. –
4. Мырзахметұлы М. Абайтану. Алматы, 2010

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

*Бахытжанова Айзада Сабыржанқызы
М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан
университетінің 1-курс студенті
Орал қаласы*

Аңдатпа. Мақалада заманауи мектептердегі ұстаздардың оқушыларға ұсынатын тың идеялары сараланады. Заманауи үлгідегі оқу дегеніміздің қандай ұғым екеніне тереңірек тоқталамыз. Сынып атмосферасына әсер ететін түрлі жағдаяттардың ұстаз пайдасына шешілуінің тиімді жолдарын көрсетеміз. Еліміздің тәуелсіздік алуы, тәуелсіздіктен кейінгі

қоғамның дамуының тың өзгерістерге ұшырауымен қатар оның адамдар тағдырына әсері мектептерде көрініп қана қоймай, басты тақырыпқа айналды. Адам мен адам болмысының табиғатын түсіну, рухани дүние мен жан-дүниесіндегі қатпарлы қалтарыстардың сыр-құпиясын ашуға деген талпыныс ұстанымдары туды. Осы бағытта мектептегі ұстаздар қауымының елеулі еңбегі ұшан-теңіз. Мектеп ұстаздарына жаңа технологияларды пайдалана отыра, қазіргі қазақ романдарын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынамыз.

Кіріспе. Ұстаздық – сан ғасырлардан бері адамзат баласының көшін ілгері сүйреп келе жатқан ұлы қызмет. Қазақта «алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын мұғалімдікі» деген сөз бар. «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім» дейді Мағжан Жұмабаев [1, 8]. Уақыт пен кеңістіктің заңдылықтарына бағынған тоқтаусыз өмір, заман талабына сай оқушы мен сол оқушыны өрге сүйрейтін ұстазды түрлі тәсілмен дамытып отырады. Алдымен, осы мамандыққа алғаш келген, жаңа заманның жаңа ұрпағына ұстаз болған креативті маманның өмірінен бір үзік сыр айтсақ.

Мұғалімдік қызметке қадам басқалы тұрған кез келген ұстаздың алғашқы қорқынышы – «Сыныпты қалай басқарамын?». Бұл психологиялық құбылыс кейде білімді, тәжірибелі ұстаздардың өзінде де кездеседі. Қызығы, алдындағы оқушыны тиімді игере алмау бірнеше жылға созылуы мүмкін. Өйткені, XXI ғасыр - жаңа ұрпақ дәуірі. Оқу үдерісінде дәстүрлі әдіс-тәсілдердің жарамайтыны сөзсіз. Өйткені бізді қоршаған қоғам да, адам да - динамикалық қозғалыста, әр 3 секунд сайын даму үстінде.

Дәл осы қарқынмен қазақ әдебиетіндегі жаңа романдар да көрініс тауып келеді. Кеңестік кезеңдегі дәстүрлі жазу стилінен ажырап, жаңа форматтағы тың тақырыптар сахнаға шыға бастады. Ендігі таңда ұстаздардың алдында тұрған басты міндет – сол, қазіргі қазақ романдарын оқыту. Жай ғана оқытып қоймай, қызығушылығын арттыра отыра, психологиялық аспектілерді ескере отыра оқыту.

Мектеп оқушыларының даму деңгейлерін зерттеу және оқу үдерісіндегі ынталану сипатын ашу барысында тарихи-

салыстырмалық әдісі, құрылымдық, аналитикалық зерттеу, бақылау әдістері ғылыми басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі ретінде алынған бірқатар еңбектердің ішіндегі, әсіресе, Юрий Боревтің «Эстетика» кітабы, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі баса назарға алынды. Педагогтың бойындағы эстетикалық құндылықтарды дамыта отыра, оқушы санасына жаңартылған оқу мазмұнының нақты анықтамасын орнату. Заманның ортақ тақырыптарын зерделей келе тереңірек қорытынды шығару.

Мақалада жоғарыда айтылған еңбектердің әрқайсысына сүйене отырып, зерттеу нысанына айналған шығарманы жан-жақты ғылыми-теориялық талдау жасап, оқытудың жаңа әдістерін ұсындық.

Негізгі бөлім. Халықтың асыл қазынасының алтын қоры – әдебиет болса, осы алтын қорды көзінің қарашығындай сақтап, орынды қолданып, келер ұрпаққа дәріптей білген ұлттың да, халықтың да келешегі кемел болары айқын. Осы себептен сол қазынамызды жоғалтып алмай, бір жүйеге келтіріп, зерделеп, зерттеп, оның құндылығын дер кезінде бағалап отыру еш уақытта күн тәртібінен түспейді. Олай болса, осы тұста әдебиеттің бір құндылығы жарқ етіп көрініс береді. Көркем әдебиет – ол ұлы ұстаз. Көркем әдебиет осы орайда үлкен күшке ие. Онда автордың ойлау қуатының күші жатыр. Ал сөзбен көмкерілгендіктен әдебиеттің құдіреті арта түспек. Осынау ұлы ұстаздың жас буынның рухани есеюіне қаншама көмек беретінін әркім-ақ талассыз мойындайды.

Қазіргі өзгермелі дүние жағдайында оқушылардың тұлға ретінде жетілуінің басты факторы – оларды адамдармен тіл табыса жұмыс істеуге төселдіретін, қоғамдағы бәсекелестікке бейім адамды тәрбиелеудің өзегі саналатын интерактивті әрекет болып табылады. Мұнда тұлғаның қарым-қатынас мәдениетіне, сөйлеу мәнеріне, этикеттік орамдарды дұрыс қолдана білуіне дағдыландыруға назар аударылады.

Мектептердегі қазақ әдебиеті пәнін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың дамуына ықпал етеді. Интерактивтік іс-әрекеттің негізгі идеясы – өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа негізделген достық ахуал жағдайындағы екіжақты және көпжақты қарым-қатынас, пікірлесім, тілдесім.

Бүгінгі таңда білім беру саласындағы жаңа технологияларды меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес, өйткені ақпарат мәселесі қоғамдағы түйінді мәселелер қатарынан орын алады. Қоғамды ақпараттандыру мәселесіне қоғамды дамытудың негізгі шарттары ретінде аса мән берілуде. Компьютерлік ақпараттық технологияның бүкіл адамзат әрекетінде қолданыс табуы қоғамның парасаттану тенденциясының жоғары деңгейін көрсетеді. Жаңа ақпараттық технологиялар жағдайындағы оқыту үдерісі жеке тұлға теориясына сүйенеді, өйткені кез келген оқыту әрбір жеке тұлғаға бағытталады[2, 14].

Зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі ретінде алынған бірқатар еңбектердің ішіндегі, әсіресе, Юрий Боревтің «Эстетика» кітабы, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі баса назарға алынды. Педагогтың бойындағы эстетикалық құндылықтарды дамыта отыра, оқушы санасына жаңартылған оқу мазмұнының нақты анықтамасын орнату. Заманның ортақ тақырыптарын зерделей келе тереңірек қорытынды шығару.

Мақалада жоғарыда айтылған еңбектердің әрқайсысына сүйене отырып, зерттеу нысанына айналған шығарманы жан-жақты ғылыми-теориялық талдау жасап, оқытудың жаңа әдістерін ұсындық.

Елімізде білім берудің жаңа жүйесін жасау, бәсекеге қабілетті және дарынды оқушы даярлау бүгінгі күннің басты талабы. Мұндай шәкірт дайындау үшін білім беру үдерісін белсендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін, технологияларын жетілдіру керек. Осы бағытта мектеп педагогикасының күрделі де маңызды бір мәселесі – оқушыны болашақ мамандығына бейімдеу, шығармашылық, біліктілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызы зор.

Қазақстандық бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім, тағылымды тәлім-тәрбие беру үрдісінде қазіргі заманғы электронды ақпараттық-қатынастық технологияларды тиімді пайдаланудың орны ерекше. АҚТ-ны пайдалануды заман ыңғайына қарай оңтайлы дамыту – ХХІ ғасырда кез келген мемлекеттің дамуында аса маңызды орын алады. Ғылыми-технология мен ақпараттық-қатынас, электронды құрал-жабдықтар орасан зор қарқынмен дамыған қазіргі заманда әлемдік озық технологияларды өзінің

экономикалық өсіп-өркендеуіне, қоғамдық-әлеуметтік жағдайының жақсаруына тиімді іске жарату кез келген мемлекеттің дамуында негізгі қозғаушы күш болып табылады [3, 7].

Инновация ұғымы кең мағынасында жаңарту, өзгерту дегенді білдіреді. Ғалым Қ.Құдайбергенова: «Инновация білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалық енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды жаңа концепция жасап, оларды қолдану» [4, 81], – деп анықтама берген. Біз қарастырып отырған мәселеде инновация – белгілі бір жүйедегі ішкі өзгеріс. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатқа сапалы нәтиже жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнымен байланысты. Қ.Қадашева интерактивті әдіске «жоғары белсенділікті көтеру» әдісі деген баға береді. Бұл оқытудың мақсатына, мазмұнына байланысты болды. Г.Д.Нұрбекова интерактивті оқыту «оқушылардың бірігіп бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетте өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және фантазиясын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді» [3, 7 б.],– деп жазады.

Оқытудың дәстүрлі жүйесі біржақты хабар беруге бағытталады да, ары қарай хабар берудің тәсілдерін жетілдіре түседі, сөйтіп, үйренушінің есте сақтау қабілетін ғана дамытады. Ал интерактивті оқытуда үйренушінің танымдық ойлау қабілетін дамыту қатар жүреді. Егер сабақта өзара сенім, мейрім, тілдесім ахуалы қалыптасса, үйренуші тек жаңа материалды сіңіріп қоймай, сонымен қатар адамгершілік құндылықтарымен де байи, дами түседі. Жаңаша оқытуда шығармашылық сабақтар, іскери ойын, ойын түріндегі жоба, дидактикалық спектакль, білім аукционы, имитациялық тренинг, шығармашылық марафон қолданылып жүр.

Зерттеу барысында интерактивті әдістерді қолдана отырып өткізілген «XXI ғасырдағы роман жанрындағы түрлік өзгерістер. Ирониялық фэнтези жанры, антиутопия, мәдени дағдарыс құбылысы көрінісі ретінде Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романының көркемдік ерекшеліктері» тақырыбындағы жоғары сыныптарға арналған әдебиет сабағына инновациялық әдістер керек болады. Ондай әдістердің негізгі мақсаты – оқушыға

заманауи технологияны пайданалана отырып, оқушыларға білім мен тәрбиенің негізін ұштастыра дарыту.

Қазіргі кезде интербелсенді әдістемелер көптеген оқу бағдарламаларында қолданылады, себебі олар баланың дербес, сыни ойлауының қалыптасуына, өз пікірін дәлелдеу барысында затқа түрлі көзқараспен, алуан ұстаным тұғырынан қарауға, басқалардың тандауы мен шешім қабылдау құқығын сақтау, өзгеше болу, сәйкеспейтін бағалау құқығын мойындауды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Романға заманауи талдау – бүтіннің бөліктерін ажырату бойынша жүргізіледі.

Әдебиет сабақтарында *Кейс-стади* әдісін қолданудың маңызы зор. XX ғасырдың 80-90-жылдары кейс әдісін дүниежүзі бойынша, соның ішінде КСРО-да да қолдана бастады. Әсіресе экономикалық пәндер бойынша кеңінен қолданылды. Сол кезеңнен бастап бұл әдісті құрастыру мен ендіруде Г.А.Брянский, Ю.Ю.Екатеринославский, О.В.Козлова, Ю.Д.Красовский, В.Я.Платов, Д.А. Пospelов, О.А.Овсянников және т.б. үлкен үлес қосты.

CASE STUDY әдісі бойынша қалыптасатын қабілеттер:

1. *Аналитикалық қабілеттер.* Оларға: деректерді мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, жетіспейтін ақпараттарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және т.б. жатқызуға болады. Нақты және қисынды ойлау қабілеті.

XXI ғасырдағы көркем шығарманы тудырудағы автордың бірегей болмысы, әдебиеттегі типтендіруге жаңаша көзқарас, жаһандану дәуіріндегі субъекті дағдарысы және жаңа қоғамдық ортадағы адамның өмір сүруі т.б. мәселелерді анықтап, дәлелдеу сияқты жұмыстар оқушылардың аналитикалық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Негізгі зерттеу нысанынан айналып отырған Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романының негізгі жазылу мақсатын оқушыларға іздете отырып, оларға альтернативті нұсқа ұсынуымыз керек.

2. *Тәжірибелік қабілеттер.* Кейстік зерттеуге өмірдің өзінен алынатын өмірлік жағдаяттарды талдау әдістермен салыстырғанда, оқыту барысында пайдаланылатын басқа әдістер

бас-аяғы нақтыланған теорияларға, әдістер мен принциптерге сүйенетін болғандықтан, соңғылардың күрделілігі төмен. Романның басты кейіпкері Әлішердің өмірінде орын алған жағдаяттарды қазіргі қоғамдағы өзекті проблемалармен салыстыру.

3. *Шығармашылық қабілеттер.* Кейде мәселе CASE-тің бір ғана ережесі арқылы шешіле бермейді. Мұндайда бұрынғы дағдылы қисынды жолымен шешілмейтін, альтернативті шешу жолдарын табу (генерация) барысында шығармашылық қабілетті пайдалану өте маңызды. Осындай қабілетті жинау негізінде келешек маман ойы қиыншылықтардан шығу жолдарын табуға барынша бейімделеді. «Гүлдер мен кітаптар» романының сюжеттік-композициялық құрылысын талдауда мынадай құрылым беріледі. Оқушылар шығармаға сюжеттік жоспар құру және композициялық құрылысына кесте бойынша талдау жасау арқылы мәселені талқылайды.

Кесте 1 - сюжеттік-композициялық кесте

«Гүлдер мен кітаптар» романының сюжеттік-композициялық құрылысы	
1. Экспозиция – Заман тыныс-тіршілігі.	Оқиға қалай басталады?
2. Байланысы – Кейіпкердің жұмбақ өлімі.	Оқиғаның байланысы қандай?
3. Дамуы – Әлішердің тағдыры.	Оқиғаның дамуы
4. Шарықтау шегі – Өмір тауқыметі.	Психологиялық шегіністе кейіпкерлердің қандай көңіл-күйі берілген?
5. Шиеленіс – Заңсыздық пен әділдік жолы.	Оқиғаның шиеленісуі
6. Шешімі – Мәңгілік эстетикасы сақталатын гүлдер мен кітаптардың символикасы...	Оқиғаның шарықтау шегі
	Оқиғаның шешімі
	Оқиға соңы

4. *Коммуникативтік қабілеттерге* пікірсайыстарды (дискуссияларды) пайдалану шеберлігі, өзі ұсынған пікірге

өзгелердің көзін жеткізе білу жатады. Көрнекі материалдарды және басқа қажетті деректер мен құралдарды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа нақты есеп даярлау. Оқушылар «5 минуттық эссе» әдісі бойынша *Оралхан Бөкейдің «Атау кере»* романын тақырыпқа сай, өз ойын қорыта және жинақтай отырып, ой-толғанысын жазады. Оқушы өз бетімен жеке жұмыс жүргізеді. Эссені 5-10 минут ішінде тоқтамай жазады. Бұл әдісте бала өз ойын еркін жеткізе білетін болады. Шығармашылықпен жұмыс істеп, өмірде кездесетін жағдайларға, оқиғаларға саналы, ойлы қарауға үйренеді.

5. *Әлеуметтік қабілеттер.* CASE-тік мәселелерді талқылау барысында, оған қатысушы адамдар өзін-өзі бағалау әдебіне, өзгені тыңдай білу дағдысына, пікірсайыстар кезінде бір пікірді қолдау немесе оған қарама-қарсы пікірдің қателігін дәлелдеу шеберлігіне, солармен бірге жұртшылық алдында өзін-өзі дұрыс ұстауға және т.б. әлеуметтік дағдыларға қалыптасады. «Гүлдер мен кітаптар» романында қозғалған *жұмыссыздық, қаңғыбастыққа салыну, ұры-қары атану, алаяқ, нашақорлық пен маскүнемділік, теріс ағымдар мен материалдық жетіспеушілік* т.б. әлеуметтік мәселелерді шешуде оқушылардың бұл қабілеттіліктерін дамытуға болады.

6. *Өзін-өзі саралау қабілеті.* Кейстік жағдаяттарды талдау кездерінде туындайтын пікірталастар келіспеушіліктер мен ортақ пікірлерге келу үдерістерін туындатады. Сол кездерде өзгенің ойын тыңдай білу мен адамның өз пікірін өзгелерге жеткізе алу қабілеттері ашылады. Адам өзінің ойын өзгелерге қалай жеткізе алғандығын немесе ондай қабілетінің жетіспей жатқан жақтарын аңғарып үйренеді. Сондай кездерде туындаған моральдық-этикалық мәселелер мен оларды шешу нормалары адамның мінез-құлықтық дағдыларын қалыптастырады. Төменде берілген пікірлерге, шығармадағы кейіпкерлердің образдарын ала отырып, өз ойын салыстырып жазу бұл қабілеттіліктердің ашылуына ықпал етеді.

Өмірдің мәні – ақшада, байлықта, билікте

Өмірдің мәні – отбасында

Өмірдің мәні – тіршілікте

Өмірдің мәні – жақсылық істеуде

Оқытушы кейс-стадидің әр топта қалай талқыланып жатқанын бақылап, барлық топтардың жұмысын талдай отырып, пікірталасты аяқтайды. Уақиғаның шынайы дамуына қысқаша түсініктеме береді, қорытынды шығарады. Сонымен, оқытудың кейс-стади әдісі интерактивті әдістің бір түрі ретінде тыңдаушылар үшін өте тиімді әдіс болып табылады. Ол тыңдаушының сабақты қызығып оқуын туындатады. Бұл әдістің көмегімен тыңдаушылар романды өздігінше меңгере отырып, өмірлік мәселелерді шешу қабілеттерін де жетілдіреді. Сонымен қатар, өз ойын тұжырымдап, соны өзгеге жеткізу ісін жүзеге асыруға да машықтанады.

Кейс-стади әдісі оқытушыны да креативті ойлауға, соны үздіксіз дамытып отыруға дағдыландырады. Ол оқытушының жүргізетін сабағының мазмұнын ерекше құруға, шығармашылық қабілетін жетілдіруге негіз болады.

Мектептерде әдебиет бойынша өзіндік жұмыстың бір түрі әдеби зертхана сабағында оқушыларға әдебиетке қатысты кәсіби-ситуациялық жаттығуларды орындатпас бұрын қарапайым нысанға алынған автордың романын мұқият оқу, проблемалық мәселелерді айқындау, романды оқу барысында өзін толғандырған субъективті пікірлерді, көркемдік образы, оқырман ретінде әрі зерттеуші ретінде тақырыптың өзектілігі мен бүгінгі күнмен байланысын, ақиқат өмірдің шындығын, образдардың прототивтік астарын, тіпті сөз қолданысы, авторлық көркемдік құралдар мен амалдарды қолданудағы дәстүр мен жаңашылдықты жан-жақты талдап, автормен тең дәрежеде сұқбат жүргізуге теориялық әрі соны жеткізуде сөйлеу дағдыларын жетік меңгеруі сынды әртүрлі жұмыс түрлері жүргізіледі. Бұлар әдебиет сабағында алғашқы уақытта орындалатын оқушыларды кәсіби жағдайдағы тілдесімге үйретудің қарапайымнан күрделіге дағдыландыру тәсілдері. Ол үшін оқушылар жазушылармен жүргізілген дайын сұқбат үлгілерін бірнеше талдау, сұрақтардың қойылуы, еркін сұқбаттастық сияқты жаттықтыру жұмыстары орындалады.

Жағдаяттар арқылы мұндай күрделенген сұқбат құрастыру жұмыстарының мақсаты: оқушылардың мамандыққа

байланысты оқыған әдеби шығармалар, яғни көлемді романдарды кешенді талдай отырып, автормен немесе белгілі бір сол саланың маман ғалымдармен кәсіби деңгейде сұхбат құруға дағдыландыру, сұрақтар құруға үйрету.

«Әдеби сұхбатпен» жұмыстың тиімділігі: біріншіден, оқырмандық мәдениеттен зерттеу шығармашылыққа дағдыланады, оқушылар сабақтарына қатысты әдеби шығармаларды «оқырман-мәтін-автор» сынды бірлікте сұхбат құрастыруға үйренеді. Екіншіден, оқушылар тілдік қатынасқа түсе отырып, бір-бірімен мамандықтарына қатысты жаңалықтармен, ақпараттармен алмасуға, оқыған романдарды жай оқырман ретінде емес, жеке субъективті ғылыми-талдауға машықтанады.

Міне, осындай жоба жұмысы оқушылардың қызығушылығы, жеке ерекшелігі, талабы мен алған қойған мақсатына байланысты болады. Оқушылар бір жобаның аясында ізденушілік те, шығармашылық та, ақпараттық та жұмыстар жүргізеді. Жоба жұмысын орындау барысында олар шығармашылықпен ойлануға, өз әрекетін жоспарлауға, жоба бойынша алдына қойған міндеттерді шешуге, алдын ала болжам жасай білуге және жұмыс істеу мәдениетіне үйренеді [5, 29-30].

Осындай оқушылардың оқытушымен бірлесе отырып өз бетімен жүргізген жұмыстарының бірі – «Әдеби тұлғаны тану». Бұл жазушының шығармашылығына үңілуге ден қою үшін, алдын ала белгілі бір шығармашылық тұлға қаламгердің романымен танысу, мұқият оқу және сол негізде автормен сұхбат алуға жобалық тапсырма беріледі. Себебі, қазіргі заман әдебиетінің өкілдері ортамызда бар, әрі оқушыларды терең білімге бейімдеудің де жолы болмақ.

Осындай зерттеу нысанымызға алынған авторлардың бірі Д.Амантаймен әдеби танымдық сұхбат жүргізуге дайындалған сұрақтардың бағытын үлгі ретінде ұсынып отырмыз.

Қорытынды. Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту барысында көркем мәтінді сауатты талдау жүйесі сыныпта және сыныптан тыс сабақ түрлері оқушылардың танымдық белсенділіктерін дамытып, әдеби білім, білік, дағдыларының қалыптасуына тиімді әсер етеді. Осы тұрғыдан келгенде, туындыға талдау жасаудың үлкен мәні бар. Шебер, жүйелі жасалған талдау барысында ғана

оқушылардың құзыреттіліктері қалыптасып, көркем шығарманың эстетикалық табиғаты ашылып, ол бар бояуымен танылады.

Мұғалім әрқашан өзгеріске бейім келеді. Біз қазіргі таңда Z ұрпағын тәрбиелеуші, һәм жол сілтеуші тұлғамыз. Сондықтан да бізге жаңа ұрпақтың таным-түсінігінде, пайым-парасатында бір толқында жүруге тура келеді. Жаңа заманымыздың жаңашыл ұрпағын қалыптастыру жолында жаңашыл ұстаздар аянбай еңбек етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұмабаев М.Б. Педагогика. Оқулық. – Қазан. 1911. 107 бет.
2. Қатаев Н.С. Өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында мультимедиялық технологияларды пайдалану біліктілігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2010. - 144 б.
3. Даутова С.Б., Исхан Б.Ж., Оспанова Б.Р. Филология және технологиялар: ғылыми зерттеу. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012. – 98 б.
4. Алдашева С. Оқушыларды ақпараттық-компьютерлік білім беру орталарына бағдарлап оқыту // Ұлт тағылымы. - 2009. - №3. – 156 б.
5. Кан-калик В.А., Хазан В.И. Психолого-педагогические основы преподавания литературы в школе:– М.: Просвещение, 1988. – 178 с.

ДУЭЛЬ ПЕЧОРИНА С ГРУШНИЦКИМ (ПО РОМАНУ М.Ю.ЛЕРМОНТОВА «ГЕРОЙ НАШЕГО ВРЕМЕНИ»)

Мухаметжан Аружан

Казахский национальный женский педагогический университет студентка 1 курса

Аннотация. В статье рассматривается дуэль между главным героем романа М. Ю. Лермонтова «Герой нашего времени» Григорием Александровичем Печориным и Грушницким, его роль в раскрытии образа главного героя. В ней подвергаются анализу сцены дуэли Печорина и Грушницкого: предыстория поединка, характеристика героев, причина вызова, описание дуэли, смысл и роль эпизода в романе М. Ю. Лермонтова "Герой нашего времени".

Ситуация дуэли хорошо знакома нам благодаря произведениям Пушкина, Тургенева, Л.Толстого. Дуэль была способом восстановления оскорбленной чести, так как согласие на нее предполагало в противниках бесстрашие и желание жизнью заплатить за восстановление репутации. Сильвио из повести Пушкина «Выстрел» даровал графу жизнь, убедившись в собственном моральном превосходстве над «баловнем судьбы». Онегин, герой романа Пушкина, поступил по законам светской чести, «убив на поединке друга», но нарушил общечеловеческие представления о дружбе и святости человеческой жизни. Для героя Толстого Пьера Безухова дуэль с Долоховым явилась отправной точкой в нравственном развитии, ведь он совершил преступление, ранив человека.

В романе «Герой нашего времени» дуэль между приятелями станет кульминацией событий, а для Печорина причиной служебных перемен – его вышлют в крепость.

«Княжна Мери» по жанру является «светской повестью»: ее содержанием стал флирт офицеров с московской княжной Мери Лиговской, любовные отношения Печорина с княгиней верой, интриги «водяного общества» и ссора бывших приятелей. События изложены в виде записок героя, что позволяет читателю понимать мотивацию всех его поступков, его глазами смотреть на пятигорский мир, участвовать в философских размышлениях Печорина и вместе с ним нести ответственность за случившееся.

Печорин оказывается в социально близкой ему среде офицества, но Конфликт с ней становится еще непримиримее, чем отчужденность от всякой другой среды в предыдущих повестях. Окружающие духовно чужды герою, что становится понятно с первых страниц его дневника. Если Печорин видит красоту горного пейзажа (запись от 11 мая), то Грушницкого «просто прекрасное не трогает». Они настолько противоположны во всем, что когда-нибудь столкнутся, и одному из них «несдобровать».

Причиной ссоры становится соперничество в отношениях с Мери. Игра

Печорина с княжной вызвана желанием досадить сопернику и мужским самолюбием, привыкшим торжествовать победу над «неопытной душой». Обольщение княжны идет по пошлomu

сценарию: загадочность поведения, эффектные поступки, спасение от преследователя, романтическая прогулка, исповедь души. Мери настолько наивна и самоуверенна, что убеждена в искренности чувств Печорина и ждет от него предложения. Она приняла навязанный стиль отношений и не догадывается, насколько эти отношения носят внешний характер. Болезнь после разрыва с Печоринным станет потрясением, которое принесет ей иной взгляд на мир.

Самонадеянность, пустота и пошлость Грушницкого доведут его до откровенной подлости по отношению к женщине («Какова княжна!») и нарушению офицерской чести во время дуэли. Драгунский капитан даже в момент угрозы жизни Грушницкого лжет, не испытывая элементарного стыда и не пытаясь спасти юного товарища. Эти люди отвратительны Печорину, и он жестоко поступает с Грушницким – жертвой его экспериментов. Беда Грушницкого в том, что он не тот, кем кажется себе («Его цель – сделаться героем романа»), а слабовольный юноша, которым можно управлять. Неосознанно подражая Печорину, он становится карикатурой на оригинал, чего ему не прощает сам Печорин.

Дуэль была вызвана оскорбительным высказыванием Грушницкого о Княжне Мери. Печорин попросил его отказаться от сказанного, но Грушницкий не согласился, хотя был «в сильнейшем волнении». «Борьба совести с самолюбием была непродолжительна». Офицерская среда имела над ним власть, и старания драгунского капитана сделали невозможным требование Печорина. Дуэль, однако, к кодексу чести отношения не имела: офицеры договорились об одностороннем мщении (не заряжать пистолет Печорина).

Следующий эпизод – ночная бессонница Печорина и его рассуждения о смерти, прошлой жизни, нереализованной цели, неисполненном «предназначенье высоком», необъятных душевных силах. Перед лицом смерти герой жестко оценивает свою жизнь как потраченную на приманки «страстей пустых и неблагодарных», а свою роль как «топора в руках судьбы». Он вспоминает тех, кого любил, и признается что «ничем не жертвовал» для них. Он понимает, что после его смерти «не останется на земле ни одного существа, которое бы поняло» его.

Утро в день дуэли обостряет в Печорине чувственную и поэтическую жажду: «Я не помню утра более голубого и свежего!.. в этот раз, больше чем когда-нибудь прежде, я любил природу». Однако в разговоре с доктором Вернером он стремится быть эгоистом, холодно рассуждающим о нежелании писать завещание, презирающим смерть и страх перед ней.

Во время дуэли Печорин желает найти в Грушницком следы угрызений совести и видит их: «тусклая бледность покрывала его щеки», «во взгляде его было какое-то беспокойство, изобличающее внутреннюю борьбу». Грушницкий, может быть, и рад принести извинения, но пошлая офицерская среда заставляет продолжать недостойную игру. Печорин готов был броситься противнику на шею, если бы у того хватило сил прекратить заговор – ведь целью общения героя Лермонтова с людьми было спровоцировать в них настоящее, сорвать маску, оставить наедине с совестью и истиной. Обнаженные отношения – стиль поведения Печорина с теми, кто этого достоин.

Грушницкий не признается ни в чем, малодушно промахивается, и Печорин дает себе «полное право не щадить его». «Забытая второпях пуля» положена в пистолет, приговоренному дан последний шанс, от которого он отказывается («Стреляйте... Я себя презираю, а вас ненавижу. Если вы меня не убьете, я вас зарежу ночью из-за угла. Нам на земле вдвоем нет места...»). В этом признании проявилась истинная природа Грушницкого: самолюбие и ревнивое отношение к более удачливым людям.

Итак, предсказанная Печориным «узкая дорога» свела их на еще более узкой площадке, и «только прах легким столбом еще вился на краю обрыва». Еще один обрыв, в котором не оказался Печорин, но платой за собственную жизнь стало убийство бывшего приятеля и разрыв отношений с Вернером.

Один из достойнейших героев повести – доктор Вернер, портрет которого романтизирован (подчеркнуто сходство с Байроном, «молодежь прозвала его Мефистофелем»), круг его общения – «все истинно порядочные люди, служившие на Кавказе» (т.е. разжалованные и сосланные в действующую армию участники декабристского движения). Герои «друг друга скоро поняли и сделались приятелями» (Печорин «к дружбе не

способен», поскольку в ней «всегда один раб другого»). Их роднит «философско-метафизическое направление» убеждений, хотя и не сходных, насмешка над миром и самоирония, отвращение к пошлости, интерес к «живым струнам человеческим», которые Вернер изучил в совершенстве, не умея «воспользоваться своим знанием». В этом различие: Печорин таким знанием пользуется. И этого не простит ему доктор после дуэли: «Можете спать спокойно... если можете». Вернер несет нравственную ответственность за происходящее вокруг, а Печорин наказывает окружающих за душевное несовершенство.

Дуэль стала высшей точкой конфликта между двумя типами героев: поверхностным пошляком и фразером, с легкостью идущим на нарушение законов мужской и офицерской чести, с беспощадным эгоистом, жестоко наказывающим тех, кто растворяется в житейской пене и не хочет углубляться в сложные вопросы бытия.

Экстремальная ситуация оказалась в пользу Печорина: он до последнего рассчитывает на пробуждение совести Грушницкого, а тот и перед смертью позерствует и ненавидит удачливого соперника. Следствием дуэли стал вынужденный отъезд Печорина в крепость, где произойдут события, описанные в «Бэле» и «Фаталисте».

ЛИТЕРАТУРА:

1. М.Ю.Лермонтов. Герой нашего времени. – М., 2006. – 384 с.

МЕСТО ПОВЕСТИ «ФАТАЛИСТ» В КОНТЕКСТЕ РОМАНА «ГЕРОЙ НАШЕГО ВРЕМЕНИ»

Бозтаева Аружан

*Казахский национальный
женский педагогический университет
студентка 3 курса*

Аннотация. В данной статье рассматривается проблематика повести «Фаталист», образ Вулича и споры героев о предопределении. В основу «Фаталиста» положен вопрос о «случае», «судьбе», «предопределений». Сюжет

новеллы трижды подтверждает реальность предопределения. В повести «Фаталист» поставлен и решен вопрос о том, может ли критически мыслящий человек проявить свою волю и бороться с пороками общества, к которому сам принадлежит.

Большинство исследователей называют «Фаталист» повестью, имея в виду законченный характер, относительную самостоятельность и философскую насыщенность произведения. Им завершается роман. Случайная, бессмысленная смерть Вулича словно перекликается с брошенной ранее фразой о смерти Печорина. Авантюрно-философская природа повести делает ее самой загадочной среди остальных частей романа.

Вопросы о судьбе и предопределении, случайном и закономерном, свободе воли и духовной несвободе – центральные в «Фаталисте». Тема испытания карточного игрока судьбой, противостояния жизни и смерти, удачи и невезения занимала еще Пушкина («Выстрел», «Пиковая дама»). Лермонтов также размышляет о предопределенности, но насыщает повествование множеством точек зрения, столкнув мусульманские верования, христианское учение и атеистическое сознание разных героев.

В «Фаталисте», как и в «Тамани», много таинственного, загадочного, порой страшного, мистического («разговор против обыкновения был занимателен», «каждый рассказывал разные необыкновенные случаи»). Появляется исключительный герой Вулич, описаны его страсть к игре и порядочность, потом нелепое пари, случайная осечка оружия, сохранившая жизнь героя, и такая же случайная его смерть. Однако главным героем остается Печорин, и все странные события повести будут осмыслены и объяснены им. Пейзаж, увиденный его глазами, готовит нас к страшным и необъяснимым происшествиям: вместо красоты снеговых гор Кавказа, уюта липовых аллей Пятигорска – «зубчатый горизонт домов», темные переулки, «красный, как зарево, пожарищ», месяц, осветивший тушу разрубленной свиньи на пустой улице. Это те знаки, которыми подготавливается заключительный трагический эпизод повести.

Ю.М. Лотман в статье о романе Лермонтова писал о взгляде поэта на соотношение русской и европейской культур: первая противостоит «великим дряхлым цивилизациям Запада как

культура юная», она гибко воспринимает чужое сознание, верования и обычаи, рождая определенные типы личностей. Есть Максим Максимыч, с легкостью принимающий обычаи кавказских народов; есть «европеизированная чернь», поверхностно усвоившая пошлость европейской культуры: позы, декламацию и готовые пышные фразы («водяное общество» и Грушницкий); есть печоринский тип, приобщенный к «миру титанов европейской романтической культуры» – миру Байрона и Наполеона. В «Фаталисте» ведется (с учетом европейского и восточного отношения к проблеме) дискуссия героев о судьбе, предопределении и свободе человеческой воли.

В фатализм верит Вулич, офицер родом из Сербии, завоеванной турками; он разделяет «мусульманское поверье» о предопределенности судьбы. Колоритная восточная внешность героя «отвечала вполне его характеру», он стал пленником страстей и азартной карточной игры: «постоянные неудачи только раздражали его упрямство». Он дразнит и испытывает судьбу, не сомневаясь в ее власти над человеком. Ощущения после осечки пистолета для него «лучше банка и штосса». Он мечтает о везении, удаче, фортуне. Но если судьба предопределена, то нельзя рассчитывать на карточный случай, а все поведение Вулича – это желание вырвать у судьбы свой выигрыш, оказаться сильнее ее. В новелле испытываются убеждения героев: Вулича, который верит в силу рока (Восток), и Печорина, настаивающего на силе разума, воли, рассудка (Запад).

Каждый из трех эпизодов новеллы то подтверждает, то отрицает существование предопределения. Вулич предлагает «испробовать на себе, может ли человек своевольно располагать своею жизнью, или каждому... заранее назначена роковая минута». Несмотря на всеобщий протест, Печорин заключает с Вуличем пари. Осечка помогла сербу выиграть спор, но Печорина смущает «печать смерти», увиденная им на лице победителя. На какой-то момент Печорин готов поверить в правоту офицера-серба, и эта вера усиливается, когда он узнает о гибели Вулича от руки пьяного казака. «Видно, уж так у него на роду было написано», – скажет об этой трагедии Максим

Максимыч, и Печорин подтвердит правоту штабс-капитана, ведь он «предсказал невольно бедному его судьбу».

В третьем эпизоде Печорин сам повторяет эксперимент Вулича. Он принимает решение обезвредить пьяного убийцу, запершегося в сарае: «... подобно Вуличу я вздумал испытать судьбу». Хотя пуля казака «сорвала эполет», Печорин успел справиться с противником: «После всего этого как бы, кажется, не сделаться фаталистом?». Но европейское сознание героя не готово хоть что-нибудь принимать на веру, ведь он знает, «как часто мы принимаем за убеждения обман чувств или промах рассудка». Своим поступком он противопоставил фатализму волевой акт, рассчитав детали задуманного: заглянул в щель сарая, велел есаулу «завести... разговор» с убийцей и поставить у дверей трех казаков, до секунды рассчитал прыжок «головой вниз». Вулич просто спустил курок, оставаясь истинным фаталистом, а Печорин проявил холодный расчет и личную волю. Это европейский взгляд на поведение человека и реализацию сил, заложенных в нем: «И если точно есть предопределение, то зачем же нам дана воля, рассудок?».

Печорин много раз испытывает судьбу: не боится чеченских пуль, пытается догнать Бэлу и Казбича, вступает в поединок с ундиной, участвует в дуэли с Грушницким, берет пьяного казака. Как и Вулич, он играет в рулетку с судьбой, не желая ей подчиняться. Печорин совершает героический поступок, но говорит об этом вскользь: «Офицеры меня поздравляли – и точно было с чем». При наличии конкретной цели в нем раскрываются лучшие качества. Вулич жертвовал собой бессмысленно, а Печорин – во имя спасения людей.

Для понимания Печорина важен эпизод, когда он возвращается «домой пустыми переулками станицы» и размышляет о «людях премудрых», убежденных в участии небесных светил в «ничтожных спорах за клочок земли». Зато «какую силу воли придавала им уверенность, что целое небо... на них смотрит с участием...». Себя и свое поколение Печорин называет «жалкими потомками», не имеющими убеждений и гордости, наслаждения и страха, не способными «к великим жертвам ни для блага человечества, ни даже для собственного нашего счастья». Эти строчки перекликаются со стихотворением

«Дума», давшим поэтический портрет поколения Лермонтова. В своем монологе Печорин отверг и христианскую идею самопожертвования, и мусульманскую убежденность в предопределенности человеческой судьбы, и язычество древних «премудрых» людей.

Из всех споров с другими героями, чувствами, судьбой Печорин выходит опустошенным, но не сдавшимся. Его атеизм – драма личности и необходимый этап формирования сознания, отринувшего все прежние нравственные авторитеты. Это поколение ищущих и сомневающих: «Я люблю сомневаться во всем: это расположение ума не мешает решительности характера – напротив; что до меня касается, то я всегда смелее иду вперед, когда не знаю, что меня ожидает. Ведь хуже смерти ничего не случится – а смерти не минуешь!». Драма в том, что Печорин не знает ничего лучше смерти – в бессмертие души он не верит. Смысл эпизода пари с Вуличем – показать, как философски деятелен Печорин, как соотносит жизнь и убеждения, идеи и поступки, любую схему и догму превращая в личный эксперимент.

ЛИТЕРАТУРА:

1. М.Ю.Лермонтов. Герой нашего времени. – М., 2006. – 384с.

ПРИЕМЫ РАСКРЫТИЯ ЛИЧНОСТИ ПЕЧОРИНА В РОМАНЕ «ГЕРОЙ НАШЕГО ВРЕМЕНИ»

Метербаева Меддина

*Казахский национальный
женский педагогический университет
студентка 1 курса
г.Алматы*

Аннотация. В статье рассматривается образ Григория Печорина, главного героя романа М. Ю. Лермонтова «Герой нашего времени». Характеристика главного героя, внешний образ. Для наиболее полного раскрытия образа своего героя Лермонтов использует не только особенную композицию (принцип нарушенной хронологии), но и сравнивает Печорина с

другими героями. В центре системы художественных образов находится Печорин. Все остальные персонажи группируются вокруг него, помогая раскрытию его характера.

Из всех философских проблем романа центральная – концепция личности. Это определено сознательно самим Лермонтовым, в предисловии к «Журналу Печорина» от имени повествователя написавшего: «История души человеческой... едва ли не любопытнее и не полезнее истории целого народа». В образе Печорина писателю удалось создать обобщенный тип личности. Но это и портрет героя конкретной эпохи, ведь Печорин жил в определенное историческое время и стал носителем его особенностей.

В романе описана последекабристская эпоха, о которой Герценом сказано: «На поверхности видны были только потери, жестокая реакция, внутри же совершалась великая работа... глухая и безмолвная, но деятельная и беспереывная».

Образ Печорина стал художественным открытием в русской литературе, за ним упрочилось название «лишний человек», что отразило процесс формирования общественного сознания в России. Наиболее точно определил особенности этого типа А.И. Герцен: «Печальный тип лишнего человека... являлся тогда не только в поэмах и романах, но на улицах и в гостиных, в деревнях и городах». «Лишними» эти герои стали потому, что опередили свое поколение в интеллектуальном развитии, став личностями «в условиях обезличенной действительности николаевской России», что было одним «из самых трагических положений в мире».

В русской литературе и раньше делались попытки создать тип героя-интеллектуала, ощутившего зло социальной среды (Чацкий). Пушкин в образе Онегина отразил болезненный процесс становления сознания, развития личности в человеке светском и праздном. Его герой только на пути постижения трагичности человеческого существования, а Печорину еще в юности открылись зло и невозможность счастья, лицемерие и невежество окружающего мира. Это трагедия сложившейся личности, обреченной на конфликт с эпохой, на отрицание ее законов и морали.

По мнению автора, трагедия печоринской эпохи не только в том, что «люди терпеливо страдают», а в том, что «большинство страдает, не замечая этого». В сложном образе Печорина отображен исторический процесс развития общественного сознания со всеми его срывами и открытиями, взлетами и падениями, интеллектуальной энергией и неспособностью прямого общественного действия.

Образ Печорина раскрывается постепенно. Герой помещается в различные этнические и социальные группы, благодаря чему его личность освещается с самых разных сторон (Печорин и горцы; Печорин и контрабандисты; Печорин и «водяное общество»).

Печорин – интеллигент николаевской эпохи, ее продукт, герой и жертва, чья душа испорчена светом, разорвана на две половинки, «лучшая из которых высохла, испарилась, умерла... тогда как другая... жила к услугам каждого». Но есть в нем и нечто большее, что делает его представителем не только данной эпохи, но и человеческого рода вообще. Он сознает себя, умеет анализировать поступки и признавать ошибки, задавать вопросы о предназначении и не играть навязанную социальную роль (записи в «Журнале...»). Эта способность к самоанализу есть рефлексии, благодаря ей герой строит личность, ведь «душа, страдая и наслаждаясь, дает во всем себе строгий отчет».

Неукротимая деятельность Печорина важная для автора. Человек достигает вершин в свободном энергичном поступке, исходя из своих потребностей действовать, а не выполнять предназначенное. Движущее начало поступков Печорина – интеллектуальная воля, а не страсти: «Сам я больше не способен безумствовать под влиянием страсти; честолюбие у меня подавлено обстоятельствами... а первое мое удовольствие – подчинять моей воле все, что меня окружает» (отношения с Бэлой, Мэри, Верой).

Однако двойственность природы героя проявится, когда он, как безумный, пустится вдогонку за Верой и загонит лошадь. Может, это проснувшаяся любовь? «При возможности потерять ее навеки Вера стала... дороже всего на свете» – вот мотивация сумасшедшей погони. Герой не привык терять тех, кто подчинен его воле. В записях 3-го июня Печорин спрашивает себя, почему

ему хочется добиться любви Мери: оказывается, не для того, чтобы насолить Грушницкому. Цель – в «обладании молодой, едва распустившейся души». Это «ненасытная жадность», поглощающая все. Герой честен перед собой: «Я смотрю на страдания и радости других только в отношении к себе, как на пищу, поддерживающую мои душевные силы». И счастье для героя – «насыщенная гордость».

Через отношения с героинями раскрывается эгоистическая сущность Печорина, его неумение любить и приносить счастье, ведь для этого необходимо жертвовать собой.

Бэла стала его первой (по композиции) жертвой, ведь социальный и культурный разрыв между героями не мог компенсироваться влюбленностью, и Печорин обязан был это предусмотреть. Единственное его оправдание – собственное страдание: «Если я причиною несчастья других, то и сам не менее несчастлив». Способностью переживать, став причиной несчастья других, не обладают горцы. Лермонтов разрушает романтическую концепцию «естественного человека», отдавая предпочтение своему герою. Через любовь к дикарке он не излечивается от скуки и холодности, но трагически переносит тяготения Бэлой, а затем ее гибель.

Интерес к ундине вызван не только ее внешней привлекательностью, но и загадкой личности. Печорин способен на безрассудные поступки для удовлетворения любопытства. В повести «Тамань» мы узнаем о его умении ценить женскую красоту и породу, о его авантюризме и бесстрашии.

Отношения с Мери наполнены одновременно цинизмом и благородством, расчетом и непосредственностью, безжалостностью и драматичными переживаниями. В них есть игра и откровенность, холодный эксперимент и неожиданные последствия. Однажды Печорин спросит себя, уж не влюбился ли он, а в сцене разрыва («княжна... я над вами смеялся») появится запись о возможных тихих радостях и спокойствии душевном. Встреча с Печориным спровоцирует в избалованной светской барышне конфликт между кажущимся и глубинным, оригинальным и поддельным – этого добился герой своими жестокими действиями. Любовь – психологическая игра и борьба самолюбий, а победа всегда остается за Печориным.

Случайная встреча с Верой наполняет его жизнь интригой, о любви к ней он не говорит, так как хочет быть «только любимым». Раз в жизни Печорин любил женщину «с твердой волей, которую никогда не мог победить», потому и расстались они врагами. Несчастная способность подчинять себе людей лишает героя равенства в любви и дружбе, рождая абсолютное превосходство и одиночество. Вера пишет в письме ему, что никогда не будет любить другого: «Любившая раз тебя не может смотреть без некоторого презрения на прочих мужчин... в твоей природе есть что-то особенное, тебе одному свойственное, что-то гордое и таинственное... ни в ком зло не бывает так привлекательно, ничей взор не обещает столько блаженства...». Обаяние зла есть черта демоническая, что роднит Печорина с героями стихов и поэм Лермонтова.

Противоречие между своей неукротимой деятельностью и жалкими результатами ее сознает и сам герой: «Гений, прикованный к чиновничьему столу, должен умереть или сойти с ума». Он не отвергает уготованные судьбой роли («...верно, было мне назначенье высокое, потому что я чувствую в душе моей силы необъятные»), но понимает невозможность самореализации («Мало ли людей, начиная жизнь, думают кончить ее как Александр Великий или лорд Байрон, а между тем целый век остаются титулярными советниками»). Это определяет горечь всех его размышлений, пустоту и бесплодность жизни, объясняет его социальную апатию. Мы не видим его в сфере профессиональной, он активен только в личной жизни, где есть возможность проявления свободы и выбора.

Свободу «лишнего человека» высоко оценил Герцен: «Не домогаться ничего, беречь свою независимость, не искать места – все это при деспотическом режиме называется быть в оппозиции». Печатью мужества отмечено отрицание героем действительности. У него одна цель – постижение возможностей личности, отсюда бесконечная цепь экспериментов над собой и другими. Это сфера его свободы: «Отчего я так дорожу ею? что мне в ней? Куда я себя готовлю? чего я жду от будущего?» Печорин пытается вскрыть в другом человеке дремлющий конфликт, заставить сбросить маску (на дуэли готов простить Грушницкого, если тот признается в подлом заговоре).

Для Печорина добро и зло давно смешаны, потому он не остановится ни перед чем, разрушая чужие иллюзии, счастье, жизни. Рядом с ним другие герои кажутся пресными, заурядными. Максим Максимыч – воплощение нормальной, человеческой теплоты, ответственности и долга. Но он также и служака, выполняющий приказы. Грушницкий – мальчишка, пытающийся сыграть значительную личность, связавшийся с ничтожными людьми. Вернер – замечательный, сильный человек, но и его отталкивает печоринская беспощадность. Печорин в одиночку бросает вызов миру, людям, небесам.

Лермонтов художественно отобразил эпоху 30-40-х годов XIX века, главные герои которой посвятили жизнь интеллектуальному осмыслению своего места в ней. В романе этот процесс самопознания воплощен в Печорине. Однако роман Лермонтова имеет полифонический характер: основная мысль вырастает из одновременного звучания многих голосов. Эта черта реалистической прозы, где нет монополии на ту или иную точку зрения. Кроме того, система образов не делит героев на положительных и отрицательных, предлагая объемный взгляд на происходящее. Противоречивость и сложность человеческой природы воплощена Лермонтовым с психологической достоверностью. В отличие от традиционного романтического негодования по поводу несовершенства мира, автор предлагает понять эпоху и ее героя, соединив высокую романтическую интонацию с реалистическим анализом.

ЛИТЕРАТУРА:

1. М.Ю.Лермонтов. Герой нашего времени. – М., 2006. – 384с.

СПОРЫ О ПРЕДОПРЕДЕЛЕНИИ В РОМАНЕ «ГЕРОЙ НАШЕГО ВРЕМЕНИ»

Искендір Ақбота

*Казахский национальный женский
педагогический университет
студентка I курса
г. Алматы*

Аннотация. В статье рассматриваются философские взгляды М.Ю. Лермонтова по вопросу предопределения судьбы. Играет ли какую-либо роль воля в жизни отдельно взятой личности? Этот вопрос решает в своем дневнике Печорин, вырабатывающий волевой характер, к сожалению, направленный не во благо окружающих его людей. В «Фаталисте», по мнению автора статьи, выдвигается тезис о кажущемся единстве «судьбы» и «воли», неразрывно существующих в результате сложной, зачастую противоречивой диалектики. Автор подтверждает свой тезис, опираясь на роман М.Ю. Лермонтова.

Большинство исследователей называют «Фаталист» повестью, имея ввиду законченный характер, относительную самостоятельность и философскую насыщенность произведения. Им завершается роман. Случайная, бессмысленная смерть Вулича словно перекликается с брошенной ранее фразой о смерти Печорина. Авантюрно-философская природа повести делает ее самой загадочной среди остальных частей романа.

Вопросы о судьбе и предопределении, случайном и закономерном, свободе воли и духовной несвободе – центральные в «Фаталисте». Тема испытания карточного игрока судьбой, противостояния жизни и смерти, удачи и невезения занимала еще Пушкина («Выстрел», «Пиковая дама»). Лермонтов также размышляет о предопределенности, но насыщает повествование множеством точек зрения, столкнув мусульманские верования, христианское учение и атеистическое сознание разных героев.

В «Фаталисте», как и в «Тамани», много таинственного, загадочного, порой страшного, мистического («разговор против обыкновения был занимателен», «каждый рассказывал разные

необыкновенные случаи»). Появляется исключительный герой Вулич, описаны его страсть к игре и порядочность, потом нелепое пари, случайная осечка оружия, сохранившая жизнь героя, и такая же случайная его смерть. Однако главным героем остается Печорин, и все странные события повести будут осмыслены и объяснены им. Пейзаж, увиденный его глазами, готовит нас к страшным и необъяснимым происшествиям: вместо красоты снеговых гор Кавказа, уюта липовых аллей Пятигорска – «зубчатый горизонт домов», темные переулки, «красный, как зарево, пожарищ», месяц, осветивший тушу разрубленной свиньи на пустой улице. Это те знаки, которыми подготавливается заключительный трагический эпизод повести.

Ю.М. Лотман в статье о романе Лермонтова писал о взгляде поэта на соотношение русской и европейской культур: первая противостоит «великим дряхлым цивилизациям Запада как культура юная», она гибко воспринимает чужое сознание, верования и обычаи, рождая определенные типы личностей. Есть Максим Максимыч, с легкостью принимающий обычаи кавказских народов; есть «европеизированная чернь», поверхностно усвоившая пошлость европейской культуры: позы, декламацию и готовые пышные фразы («водяное общество» и Грушницкий); есть печоринский тип, приобщенный к «миру титанов европейской романтической культуры» – миру Байрона и Наполеона. В «Фаталисте» ведется (с учетом европейского и восточного отношения к проблеме) дискуссия героев о судьбе, предопределении и свободе человеческой воли.

В фатализм верит Вулич, офицер родом из Сербии, завоеванной турками; он разделяет «мусульманское поверье» о предопределенности судьбы. Колоритная восточная внешность героя «отвечала вполне его характеру», он стал пленником страстей и азартной карточной игры: «постоянные неудачи только раздражали его упрямство». Он дразнит и испытывает судьбу, не сомневаясь в ее власти над человеком. Ощущения после осечки пистолета для него «лучше банка и штосса». Он мечтает о везении, удаче, фортуне. Но если судьба предопределена, то нельзя рассчитывать на карточный случай, а все поведение Вулича – это желание вырвать у судьбы свой выигрыш, оказаться сильнее ее. В новелле испытываются

убеждения героев: Вулича, который верит в силу рока (Восток), и Печорина, настаивающего на силе разума, воли, рассудка (Запад).

Каждый из трех эпизодов новеллы то подтверждает, то отрицает существование предопределения. Вулич предлагает «испробовать на себе, может ли человек своевольно располагать своею жизнью, или каждому... заранее назначена роковая минута». Несмотря на всеобщий протест, Печорин заключает с Вуличем пари. Осечка помогла сербу выиграть спор, но Печорина смущает «печать смерти», увиденная им на лице победителя. На какой-то момент Печорин готов поверить в правоту офицера-серба, и эта вера усиливается, когда он узнает о гибели Вулича от руки пьяного казака. «Видно, уж так у него на роду было написано», – скажет об этой трагедии Максим Максимыч, и Печорин подтвердит правоту штабс-капитана, ведь он «предсказал невольно бедному его судьбу».

В третьем эпизоде Печорин сам повторяет эксперимент Вулича. Он принимает решение обезвредить пьяного убийцу, запершегося в сарае: «... подобно Вуличу я вздумал испытать судьбу». Хотя пуля казака «сорвала эполет», Печорин успел справиться с противником: «После всего этого как бы, кажется, не сделаться фаталистом?». Но европейское сознание героя не готово хоть что-нибудь принимать на веру, ведь он знает, «как часто мы принимаем за убеждения обман чувств или промах рассудка». Своим поступком он противопоставил фатализму волевой акт, рассчитав детали задуманного: заглянул в щель сарая, велел есаулу «завести... разговор» с убийцей и поставить у дверей трех казаков, до секунды рассчитал прыжок «головой вниз». Вулич просто спустил курок, оставаясь истинным фаталистом, а Печорин проявил холодный расчет и личную волю. Это европейский взгляд на поведение человека и реализацию сил, заложенных в нем: «И если точно есть предопределение, то зачем же нам дана воля, рассудок?».

Печорин много раз испытывает судьбу: не боится чеченских пуль, пытается догнать Бэлу и Казбича, вступает в поединок с ундиной, участвует в дуэли с Грушницким, берет пьяного казака. Как и Вулич, он играет в рулетку с судьбой, не желая ей подчиняться. Печорин совершает героический поступок, но

говорит об этом вскользь: «Офицеры меня поздравляли – и точно было с чем». При наличии конкретной цели в нем раскрываются лучшие качества. Вулич жертвовал собой бессмысленно, а Печорин – во имя спасения людей.

Для понимания Печорина важен эпизод, когда он возвращается «домой пустыми переулками станицы» и размышляет о «людях премудрых», убежденных в участии небесных светил в «ничтожных спорах за клочок земли». Зато «какую силу воли придавала им уверенность, что целое небо... на них смотрит с участием...». Себя и свое поколение Печорин называет «жалкими потомками», не имеющими убеждений и гордости, наслаждения и страха, не способными «к великим жертвам ни для блага человечества, ни даже для собственного нашего счастья». Эти строчки перекликаются со стихотворением «Дума», давшим поэтический портрет поколения Лермонтова. В своем монологе Печорин отверг и христианскую идею самопожертвования, и мусульманскую убежденность в предопределенности человеческой судьбы, и язычество древних «премудрых» людей.

Из всех споров с другими героями, чувствами, судьбой Печорин выходит опустошенным, но не сдавшимся. Его атеизм – драма личности и необходимый этап формирования сознания, отринувшего все прежние нравственные авторитеты. Это поколение ищущих и сомневающих: «Я люблю сомневаться во всем: это расположение ума не мешает решительности характера – напротив; что до меня касается, то я всегда смелее иду вперед, когда не знаю, что меня ожидает. Ведь хуже смерти ничего не случится – а смерти не минуешь!». Драма в том, что Печорин не знает ничего лучше смерти – в бессмертие души он не верит. Смысл эпизода пари с Вуличем – показать, как философски деятелен Печорин, как соотносит жизнь и убеждения, идеи и поступки, любую схему и догму превращая в личный эксперимент.

ЛИТЕРАТУРА:

1. М.Ю.Лермонтов. Герой нашего времени. – М., 2006. – 384с.

ТЕМА СКУКИ И РАЗОЧАРОВАНИЯ В «ПАЛОМНИЧЕСТВЕ ЧАЙЛЬД-ГАРОЛЬДА» И В РОМАНЕ «ГЕРОЙ НАШЕГО ВРЕМЕНИ»

Серікбай Лаура

*Казахский национальный
женский педагогический университет
студентка 1 курса
г. Алматы*

Аннотация. Байрон и Лермонтов – одна из ключевых проблем в сравнительном литературоведении. Она разрабатывается уже на протяжении полутора столетий. В статье предпринята попытка определить меру самостоятельности Лермонтова в построении романа «Герой нашего времени»; выявить параллели и расхождения русского и английского текстов; провести сплошное сопоставление текстов Байрона и Лермонтова.

Темы скуки и разочарования пронизывают оба произведения. Это разочарование в людях и их нравственности, в дружбе и любви. В первой песне Чайльд-Гарольд рассказывает о своих юношеских увлечениях, разгульной жизни, о том, что он понял, что его товарищи льстецы, окружавшие его в праздности и веселье, а женщин привлекало только его богатство, а не любовь [1; с. 21-22].

Думая о возможной смерти, Печорин также испытывает разочарование в дружбе и любви: «Друзья, которые завтра меня забудут или, хуже, возведут на мой счет бог знает какие небывлицы; женщины, которые, обнимая другого, будут смеяться надо мною, чтоб не возбудить в нем ревности к усопшему, – бог с ними! Из жизненной бури я вынес только несколько идей – и ни одного чувства» [2; IV, с. 292].

Разочарование приводит к равнодушию, скуке и пресыщению. Эти темы настойчиво повторяются и в «Паломничестве Чайльд-Гарольда» и в «Герое нашего времени».

Тема одиночества героя, его оторванности от окружающего мира подчеркивается в обоих произведениях. Слова *lonely, lone,*

alone, solitary, loneliness неоднократно повторяются в «Паломничестве Чайльд-Гарольда» по отношению к герою [1].

Одиночество неизбежно и для Печорина и тесно связано со скукой, замкнутостью и скрытностью [2; IV, с. 268].

При сопоставлении произведений можно выделить сложные образы. Одним из них является образ байронического героя, впервые появившийся в «Паломничестве Чайльд-Гарольда» и являющийся значительным литературным типом героя романтического периода.

Перечислим основные характеристики байронического героя, присущие Чайльд-Гарольду. Это скиталец, пресыщенный жизнью, меланхоличный, обособленный от общества, одинокий, тщетно ищущий реализации своих возможностей. Бунтарь, отвергающий нравственные устои и нормы общества, склонный к эмоциональным конфликтам. Он любит природу и восхищается ею, чувствителен, имеет высокий уровень интеллекта и восприятия, образован, аристократ по происхождению, несет в своем сознании память о прошлых тайных грехах своей молодости, эгоцентричен, склонен к длительному глубокому самоанализу, имеет двойственность сознания.

Двойственность сознания – одна из самых характерных черт и Чайльд-Гарольда и Печорина. Но у Лермонтова эта тема значительно усилена и углублена [2; IV, с. 268, 292]. С раздвоенностью сознания тесно связана склонность Печорина к рефлексии. В ней он ищет разрешения вопросов, которые тревожат его: «подсматривает каждое движение своего сердца, рассматривает каждую мысль свою. Он сделал из себя самый любопытный предмет своих наблюдений <...>» [3; Т. 4, с. 266]. Чайльд-Гарольд тоже рефлектирующая натура, но рефлексия у него не связана с тщательным анализом собственных поступков и переживаний.

Из основных черт личности Печорина можно выделить интеллектуальное превосходство над окружающими, эгоцентризм, цинизм, умение скрывать свои чувства и эмоции под маской безразличия. Примером может служить описание состояния Печорина над умирающей Бэлой и сразу же после ее кончины. Лермонтов с большим искусством показывает эту черту Печорина с точки зрения Максима Максимыча: «<...> ни

одной слезы на ресницах его; в самом деле он не мог плакать, или владел собою – не знаю <...>» [2; IV, с. 213]. «<...> его лицо ничего не выражало особенного, и мне стало досадно: я бы на его месте умер с горя. Наконец он сел на землю, в тени, и начал что-то чертить палочкой на песке. Я, знаете, больше для приличия хотел утешить его, начал говорить; он поднял голову и засмеялся... У меня мороз пробежал по коже от этого смеха...» [2; IV, с. 214-215].

Другие черты Печорина, не свойственные байроновскому Чайльд-Гарольду, – жестокость и стремление подчинять чувства и желания других людей своей воле. Так Печорин любой ценой добывается любви Бэлы, стремится сломать ее сопротивление: то дарит подарки, то принуждает к поцелую, то наигранно прощается с нею. И Бэла страдает, чувствует себя виноватой и жалеет его. Он манипулирует чувствами Бэлы ради собственной цели, заставляя подчиниться его воле, желанию [2; IV, с. 200-201].

Максим Максимыч также отмечает в Печорине черту властности, подчиняющей людей: «есть люди, с которыми непременно должно согласиться» [2; IV, с. 199].

Жестокость Печорина проявляется и по отношению к княжне Мери. Примером может служить попытка княжны заставить Печорина признаться в любви, когда они переезжали Подкумок вброд. Его умышленный, спланированный отказ приводит княжну в отчаяние, после чего он наслаждается мыслью, что княжна Мери не будет спать всю ночь из-за страданий, которые он причинил ей [2; IV, с. 280]. Печорин не только жесток по отношению к княжне, но он еще испытывает наслаждение, унижая княжну Мери.

В отличие от Чайльд-Гарольда с его трогательным, возвышенным отношением к женскому полу [1; с. 249-250], Печорин временами бывает необузданно жесток к людям, вызывая смерть Бэлы, глубоко огорчая Максима Максимыча, разрушая жизнь контрабандистов и Веры, издеваясь над княжной Мери, убивая Грушницкого.

Несмотря на сходство романтического типа героя, Печорин отличается от героя романа Байрона такими чертами, как жестокость, стремление подчинять чувства и желания других

людей своей воле, цинизм, фатализм, демонизм. Печорин представляет собой развитие байронического типа героя, его дальнейшее продолжение. Так опыт Байрона, его байронический герой стал опорой для создания Лермонтовым образа своего героя. Мы привели ряд черт, свидетельствующих о самобытности лермонтовского героя.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Byron G.G. Childe Harold's Pilgrimage // The Works of Lord Byron. Poetry. Edited by E.H. Coleridge. Vol. II. London: John Murray, Albemarle Street; New York: Charles Scribner's Sons, 1922. 525 p.
2. Лермонтов М.Ю. Собрание сочинений в четырех томах / АН СССР. Ин-т рус. лит. (Пушкин, дом) / отв. ред. В.А. Мануйлов. Изд. 2-е, испр. и доп. Л.: Наука, 1979 - 1981. Т. 1. 1979. 655 с; Т. 2. 1980. 575 с; Т. 3. 1980. 623 с; Т. 4. 1981. 591 с.
3. Белинский В.Г. <Рецензии. Август - ноябрь 1841 г.> // Белинский В.Г. Полное собрание сочинений в 13-ти томах. М.: Изд-во АН СССР, 1953 - 1959. Т. 5. 1954. С. 452 - 453.

**ТРАНСФОРМАЦИЯ ЕСТЕСТВЕННОГО ПОВЕДЕНИЯ
В ДИКОЕ И АБСУРДНОЕ В РАССКАЗЕ А.П.ЧЕХОВА
«СМЕРТЬ ЧИНОВНИКА»**

*Махмұт Нұрай
Казахский национальный женский
педагогический университет
студентка I курса
г.Алматы*

Аннотация. «Маленький человек». Этим понятием в литературе обозначают персонаж, не наделённый героическими качествами, не имеющий каких-то особенных отличий. «Маленький человек» – обычный, заурядный. Основная мысль рассказа «Смерть чиновника» – не в сочувствии жертве, а в высмеивании чиновничества, которое лишает человека всего человеческого. Автор пытается понять, как в рассказах Чехова меняется отношение к «маленькому человеку».

В основе сюжета рассказа «Смерть чиновника» – мелкий и досадный инцидент: чиновник Червяков чихнул в театре и

увидел, как сидящий впереди старичок вытер лысину. Вежливо извинился – события развиваются естественно до того момента, как Червяков узнает в старичке статского генерала Брижжалова. После этого естественность сменяется нелепостью, абсурдностью мыслей, чувств и поведения героя.

Обратим внимание на первое предложение рассказа: «В один прекрасный вечер не менее прекрасный экзекутор, Иван Дмитрич Червяков, сидел во втором ряду кресел и глядел в бинокль на «Корневильские колокола»» [1, с. 6]. Здесь определение *прекрасный* употреблено дважды. Словосочетание *в один прекрасный* вечер воспринимается как фразеологизированное выражение со значением «однажды вечером». Далее определение *прекрасный* употреблено перед существительным *экзекутор*. Сочетание его с существительным – наименованием официальной должности придает предложению ярко выраженный комический оттенок и выражает насмешливо-пренебрежительное отношение автора к персонажу. Форма имени собственного *Иван Дмитрич* характерна для разговорной речи. Употребление ее в авторской речи говорит о фамильярном, а в контексте предложения – о фамильярно-пренебрежительном, отношении автора к персонажу. Здесь также важна разница между выражениями *смотреть спектакль* и *глядеть на спектакль*. *Смотреть что-либо* означает по-русски «воспринимать что-либо при помощи зрения», тогда как *глядеть на что-либо* значит лишь «устремлять свой взгляд на какой-либо предмет». Поэтому слова Чехова о том, что Червяков «*гляддел в бинокль на «Корневильские колокола»*» не оговорка. Автор, безусловно, хотел сказать, что, устремив свой взгляд на сцену, его герой едва ли воспринимал содержание спектакля.

Высказывание «Авторы правы: жизнь так полна внезапностей!» не соответствует следующей за ним фразе: «Но вдруг... апчхи!!!» [1, с. 6]. Использованный здесь прием «обманутого ожидания», то есть несоответствие серьезности авторского высказывания – предупреждения заурядному и мелкому событию – чиханию, которое нельзя всерьез отнести к «внезапности жизни», вызывает комический эффект.

«Чихать никому и нигде не возбраняется. Чихают и мужики, и полицеймейстеры, и иногда даже и тайные советники. Все

чихают» [1, с. 6]. Однородные члены предложения (мужики, полицмейстеры, тайные советники) – существительные, обозначающие социальную принадлежность перечисляемых лиц. Признак социальной принадлежности подчеркнут автором и в названии рассказа, и в первом предложении («эксекютор»). Слова *иногда даже* выделяют последний член перечисления, который обозначает высшую степень социальной иерархии этого ряда, что усиливает комический смысл предложения.

Употребление в первом абзаце существительных с уменьшительно-ласкательным суффиксом *платочек, старичок* можно объяснить описанием окружающей обстановки с точки зрения Червякова, находящегося «на верху блаженства». В тексте рассказа они больше не встречаются. Моменты, отмеченные выше, придают первому абзацу ярко выраженное юмористическое звучание, контрастирующее как с заглавием рассказа, так и с дальнейшим развитием сюжета.

Обратим внимание на то, как называет автор двух главных действующих лиц рассказа: *чиновник* – встречается в тексте 1 раз, *эксекютор* – 2, *Иван Дмитрич Червяков* – 1, *Червяков* – 15, *старичок* – 2, *статский генерал Брижжалов* – 1, *Брижжалов* – 3, *генерал* – 14.

Имена собственные являются «говорящими», т.е. содержащими характеристику. Фамилия *Червяков* вызывает ассоциацию с существительным *червяк*, которое толкуется в словаре как «продолговатое мягкотелое, бескостное ползающее животное». Многократное повторение фамилии (в соотношении с поступками и поведением персонажа) создает определенное экспрессивно-эмоциональное отношение читателя к носителю этой фамилии, которая становится «говорящей».

Обозначение этого персонажа словом *чиновник* употребляется всего один раз, но, вынесенное в заглавие рассказа, оно приобретает значение основной, главной характеристики, объясняющей поступки и поведение персонажа. В рассказе, по сути, умирает не человек, а носитель чина, винтик бюрократической машины. Эта мысль подчеркивается названием рассказа.

Фамилия другого персонажа – *Брижжалов* не вызывает каких-либо прямых ассоциаций. Обозначения *старичок* и *генерал*

(преобладающие в рассказе) отражают восприятие Червякова: сначала он увидел возрастные признаки лица, затем – его социальную принадлежность; последнее и определило поведение Червякова. Последнее слово заключительного абзаца: «... он лег на диван и ... помер». Глагол помереть относится к просторечному (сниженному) стилю речи и может восприниматься как оценка факта «смерти чиновника» – пренебрежение, признание ничтожности судьбы и смерти Червякова.

Глаголы говорения *сказал, обратился, гаркнул, повторил*, вводящие прямую речь генерала, относятся к нейтральному стилю речи (кроме глагола *гаркнуть*, характерного для сниженного стиля и отражающего степень раздражения действующего лица).

Эти глаголы отчетливо противостоят негативной авторской оценке манеры говорения Червякова. Червяков говорит с генералом шепотом (в первом случае *зашептал* ситуативно оправдано, во втором случае *спросил шепотом* объясняется страхом), неразборчиво (*пробормотал, забормотал* – от страха), выбирая не соответствующую обстановке форму выражения (*начал докладывать*). Только с женой он говорил естественно (*рассказал*).

Сопоставим внутреннюю речь Червякова с ее «реализацией» в прямой его речи:

<i>Внутренняя речь</i>	<i>Прямая речь</i>
«Какие же тут насмешки? – подумал Червяков. – Совсе тут нет никаких насмешек! Генерал, а не может понять! Когда так, не стану же я больше извиняться перед этим фанфароном! Черт с ним! Напишу ему письмо, а ходить не стану! Ей-богу, не стану!» [1, с. 8]	– Извините, ваше-ство, я вас обрызгал... я нечаянно... – Ради бога, извините. Я ведь... я не желал! – Я вас обрызгал, ваше-ство... Простите... Я ведь... не то чтобы... – Вчера в «Аркадии», ежели припомните, ваше-ство, я чихнул-с и ... нечаянно обрызгал... Изв... – Ваше-ство! Ежели я осмеливаюсь беспокоить ваше-ство, то именно из чувства, могу сказать, раскаяния!.. Не нарочно, сами изволите знать-с! – Я вчера приходил беспокоить ваше-ство не для того, чтобы смеяться, как вы изволили сказать. Я извинялся за

	то, что, чихая, брызнул-с... а смеяться я и не думал. Смею ли я смеяться? [1, с. 6-7]
--	---

Обилие восклицательных интонаций во внутренней речи Червякова, слова и выражения типа *фанфарон, черт с ним, не стану же я больше...* выражают крайнюю степень раздражения и решительность; в прямой же речи проявляются черты робости, угодничества, страха (*ваше-ство, персоны, брызнул-с, как вы изволили сказать* и т.п.). В речи Червякова встречаются неполные предложения (*я не желал*), перебивы мыслей (*я ведь... не то чтобы; изв...*), коммуникативно факультативные элементы (*ради бога, могу сказать, значит*), характерные для устной речи и ситуативно обусловленные. Употребление в речи Червякова обращения *ваше-ство*, формы *чихнул-с, брызнул-с*, оборотов *сами изволите знать-с, смею ли я* вызваны социальными факторами, «чиновничьей» психологией действующего лица.

Обратим внимание на употребление формы единственного и множественного числа в последнем монологе Червякова: «Смею ли я смеяться? Ежели мы будем смеяться, так никакого тогда, значит, и уважения к персонам... не буде...» [1, с. 8]. Употребление здесь формы множественного числа придает высказыванию значение обобщения. «Мы» Червякова включает в себя множество подобных ему, так же как «персоны» – множество подобных генералу. Противопоставление «я» и «ваше-ство» (т.е. «эксекютор Червяков» и «генерал Бризжалов») перерастает в противопоставление «мы» и «персоны» (т.е. в с е мелкие чиновники и в с е лица, стоящие на высших ступенях социальной иерархии), что сообщает заключительному («итоговому») высказыванию и всему рассказу остро социальное звучание.

Таким образом, рассказ, начавшийся с юмористической интонации первого абзаца, по мере развития сюжета приобретает остро сатирическую окраску.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Чехов А.П. Рассказы. – М.: Айрис-пресс, 2006. – 256 с.

МАЗМҰНЫ

Өмірбаяндық деректері.....	4
Ғылыми-әдістемелік еңбектері.....	5
Оқытушы марапаттары.....	6
Құттықтау хаттар мен арнаулар.....	11

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

<i>Сейітжанов З.</i> «Оғыз-наме» ескерткішінің фольклорлық сипаты.....	20
<i>Ақыш Н.</i> «Оғыз-нама» эпосының тарихи негіздері.....	23
<i>Әуесбаева П.</i> «Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткіші.....	31
<i>Жұмақаева Б.</i> Прозалық шығармаларды талдау арқылы жоғары сыныптарда «көркем деталь» мен «мотив» ұғымын қалыптастыру.....	38
<i>Қоңырбаева С.</i> Ұлттық құндылықтар – тәрбие негізі.....	46
<i>Мухтаров А.</i> «Оғыз-наме» дастанының фольклорлық және кітаби сипаты.....	57
<i>Юсуп Ф.</i> Азамат, дос, ұстаз!.....	61

ӘДЕБИЕТТАНУ, ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Сарбасов Б.</i> Тиімді оқыту – заман талабы.....	64
<i>Картаева А.</i> М.Әуезов – Абайтану ғылымының негізін салушы.....	68
<i>Тлеубаев С., Бағашарова А.</i> Айнек Жайнақованың манастану ғылымына қосқан үлесі («Манас» эпосундағы патриархалдық-феодалдық мамилелер).....	73
<i>Умерджанова Ж.</i> Фольклоршы ғалымдар.....	79
<i>Саргелтаева А.</i> Б.Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесіндегі ана мен бала бейнесі.....	83
<i>Картаева Ү.М., Хасенова Л.Н.</i> Абай қарасөздері арқылы жастардың бойына рухани құндылықтар қалыптастыру.....	91
<i>Сарбасова И.</i> Бабалар сөзі – ұлттық тәрбие көзі.....	97

Бертаева Г. Сүйінбай поэзиясындағы адамгершілік мәселелер.....	103
Қашаулиева Э. Орал Бөкей шығармаларындағы адам мен табиғат.....	110
Сағимова Г. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн шығармаларындағы рухани үндестік.....	117
Тойбаева Л. М.Мақатаев поэзиясындағы ұлттық құндылықтар.....	122
Әбдікерім Д. Жамбыл шығармаларын оқыту арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру.....	129
Нусипова Ж. Сөйлеу әдебіндегі тіл мәдениеті.....	135
Қасымова А. Абайдың адамгершілік туралы нақыл сөздер.....	141
Даулетбекова Г. «Қамбар батыр» жырындағы көнерген сөздердің тілдік көрінісі.....	147
Райымбекова З. Ж.Баласағұн, А. Йүгнеки және Абай шығармаларындағы тіл мәдениеті.....	153
Махмет Ж. Абай поэмаларындағы мифопоэтиканың көріністері.....	160
Оспанбек Б. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырындағы топонимдердің тілдік көрінісі.....	166
Баекенова Н. Мақал мәтел – халық қазынасы.....	172
Шпекбаева Н. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту – педагогикалық технология.....	175
Жүнісбек Л.Н., Стыбаева Р.М. Менталды карталарды пайдалану арқылы оқушылардың жүйелік ойлауын дамыту.....	180
Молдаханова Г., Нурмагамбетова А. Әдебиет сабақтарында оқушылардың сыни ойлауын дамыту.....	185
Еділбай А. Использование опорных схем в обучении грамматике и правописанию учащихся школ.....	190

ЖАС ҒАЛЫМДАР

Тұлеуова Г., Сарбасов Б. Ежелгі түркі ескерткіштеріндегі космогониялық мифтер.....	196
Серікбек Н., Сарбасов Б. Шежіре туралы шертілмеген сыр.....	201

Жақыбай Б., Сарбасов Б. Жыраулар поэзиясының ұлттық сипаты.....	207
Қахарман Д., Сарбасов Б. Ақселеу Сейдімбек шығармаларын оқытудың тиімді жолдары.....	214
Қалиев С., Сарбасов Б. Жазушы, этнограф Зейнолла Сәнік шығармаларындағы тарихи тұлғалар.....	222
Қиарыстанова Г., Сарбасов Б. Алма Қыраубаева педагогикалық шеберлікті арттырудың жолдары.....	228
Измахан Т. Сәуле Досжанның «Біртуар» романы туралы.....	236
Ногайбекқызы Л. Қашаған ақын «Топан» дастаны.....	244
Тойбазар А. Академик Р. Сыздық және қазақ әдеби тілінің тарихы мәселелері.....	253
Зиядибеков Н. Қазақ әдебиетіндегі «Шыңғысхан» тақырыбы.....	261
Болатханқызы Ғ. Абай іліміндегі «тұлға» мәселесі.....	266
Бахытжанова А. ХХІ ғасырдағы қазақ романдарын мектеп оқушыларына оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар мен интерактивті әдіс-тәсілдер.....	270
Мухаметжан А. Дуэль Печорина с Грушницким (по роману М.Ю.Лермонтова «Герой нашего времени»).....	280
Бозтаева А. Место повести «Фаталист» в контексте романа «Герой нашего времени».....	284
Метербаева М. Приемы раскрытия личности Печорина в романе «Герой нашего времени».....	288
Искендір А. Споры о предопределении в романе «Герой Нашего времени».....	294
Серікбай Л. Тема скуки и разочарования в «Паломничестве Чайльд-Гарольда» и в романе «Герой нашего времени».....	298
Махмұт Н. Трансформация естественного поведения в дикое и абсурдное в рассказе А.П.Чехова «Смерть чиновника».....	301

Ғылыми басылым

**«ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ БАСТАУЛАРЫ: ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»
атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның
материалдары**

ИБ 15184

Басуға 23.10.2023 ж. Қол қойылды.
Пішімі 60x84/16. Көлемі 29,25. Тапсырыс 10242. Таралымы 10 дана.

Әл-Фараби атындағы “Қазақ университеті”
баспа үйінің баспаханасында басылды